Прыгучесть волейболиста – это способность прыгать оптимально высоко для выполнения нападающих ударов, блокирования, вторых передач в прыжке, подач. Развитие прыгучести начинают в развития силы мышц, а в дальнейшем силу и скорость сокращения мышц рекомендуется развивать параллельно. Для этого используются упражнения с отягощениями и без них, основные упражнения по технике игры (имитация нападающих ударов, блокирования).

Специальная быстрота волейболиста – это способность выполнить различные перемещения по площадке и технические приемы в минимальный для определенных условий отрезок времени.

Формами проявления быстроты в волейболе являются:

а) способность к быстрому реагированию на мяч или действие соперников;

б) способность к быстрому началу движений;

в) способность к быстрому выполнению технических приёмов и их элементов;

г) способность к быстроте перемещений.

Быстрота реакции отражает способность игрока понять намерения и действия соперника и партнеров, а также определить направление полета мяча и реагировать на них соответствующим образом. К быстроте начала движения можно отнести стартовое ускорение игрока. Быстрота выполнения технических приемов и элементов характеризуется максимальной скоростью движения руки при нападающем ударе и т. д. Быстрота перемещения зависит от способности игрока максимально быстро преодолевать отрезки 3-6-9 м в различных направлениях. Быстроту рекомендуется развивать повторным, интервальным, соревновательным методами. При этом между попытками следует давать интервалы отдыха. Эти интервалы отдыха между повторными нагрузками должны обеспечивать оптимальное восстановление работоспособности.С другой стороны интервал не должен быть настолько длительным, чтобы возбуждение в нервной системе чрезмерно упало. В этом случае потребуется дополнительная разминка. После двух или трех повторений интервал отдыха значительно продлевают, причем рекомендуется комбинировать пассивный и активный отдых.Параметры физической нагрузки, продолжительность, число повторений от занятия к занятию прогрессивно возрастают, а интервалы отдыха уменьшаются. Специальную быстроту развивают и совершенствуют специально – подготовительном, предсоревновательном и в соревновательном периоде.

Специальная выносливость волейболиста объединяет скоростную, прыжковую, игровую выносливость. Она зависит от уровня развития общей выносливости, подготовленности опорно-двигательного аппарата, от силы психических процессов (например, умения терпеть), от экономичности спортивной техники.

Скоростная выносливость – способность игрока выполнять технические приемы и перемещения с высокой скоростью на протяжении всей игры. Для развития скоростной выносливости подбираются упражнения на быстроту, выполняемые многократно. В качестве средств используют рывки и спринтерские ускорения, имитационные и основные упражнения по технике игры. Дозировка нагрузки: продолжительность одного повторения – 20-30 с, интенсивность – максимальная, интервал отдыха – 1-3 мин., количество повторений – 4-10 раз.

Прыжковая выносливость – способность к многократному выполнению прыжковых игровых действий с оптимальными мышечными усилиями. Проявляется этот вид выносливости в прыжках для нападающего удара; постановке блока; при выполнении вторых передач в прыжке.

В качестве средств для развития прыжковой выносливости используются прыжковые упражнения с отягощениями (малыми) и без них, прыжковые упражнения (имитационные) и основные упражнения по технике игры. Продолжительность одного повторения – 1-3 мин, интенсивность – без пауз между прыжками, количество повторений – 5-8. Интервалы отдыха между повторениями – 1-4 мин.

Игровая выносливость – способность вести игру в высоком темпе без снижения эффективности выполнения технических приемов. Она объединяет все виды выносливости и специальные физические качества.

Высокий уровень развития функциональных способностей волейболиста – один из главных факторов поддержания высокой работоспособности по ходу игры и успешной реализации всего арсенала технических и тактических средств борьбы.

Игровую выносливость совершенствуют в процессе игр с большим, чем предусмотрено правилами соревнований, количеством партий, полным и неполным составами (5Ч5, 4Ч4, 3Ч3 и т. д.), игр на время.

Действенным средством развития игровой выносливости является использование в процессе игры (при достижении счета 5, 10 и в паузах между партиями) упражнений различного тренирующего воздействия.

Применение в тренировочных занятиях нагрузок, превышающих по объёму и интенсивности соревновательные нагрузки, даёт возможность создать своеобразный запас

прочности в проявлении всех видов подготовки. Игровую выносливость воспитывают в специально-подготовительном, предсоревновательном этапах подготовительного периода.

Воспитание ловкости волейболиста – это совершенствование координационно-сложных двигательных действий, а главное способности быстро перестраивать двигательную деятельность в соответствии с постоянно меняющимися ситуациями игры и владения своим телом в безопорном положении, что предъявляет высокие требования к деятельности вестибулярного аппарата. Это требует высокого развития специальной ловкости и точности движений в пространстве.

Ловкость волейболиста имеет две разновидности:

1. Акробатическая ловкость, которая проявляется в бросках, падениях, прыжках во время игры в защите.

2. Прыжковая ловкость – умение владеть своим телом в безопорном положении при выполнении нападающих ударов, блокирования и вторых передач в прыжке.

Основными средствами развития специальной ловкости являются гимнастические, акробатические, имитационные и основные упражнения по технике игры.

Для развития специальной гибкости используются упражнения на растягивание, сходные по своей двигательной структуре с техническими приемами или их частями. Амплитуда движений в таких упражнениях должна быть больше, чем при выполнении самого приема. Целесообразно использовать небольшие отягощения, позволяющие при увеличении амплитуды движений сохранить их структуру. Упражнения с партнером дают хороший эффект при воспитании гибкости, как и упражнения, способствующие увеличению подвижности суставах, укреплению сердечно-связочного аппарата и развитию силы, эластичности мышц и связок.

**Список литературы:**

Барбара Л.В., Фергюсон Б.Ж. Волейбол.-М.:ООО «Издательство АСТ», 2004

Белинович В.В. Обучение в физическом воспитании. ФиС, 2000

Железняк Ю.Д., Кунявский В.А. Волейбол. Методическое пособие по обучению игре.-М.: Терра-Спорт, 2005

Железняк Ю.Д., Портнов Ю.М. Спортивные игры.-М.: «Академия», 2004

Ивойлов А.В. Волейбол для всех.-М.: Физкультура и спорт, 2005

Ивойлов А.В. Тактическая подготовка волейболистов. ФиС, 2001

Ковалёв В.Д., Голомазов В.А. Спортивные игры – М.: Просвещение, 2001

Осколкова В.А., Сунгуров М.С. Волейбол. Учебное пособие для начинающих, ФиС, 2005.

**УДК 37.013**
**МРНТИ 371. 39 44**

# [1]БАЛАНЫҢ ТАНЫМ ПРОЦЕСТЕРІ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**ЖИРЕНБАЕВА Г.С.[1]**
**ҚОЖАГЕЛДИЕВА С.[2]**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*
*(Түркістан, Қазақстан)*

***Андатпа***

Бұл мақалада таным - қоршаған болмыстың, оның элементтерінің белсенді ақыл-ой, көңіл-күй, іс-әрекеттер мен олардың нәтижесі. Яғни, білім, жалпыланған теория, заңдар мен ғылыми ұғымдардың санада бейнеленуі туралы қарастырады.

Балаларда қабылдаудың дамуы түйсік, ойлау процестерінің дамуымен бірге жүріп отырады. Қабылдаудың дамуында тілдің шығуының маңызы зор. Өйткені қабылдаған нәрсенің аты-жөнін атап отыру — оның мағынасын ұғынуға жәрдем етеді. Мағынасын ұғыну арқылы ғана затты жақсы қабылдауға болады.

Таным мен оқу арасында жалпы ортақтастық көп. Оқушы қоршаған дүниені тану арқылы дамиды, кемелденеді. Оқу жұмысын таным істерінің өзінше бір формасы ретінде қарастыруға болады.

***Түйін сөздер:*** таным, белсенді, қабылдау, қоршаған дүниені тану.

# [1]ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ОСНОВА РАЗРАБОТКИ ПРОЦЕССОВ РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ДЕТЕЙ

**ЖИРЕНБАЕВА Г.С.[1]**
**ҚОЖАГЕЛДИЕВА С.[2]**

Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

***Аннотация***

В этой статье рассмотрено, что познание – это результат знания окружающей среды, активность ее элементов, разума, настроения. Значит, воображение разума восприятия знания, общей теории, законов и научных терминов.

У детей восприятие развивается с развитием интеллекта и разума. При развитии восприятия важен процесс разговорной речи. Так как называть именем воспринятый объект помогает понимать его значение.

Можно хорошо узнавать через понимания его значения. Между познанием и знанием много общего. Ученик развивается, обучается с познанием окружающего мира. Процесс обучения можно принимать как форма познавательных работ.

***Ключевые слова:*** познавание, активность, воспринимание, узнавать окружающую среду.

# [1]THEORETHIC OSSNOVA RAZRABOTYN PROCESSOV DETAIL

**JIRENBAYEVA G.S.[1]**
**KOZHAGELDIYEVA S.[2]**

Internationa l Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

**Abstract**

This article is considered the get to know is result at surrounding world, activation its elements, brain's and emotion's. That is imagine of brain perceptions of the knowledge, common theory, law and scientistic termins.

Beside children's perception it develops with development with of intellect and brain. At development of the perception important process is colloquial speech. Since, named name is help understanding its mean.

May hear well through trust its mean.

Between get to know and knowledge much general. The process teaching possible take as a form work getting know.

***Keywords:*** get to know, activation, perception, hear surround world.

**Кіріспе.** XIX ғасырдың екінші жартысында жоғары жүйке қызметінің ерекшеліктері анықталуы, жүйке жүйесінің функциялары мен психикалық қасиеттердің байланыстылығы дәлелденгенімен байланысты темпераментке жан-жақты сипаттама берілді. Сеченов, Павлов жүргізген зерттеулер нәтижесінде олар екінші сигналдық жүйенің, нағыз адамдық, қасиеттердің қалыптасуына негіз болатыны анықталды. Бұл кезді, тәжірибелік психологияның дамуына физиологтардың, қосқан үлесін ескере отырып, психофизиологиялық кезең деп атауға болады.

**Зерттеу әдістері**. Келесі кезеңде Г.Айзенк және Р.Кеттел факторлық талдауды қасиеттерді зерттеуге қолданды. Осы кезден бастап жеке психологиялық қасиеттерін толық өлшеп, психологиялық көрсеткіштерді бір-бірімен ұштастырып анықтауға жол ашылды. Сонымен қатар интеллектуалдық қасиеттерді зерттеу тестері кеңінен қолданыла бастады. 1905-1907 жылдары француз ғалымы А.Бине статистикалық жағынан негізделген интеллектуалдық тест жасап шығарды. Ұсынылған тәсілді өңдеп шығуға Т.Симон өз үлесін қосып, психодиагностикада бұл әдістеме Бине-Симонның интеллекті өлшеу шкаласы деп қолданыла бастады.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдары жеке қасиеттерді зерттеуге және интеллектуалдық қасиеттерді анықтауға арналған тестердің көптеген түрлері құрылды. Оларды қолдану арқылы жеке тұлғаның психикалық қасиеттерін жан-жақты талдауға мүмкіндік туды. Сонымен қатар топтағы адамдардың өзара қарым-қатынасын зерттеуге арналған Я.Морренонның социометриялық зерттеу әдісі, К.Левиннің өлшеу әдістемелері, Я.Коломенскийдің ұжымның қалыптасу деңгейін бағалау тестері кеңінен қолданылады.

**Зерттеу нәтижелері.** Таным процестерін өлшеу және дамыту тестері балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты жіктеліп, мектепте оқытуға даярлықты анықтау әдістемелері жасалды. Йирасек-Керн әдістемелері, Венгер, Давыдов, Эльконин жасаған көптеген тапсырмалар, бастауыш сынып оқушыларының таным процестерін зерттеу тестері, орта және бастауыш сынып оқушыларына арналған тестер тағы көптеген үлкендердің интеллектуалдық қабілетінің коэффициентін анықтау әдістемелері деп аталған.

Таным - қоршаған болмыстың, оның элементтерінің белсенді ақыл-ой, көңіл-күй, іс-әрекеттер мен олардың нәтижесі, яғни, білім, жалпыланған теория, заңдар мен ғылыми ұғымдардың санада бейнеленуі.

Шындық пен нақты болмысты танудың диалектикалық жолы - тікелей байқап, сезуден нақты ойлауға, одан практикаға өту. Тікелей байқау процесінде, яғни түйсік, қабылдау, шынайы болмысты белсенді зерттеу арқасында қандай да құбылыс не заттар жөнінде түсініктер пайда болады. Осы түсініктер негізінде қорытындылар жасалады. Нақты ойлау әрекеті танымға түскен құбылыстардың жалпы белгілерін анықтауға, түсінік, пікір, ұғымдарды игеруге, зат не құбылыстар арасындағы мәнді, қажетті де тұрақты байланыстарды ашып, заңдар мен заңдылықтарды өрнектеуі мүмкіндік береді.

Таным теориясы оқу танымына тікелей қатысты. Білімді игеру әрқашан таныммен байланысты келеді. Оқытудың міндеті - табиғат, қоғам және адамның психикалық процестерінің даму заңдылықтарын оқушы санасына өткізу.

Таным мен оқу арасында жалпы ортақтастық көп. Оқушы қоршаған дүниені тану арқылы дамиды, кемелденеді. Оқу жұмысын таным істерінің өзінше бір формасы ретінде қарастыруға болады.

Алайда таным мен оқу ортасында болатын маңызды ерекшеліктерді ескермеу мүмкін емес. Таным - бұл қоғамдық-тарихи категория. Көптеген ғасырлар бойы ғалымдар табиғат, қоғам және адам ақыл-ойының біршама заңдылықтарын ашты. Яғни, ғалымдар жаңалықты тұңғыш күйінде таниды, сондықтан да ондай таным толық болмайды.

**Талқылау.** Танымның мәнін, зандылықтарын түсіну үшін оның субъектісі кім екенін, яғни оны іске асыратын кім екенін анықтау қажет. Мұның қиын еместігі, танымның субъектісі адам екені өзінен-өзі түсінікті. Бірақ, біріншіден, философия тарихы заттардың мәнін адамның танып білуі мүмкін емес деп санайтын ойшылдарды біледі. Екіншіден, қазіргі уақытта таным процесі және оның теориялық ойлау сияқты формасы адамға ғана тән емес, олар сондай-ақ адам жасаған электрондық-есептеу машинасы сияқты техникалық қондырғыларға да тән деген пікір тарап жүр. Үшіншіден, адам - танымның субъектісі деп жай айта салу жеткіліксіз, оны таным субъектісіне айналдыратын не екенін анықтау қажет, ал бұл үшін адамның қоғамдық мәнін білу керек.

Кезінде Л.Фейербах танымның субъектісі сана деп түсіндірген идеалистік көзқарасты сынай отырып, сана адамға тән рухани құбылыс екенін дұрыс атап көрсетті. Адам, Фейербахтың түсінігінше, кеңістік пен уақытта өмір сүретін, табиғатпен екі арадағы байланысының арқасында дүниені танып білуге қабілетті тәні бар жан. Фейербах өзінің таным жайындағы түсінігінде табиғи мәні бар нақты адам жайында айтып отырған сияқты. Алайда, дейді Маркс пен Энгельс, "...Фейербах шындықта өмір сүретін әрекетшіл адамдарға ешқашан жете алмайды, "адам" деген абстракциядан өте алмай тек сезім саласындағы „шын, тәні бар, дара адамды мойындаумен ғана шектеледі..."

Адам өзінің нақты, шын мәніне қалайша ие болады? Адамға табиғи тіршілік қасиеттері, оның ішінде сезімділік қасиет те тән, бірақ ол өзінің екінші, әлеуметтік табиғатын — мәдениетін, цивилизацияны өзі жасайды, еңбектің арқасында өзін-өзі жасайды, табиғат нәрселерін жай ғана иемденбестен, оларды өзінің қажеттеріне сәйкес өзгертеді. Адам мұны қоғамдық, тіршілік иесі болғандықтан, өзі сияқты басқалармен белгілі бір қатынастар орната отырып қана жасай алады.

«...Адам, — деп жазды К.Маркс - дүниеден тыс бір жерді паналайтын абстрактілі тіршілік иесі емес. Адам дегеніміз — адам дүниесі, мемлекет, қоғам». Қоғамнан тыс адам жоқ, олай болса, қоғамсыз танымның субъектісі жоқ. Осыған орай, оқырманға мынадай занды сұрақ тууы мүмкін: сонда Пифагор, Аристотель, Ньютон, Эйнштейн сияқты көрнекті тұлғаларсыз және басқа сан мыңдаған қатардағы адамдарсыз қоғам, бүкіл адамзат дүниені бірден танып біле ала ма? Әрине, ақыл-ойы бар, өндіре алатын, жеке басының ерекшеліктері мен қабілеттілігі бар дара адамдарсыз қоғам өмір сүре алмайды.

Бірақ ол дара адамдар өзара белгілі бір қоғамдық қатынастар орната отырып, әлеуметтік құрылыстың сол сатысында қол жеткен өндірістік құрал-жабдықтарды қолдану арқылы ғана танымның субъектісі бола алады.

Сөйтіп, таным процесі адамның дүниені тануының тарихи қалыптасқан қабілеттерінің құрылысына, танымның даму дәрежесіне байланысты, ал бұл соңғы кездегі қоғамдық жағдайлар мен тәуелділікке байланысты. Мысалы, И.Ньютон қаншалықты данышпан болса да, бірақ өз кезінде ол қатыстық теориясын жасай алмас еді. Объективтік идеализм сананың, ақыл-ойдың сол тұста қоғамда өмір сүріп жатқан жеке-дара адамдарға тәуелсіз екенін айта келіп, танымның бұл ерекшелігін бұрмалап, теріс түсіндірді: адамдардың іс-әрекетінің сана формаларында жинақталған нәтижесін бөліп алып, оны өзінің ғана логикасы бойынша әрекет ететін дербес мән, субстанция түрінде көрсетті. Сондықтан ойлау процесі өзінің шын иесі - адамнан ғана қол үзген жоқ, сондай-ақ объектіден де, яғни субъектіден тыс тұрған нәрселер мен құбылыстардан қол үзді.

Таным үшін субъект қана қажет емес, сондай объект те қажет, өйткені субъект адам онымен өзі әрекетке түседі. Танымның субъектісі - адамнын өзі туралы оның танымы мен практикасының объектісі екеніне қарай пікір айтуға болады. Мысалы, Демокрит пен Аристотельдің тұсында ғана емес, сондай-ақ Галлилей мен Ньютонның кезінде де электрон объективтік шындық ретінде өмір сүрді, бірақ ол адамның дүниетану қызметінің аумағына енбеді, өйткені адам ол кезде электронды өзінің ақыл-ойы мен іс-әрекетінің объектісі ретінде ашуға қабілетсіз еді. Тек қоғамның даму дәрежесін білгеннен соң ғана табиғаттың қай нәрсесі адамдардың дүниетанымының объектісі болатыны жайында қорытынды жасауға болады. Мысалы, қазіргі қоғамдық практиканың деңгейінің жоғарылығы сонша, адамның практикалық іс-әрекетінің объектісіне біртіндеп біздің Жерді қоршаған ғарыш кеңістігін және Күн системасының басқа планеталарын іс жүзінде игеру еніп келе жатыр.

Педагогикалық ғылыми еңбектерде дүниетанымның төрт құрамды бөлігі көрсетіліп жүр. Олар: ғылыми білім жүйесі, дүниетаным, сенім, адам мұраты.

Сөйтіп, таным объектісінің көпшілік бөлігі табиғаттың адамзат өзгерткен құбылыстары болып табылады. Танымның бұл объектілері айтарлықтай дәрежеде адамның практикалық іс-әрекетіне тәуелді. Осы практикалық іс-әрекеттің нәтижесінде мәдениет жасалады, ал мәдениеттің негізгі бір элементі танымның нәтижесі — білім.

Баланың негізгі таным процестері (қабылдау, зейін, ес, қиял, ойлау) мектепке кіргеннен кейін едәуір өзгерістерге ұшырайды.

Қабылдау саласында адамдар объективтік және субъективтік типтер болып та бөлінеді. Бірінші типтің өкілдері заттар мен құбылыстарды дәл, айқын, ешбір қоспасыз, сол қалпында қабылдайды, өз жанынан еш нәрсе қоспайды. Ал субъективтік типтегі адамдардың қабылдауында долбарлау, қиялдап жаңа образдар қосу жағы басым болады.

Мұндайда қабылданатын заттан гөрі адамның сезім күйлері (үміт, үрей, елжіреу, алдану т.б.) ерекше әсер ететін болады. Субъективтік типті кейде қабылдаудың эмоциялық типі деп те атайды.

Қабылдау синтездік (сыртқы дүние заттары мен құбылыстарын үнемі тұтастай қабылдап, бірақ оның ұсақ-түйегіне жөнді мән бермейтіндер), анализдік (мұндайлар, керісінше, заттардың ұсақ-түйектерінен шыға алмағандықтан, оны тұтастай қабылдауға шорқақ болады) типтер де кездеседі.

Тұрмыс, дағды-әдет, іс-әрекеттің мақсаты мен мазмұны, адамның жас және дара ерекшеліктері т.б. белгілі жағдайларда қабылдау саласындағы типтік ерекшеліктерді өзгеріске түсіріп отырады.

Балаларда қабылдаудың дамуы түйсік, ойлау процестерінің дамуымен бірге жүріп отырады. Қабылдаудың дамуында тілдің шығуының маңызы зор. Өйткені қабылдаған нәрсенің аты-жөнін атап отыру - оның мағынасын ұғынуға жәрдем етеді. Мағынасын ұғыну арқылы ғана затты жақсы қабылдауға болады. Қабылдауда анализ бен синтез қатар жүреді.

Оқу материалын меңгеру тиісті объектіге зейін аудару, түйсіну, қабылдау және ол қабылдағандарды еске сақтау үрдістері арқылы жүзеге асырылады.

**Қорытынды.** Бастауыш сыныптарда оқыту барысында балалардың таным процестерін дамытуға, олардың тіл байлығын және өз ойын сөйлеу арқылы басқарларға жеткізу тәсілдерін қолдаудың ойлау процесін дамытуға қосатын үлесі өте үлкен. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев осы тәсілдер ретінде халық педагогикасы элементтерін қолдануды ұсынады.

Қазақ халқының бай тәжірибесінде көптеген оқу процесінде қолданылатын ойындар, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар т.б. ауыз әдебиет туындылары бар. Олардың терең мазмұны балалардың тіл байлығы мен ой-өрісін, сонымен қатар барлық қабілетін дамытуға үлкен үлесін қосады. Осы материалдарды іріктеп алып, оны тақырыпқа байланысты қолдану-оқыту барысында оқушылардық ойлау процесін дамыту проблемасын шешудің тиімді жолы болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


*1. Аймауытов Ж. Психология. –Алматы, 1995.*

*2. Алдамұратов Ә. Қызықты психология. – Алматы, «Қазақ университеті», 1992.*

*3. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. –А., 2000.*

*4. Сәбет Бап-баба. Жалпы психология. Алматы, 2003.*

*5. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. Алматы, 2002.*

**УДК 37.013**
**МРНТИ 370.73**

## *БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ*

***С.САХИТЖАНОВА*[1]**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

*Аңдатпа*

Мақалада XX ғасырдың басында жарық көрген қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралдары туралы айтылады. «Алаш» қозғалысының белсенділері ағарту ісі ілгері баспайынша, саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешудің мүмкін болмайтынын түсініп, ағарту ісін дамыту жолдары туралы үнемі мақалалар жазып, жарияланып жатқан еңбектерге баға беріп отырды. Олар ағарту ісін дамытудың бірден бір жолы ретінде ана тілімізде оқулық дайындау қажет деп білді.

Ана тіліміздегі оқу құралдарын жазуда қазақ зиялылары, қоғам қайраткерлері белсенділік танытып, өз үлестерін қосты. Бұл оқулықтардың қазақ халқының сауатын ашып, мәдениетін дамытуда маңызы айтарлықтай зор болды. Жалпы халық ағарту саласындағы ілгері жылжушылық, жаппай сауатсыздықты жою мәселелері халық арасынан шыққан ұлт зиялыларының жанкешті еңбектерінің нәтижесінде іске асырылды.

*Түйін сөздер:* ағарту ісі, халыққа білім беру, оқу құралдары.

## *ПЕРВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПОСОБИЯ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ ДЛЯ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ*

***С.САХИТЖАНОВА*[1]**

Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

*Аннотация*

В статье рассматриваются учебные пособия для начального образования, опубликованные в начале XX века. Лидеры движения «Алаш» понимали, что без просвещения невозможно разрешение ни политических, ни социальных, ни экономических проблем. В своих статьях они осуществляли поиск путей обучения, выступали с рецензиями, где давали объективную оценку публикуемым работам, знакомили с новыми книгами. Лидеры движения были объединены благородной идеей просвещения народа и распространения идей гуманизма. Активное участие в создании учебников на казахском языке приняли представители интеллигенции, общественные деятели. Первые учебники и учебные пособия имели значение первостепенной важности для культурного развития казахского народа. Успехи в области народного образования, в ликвидации неграмотности казахского населения были достигнуты благодаря активной деятельности большей части национальной интеллигенции.

*Ключевые слова:* просветительская работа, народное образование, учебные пособия.

## *FIRST EDUCATIONAL MANUAL IN KAZAKH LANGUAGE FOR PRIMARY EDUCATION*

***S.SAKHITZHANOVA[1]***

International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

*Abstract*

The article deals with the problem of the training manual for primary education, published in the early twentieth century. Leaders of this activity were united for the grateful idea to educate people and to spray the idea of humanism. In their articles they explored ways of training, learned from the people with leading culture, introduced with the history of Kazakh people, came out with oppositions where were given objective evaluation for published works, got acquainted with new books, raised forming political consciousness problems. Representatives of the intelligence, public figures took an active part in the creation of textbooks in the Kazakh language. The first textbooks and teaching aids were of primary importance for the cultural development of the Kazakh people. Success in the field of public education, in the elimination of illiteracy of the Kazakh population was achieved thanks to the active work of the majority of the national intelligence.

Key words:educational work, public education, teaching aids.

**Кіріспе.** XX ғасырдың басында халқының сол кездегі тағдырына ой жіберіп, болашағын парасатпен бағдарлай алатын қазақ зиялылар қауымы өсіп-жетілді. Олар халықты сауаттандырып, өркениетті ел қатарына қосуға күш салды, қараңғылық пен надандық шырмауынан құтыла алмай отырған халқына, ең алдымен, білім мен мәдениет керек екендігін анық ұғып, халқын мәдениеті жоғары елдер санатына қосуды арман қылып, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өздеріне мақсат қылып қояды.

Қазақ тіліндегі басылымдар, ана тілінде білім алу, тілдің қоғамдағы мәртебесі, ана тілінде тәрбие беру, Қазақстандағы қазақ тілінің басымдығы сияқты мәселелер А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.Шоқай, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Шонанұлы тағы да басқалардың істері мен еңбектерінен көрініс тауып жатты.

Түркі зиялыларын біріктірген «Жәдитшілер ұйымының» бір топ мүшелері қазақ мектептері үшін жаңа оқулықтар жазды. Қазақ балаларын оқу мен жазуға төте жолмен үйретуді көздеді.

**Зерттеу әдістері мен нәтижелері.** М.Нұрбаевтың Әліппесі» (Уфа, 1910), З.Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі» (Қазан,1910), М.Малдыбаев пен Ж.Аңдамасовтың «Қазақша ең жаңа әліппесі» (Қазан, 1912), К.Сырғалиннің «Қазақша әліппе кітабы» (Қазан, 1913) тағы басқа осындай серпілістен туған алғашқы оқулықтар еді. Алайда бұл аталған оқулықтар кең қолданыс таба алмады. Ол кезде қазақ тілінде жарық көрген мектеп оқулықтары мен ғылыми әдебиеттің тапшы екендігін ескеріп, Алаш қайраткерлері, соның ішінде Әлихан Бөкейхан оқу-ағарту мен ғылымның сан-салаларын қамтитын Т.Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихы», К.Фламмарионның «Астрономия-әліпбиі» және Д.Гравенің «Дүниенің құрылысы» деп аталатын мектеп оқулықтарын қазақ тіліне аударады. Бұл оқулықтар оқушыға жаратылыстың пайда болуы, оның құрылысы, аспан денелері, оның ішінде планеталар,олардың орналасуы, Күнмен ара қашықтығы және тағы басқа да түрлі қызықты мәліметтер береді. Бірақ бұл аударма оқулықтар болатын.

XX ғасырдың басындағы бастауыш білім беруге байланысты жарық көрген қазақ тіліндегі оқулықтар өте аз, қолмен санарлықтай болды. Солардың ішінде алғашқы әріптану жұмыстарын жүргізуге тиімділік берген А.Байтұрсыновтың «Әліппе» оқу құралы, М.Дулатовтың «Есеп құралы», 1927 жылы жарық көрген А.Байтұрсынов пен Т.Шонанұлының «Оқу құралы» еңбегі.

**Талдау.** А.Байтұрсыновтың жаңа әліпбиі (төте жазу) үлгісімен жазылған. «Оқу құралы» (Орынбор, 1912) қазақ мектептерінің әліппеге деген сұранысына толық жауап берді. Онда шәкірттердің сөздік қорын барынша сауат ашу мақсатына тиімді пайдалану мақсаты көзделді. Қазақ тіліндегі сөздердің дыбысталу ұқсастықтары мен ерекшеліктері ескерілген ұтымды әдіс қолданылды. Сондай-ақ бір дыбысы ғана өзгерген сөздердің мағыналарын ажырату арқылы сөздің мағынасын нақтылау, қолдану дағдысы қалыптастырылды. Ана тіліміздің бай сөздік қоры, сөздердің қолданылу ерекшеліктері қарастырылды. 1925 жылы А. Байтұрсынов әдістемелік жаңалықтарды ескере отырып, қазақ бастауыш мектептеріне арналған «Жаңа Әліп-биді» (Қызылорда 1927) ұсынды. Оқулық өз заманына лайық «Әліппе» жасау ісінің озық үлгісі болды. Әліппеде сауат ашумен бірге балалардың ойы мен тілін дамыту, байланыстырылып сөйлеу дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыру мәселелері дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан жетік шешімін тапты. «Жаңа Әліп-биге»: а) баланың өз атынан баяндалатын мектеп өмірі жайлы әңгімелер, ә) балаларды адамгершілікке, ізгілікке, тазалыққа тәрбиелейтін әңгімелер мол енгізілді. Жалпы А. Байтұрсынов отандық білім беру ісі тарихында оқушылардың ойы мен байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысына зор мән берген, осы мақсатқа жетудің жолын нақты тәжірибе жүзінде дәлелдеген алғашқы қазақ ғалымы болды [1].

1912 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан А.Байтұрсыновтың «Әліп-би-І» деген оқулығы 1912-1925 жылдар аралығында жеті рет басылып, оқу-ағартушылық салада біраз уақыт қолданылады.

Ахмет Байтұрсынов пен Телжан Шонанұлы бірігіп жазған «Оқу құралы» қазақ оқу-ағарту саласындағы мүлде соңғы дүние, ол тек қазақ мәдениетінде емес, жалпы мазмұны мен мақсаты, құрылымы мен әдістемесі жағынан тіпті орыстарда жоқ еңбек болып шықты.

«Оқу құралы» – нағыз оқулық, оқу үшін құрастырылған материалдар жиынтығы емес, ол баулу мектептің бірінші сатысында 3-4 жылдары оқуға арналған оқулық.

Еңбек екі бөлімнен тұрады: а) әдебиет және тұрмыс пен еңбекке қатысты; ә) ғылымға, ғылыми танымдарға қатысты материалдар.

Оқулық материалдарының дені – екі автордың өздері жазған шағын әңгіме-мағлұматтар, бірқатары Т.Аксаков, А.М.Никольский, Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский, А.П.Чехов, Н.М.Покрова, Тимирязев, Рубакин, Виктор Гюго, Короленколардан, тіпті В.И.Ленин мен Троцкийден аударылып алынған мақала-әңгімелер, бұлардың аударма жұмыстарында – «Қыр баласы» Ә.Бөкейхан көмектескен. Бірді-екілі материалдар «Тундра», «Арқаның жарқылы» және «Живой родник» сияқты сол кездегі орыс тілінде көпшілікке арналып шығып тұрған журналдардан алынған. Бірақ сан жағынан мұндай аударма материалдар көп емес. Бірінші бөлімнің өзі 229 мақаладан тұрады, соның ішінде 20-дан асар-аспасы ғана аударма.

Бұл оқу құралының және бір ұтымды ерекшелігі – адам, табиғат, қоғам, тарих туралы прозамен берілген әңгімелердің ара-арасында өлең мәтіндері араласып отырады. Мысалы, жыл мезгілдері сөз болған тұста Абайдың «Қыс», «Күз», «Жазғытұры», «Теректің сыйы» өлеңдері, табиғат көріністерін суреттеген жерлерде Ыбырайдың «Өзен», Міржақыптың «Жұт», Сәкен Сейфуллиннің «Жазғы дала» сынды өлеңдері келтірілген. Әсіресе, Мағжанның, Сәкеннің мағынасы баяндалып отырған тақырыпқа сәйкес келетін өлеңдерін жиірек береді.

«Оқу құралының» өн бойындағы тақырып аттары мен оларды жүйелеп орналастыруда авторлар үлкен шеберлік көрсеткен.

Кітапта қазақ халқының тарихын баяндайтын әңгіме-мақалалардың келтелеу болғанын ескертеді, өйткені «Жіктеп жазуға бұл күнге дейін ана тілімізде жазылған тарих жоқ», - дейді. Алғашқы әңгімелердің тілі қарапайымдау, яғни ауыл баласының білім – ғылымнан әлі де алшақтау шағын, олардың білім дәрежесін ескеріп жазылған, мәтіндер қысқа, бірер беттен аспайды, яғни бір сабақта оқып үйренетін материал мөлшері көзделген. «Оқу құралы» полиграфиялық сапасы жағынан да сол кезең үшін (кітап 1923 жылы Орынборда дайындалып, 1927 жылы Қызылордада жарық көрген) өте жақсы басылым екенін атау қажет [2].

Ә.Бөкейхан қазақ халқының сауатын ашуға көмектесетін оқулықтарды үнемі қадағалап, олардың сапасы туралы баспасөз бетінде немесе авторға тікелей өз ойын білдіріп отырған. А.Байтұрсыновтың «Әліппе» құралынан кейін шыққан М.Жұмабаевтың «Сауатты бол» оқу құралына «Жаңа мектеп» журналында (1926, №5, 64-65 б.) сын айтады. Мақаланың басында оқырманның сын деген сөзді дұрыс түсінуін сұрайды. Өйткені сын деген сөзді теріс ұғынып, наразылық білдіретіндер бар екенін айта келе сынның мақсатын былай түсіндіреді: «Атбегі ат сынағанда, құсбегі құс сынағанда аттың, құстың бойындағы жақсылығын да, мінін де сипаттайды.

Кітап сынаушы да кітаптың жақсы жағын, жаман жағын айқындап, оқушыға көрсетеді». Яғни «Сауатты бол» кітабын тек осы ниетпен сынап отырғанын көрсетеді. Кітап Мәскеуде 1926 жылы басылып шыққан, кітаптың сыртында «Ересектердің сауатты болуына қолқабыс қылатын кітап» деп жазылған, 63 беттен тұрады, қағазы жақсы, бояуы қанық. Кітаптың дыбыс әдісімен жазылғанын, ал бұл кітаптың артықшылығы екенін, өйткені тұтас сөз әдісін бірден қолданып кетуге болмайтынын, оқытушыларды дайындап, бірте-бірте көшу керек екенін айтады. Ахмет Байтұрсыновтың «Әліппе» құралынан айырмашылығын көрсетеді. А.Байтұрсыновтың кітабында күнделікті өмірмен байланысты мағлұмат аз екенін, ал Мағжанның оқу құралындағы әңгімелердің 98 пайызы саясат туралы әңгімелері екенін айта келе мынадай кемшіліктерін де көрсетеді:

1. Оқу құралында аймақтану материалдары жоқтың қасы.
2. Оқытудың «оңайдан қиынға», «жақыннан алысқа» деген ережелері ескерілмеген. Барлық саясат мәселелері Кеңестер Одағынан алынған, ал Қазақстан туралы жазылмаған, аймақ зерттеу материалдары жоқ.
3. Хат танымайтын немесе жаңа хат таныған қазақ үшін өзінің қабылдауына таныс өлшемді өлеңдер болуы керек [3].

Мақаланың соңында кітапты екінші рет басқанда, толықтыру керек екендігін айтып қорытындылайды. Яғни Ә.Бөкейхан арнайы педагогикалық білімі жоқ болса да, оқулық жазу, оған қойылатын талаптар, оқытудың негізгі әдістері мен принциптері туралы жан-жақты біліп, елінде шығып жатқан сауат ашу оқулықтарының сапасын үнемі қадағалап отырған.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, қазақтың ағартушы-педагогтарының еңбектерінің ұлттық сана-сезімді, ұлттық намысты, тарихи сананы қалыптастыруда алатын орны мен маңызы ерекше. Сондықтан сол қазақ тәлімгерлерінің ой-пікірлері жас ұрпағымызды қазақ халқының ұлттық рухында тәрбиелеу негізіне алынуы, ол үшін олардың сол ұлттық тәрбие беру туралы көзқарастары жан-жақты зерттеліп, оқу-тәрбие жұмысында кең қолданыс табуы тиіс. Сонда ғана ұлттық тәрбие - ұлт болашағының негізі бола алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. *Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.*
2. *Р.Сыздық. А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы. «Оқу құралы»//Дала мен қала. 11 сәуір, 2011.*
3. *«Жаңа мектеп» журналы, 1926, №5, 64-65*

**УДК 002.6**
**МРНТИ 37.012**

## [1]СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

**АБДУЛЛИНА Г.Т.[1]**
**БЕЙСЕНБАЙ Ж.[2]**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

*Аңдатпа*

Бұл мақалада сын тұрғысынан ойлау технологиясын әдебиеттік оқу пәнінде тиімді пайдалану жолдары көрсетіледі. Бұл технологияның көмегімен бастауыш сынып оқушылары кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға үйренеді. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелейді. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге сын тұрғысынан ойлау технологиясының сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Заман талабына сай оқушыларға сапалы, тиянақты білім беру-мұғалімдер алдындағы үлкен міндет. Бұл әрбір мұғалімге тынымсыз ізденісті,оқытудың жаңа формасымен, әдіс тәсілдерін тиімді пайдалануды қажет етеді.

*Кілт сөздер*: технология, әдіс-тәсіл, шығармашылық ойлау

## [1]ВАЖНОСТЬ И ЗНАЧЕНИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

**АБДУЛЛИНА Г.Т.[1]**
**БЕЙСЕНБАЙ Ж.[2]**

Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

*Аннотация*

В этой статье показываются пути эффективного использования технологии критического мышления на уроках литературного чтения. С помощью этой технлогии ученики учатся принимать решения, выбирать самые важные отзывы и пути, рассматривая любые определения критически. Способствует повышению уровня знаний учащихся, приобщению к творчеству, свободно говорить свое мнение. Самое главное, поднять уровень образования учащихся технологией критичнского мышления индивидуально, в группе, в классе. Целью является учить учеников всех возрастов принимать осознанное решение, критически глядя на любое содержание. Большая цель учителей - дать ученикам качественное, устойчивое знание, владеющее современным требованием. Это требует от каждого учителя эффективного использования непрерывного поиска, новой формы обучения и методологий.

*Ключевые слова:* технология, методология, творческое мышление.

## [1]THE IMPORTANCE AND PLACE OF THE CRITICAL THINKING TECHNOLOGY IN EDUCATIONAL PROCESS

**ABDULLINA G.T.[1]**

**BEYSENBAY Zh.**[2]

International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

Abstract

This article shows the ways to effectively use the technology of critical thinking in literary reading classes. Using this technology, students learn to make decisions, choose the most important feedback and ways, considering any definitions critically. It helps to increase the level of students' knowledge, to join creativity, to freely speak their opinion. The most important thing is to raise the level of students' education with the technology of critical thinking individually, in the group, in the classroom. The aim is to make students critically of any content of all ages , to make informed decisions about choosing one opinion. The most aim of teachers are skilled, well-equipped, persistent, knowledge and up-to-date.

*Keywords:* technology, methodology, creative thinking

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «...білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» атап көрсетілген. [1].

Бүгінгі күні Қазақстандағы білім беру жүйесінде оң өзгерістер байқалуда жаңа оқыту бағдарына бет бұру- күн тәртібіндегі басты мәселе. Жас ұрпақ жан-жақты жетілген,ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр ұстаздың шығармашылық ізденіспен жаңаша жұмыс істеуін қажет етеді.

С.Архангельский айтқандай дәстүрлі технология – арба, ал әдістер мен тәсілдер жүйесі реактивті қозғалтқыштар, ал енді сол арбаға реактивті қозғалтқышты орнатып, дыбыстан жоғары жылдамдықпен ұшуды мақсат еткендей болады. Әрине, арбаны қойып ұшақ жасау керектігін әркім түсінеді, яғни жаңа технологияның қажеттігі осындай. [2, 63б].

Педагогикалық технология – алдын ала жобаланған оқу тәрбие процесінің практикада жүйелі әрі бірізді жүзеге асуы.В.П.Беспалько

Оқытушы мен оқушылар үшін барлық жақсы жағдайлар жасалынғанда оқу процесін жобалау, ұйымдастыру әрі жүзеге асыруда біріккен педагогикалық іс-әрекеттің жан-жақты (ұсақ-түйегіне дейін) ойластырылған моделі. (В.М.Монахов) [3, 14б].

Бастауыш білім –берудің алғашқы басқышы. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар,қолымен ұстап , көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, С.Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

Заман талабына сай оқушыларға сапалы, тиянақты білім беру-мұғалімдер алдындағы үлкен міндет. Бұл әрбір мұғалімге тынымсыз ізденісті,оқытудың жаңа формасымен, әдіс тәсілдерін тиімді пайдалануды қажет етеді.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

-шыңдалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;
-күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық;
-үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

Осы оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының жүзге тарта стартегиясы бар екені белгілі, демек сол әдіс – тәсілдерді жақсылап игеріп, ішінен қажеттілерін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол.

**Зерттеу әдістері.** Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Қызығушылықты ояту. Сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан бастау алады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту арқылы жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін"Топтау", "Түртіп алу", "Ойлану", "Жұпта талқылау", "Болжау", т.б. стратегиялар жинақталған.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – "білемін", — - "мен үшін түсініксіз", + - "мен үшін жаңа ақпарат", ? – "мені таң қалдырады" белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. [4, 221 б.].

Бағдарламаның үшінші кезеңі- тақырып туралы ой-толғаныс. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. "Педагогикалық технология оқушының өз бетімен жасайтын оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие процесінің жобасына негізделуі қажет" делінген шарт білім мазмұнын (оқу материалын) тек орта қабілеті бар оқушыға арналған ақпарат көзі болудан оқушының өз бетімен белсенді жұмыс жасап, дамуына жол ашатын оқу құралына айналуын қажет етеді.

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау принциптеріне негізделген болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын тәуелсіз құратын болады. Екіншіден, ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңғы емес, жіберілген пункті болып табылады. Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Төртіншіден, сын тұрғыдан ойлау дәлелге ұмтылады. Сын тұрғыдан ойлайтын адам мәселені шешудің жолын іздеп табады да, сол шешімдерді негізі бар, саналы дәлелдермен нақтылай түседі. Сонымен қатар, ол сол мәселені шешудің басқа да жолдарының бар екендігін ойындайды да, өзі таңдап алған жолдың басқаларына қарағанда ақылға қонымд екендігін дәлелдеуге тырысады. Бесіншіден, сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады [5, 124 б.].

**Зерттеу нәтижелері.** Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз- алған білімге сын көзбен қарау, іздену, оның ақиқатын дәлелдеу, яғни, білімді саналы түрде алу. Бұл технологияның тиімділігі – оқушының құзыреттілігін арттырып ғана қоймайды, сонымен қатар:
-жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталады;

-мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынас орнауы;
-оқушының өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады;
-алған білімге сын көзбен қарау, білімді сапалы түрде алу;
-оқушыны ойын ашық айта алуға, пікір айтуға, алмасуға үйренеді;
-бірін –бірі сыйлауға баулуы;
-мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады;
-оқушының шығармашылық белсенділігінің артуы.

**Қорытынды**. СТО технологиясын жүйелі пайдалана отырып, оқушының коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда оқушылардың көрсеткен нәтижесі: оқушылар сыни ойлай біледі, өз алдына сұрақтар қойып жауап іздейді, мәселеге байланысты өз пікірін айтады, білімнің қайнар көзін өздері тауып, білімді меңгеру қажет дағдыларды өз бетімен қолдануды үйренеді, әдепт, батыл сөйлей алады, өз ойын тұжырымдай біледі, бір- бірінің пікірін тыңдайды, белсенділіктері артады, шығармашылықпен жұмыс жасай алады, білімді сапалы меңгереді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясында “Бес жолды өлең”, “Қос жазба күнделігі”, “Венн диаграммасы”, “Рафт стратегиясы ”, “Жуан, жіңішке сұрақтар”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Академик Лернер бойынша білім-мәліметтер мен деректер, икемділіктер мен дағдылар, шығармашылық іс-әрекеттер, көңіл-күй құндылық бағдарларынан тұрады. Осыны ескерсек, сын тұрғысынан ойлау сабақтарында осы аталған бағдарлардың іске асып, нәтижесін беретіндігіне күмән болмайды.

**Мысалы**: 2- сынып әдебиет оқулығында «Сал-дәстүр және ауыз әдебиеті» тарауында Мағжан Жұмабаевтың «Бесік жыры» өлеңі берілген. 49-бет



Болжау стратегиясын қолдана отырып, үнтаспадан бесік жыры туралы әнді тыңдату арқылы ойдың ашылуына мүмкіндік беруге болады.

- Бұл қандай әуен деп ойлайсың? (Бесік жыры)
- Бұл әуен сенің ойына не түсіреді? (ана әлдиін, ананың мейірімділігін)

Топтастыру – оқушыларды еркін ойлауға және тақырыпты ашық талқылауға бағытталған оқыту стратегиясы. Бұл - жаңа идеяларды жинақтап бір - бірімен сабақтастыру үшін қажетті құралым. Топтастыру қызықтыруды ояту үшін, ой тудыруды күшейту үшін қолданылады. Топтастыру стратегиясы бойынша бесік жыры сөзіне анықтама беру.

Синквейн стратегиясы (бес жолдық өлең): Ой толғау кезеңінде қолданылады. Синквейн француздың «бес» деген сөзінен шыққан, яғни бес жолды өлең жазу әдісі.

- Бірінші жолда- тақырып бір сөзбен беріледі (зат есім)
- Екінші жолда- тақырып екі сөзбен сипаттау (сын есім)
- Үшінші жолда- тақырыпқа қатысты қимыл атауынан үш сөз жазу. (етістік)
- Төртінші жолда- 4 сөзден тұратын бір сөйлем.
- Бесінші жолда- тақырып мәнін ашатын бір синоним сөз. «Ана» сөзіне бес жолды өлең құрау

Ой толғаныс кезеңінде Венн диаграммасын пайдалану арқылы өткен сабақпен байланыстыра отырып «Бұл кім?», «Бесік жыры» өлеңдерін салыстыруға болады.

Еркін жазу не эссе жазу «Менің анам» тақырыбына эссе жаздыру. ББҮ ( білдім, білгім келеді, үйрендім) стратегиясын пайдалана отырып сабақтың соңында мәтіннің тақырыбына байланысты өз ойларын білдіріп, көкейлеріне не түйді соны қағаз бетіне түсіреді.

СТО құрылымы бойынша ұйымдастырылған сабақтар баланың ізденімпаздық, зерттеушілік, дәлелдеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамытатынына көз жеткіземіз.

**Пайдаланылға әдебиеттер тізімі:**


*1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007. – 130*

*2. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңапедагогикалық технология. //Оқулық.Тараз.Тар МУ.2003.кітап.*

*3. К.Өстеміров Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары Алматы 2007*

*4. . Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005. – 250*

*5. Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру. – Алматы: «Дарын», 1988. – 250 б.*

**УДК 373.1.02:372.8**
**МРНТИ 37.026.9**

***П.К. ИСКАКОВА*[1]**
***А.И. АБИЛФАТАЕВА*[2]**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## *ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІ*

*Аңдатпа*

Педагогикалық практика мен оқу-әдістемелік әдебиеттерде «шығармашылық» және «қабілет» терминдері жиі кездеседі және түрліше сипатталады. Берілген ұғымдарды талдау барысында шығармашылық – бұл «шығару», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді және жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі; ал, қабілет – оқушылардың жекелік айырмашылықтар мәселесі болып табылады және адамның іс-әрекетінің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері деп тұжырымдаймыз. Шығармашылық қабілет оқушы іс-әрекетінің сапасы ретінде көріне отырып, үнемі ізденіп, белсенді әрекет ететін жеке тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Қазіргі таңда мұғалімдер қауымының алдында тұрған үлкен мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

Мақалада әрбір мұғалім өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр оқушының «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу қажеттілігі, оқушының өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылады.

*Түйінді сөздер:* шығармашылық, қабілет, болашақ маман, дамыту, мұғалім іс-әрекеті.

***П.К.ИСКАКОВА*[1]**
***А.И.АБИЛФАТАЕВА*[2]**

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(г.Туркестан, Казахстан)

## *ДЕЙСТВИЕ УЧИТЕЛЯ В РАЗВИТИИ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ*

*Аннотация*

В педагогической практике и учебно–методической литературе термины «творчество» и «способность» часто употребляются и иногда по разному описываются. Анализируя данные понятия мы поддерживаем нижеследующую формулировку: творчество – означает «производство», «изобретение» а так же уровень способности к инновациям; а способность - это вопрос личных различий учеников и возможность выполнения определенного вида деятельности. Творческая способность рассматривается как качество деятельности ученика, позволяющая личности постоянно искать и активно действовать. В настоящее время целью сообщества учителей является - воспитание активной во всех сферах жизни, способной к творческой деятельности, а также свободной и всесторонней личности.

В данной статье рассматривается следующая проблема что каждый учитель должен не только преподавать, но и изучать, раскрывать собственное «Я» каждого ученика, а так же создать уверенность их в себе и развивать творческие способности.

*Ключевые слова:* творчество, способность, будущий специалист, развитие, действие учителя.

***P.K.ISKAKOVA[1]***
***A.I.ABILFATAYEVA[2]***

KhojaAkhmetYassawi International Kazakh-Turkish University
(Turkestan city,Kazakhstan)

## *THE ACTION OF THE TEACHER IN THE DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF PUPILS*

*Abstract*

In pedagogical practice and educational methodogical literature, the terms of "creativity" and "ability" are often used and sometimes differently described. Analyzing these concepts, we support the following wording: creativity means "production", "invention" as also the level of ability to innovate; and the ability is a matter of personal differences of students and the possibility to performing a certain type of activity. The creative ability is considered as the quality of the student's activity that allowing the individual to constantly seek and act actively. Nowadays the aims of the community of teachers are the education of the active in all spheres of life, capable of creative activity, as well as a freeand comprehensive personality.

In this article the following problem is considered that every teacher should not only teach but also to learn, disclose his own "I am" of each student, as well create self-confidence in the develop creative abilities .

*Key words:* creativity, ability, future specialist, development, teacher's action.

**Кіріспе**. Бүгінгі таңда заман талабына сай білім бере отырып, оқушының бойында шығармашылық қабілетін дамыту мұғалім үшін үлкен жауапкершілік іс болып табылады. Бұл туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген XXI ғасырды құрушы, іскер, шығармашыл, өмірге икемделген, жан-жақты қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру», – деген тұжырымдамасында ашып көрсеткен[1].Қазіргі қоғамбілім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық қабілеті зор жеке тұлғаны қалыптастыру міндетін қойып отыр. Бұл жердегі мұғалімнің міндеті: оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы әрбір оқушының бойындағы шығармашылық қабілеттілікті дер кезінде көре біліп, олардың дамуына жол ашу болып табылады.

«Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогінің үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында» жаңа қоғам мұғалімін «рухани адамгершілігі жоғары,азаматтық жауапкершілігі мол,белсенді, жасампаз, рефлексияға қабілеті басым,білімді,шығармашыл тұлға,өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі көрсетуге ұмтылысы,әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін бағамдайтын әлеуметтік,тұлғалық, коммуникативтік,ақпараттық және біліктіліктің басқа түрлерін меңгерген құзырлығы жоғары маман» деп сипаттайды[2].

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала-ертеңгі азамат. Сондықтан мектеп пен мұғалімнің ең басты міндеті-рухани бай, жан-жақты шығармашылық қабілеті дамыған тұлға қалыптастыру. Әрбір мұғалімнің алдындағы ізгі мұраты өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әрбір баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу. Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиетті іздете білу. Шығармашылыққа баулу, дамыту процесі тек мектепте басталады. Кез-келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.Оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы

шығармашылық қабілеттерін дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру мектептердің алдында тұрған үлкен міндет екені белгілі[3].

Педагогикалық практика мен оқу-әдістемелік әдебиеттерде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін көруге болады. Десекте, біздер үшін оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімнің іс-әрекетін анықтау бойынша жүргізілген жұмыстар қызығушылық танытып отыр. Сол себепті де, шығармашылық қабілеттерді дамытудағы «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімнің іс-әрекетінің ғылыми еңбектердегі анықталуын белгілеу қажеттілік болып табылады.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу тақырыбына байланысты оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда«Өзін-өзі тану» пәні мұғалімнің іс-әрекетіне байланысты психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалды.

«Өзін-өзі тану» пәні адамгершілік-рухани білім беруде жас жеткіншек ұрпақты адами құндылық және адамгершілік идеалдарға баулу арқылы, тұлғалық қасиеттері мен шығармашылық қабілеттерін дамыту сатысын жүзеге асырады. Ендеше ұрпақ тәрбиелеу жолында мейірімділік, кішіпейілділік мұғалімдер тарапынан педагогикалық қолдауды күшейту, балаларға белсенді сенім арту керек. Ал,бүгінгі күннің негізгі талаптардың бірі – оқушыны әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық қабілетімен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру[4].

Өзін-өзі тану пәні - барлық пәнге бұлақ ашудың негізгі бастамасы болып отыр. Ендеше, бұл пәннің негізі бастауыш сыныптан бастап қаланады да, пән мұғалімінің мойнына ауыр жүк артылады. Осы себепті, бастауыш сынып оқушыларымен бала қабілетін шыңдай түсуі үшін сабақтарда небір қызықты ойындар, тапсырмалар бере отырып, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру үшін жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде оқушы көңіл-күйі мұндай тапсырмаларда өзінің ақыл-ойын терең жұмсап, жаңа күштердің көзін ашуға бірден-бір әсерін тигізетінін көрсетті. Ал оған, тікелей бала жүрегіне дұрыс жол таба білетін мұғалім ғана жеткізе алады. Шығармашылық қабілет әр оқушының табиғатында болуы мүмкін, сондықтан,оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашу керек.Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімінің іс-әрекетінанықтау мақсатында және шығармашылық қабілеттер жөніндегі өзіміздің тұжырымымызды белгілеу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жасалды.

**Зерттеу нәтижелері.** Қай салада болмасын ондағы жұмыстың нәтижесі сапамен өлшенеді. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алып алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Сапаны көтерудегі ең өзекті мәселелердің бірі – мұғалімдерді даярлау және кәсіби шыңдау мәселесі болып отыр. Жаңа заман мұғалімі «дайын» білім көзі ғана болмай, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетінің дамытушысы, ұйымдастырушысы және үйлестіруші бола білуі, білімнің құндылық ретіндегі сипатына терең мән беруі, нәтижеге бағытталған білім беруде жаңа жолдар мен әдістер табуға дағдыланған маман болуы қажет.

Педагогикалық ғылымда XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап, мұғалімдердің тәжірибелік жұмыстары бір-бірімен толықтырылып, салыстырылып келеді. Осы салада мамандыққа орай шеберлікті артыру мәселесі А.С.Макаренко, Ю.Ф.Головин, Н.Д.Левитов және т.б. еңбектерінде зерттелінді. Ал, 50-60 жылдардағы психологиялық-педагогикалық зерттеулерде педагогикалық мамандардың дайындалу сапасына Ф.Н.Гоноболин, А.Г.Ковалев, К.К.Платонов, С.Н.Архангельский т.б. көңіл бөлді. Әрі қарай педагогикалық зерттеу құрлымдарында мұғалімнің іс-әрекетінде педагогикалық шеберлікті оқыту, болашақ мамандардың бойында өз пәніне деген қызығушылықты арттыру мәселелері А.И.Щербаков, Н.В.Кузьмина, И.Г.Огородников, О.А.Абдулина т.б. ғалымдардың жұмысында қарастырылған. Ал, отандық белгілі ағартушы педагог ғалымдар С.Қалиев, Ә.Нысанбаев,

Ш.Т.Таубаева, Қ.Жарықбаев, Б.Барсай тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде мұғалімнің мәдениеті мен шеберлігін, интеллектуалдығын бірнеше бөліктермен анықтаған [5].

Бүгінгі күнге дейінгі зерттелген барлық еңбектерде педагогикалық шеберлікті арттыру немесе оны қалыптастыру дәрежелері қарастырылғанымен онда, студенттердің немесе болашақ маман иелерінің өзіндік таным тұрғысынан шығармашылық қабілеттеріндамыту мәселесі мен мамандыққа орай педагогтардың дайындық сапасын арттыруда оның ішкі дамуы мен күшіне, талпыныс деңгейіне оны көре отырып шығармашылық қабілеттерінің деңгейін дамыту мәселесі аз қамтылған. Болашақ маман бүгінгі студенттен бастау алады.Сондықтан, қазіргі студент өзінің шығармашылық қабілеттілігін дамыта отырып, болашақ ұрпақты дайындау сапасына және сол арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттер арттыру қажет.

**Талқылау.** «Шығармашылық қабілет» ұғымын анықтау үшін шығармашылық, қабілет және шығармашылық қабілет ұғымдарына жасалған талдауларды зерделеу жүзеге асырылуы тиіс.

Зерттеу нәтижелеріне талдау жасап көретін болсақ, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары мен құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты - бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамыту жолдары мен шешімдерін іздестіру болып табылады.

Шығармашылық - бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастағанкезіненбастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі болып табылады. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы жеттік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдеп, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні «шығару», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді, демек, жаңа нәрсе ойлап табу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: «шығармашылық» - бұл қайталанбайтын, тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет деп түсіндіріледі. Демек, шығармашылық - жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Халқымыздың «Жігітке жеті өнер де аз», «Сегіз қырлы бір сырлы» сияқты нақыл сөздері адам табиғатының шексіз мүмкіндіктерін ескертсе керек. Шығармашылық - ойлап табу, жаңалық ашу, шығару жетістікке жету, белсенділігін арттыру болғандықтан, ол тек жеке адамға тән. Ал бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығы - тек өзіне ғана жаңалық болып табылатын, субьективті жаңалық[6].

Қабілет мәселесі – оқушылардың жекелік айырмашылықтар мәселесі болып табылады. Егер барлық адамдардың әрекеттің түрлерімен айналысуға арналған мүмкіндіктері бірдей болса, онда қабілет туралы сөз етпеуге де болар еді. Мүлдем еш нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды. Әр адам бойында бір нәрсеге деген қабілет болатындығы кеңестік психология ғылымының негізгі ережелерінің бірі, бірақ ол қабілет дәрежесі әр адамда әр түрлі деңгейде болады. Олардың іс-әрекеттің белгілі бір түріне қабілеті не жоғарылау, не төмендеу келеді. Бұған қарап мысалы, музыкаға, хореографияға немесе математикаға қабілеті төмен балаларды дарынсыздар қатарына жатқызу әсте дұрыс емес, бұл оның қабілетінің басқа салада жатқындығының белгісі.

Қабілет – туа бітті қасиет емес, олар өмір сүру барысында іс-әрекет арқылы дамып отырады. Қабілет деген термин адамдарың белгілі бір істі орындап, одан нәтижеге жеткізетін қасиетін білдіреді деуге болады. Қабілет ұғымына берілген психикалық анықтамалар саны баршылық, қабілет - іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін

адамның жеке қасиеті – деп жазды академик Т.Тәжібаев. Демек, қабілет – адамның іс-әрекетінің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері.

Қоғамның тәжірибесі шығармашылық жетістіктің тұлғалық емес, әлеуметтік мағынаға ие болғандығын мойындап, психологиялық-педагогикалық ойлардың осы мәселеге назар аударуына мәжбүр етті. Шығармашылық пен шығармашылық қабілет жөнінде өз ойларын көптеген ғұламалар еңбектерінде жазып қалдырған. Әл-Фараби, Ж.Баласағұн және т.б. қазақ ойшылдарының еңбектерінде шығармашылық тұлға бойындағы сапалық белгілер: ерекше қабілеттілік, белсенділік, батылдық, қайсарлық, табандылық, қайраттылық, еріктілік т.б. аталып, олардың бала дамуындағы рөлі көрсетілген.

Оқушылардың шығармашылығын дамытуда отандық ғалымдар Ә.Қоңыратбаев, С.Тілешова шығарма жаздыру, В.Д.Чернов факультативтер мен үйірмелер арқылы қабілетті шығармашылық деңгейге көтеру жолдарын қарастырса, К.Ә.Жамалбаева көркем шығармалар арқылы, М.Мұхамедин ойын әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерді дамыту жолдарын қарастырған. Ал, Б.Тұрғынбаева шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын ұсынады, ол шығармашылық тапсырмалар мыналар: жұмбақ құрастыру, өлең құрастыру, мақал-мәтел құрастыру, әңгіме жаздыру, ертегі жаздыру, сөзжұмбақ құрастыру, шығарма жаздыру, мінездеме жаздыру[7].

Арнайы әдебиеттерде «шығармашылық» ұғымына әртүрлі анықтамалар берілген. Мысалы, С.И.Ожеговтың сөздігінде «Шығармашылық – жаңа материалдық және мәдени құндылықтардың өмірге келуі» деген анықтама беріледі. Ал, энциклопедиялық сөздікте «Шығармашылық – адамның іс-әрекетіндегі өз бетінше жұмыс жасау мен белсенділіктің ең жоғары формасы. Бұл қандай да бір нәрсені өзгерту, жетілдіру, жаңасын ойлап табу, түпнұсқасын шығаруға деген қажеттілік» делінген. С.Л.Рубинштейн «…Шығармашылық деп нәтижесінде жаңа түпнұсқалық және әлеуметтік құнды өнім дайындалатын іс-әрекет аталады», - дейді. Б.Д. Эльконин шығармашылыққа мынадай анықтама береді: «Шығармашылық - бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, ол өзінің біртумалығымен ерекшеленетін болса, өзін-өзі куәлендіретін, дәлелдейтін болса, онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады».

Оқыту үдерісінде баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесін шетел педагог-ғалымдары Ю.К.Бабанский, В.С.Ильин, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Б.М.Теплов, Н.С.Лейтес, Л.С.Выготский, Л.Н.Леонтьев, Г.С. Альтшуллер, А.Г.Ананьев сонымен қатар, қазақстандық көрнекті ғалымдар Т.Т. Тәжібаев, Қ.Б.Жарықбаев, М.М. Мұқанов және т.б. қарастырды. Осы зерттеулердің нәтижесінде тұлғаның шығармашылдығы оның табиғи жаратылысы жағдайы, сонымен бірге, тұлға іс-әрекет барысында қалыптасатындығы, іс-әрекет қандай болса, тұлға да сондай болады деген қорытындылар жасалынады. Демек, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту үшін шығармашылықтың мәні ерекше.

Демек, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында төмендегідей өзектілік қалыптасады: оқушы өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады; оқушыны шығармашылық ізденіске жетелейді; оқушының өз ісіне деген сенімі пайда болады; оқушы әр нәрсеге сын көзбен қарауға және салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді. Осылардың нәтижесінде шығармашылық қабілеттілігі дамыған жеке тұлға қалыптасады.Сондықтан мұғалім жеке тұлғаға жетекшілік етіп, бағыт-бағдар беріп, әр оқушының шығармашылық қабілетін танып, біліп дамыту қажет.

Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде оған кері әсер ететін кедергілердің де бар, ондай кедергілерге: оқушының әлеуметтік жағдайының болмауы, ойлауы мен қиялдың төмен болуы; өз күшіне сенбеуі, жалқаулығы, денсаулығының нашар болуы жатады.Сондықтан мұғалім өз пәнін үйрету барысында әр оқушыны зерттеп, олардың өміріндегі осындай кемшіліктері болса, оны алдын-ала анықтау керек.Қазіргі жаңа заманда әр оқушының заман талабына сай әлемдік дәрежеде білімді меңгеруі үшін «Өзін-өзі тану» пәні бойынша шығармашылық қабілетін дамыту – ең басты міндет.

**Қорытынды.** Сонымен, көптеген ғалым-педагогтардың,практик мұғалімдердің тәжірибесінесүйенсек, оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардыңшығармашылық қабілетін дамыту мәселесінде басты рөлді, ең алдымен, оқушының өз бетімен әрекеті, қабілеті, белсенділігі атқарады. Себебі, сабақ қаншалықты сапалы болсын немесе мұғалімнің білімі, тәжірибелік шеберлігі мол болсын, бірақ бала тарапынан өзіндік қабілеті болмаса жұмыстың нәтижелі, сапалы орындалуы мүмкін емес. Сондықтан баланың шығармашылығын дамытуда мұғалім көп еңбек сіңіру керек. Қорыта келе, заман талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, мұғалім сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назарын бір нәрсеге бағыттауы керек, әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың мазмұны жас ерекшелігіне үлесуі керек, оқушының шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу керек және шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, сапалы түрде қалыптастырып отыру қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


*1 ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.2009.*

*2 Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. Алматы, 2009.*

*3 Шахгулари В.В. Подготовка будущих учителей к творческой деятельности в школе.- Алматы, 2002.*

*4 Назарбаева С.А. Адам әлемі және әлемдегі адам: өзін-өзі тану теориясы мен практикасы. Алматы, 2007. - Алматы: «Бөбек» –Б. 6-9.*

*5 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы. "Ғылым". 1988г*

*6 Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.К. Педагогика. – Астана, 2007. -651б.*

*7 Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. Алматы, 1999.*

***УДК 373.016:811.512.122***
***МРНТИ 372.65.944***

[1]*А.Құрманәлиева*
*«Қазақ Тіл білімінің теориясы және әдістемесі» кафедрасының магистрі,*

*(Алматы қаласы, Қазақстан)*

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА КОГНИТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ[1]

***Аңдатпа***

Ақпарат ағымы мен ойлау жүйесінде виртуалды қабылдауды артығырақ көріп, ол басымдыққа ие болған кезеңде тіл үйретудің негізгі тірек боларлық әдістер қаншалықты маңызды болмақ. Қызығушылықты адамның ішкі қажеттілігімен тығыз байланыста ұстауды қажет екендігі адамның психологиясымен айналысып жүрген ғалымдардың еңбектерінде айтылып жүр. Мысалы: адамның қажеттілігі физиологиялық қажеттілік, қауіпсіздік қажеттілік, махабатқа қажеттілік, өзін-өзі бағалау қажеттілігі, өзін –өзі дамыту қажеттілігі секілді негізгі түрлері психологтармен анықталып отыр. Физиологиялық қажеттілігі адамның ішсем-жесем деген қажеттілігінен туындаса, қауіпсіздік қажеттілігі мен махабатқа деген қажеттілігі аты айтып тұрғандай өзін қауіпсіз сезіну, сүю мен сыйластық қасиеттерімен тікелей байланысты. Ал, өзін өзі бағалау, өзін өзі дамыту қажеттілігі біз сөз етіп отырған қызығушылықпен тікелей байланысты. Психологиялық қажеттілігін ескере отырып, тілді оқытуда осы тұрғыдан жаттығуларды жүйелеп, түрлендіресе болады.Психологиялық қажеттілікті дәл осы әдістемедегі тапсырмалармен ұштастыра отырып жүргізудің әкелер пайдасы да зор деген ойдамыз. Осы бағытта тіл үйрету әдістемесінде адам психологиясымен байланысты үйрету когнитивтік технология кең қолданып, ғағалымдар мен оқушылардың тарапынан қолдау табуда.

**Кілт сөздер**: когнитивтік технология, әдістеме, тіл, тапсырма.

[1]*А.Курманалиева*

*магистр кафедры «Теория языкознания и методики казахского языка»,*

*(г.Алматы, Казахстан)*

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОГНИТИВНОЙ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА[1]

***Аннотация***

В последнее время становиться актуальным обучение языкам. И решающее значение для активизации всех психических и психологических процессов - мышления, восприятия, понимания и усвоения иноязычного материала. Для этого следует повышать уровни мотивации, способствуя развитию познания и интеллектуальной деятельности обучаемого, стремясь в последствии повысить эффективность процесса обучения.В последнее время в методической литературе все чаще встречаются ссылки на исследования в области когнитивной психологии. Актуальность этих исследований для преподавания языка заключается прежде всего в том, чтобы определить способы обучения, которые максимально способствуют усвоению, запоминанию а также что особенное важно использование навыков в дальнейшем. Данная статья посвещена отбора и составление заданий на основе когнитивной технологий.

**Ключевые слова:** когнитивная технология, методика, язык, задание.

[1]*A. Kurmanalieva*

*master of the Department "Theory of linguistics and methodology of the Kazakh language",*

*(Almaty, Kazakhstan)*

# THE USE OF COGNITIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING KAZAKH LANGUAGE[1]

***Abstract***

Nowadays, learning languages is becoming actual. And the decisive value for revitalization of phycological processes is thinking, perception, understanding and assimilation the materials of other languages. It is needed to increase the level of motivation, contributing development of cognition and student's intellectual activities, seeking to increase the effectiveness of education process. This article is dedicated for selection and creating tasks based on cognitive technology.
**Keywords:** cognitive technology, methodology, language, job.

Қоғамның барлық салаларына ғаламдық ақпараттың кірігуі қазіргі заманның бұлжымас қағидасы іспеттес. Ақпарат тасқыны белең алған заманда тіл үйретуде көптеген әдістердің да бағыт-бағдарын анықталып, түрлі мақсат пен міндеттерді алға қойылуда. Тіл үйретуде қолданылатын қазіргі кездегі түрлі әдістемелердің барлығы да осы бағытта ақпарат тасқынын өзіне бағындыра алатын, оқу үдерісінде басты назарда ұстайтын қағидасы болу керектігі анық. Тіл үйретуде деңгейге сәйкес мақсат пен міндеті ретінде тыңдалым, сөйлесім, жазылым, айтылым әрекеттер іскерлігін меңгертуге бағытталған. Ақпарат ағымы мен ойлау жүйесінде виртуалды қабылдауды артығырақ көріп, ол басымдыққа ие болған кезеңде тіл үйретудің негізгі тірек боларлық әдістер қаншалықты маңызды болмақ. Қызығушылықты адамның ішкі қажеттілігімен тығыз байланыста ұстауды қажет екендігі адамның психологиясымен айналысып жүрген ғалымдардың А.Маслоу еңбектерінде айтылып жүр. Мысалы: адамның қажеттілігі физиологиялық қажеттілік, қауіпсіздік қажеттілік, махабатқа қажеттілік, өзін-өзі бағалау қажеттілігі, өзін – өзі дамыту қажеттілігі секілді негізгі түрлері психологтармен анықталып отыр. Физиологиялық қажеттілігі адамның ішсем-жесем деген қажеттілігінен туындаса, қауіпсіздік қажеттілігі мен махабатқа деген қажеттілігі аты айтып тұрғандай өзін қауіпсіз сезіну, сүю мен сыйластық қасиеттерімен тікелей байланысты. Ал, өзін өзі бағалау, өзін өзі дамыту қажеттілігі біз сөз етіп отырған қызығушылықпен тікелей байланысты. Психологиялық қажеттілігін ескере отырып, тілді оқытуда осы тұрғыдан жаттығуларды жүйелеп, түрлендіресе болады. Мысалы, махаббат сүйіспеншілікке деген қажеттілікті өтей алмаса, адам бойында жалғыздық, тұрақысыздық, адамдарды жек көру, жауларды іздей бастау, ешбір адаммен араласпау секілді психологиялық дағдарысқа ұшырай бастайды. Ал ол қажеттіліктері қанағаттандырылса, жақындарына, туыстарына сеніп,айналасындағы адамдармен бірлестікке жұмыс істей алу, топта әрекеті анағұрлым жоғары болады екен. Осы қажеттілікті ескере отырып, тіл үйретудегі жобалық, топтағы жұппен жұмыстардың ролі арта түседі. Психологиялық қажеттілікті дәл осы әдістемедегі тапсырмалармен ұштастыра отырып жүргізудің әкелер пайдасы да зор деген ойдамыз.Осы бағытта тіл үйрету әдістемесінде адам психологиясымен байланысты үйрету когнитивтік технология кең қолданып, ғалымдар мен оқушылардың тарапынан қолдау табуда.

Когнитивтілік (лат. cognitio, «таным, зерттеу, санамен тану») сырттан келетін ақпаратты адамның өз ойында қабылдап, санасында қалатындай талдау мен тұжырымдай алу, өңдей алу үдерісін білдіреді.«Когнитивті үдерістер» деген ұғымды көп жағдайда, "сана", "назар", "қабылдау", "әрекет", "шешім қабылдау"мен "санасында ойлану "тәрізді

үдерістермен байланыстырады да "эмоция" ұғымын бұл қатарға жатқызылмайды. Яғни, когнитивтік үдеріс танымдық деңгейде адамның саналы түрде ақпаратты қабылдауы.

Когнитивтік технологияны алғаш сөз еткен тұлғалардың бірі Л.Толстой болатын. Л.Толстой өзінің педагогикалық мақалаларында осы бағытта: «Әдеби тілді баланың еркіне қарсы күштеп әрі зорлықпен қайталату, жаттату арқылы тәрізді тапсырмалармен үйрету дұрыс емес. Көп жағдайда сөздің түсінікті болмауынан емес, ол сөздің білдіретін ұғымның баланың санасында мүлдем болмауынан қиындық пайда болады. Сондықтан да күштеп түсіндіру мен үйрету ешқандай нәтиже бермейді. Баланың санасында түсініктің қалыптасуы да әр түрлі кезеңдерді қамтитын көктемдегі бұтақтағы бүршіктің гүлге айналуымен салыстыруға болатын үдеріс »-деп жазады. Когнитивтік технология жайында Э.Ч. Толмен, Дж.С. Брунер, Р.Ч.Аткинсон, Г. Э. Гарднер, М. С. Шехтер секілді ғалымдардың еңбектерінде кеңінен сипатталады. Когнитивтік психологиямен тығыз байланысты когнитивтік технология айтып өткеніміздей адам санасымен тығыз байланысты, яғни ақпаратты саналы түрде қабылдауы. Өз кезегінде бұл психологиялық қабылдау түрлі кезеңдерден тұратын үдеріс екені де анықталып отыр. Мысалы адам санасында түсініктің қалыптасуы үшін бірнеше белсенді жаттығуларды жеке әрі ұжымда орындау арқылы жүзеге асырылады екен. Ұқсастыру, жалпылау, логикалық байланыс, салыстыру, теңеу, байланыстыру, ассосация секілді ойдың қызмет әрекетін қажет ететін жаттығулар. Мысалы, тіл үйренушінің санасында сөздің тұрақты сіңіп, еніп кетуі үшін: сөзді тақырып бойынша жіктеу, рубрика бойынша сөздерді реттеу, санаттарға бөлу, жалпылау, дәлелдеу,сөз құрылымы мен оның мағынасы, мағыналық ұяшықты құрайтын туынды сөздер, жаңа мағыналары жайында ақпарат, контексте ажырата білу, баға беру секілді жаттығулар арқылы жүзеге асады екен.

Адам психологиясымен байланысты маңызды қажеттіліктердің бірі ол өзін өзі үнемі бағалауы, яғни өзінің біліміне, күшіне сенімді болуы, өзінің араласып жүрген әріптестер арасында сыйлы, беделді болуы. Қажеттіліктің бұл түрі қанағаттанбаған жағдайда қызғаныш, көңілі толмау, қорқыныш, қиындықтан қашу, қиындықтан қашу секілді қиындықтарға алып келеді. Психологиялық тұрғыдан шешілген жағдайда өзіне сенімділік , бәсекелестік, өзін өзі сыйлау, жаңаға ұмтылу, яғни табысқа қол жеткізсем, өзіне сенімді болуы, байланыс орнату секілді жағымды сезімдерге алып келеді. Өзінің ішкі мүмкіншіліктерін пайдалану мен дамыту қажеттілігі, яғни жеке адамның шығармашылық қабілеттері өзінің жеке шығармашылық креативтік қабілеттері қанағаттандырылмаса, өмірге қызығушылығы төмендеп, белсенділігі төмендейді екен. Ол дұрыс бағытта дамып, қолдау тапса өзін өзі жетілдіруге құлшынысы артып жаңа тәжірибелерге ынтасы, шешімдерді қабылдау секілді дағдылары қалыптасады екен. Байқап отырғанымыздай адам қажетіліктерінің барлығын тіл үйретуде қолданып отырған жобалық, топтық, жеке шығармашылық дағдыларды қалыптастыратын тапсырмалар, сыни ойлау тұрғысынан оқыту әдістемесіндегі стратегиялар мен әдістердің барлығы сөз болып отырған қажеттіліктерді дамытуға өз септігін тигізеді. Ал, бұл өз ретінде ойлану емес, ойландыруға шақыратын әдіс тәсілдер. Когнитивтік технологияның да түпкі мақсатыда осы ойландыру арқылы оқушының бойында ақпаратты (сөз, грамматикалық құрылым, мәтін, тақырып) меңгерту, сөйлесім әрекеттері дағды іскерлігін игерту. Ойландыратын жаттығу мен тапсырмалар арқылы ғана нәтиже беретінін әдістеме жайында сөз еткен еңбектерде айталып жүр.Ойландыруға тартатын тапсырмалардың қатарына әсіресе, жобалық жұмыстарды жатқызуға болады. Өйткені жобалық жұмыстар оқушының тарапынан ізденісті

зерттеуді, қолға түскен ақпаратты жеткізу міндеті тұрғандықтан санасында түрлі ойлауды қажет ететін үдерістер жүріп жатады.Шығармашылық қабілетті артыратын жобалық жұмыстардың түрлері: практикалық қолданбалы, күнделік жазу, коллаж, ойын, рольдік ойындар жобасы: ойын, драма, өз шығармасын көрсету. Ақпараттық зерттеу

жобасы, әлеуметтік зерттеу жобасы, шығармашылық жобалар, зерттеу жобасы, сипаттамалық жоба т.б түрлері топ алдындағы сөзді дайындауға мүмкіндік береді. Қажеттілікпен тікелей байланысты тапсырмалардың барлығы адамның ішкі мүмкіншіліктерімен байланысты екен. Психолог ғалым А. Маслоудың айтуы бойынша уәждеменің бір ғана түрі бар ол түрлі жаттығулар арқылы өзін өзі дамыту мен өзін бағалуын алып келетін тапсырмалардың жүйелі түрде берілуі. Яғни қазіргі кезде қызығушылықты арттыратын, уәждеміліктеі тудыратын тапсырмалар мен жаттығулар, технологияның көмегімен тіл үйрету әдістемелерінің негізі осы басты қажеттілікпен байланысты болу керек. Адамның өзін -өзі дамыту қалай жүзеге асады? Әрине, шығармашылықпен байланысты белсенді қарым-қатынасқа, коммуникативтік қарым қатынасты, тілдік дағдыларды дамытатын әрекеттер болса керек. Осы тұжырымды негіздей отырып өзін дамытушы, бағалаушы тапсырмалар деген де қандай тапсырмалар? деген сауалға келетін болсақ. Тіл үйретуде әдістемелік еңбектерде қызығушылықты арттыратын тәсілдердің бірнеше түрі аталады. Олардың қатарына: оқытушының ынтасы мен қызығушылығы, қызығушылықты тудыратын сұрақтар, тақырыппен шынайы өмірдің байланысы, шығармашылықпен дамытушы тапсырмалар, студенттің белсенділігін қолдау, тапсырмаларды өзгертіп отыру, конкурстар мен жарыстар өткізу, сабақ өмірін шынайы өмірге жақындастыру, пәнге қызығушылық тудыратын тақырыптар. Оқыту уәждемесінің түрлері ішкі, сыртқы, мақсатты, танымдық, елтанушылық,табысты секілді түрлері бар. Уәждеме түрлерінің атаулары да өздеріне тәне ерекшеліктерін анықтап тұр. Оқыту уәждемелерінің түрлері оқу-танымдық, жанама ынталандырушы, болашаққа қажеттілігі Сабақтағы тіл үйренушінің бойында қығушылықты аудиоматериал, бейнематериал, сауалнама,сұрақ қою, проблеманы шешу арқылы, мақаладан проблеманы анықтау, суреттердің көмегімен, ассосациация арқылы, музыканың көмегімен, өлең жолдарымен көмегімен, ойындар арқылы қызығушылықты арттыруға болады. Уәждемелікті арттыруда елеулі факторлардың бірі- сабақ тақырыбы. Сабақтың тақырыбына қойылатын талаптарды саралап өтсек, олар: қызықтыратан, өзекті, шынайы өмірмен байланысы, қажетті, пайдалы, күнделікті өмірде қолдануы.

Танымдық қызметті ынталандыратын тәсілдер дидактикалық ойындар мен тапсырмалар, сабақтан тыс орындалатын тапсырмалар, шығармашылық қабілетті арттыратын тапсырмалар, пәндік олимпиалар, дамытушы тапсырмалар, жеке тұлғаға бағытталған тапсырмалар,

- Бір немесе бірнеше тақырып беріліп,тақырыпқа сәйкес экспонат, плакаттар даярланады.

- Белгілі бір тақырыпқа конурс, жарыс жарияланады. Мысалы: емтиханның түрін ойлап табыңыз, экологияны тазартатын өнім, әлеуметтік жәрмеңке, идеялар жәрмеңкесі.
- Бір тақырыпқа бірнеше көзқарас. Мысалы: Кеден одағы: тарихи, экономикалық, проблемалық, жақсы жағы, жаман жағы,саяси, мәдени.
- Берілген тақырыпқа газет,журналдан қажетті мәліметті табу.
- Топ болып таныстыру сұрақтары қойылып, жауаптарын келесі адамға айтады.
- Тиісті суретті табыңыз: Суреттердің ішінен тақырыпқа қажеттісін табу, тыңдалған мәтін
- Конверт ұсынылып ішіндегі суретті сипаттап беру,мазмұнына сәйкес келетін суретті табу.
- Тізбе бойынша әңгіме құрастыру: топ болып әңгіме құрастырады. Біреуі бастап, басқа студенттер жалғастырып отырады.
- Қимыл- әрекетпен әңгімені көрсетеді, топ анықтап, айтады.
- Ана тілінде ұсынылған мәтінді аударады.
- Сүйікті тамағы, киносы, пәні т.б. жөнінде әңгіме құрастыру.

- Соңғы жаңалықтарды әңгімелеп беру.
- Сөйлемді өзгерту. Мысалы. Мега қайда орналасқан?
- Мен кеше киноға бардым. Саған киноға барған ұнайды ма? Мен велосипед тептім. Сен қайда тептің?
- Жаңа сөздерді игеру: жаңа сөздерді тақырыппен байланысты мәтін ішінде игеру.
- Айтылған әңгімені басқа адамға айтады.
- Қандай зат екенін табыңыз. Заттың алғашқы әрпін айтып,сұрақтарға жауап береді.
- Затты сипаттайды,студенттер табуы қажет.
- Мен кім болып жұмыс істеймін. Студенттер сұрақ қою арқылы мамандығын табады.
- Тақырып бойынша бір минут ішінде әңгіме айтып беруі қажет.
- Әжемнің қоржынында не бар екен?
- Көптеген суреттер бар плакат ұсынылып сұрақтар қойылады.(Плакатта бақ қайда орналасқан? Бақтың жанында не бар?)
- Мен істеп жатырмын? Карточкадағы іс қимылды көрсетеді, топ оны анқытауы қажет.
- Екі адамның арасындағы аудармашы.
- Бейнетаспамен жұмыс: Алдын -ала дауысы өшіріледі, болжаңыз, қандай сөздер қолдауы мүмкін секілді тапсырмалар.

Уәждемені арттыратын тақырып пен әдістер, жаттығулар мен тапсырмалар, жобалық жұмыстар мен өз бетімен орындайтын тапсырмалар сөйлесім әрекеттері: тыңдалым, айтылым, жазылым, сөйлесімді қамтып, сабақ барысында реттеліп отырылуы өз алдына үлкен бір мәселе болса, екінші мәселе ол сабақ барысында дамытушы тапсырмаларға келу, нақтырақ айтсақ дайындық кезеңі өйткені оқушыны алдымен дайындап алмасақ (ол сөзбен жұмыс, сөздікпен жұмыс, грамматикалық жаттығулар, жаттығу түрлерінің берілу тәртібі мен жүйесінің өз ретімен берілу қадағалануы тиіс).

Қызығушылық деген ұғымның аясына біздің ойымызша, ол оқытушының сабақты ұйымдастыруы, тақырыпты сабақта ұсына білуі, сабақ кезеңдерінің мәліметті оңай қабылдай алатындай етіп жоспарлап іске асыруы, жаттығулардың өз ретімен берілуі, балалардың ынталығын тудыратын жағдаяттардың берілуі тәрізді т.б. көптеген факторлардан тұрады.

Студенттердің ынтасы мен қызығушулығын, белсенділігін арттыратын тақырыптар әрине оқытушының осы тақырыптарды игертуде қолданатын стратегиялармен ұштасып, бір үлкен кешенді құрағаны жөн. Тақырып пен стратегия бір –бірімен үйлесіп жатқанда ғана сабақтың мақсаты өз діттегеніне жетеді. Стратегия тақырыппен берілген лексика, мәтін, грамматикалық құрылымдарды, тілдік дағдыларды ұтымды пайдалануға мүмкіндік беріп, әрмен қарай студенттің ойын еркін айта білуге, жеке пікірін білдіре алуына, топ алдында сөйлеу білу тәрізді дағдыларын қалыптастырады. Бұл бір. Екіншісі ұтымды таңдап алынған стратегия студенттің ойы хатқа дұрыс түсуіне көмектеседі. Әрине жазу мен оқу арқылы көптеген тілдік қабілеттерді дамытуға болады. Мысалы, топпен бір өзекті мәселені шешу жолдары, ұсыныс жасау, күнделік, сауалнама, сауалнаманы талдау тәрізді тапсырмалар өте қызық әрі ұтымды. Осы бағытта біз өз тарапымыздан Батыр Баян жырымен байланысты тапсырмалар желісін де жасап көрдік.Оқушылар тірек сөздерді пайдаланып,жырдың сюжеттік желісін құруыларына болады да, кестенің ішіне ретін санмен белгілеп шығады.

Баян қалмақтармен шайқасады.

Батыр Баян екі жасты садақпен атып өлтіреді.

Баян тұтқын қызға ғашық болады.

Ноян мен қыз келісіп қалмақтарға қашпақ болады.

Баянның інісі Ноян тұтқын қызға ғашық болады.

Батыр Баян Ноян мен қызды іздеп шығады.

Қалмақ шайқасынан сұлу тұтқын қызды алып

**Немесе топтық жұмыс ретінде берілген тұжырымдарды дәлелдеп сыныпта жоба ретінде қорғауға ұсынатын тапсырма.**

1. Баянның Ноянды өлтіргенін ақтап алуға болады, өйткені ________________
2. Ноянның қызбен қашып кеткені дұрыс , себебі_________________________
3. Ноян қызды жақсы көріп қалды, себебі_______________________________

**Екі пікірталасқа өткізу дайындық кезеңі. Топтарға ат беру. Ұсынылған сөздерді топтарға атау ретінде беріңіз.**

А) Махаббат құрбаны

Ә) Ел үшін намыс

Б) Сезім құрсауында

В) Ақталмайтын әрекет

**Берілген тұжырымдарды дәлелдеп, ойды дамытыңыз. Сыныпта жоба ретінде қорғауға ұсыну.** ***Қойылатын басты талап: Жырдан дәлел ретінде үзінділер келтіру.***

I топ

Баян Ноянды өлтірмеу қажет еді.

**II топ**

**Баян Ноянды өлтірегенін ақтайтын топ.**

**I топ**

**Ноян қызбен кеткені дұрыс емес.**

**Жырдан алынған үзінділер қандай жағдайда айтылған.** *Мысалы: Жыр үзіндісі Ноян мен қыздың қалмақ еліне қашуымен байланысты айтылған.*

***Қашан?***

Ер _____ жас сұлуды алып келген,

Сұңкардай бабындағы сұқсыр көрген.

Қан жауып екі көзін, қанды балақ

Ол күндер аз қазақ пен қалың қалмақ

Қыран мен қара құстай алысқан шақ.

Баласы алты алаштың Абылайдың

Астында ақ туының табысқан шақ

Қазақтың батырларыбәрі қыран,

Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,

Төзім қып албырт ____ күтпей таңды,

Жүгіріп жан ұшырып жаяу барып,

Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды.

Азырақ азық алып, қару-жарақ,

Ата – анам –айым мен күнім жатыр.

Ер ______ бізге елге барған еді,

Көп қойға көкжал ойран салған еді,

Бөбегін шырылдатып ап кеткенде

Ата-анам жылап зарлап қалған еді.

Студенттер ойланды, қолданды, талдау жасады, талқылады, білді және нәтиже шығарды. Соңғы нәтижесі қажет тілдік қабілеттердің барлығын қызығушылықпен белсенді бар ынтасымен игеріп шықты.Яғни танымдық, зерттеушілік сипатта саналы түрде орындалған тапсырмаларды орындады. Когнитивтік технологияның басты ерекшелігі де осы ойландыратын тапсырмалардың тіл үйрету барысында қолдануында жатыр.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**


1.Әлімов А., (2008). 40- бет, Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Талдықорған, 2008.-40-41 беттер.

2.Джефф Петти. Практическое обучение. Практическое руководство, Москва «Ломоносовь»-2010.

3.Идиатуллин В.С. Когнитивная технология обучения,

**УДК 373.1.02**
**МРНТИ: 14.25.05**

# [1]ОРГАНИЗАЦИЯ СОВМЕСТНОЙ РАБОТЫ ШКОЛЫ, СЕМЬИ И ОБЩЕСТВЕННОСТИ ПО ВОСПИТАНИЮ ТОЛЕРАНТНОСТИ У ШКОЛЬНИКОВ

**ТОРЫБАЕВА Ж.З.[1]**
**АЛИХАНОВА С.З.[2]**

[1] доктор педагогических наук, профессор МКТУ имени Х.А.Ясави, г. Туркестан

[2] магистрант, МКТУ имени Х.А.Ясави, г. Туркестан.

**Аннотация**

Толерантность – это условие нормального функционирования гражданского общества и условие выживания человечества. Именно в этой связи возникает необходимость в формировании у подрастающего поколения способности быть толерантным. В представленной статье подчеркивается теоретический и практический интерес к явлению толерантности как возможному пути преодоления межэтнической напряженности и конфликтов в современном мире.

В статье дается содержательный анализ феномена «толерантность». Авторы, принимая во внимание, что процесс формирования и развития личности определяется в основном микросредой. Исходя из этого, авторы предлагают идею рассмотрения, учета всей совокупности воздействий различных социальных институтов: школы, семьи, внешкольных учреждений, государственных и общественных организаций, а также координацию их действий.

Проблема толерантности рассматривается в аспекте необходимости организации совместной работы школы, семьи и общественности по воспитанию толерантности у школьников.

**Ключевые слова:** толерантность, школьники, воспитание, школа, семья, общественность, совместная работа

# [1]ОҚУШЫЛАРДЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МЕКТЕП, ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**ТОРЫБАЕВА Ж.З.[1]**
**АЛИХАНОВА С.З.[2]**
[1] педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.
[2] магистрант, Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

**Аңдатпа**

Толеранттылық – бұл азаматтық қоғамның қалыпты жұмыс істеу және адамзаттың өмір сүру талабы. Осыған орай, өсіп келе жатқан ұрпақтын бойында толерантты (төзімді) болу қабілетің қалыптастыру қажеттігі туындайды. Ұсынылған мақалада, толеранттылық құбылысына қәзіргі әлемдегі этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарды шешудің ықтимал жолы ретінде теориялық және практикалық қызығушылық бар екендігі атап өтілген.

Мақалада «толеранттылық» феноменіне мазмұндық талдау жасалынған. Жеке тұлғаның қалыптасуы және дамуы негізінен микроортамен анықталатының авторлар назарға алған. Осыны негізге ала отырып, әр түрлі әлеуметтік институттардың: мектеп, отбасы, мектептен тыс мекемелер, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, сонымен қатар олардың іс-әрекеттерін үйлестіруің бүкіл жиынтығының әсерін есепке алып қарастыру идеясын авторлар ұсынады.

Оқушыларды төзімділікке тәрбиелеу бойынша толерантылық мәселесі мектеп, отбасы және қоғамның жұмысын бірлесіп ұйымдасқан қажеттілік аспектіде қарастырылған.

**Түйін сөздер:** толеранттылық, оқушылар, тәрбие, мектеп, отбасы, қоғам, бірлескен жұмыс

## [1]ORGANIZATION OF COMMON WORK OF SCHOOL, FAMILY AND PUBLIC FOR BREEDING TOLERANCE IN SCHOOLKIDS

**TORYBAEVAZH.Z.[1]**
**ALLIKHANOVAS.Z.[2]**

[1] Doctor of pedagogical sciencec.,professor, IKTU named after Ahmed Yasavi, Turkestan city
[2] graduate student, IKTU named after Ahmed Yasavi, Turkestan city

### Abstract

Tolerance – is the condition of normal functioning of civil society and the condition of mankind’s survival. That’s why there occurs the necessity in formation of the rising generation’s ability to be tolerant. In the represented article theoretical and practical interest to the phenomenon of tolerance is underlined as the possible way of negotiation between the interethnic tensions and conflicts in modern time.

The meaty analysis of «tolerance» phenomenon is given in the article. Authors giving attention to the process of personality formation and development is defined basically in micro invironment. Based on this authors offer to examine the idea, records of all totality impacts of different social institutes: schools, families, out – of – school establishments, State and social organizations and also coordinations of their acts.

Issues of tolerance is examined in aspects of organizations necessity with common works of schools, families and society on breeding schoolkids.

**Key words**: Tolerance, schoolkids, breeding , schools, families, society, common works

Общественные преобразования, стремительно происходящие в современном мире актуализируют целый круг проблем, которые требуют своего решения. Одна из актуальных проблем мирового сообщества – это нетерпимость, рост этноцентризма, межнациональные конфликты, этническая неприязнь и т.п. В связи с этим в настоящее время важным является формирование толерантной личности, носителя гуманистических идей в системе межэтнических отношений.

Между тем в научно-педагогической литературе сущность и содержание термина «толерантность» до сих пор трактуется не однозначно, имеются много различных определений, в которых делаются различные акценты, в которых отражаются различия культур, исторического опыта и пр. В разных языках слово «толерантность» имеет сходное значение и является своеобразным синонимом «терпимости».

Основой толерантности является признание права на отличие. Основные критерии «толерантности» и их показатели можно определить, исходя из определения самого понятия «толерантность» - активная нравственная позиция и психологическая готовность к терпимости во имя позитивного взаимодействия с людьми иной культуры, нации, религии, социальной среды.

Сущность данного термина формулируется так: "Толерантность (от лат. tolerantia — терпение; терпимость к чужому образу жизни, поведению, обычаям, чувствам, мнениям, идеям, верованиям) – это уважение, принятие и правильное понимание богатого многообразия культур нашего мира, наших форм самовыражения и способов проявлений человеческой индивидуальности [1].

Толерантность также трактуется как качество личности, которое является составляющей гуманистической направленности личности и определяется ее ценностным отношением к окружающим.

Кроме того, толерантность рассматривают как социальную норму, в которую входят следующие компоненты: социальная восприимчивость взаимодействующих субъектов, интерес к особенностям друг друга; признание равенства партнёров; отказ от доминирования и насилия; готовность принять другого таким, какой он есть; доверие, умение слушать и выслушивать другого; способность к сочувствию, сопереживанию[2].

В сфере воспитания и развития толерантность означает открытость, реальную заинтересованность в культурных различиях, признание многообразия, развитие способности распознавать несправедливость и предпринимать шаги по её преодолению, а также способность конструктивно разрешать разногласия.

Бесспорно, что важную роль в формировании толерантности у личности играет школа – важнейший социальный институт через который проходит все население страны.

В современной социокультурной ситуации школа, должна стать местом, где создаются благоприятные условия для межэтнического общения, где всем учащимся прививается уважение к своей культуре и культурам других народов, поскольку именно в учебно-воспитательном процессе создаются ситуации культурного, межличностного, межнационального, формального и неформального общения[3].

Помиио этого, следует подчеркнуть, что школа является важнейшим социальным институтом, прямо и непосредственно осуществляющим воспитание детей и педагогическое управление семейным воспитанием. На сегодняшний день возникает необходимость воспитания культуры толерантности с самых первых дней обучения. Глобальное образование призвано воспитывать у учащихся чувство и сознание ответственности за настоящее и будущее мира, в котором они живут. Оно исходит из того, что предрассудки по отношению к чужим культурам (да и к своей собственной) возникают из-за отсутствия у людей знаний о народах и их отношениях, о национальных культурах и традициях. Проявлять толерантность - это значит признавать то, что люди различаются по внешнему виду, положению, интересам, поведению и ценностям и обладают правом жить в мире, сохраняя при этом свою индивидуальность. Толерантность - глобальная проблема, и наиболее эффективным способом ее формирования у подрастающего поколения является воспитание. Воспитание в духе толерантности способствует формированию у молодежи навыков независимого мышления, критического осмысления и выработки суждений, основанных на моральных ценностях.

В педагогической практике накоплено немало методов, форм и приемов работы по воспитанию толерантности у школьников, связанных с организацией деятельности детей в классе, использованием произведений художественной литературы и кинофильмов, организацией диалоговых форм работы (дискуссий, диспутов, дебатов).

Педагогические технологии должны быть основаны на системном подходе к воспитанию и синтезе форм продуктивной деятельности учащихся. В связи с этим, педагог на предметных уроках, в особенности на классных часах, должен уделять внимание патриотическому воспитанию, направленному на формирование уважительного отношения к Родине, родным местам, историческому прошлому, родной культуре, собственному народу и народам РК. Положительная гражданская позиция должна стать частью мировоззрения учащегося, определять его действия по отношению к государству, вселять веру в будущее своей страны.

Следовательно, одним из важнейших направлений деятельности школы как организующего центра в ракурсе решения проблемы – формирования толерантности и культуры общения является объединение усилий социальных институтов воспитания и организация их взаимодействия. В этой работе есть своя специфика, проявляющаяся в содержании, методах и формах деятельности. Специфика, которой обусловлена следующими факторами:

- знанием объективных закономерностей педагогического процесса;
- четким представлением социальных функций школы в современных условиях;
- пониманием особенностей и тенденций развития современной семьи;
- практической подготовленностью учителя к работе с родителями, общественностью по воспитанию подрастающего поколения.

При этом школа как ведущий общественный институт воспитания подрастающего поколения, с учетом воспитательных возможностей всех составляющих микросреды школьника, организует их совместную работу по воспитанию толерантности у школьников, развитию у них культуры межнационального общения, гражданственности и патриотизма.

Эффективное решение данной задачи напрямую зависит от её организационной роли, включающей:

- установление тесных контактов с семьей и общественностью, создание необходимых условий для осуществления совместной работы по воспитанию толерантности у школьников;
- осуществление педагогической подготовки всех субъектов взаимодействия;
- организацию систематического обмена информацией между субъектами взаимодействия с целью изучения ближайшего окружения школьника в условиях его микросреды;
- распределение воспитательных задач между социальными институтами воспитания, обеспечение согласованных действий, проведение совместных мероприятий по воспитанию толерантности учащихся;
- осуществление контроля над ходом совместной работы в целом, деятельностью ее субъектов, при необходимости корректировка их действий и т.д.

Единство воспитательной деятельности школы, семьи и общественности создается целенаправленной систематической работой школы, отвечающей современным требованиям, предъявляемым к образовательному учреждению: научная обоснованность, творческий поиск, ответственность и заинтересованность в результатах семейного воспитания, целенаправленность и систематичность формирования педагогической культуры родителей.

Однако, школа без активной помощи семьи не может решить задачи, стоящие перед ней. Поэтому нужно учесть большую возможность семьи как воспитательного коллектива, в которой воспитание детей носит продолжительный характер и способствуют формированию направленности личности ребенка [4].

Несмотря на существующие многие проблемы и сложности, семья как социальный институт доказывает свою исключительную значимость, необходимость своего существования, поскольку прежде всего является важнейшим фактором социального развития детей. Как социально-биологическое явление, она включает широкий круг отношений между людьми: естественно-биологические, экономические, правовые, моральные. По глубине, богатству и многосторонности своих взаимосвязей и отношений семья представляет собой чрезвычайно сложное общественное явление [5]. Особенности семейных отношений состоят в том, что они охватывают практически все стороны общественной жизни, социального поведения людей и поэтому ставят детей в самые различные социальные положения, побуждают играть разные социальные роли.

Богатство, широта, универсальность семейных отношений формируют у детей комплекс личностных качеств, имеющих большое жизненное значение.

Педагогический процесс семьи структурирован, состоит из совокупности взаимосвязанных, взаимодействующих элементов: субъектов педагогического процесса - родители и дети; социальных установок – цели, задачи, содержание; педагогического инструментария – средства, методы, формы, задания. Обьединяющей основой всех этих элементов, по мнению Г.К.Байдельдиновой, является разнообразная деятельность субъектов педагогического процесса. Вне организованной целенаправленной деятельности не может быть реального педагогического процесса [6]. Важным показателем, стержнем всей воспитательной работы в семье является включение детей в разнообразную деятельность: трудовую, учебную, игровую, эстетическую и т.п., под руководством и контролем родителей [7].

Школа, как образовательное учреждение, расширяет и развивает воспитательные возможности семьи, осуществляя педагогическое просвещение, контролирует и направляет семейное воспитание, организует и направляет деятельность общественных и внешкольных организаций на активное участие, помощь семье и школе, координирует их действия.

С учетом этого, важнейшими направлениями работы педагогов школы по повышению педагогической культуры родителей по воспитанию толерантности у школьников можно выделить следующие:

- Научно-педагогическое просвещение (лектории для родителей, университеты родительских знаний, родительские собрания по обмену опытом, изучение материалов средств массовой информации);
- педагогическая деятельность, связанная с реализацией контролирующей, коммуникативной, организаторской, корректирующей и других функций, связанных с участием в разнообразных делах по вопросам толерантности, культуры общения, гражданственности, казахстанского патриотизма;
- педагогическое самообразование («знакомство с материалами сайтов, веб-страничек, литературы, просмотр телевизионных передач и др.).

Практическое осуществление повышения педагогической культуры родителей включает следующие основные звенья:

- Общее ознакомление всего взрослого населения с основами воспитания толерантности и казахстанского патриотизма прежде всего с помощью средств массовой информации;
- подготовка родителей к воспитанию у детей дошкольного возраста толерантности;
- подготовка родителей к воспитанию толерантности у учащихся и формированию культуры межнационального общения - в школах, профессиональных учебных заведениях;
- подготовка учителей и воспитателей к работе с родителями - в вузах, на курсах, семинарах.

Отметим, что выбор форм и методов определяется следующими факторами: уровнем педагогической культуры родителей, типами семейных отношений, спецификой работы школы, возрастными особенностями детей и др.

Резюмируя вышеизложенное, можно сделать вывод, что сегодня эффективное решение поставленной проблемы требует системно-целостного подхода и совместной работы социальных институтов воспитания, поиска эффективных форм и методов взаимодействия школы с родителями и родительской общественностью по воспитанию толерантности у подрастающего поколения.

**Список литературы:**

1. *Толерантность (введение в проблему) / С.К.Бондырева, Д.В.Колесов.- М.: Изд-во МПСИ, 2003.- 240с.*
2. *Самохин И.С. Формирование толерантности у учащихся начальной школы в условиях российского инклюзивного образования // Научный диалог.-* 2016.- № *12.- С.* 401-414.
3. *Кабуш В.Т.Гуманистическое воспитание школьников: теория и методика / Белфонд "Мы- детям".-Мн.,2001.-200с*
4. *Воспитание детей в школе: Новые подходы и новые технологии /Под ред.Н.Е.Щурковой. – М.: Новая школа, 1998.- 208с.*
5. *Воспитание учащихся по месту жительства /Под ред.В.Г. Бочаровой, М.М. Плоткина. –М.:Просвещение, 1987 –192с.*
6. *Байдельдинова Г.К. Семья и школа формируют человека. – Алма-Ата: Мектеп,* 1984.-*72 с.*
7. *Гаврилова Т.П. Учитель и семья школьника. –М.:Знание, 1988 –80с- (Новое в жизни науки, технике. Сер. "Педагогика и психология"* N9).

**УДК 37(094)**
**МРНТИ 14.01.85**

**[1]Полатова Альбина Сарсенбаевна**
**[2]Ж.А. Абитжанова**

*ҚазМемҚПУ Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті*
*Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының*
*2курс магистранты*
*ф.ғ.к., ҚазМемҚПУ Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті*
*Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы*

## «Жас» және «кәрі» концептілерінің қолданысы[1]

### Аңдатпа

Мақалада когнитивтік лингвистиканың басты категориясы – концептінің ғылыми теориялық, методологиялық тұжырымдарын айқындау жөнінде мәселелер қарастырылады. «Жастық» және «кәрілік» концептілерінің лексика-семантикалық сипатын анықтау;«Жастық» және «кәрілік» концептілерінің фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде қолданылуын дәлелдеу; «Жастық» және «кәрілік» концептілерінің көріктеу құралдарында қолданылуын саралау «Жастық» және «кәрілік» концептілерінің лексика-семантикалық сипатын анықтау, концептуалдық мазмұнын аялық білім деңгейі тұрғысында түсіндіру мәселелері көрсетілген.

***Тірек сөздер:*** *мәдени-ұлттық концепт, заттық-бейнелік концепт, когнитивтік лингвистика, ассоциативті-вербальды құрылым, концепт, семантикалық өріс, мағына*

**[1]Полатова Альбина Сарсенбаевна**
**[2]Ж.А. Абитжанова**
КазМемКПУ Факультет казахской филологии и мировых языков
Кафедра теории и методологии казахской лингвистики
магистрант 2 курса
Кандидат филологических наук, факультет казахской филологии и мировых языков
КазМемКПУ
Старший преподаватель Кафедры теории и методологии казахской лингвистики

## Использование концептов «молодость» и «старость»[1]

### Аннотация

В статье рассматривается основная категория когнитивной лингвистики - определение научно-теоретических, методологических заключений концепций. Определение лексической и семантической природы концептов «молодость» и «старость», доказывающее использование концепций «молодость» и «старость» в фразеологии и устоичивых словосочетаниях; Оценивание использования концептов «молодость» и «старость». Определение лексико-семантического состояния концептов «молодость» и «старость»
***Ключевые слова:*** *культурно-национальная концепция, материальная концепция, когнитивная лингвистика, ассоциативно-вербальная структура, концепция, семантическое поле, значение.*

**[1]Polatova Albina Sarsenbaevna**
**[2]Zh.A. Abitjanova**

*KazMemKPU Faculty of Kazakh Philology and World Languages*
*Department of Theory and Methodology of Kazakh Linguistics*
*second year master student*
*Candidate of Philology, Faculty of Kazakh Philology and World Languages KazMemKPU*
*Senior Lecturer of the Chair of Theory and Methodology of Kazakh Linguistics*

## The using of the concepts of "young" and "old"[1]

**Abstract**

The article will be considered on the definition of scientific theoretical, metodological conclusions of concepts which is the main category of cognitive linguistics. Identification of the lexical and semantic nature of the concepts of "youth" and "old age", providing the use of "youth" and "old age" concepts in phraseology and prose-proverbs; Assessment of the use of concepts of "youth" and "old age" in visualization Explaining the lexical-semantic characterization of the concept of "youth" and "old age"

***Key words:*** *cultural-national concept,material concept,cognitive linguistics,concept, associative-verbal structure, concept, semantic field, meanin*g

Когнитивтік лингвистика тіл мен тұлға санасын тұтастықта қарастыратын күрделі ассоциативті-вербальды құрылым. Оның негізгі айырым белгісі тілді таза танымдық тұрғыдан қарауында. Танымдық тіл білімінің негізгі мәселелерінің бірі – когнитивтік мағына. Тіл арқылы танымдық ақпаратты когнитивтік мағына бере алады. Адам санасындағы концептуалды білімді таным моделі арқылы когнитивтік семантика зерттейді. Когнитивтік семантиканың бойында адамның тілдегі көрініс табатын бүкіл рухани өмірі, тәжірибесі, мәдениеті жатады.

Когнитивтік лингвистикада, әлем бейнесін зерттеуде «концепт» ұғымы аса маңызды. Концепт термині алғаш тіл білімінде XX ғасырдың алғашқы жартысында тіл әлемінде қоршаған орта құбылыстарын бейнелеу зерттеулеріне байланысты қалыптасты. Кез келген сөз сөздік қордағы концепт бола алмайды. Концепт болу үшін сөздің бойынан белгілі бір ұлттың мәдени рухани танымдық ерекше белгілері мен бірге ғалам бейнесіне апара алатын қасиеттері болуы тиіс. «Концепт» терминінің теориялық негіздері Д.С. Лихачев, Н.Д. Арутюнова, Е.С. Кубрякова, А.Н. Мороховский, Н.К. Рябцева, В. Айрепетян, В.В. Колесов, В.А. Маслова, А.Я. Гуревич, А. Вежбицкаяның зерттеу еңбектерінде көрініс тапты. «Концепт» ұғымына берілген анықтамалар әртүрлі. А.П. Бабушкин «концепт – ұжымдық санадағы менталды бейненің дара белгілері» деген анықтама береді. Концепке қатысты философиялық сөздіктің анықтамасына көз жүгіртсек, «концепт (лат. conceptus-понятие) – содержание понятия в отвлечении от языковой формы его выражения. Концепт актуализирует отраженную в понятии онтологическую его составляющую» - десе, Р. Карнап концепті айтылымдармен оған сәйкес заттарының арасына қойып, әрбір концептің концептуалды схеманың деңгейінде өзінің нақты белгіленген орнын иеленетінін, бір деңгейдің концептері басқа деңгейде элементтермен схемаларды өзгерте отырып қатынасқа түсуі мүмкін екенін айтқан [1, 208 б.]. Концепт адамның өмірлік тәжірибесін бейнелей отырып, оның өзгеруін белгілі бір динамикалық құрылымға икемделуге әкеледі. Концептінің көмегімен сөздің көне және жаңа мағыналары тиянақтала түседі.

Е.С. Кубрякова когнитивті ғылым туралы былай дейді: «Предмет, который, когнитация т.е. познание, мышление, размышление, которые можно исследовать, изучая «процесс обработки информации», по существу представляет не одну, а комплекс наук обширный области исследований» [2]. Ғалым концепт туралы: «Понятие концепта отвечает представлению о тех смыслах, которыми оперирует человек в процессах мышления и

которые отражают содержание опыта и знания, содержание опыта и знания, содержание результатов всей человеческой деятельности и процессов познания мира в виде неких «квантов» «знания», - деп тұжырымдаса [2], А. Вежбицкая концепт ұғымын «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнеленген және атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі ретінде тану», - деп көрсетеді. Бұл терминге В.Н. Телия: «Концепт – біздің сол нысан туралы білетініміздің барлық жиынтығы, соның мағынасының барлық экспрессиясы», - деп өзіндік анықтама береді [3]. Тіл семантикасы мен халықтық тұжырым саласының семантикалық және логикалық үдерістердің ара қатысын, байланысын анықтау – тілді семантикалық-когнитивті зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады. Бұл тұрғыдан З.Д. Попова мен И.А. Стернин ұсынған тілді семантикалық-когнитивтік талдау әдісінің маңызы зор.

Қазақ тіл білімінде концепт терминінің теориялық негіздері Манкеева Ж., Уәлиев Н., Жаманбаева Қ., Смағұлова Г., Ақбердиев Б., Сәтенова С., Сейілхан А., Снасапова Г., Күштаева М., Сүгірбекова С., Жапақов С., Сыбанбаева А., Ислам А., Елемесова Ш. т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. М.А. Күштаева былай дейді: «концептіні адам дүние танымындағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде қарастыра келе, адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнелеген жеке атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі, концепт терминіне «рухани мәдениеттің тірек сөздері» мағынасында ғана түсінбейміз, себебі тірек сөз концепт сөзіне емес «мәдени концепт» тіркесіне балама ретінде қолданылады» - дегенді айтады [4].

Сөздің толық концептісі оның семантикалық және ассоциациялық өрісі негізінде айқындалады. Концепт ретімен келіп, оның компоненттері (белгілері) белгілі бір тәртіпте болады. Заттық-образдық ядро нақты болады, ал ядродан алшақтау жатқан белгілер дерексіз, абстрактілі болуы мүмкін. Концептінің әртүрлі қабаттары бір-бірінен туындап жатады, бұл жайт концепт ұғымының өзгеше сипатын көрсетеді.

«Жас» және «кәрі» сөзінің де «адамның, жан-жануардың т.б. өмір сүру кезеңдері» мағыналарына орнығуы когнитивтік құрылым арқылы танылған сипатымен байланысты. *Жас* сөзінің «Қазақ тілінің сөздігінде» берілген мағыналары мынадай: І. Адамның, жан-жануардың т.б. өмір сүру мезгілін белгілейтін жыл саны, жас шамасы; ІІ. 2. Жаңа өсіп келе жатқан жас өспірім. 2. Әлі кеппеген, қатпаған, сүр болмаған; ІІІ. Жылағанда, қатты қуанғанда шығатын көз жасы [5, 215-216 бб.]. *Жас* сөзінің адамның, жан-жануардың т.б. өмір сүру мезгіліне қатысты мынадай фразеологизмдер бар: *Жас ортасына /жасы жер ортаға/ келді* – егде тартқан, біраз жаста; *Жасы жетті /келді/* - а) ер жетті, кәмелетке толды; ә) картайды, дәурені өтті; *Жасы қатар /бір/* - құрбылас, жасты, құрдас; Жасы ұзақ болсын! (алғыс) – көп жасасын, өмірлі болсын. *Жас* сөзінің «жаңа өсіп келе жатқан жас өспірім» мағынасы бойынша мынадай фразеологизмдер бар: *Жас босанған* – бірінші босанған (әйел), *Жас буын /ұрпақ/* - жас өспірім; *Жас ұлан /өрен/* - ер жетіп, есейіп қалған жеткіншек. *Жас* сөзінің «жылағанда, қатты қуанғанда шығатын көз жасы» мағынасының аясында мынадай фразеологизмдер көрініс тапқан: *Көзі моншақтап тұр* – жылап тұр; *Көзі жасқа булықты* – тығылып, қыстығып қатты жылай алмады [5, 216-217 бб.]. Жас ортасы фразеологизмін Абай өз қара сөздерінде *жер ортасы жасы* деп қолданады: Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік.

Тілімізде бір түбірден әртүрлі жұрнақ жалғану арқылы тараған сөздер кездеседі. Мұндай сөздерді түбірлес сөздер деп атаймыз. *Жас* сөзіне қатысты мынадай түбірлес сөздер бар: *жасақ, жасамалдау, жасамал, жасамыс, жасамыстау, жасан, жасаң, жасаңғыра, жасаңда, жасаңдау, жасаңдық, жасар, жасарту, жасқылтым, жассын, жастай, жастайынан, жастайғы, жастас, жастау, жасты, жастық.*

*Жасақ* «дымқылдау, жастау, көк сағал» деген мағынаға ие. Мысалы: Тарының жасақ сабағы кеуіп қурайды.

*Жасамалдау* - «жасамыстау, мосқалдау, егделеу». Мысалы: Жасамалдау сары әйел ернін жыбырлатып амандасты (Еділбаев).

*Жасамал* – «ересек, жасамыс, орта жастағы егде кісі».

*Жасамыс* – 1. Ересек, орта жастан асқан, жасамал. 2. Ауыс. Қиын-қыстауды басынан өткізген, көпті көрген тәжірибелі кісі, маман.

*Жасамыстау* – «жасамалдау, ересектеу, үлкендеу». Мысалы: Жасамыстау атшы. Жасамыстау әйел.

*Жасан* – «гүлденіп көркею, жайнау». Мысалы: Сұлудай көктем жасанған.

Жасаң – 1. Жастау, жасырақ. Мысалы: Ашаң әйел әмсе жасаң көрінеді. 2. Ауыс. Жас, жаңа. Мысалы: Қазақ баспасөзі жасаң істің біреуі (С.Мұқанов). Мұқанов). 3. Кеппеген, су, көк. Мысалы: Жасаң шөп (отын).

*Жасаңғыр*а – І.1. Жасара түсу, уылжу. Мысалы: Инештің келбеті жаңғыра жасаңғыраған. 2. Кеппей жасаң тарту, су болу. Мысалы: Жердің шөбі жасаңғырап қалыпты. 3. Ауыс. Құлпыру, жайнау, жаңару. Мысалы: Қала да, дала да жасаңғырай берді; ІІ. Көзге жас келу, жасаурау. Ол үлкен адамның мұңая қалған жасаңғыраған жанарын көрді (Сматаев).

*Жасаңда* – «жаңару, жаңғырығу, жаңалану» мағынасында қолданылады. Мысалы: Жекжатымен ел өсіп жасаңдамақ (Жамбыл).

*Жасаңдау* – «жастау, жасырақ». Мысалы: Жасаңдау жігіт (әскери адам).

*Жасаңдық* – «кемеліне жетпеген, жастық, жасырақтық, жастық, жасырақ болушылық». Мысалы: Жасаңдығы көпке мәлім.

*Жасар* – І. Сан есімдермен тіркесіп, жас мөлшерін білдіретін сөз. Мысалы: Жиырма бес – қазақ жұмысшысы, он үш жасар қыз; ІІ. 1. Жас болып көріну. Мысалы: Күннен күнге жасарып келеді. 2. Гүлденіп құлпыру, жайнау, Мысалы: Жасарған жер. Орман-тоғай жасарып кетіпті.

*Жасарту* - мед. Организмді жаңарту.

*Жасқылтым* – «жаңадан тебіндеп өсіп келе жатқан жасаң жапырақ». Мысалы: Жасқылтым мүйіздер соғылысқанда жарқ етіп от шыққандай болды (Бөкеев).

*Жассын* – «жас көру, жас деп қарау, баласыну». Мысалы: Садық төрағалыққа өзін жассынды.

*Жастай* – І. Жас кезінен, кішкене күнінен. Мысалы: Мәкеш әкеден жастай қалды; ІІ. 1. Жас шамасында, мөлшерінде. Мысалы: Ол менен үш жастай кіші. 2. Жас шағында, тым жас кезінде. Мысалы: Шешесі жастай өлген.

*Жастайынан* – «кішкентайынан, каршадайынан, жас кезінен». Мысалы: Жастайынан еңбекке араласты.

*Жастайғы* – «жас кездегі, жас шақтағы».

*Жастас* – «жас жағынан қатарлас, құрдас». Мысалы: Ол өзімен жастас балалармен ойнайды.

*Жастау* – І. Жасырақ, кішілеу. Мысалы: Қатыны өзінен жастау; ІІ. 1. Ылғалдау, сулау. Мысалы: Шөп кепкен жоқ; ІІ. Жасырақ, әрі балғын. Мысалы: Бала әлі жастау ғой.

*Жасты* – «жастас, құрбы, құрдас». Мысалы: Менің сенімен жасты інім бар (Әлсеров).

*Жастық* – «жас шақ, балғын кез». Мысалы: Жастық шақ еске түседі.

*Жас* сөзімен қатысты мынадай қос сөздер қолданылады: *жас-желең, жас-кәрі* т.б. *Жас-желең* қос сөзі «қыз-бозбала, жігіт-желең, жастар» деген мағынаға ие. Мысалы, *Жас-*

*желең* жиылып серуен құрған [5, 217 б.]. Ал *жас-кәрі* қос сөзінің беретін мағынасы: «үлкен-кіші, жастар мен жасы үлкендер». Мысалы: Туған ел, амандасам *жас-кәріңе* [Қаз. әндері] [5, 217 б.].

*Жас* концептісінің тіл тарихындағы семантикалық қабаттарына үңілейік. Көне түркі сөздігіндегі *жас* сөзінің берілген мағыналары төмендегідей: Jas I 1. Зеленый, молодой: jas ot öndi появилась зеленая трава (ThS $II_{82}$); jas ot köjmäs jalafar ölmäs зеленая трава не сгорит, посол не погибнет (МК III 47); suv tamïrï qurïsar jas javïsϒu qurïjur если засохнет водяная жилка, засохнут зеленые листья (ТТ $I_{56}$); 2. Свежий: jas et свежее мясо (МК III 159); 3. Зелень: jas solusdï зелень завяла (МК II 109); jas jedim я ел зелень (МК III 159). jas jus всякая зелень (МКIII 143); jïmïrtϒa jas свежая, сочная зелень (МК III 433); ot jas cv.ot. [6].

*Жас* сөзінің I мағынасы - «жаңадан өсіп келе жатқан». Көк түрктердің көркем ойлау деңгейінің бір көрінісін *jas ot öndi* «жас шөп шықты» деген метафоралы тілдік бірліктен көруге болады. *Jas solusdï* зелень завяла (МК II 109); *jas jedim* я ел зелень (МК III 159), *jas jus* всякая зелень (МКIII 143); jïmïrtϒa jas свежая, сочная зелень (МК III 433) деген жолдардан *жас* сөзінің «шөп» мағынасында қолданылғанын байқауға болады. Жаңа шыққан шөпті *йаш от* деп метафоралы түрде қолдану Орхон-Енисей ескерткіштерінде бар: *йаш от* өнді йылқыңа кісіне едгү болты (Ырық бітіг 53) [6].

Көне түркі сөздігінде *жас* сөзінің екінші мағынасы «жас мөлшер» және «өмір» деген мағыналарда берілген: Jas II 1. год (о возрасте): toquz qirq jasïm|ta| в мои тридцать девять лет ($E10_5$); er jasïn ortuladï мужчина достиг средних лет (МК I 316); kimüŋ jasï altmïs tügätsä saqïs|tatïϒ bardï andïn jajï boldï qïs от тех, кому исполнилось шестьдесят лет, сладость /жизни/ ушла и /для них/ лето перешло в зиму (QBN $38_{10}$); 2. Жизнь: tirig tutϒïl anca jasïm qïl uzun дай пожить еще, продли мою жизнь (QBN $39_7$); uzatma isiŋ qïl kecär bu jasïŋ не тяни свое дело, делай, проходит твоя жизнь (QBN $395_2$) [6].

Көне түркі тілінде *жас* сөзіне қатысты «жасы келу», «жасы қысқа» тұрақты тіркестері бар: *jas kel* – становиться пожилым, быть «в летах»: bu kisiniŋ uluϒadu jasï kelmistä egdü körür когда этот человек вырастет и будет «в летах» он будет счастливым (ТТ VII $28_{32}$); *jasï qïsqa* молодой: *jasï qïsqa* esiz öküncün qarïr uzun jaslïϒ ebgü öküncsüz jorïr скверный молодой стареет в раскаянии, / хороший пожилой живет, не раскаиваясь (QBN $37_4$) [6]. Мұндағы бір ерекшелік *жасы қысқа* деп «жас адамды» көрсетіп тұр.

*Жас* сөзінің үшінші мағынасы «көздің жасы»: Jas III слеза: közüm jasï aqdï из моих глаз потекли слези (QBN $443_8$); uluϒ bususta qadϒuda turup acïϒï kelip közintä tolu jasï bïrlä находясь в великой печали, испытывая горечь, с глазами, полными слез (Suv $622_2$). *Jas kel* – слезиться (о глазах): közdä jas kelsär если прослезятся глаза (КТ $б_{51}$); *jas sac* – слезиться: sälam qïldï ötrü közi jas sacïp затем он приветствовал его, и его глаза прослезились (QBN $179_{27}$); isig jas [6, 245 б.]; aδïlduqta seksiz közüŋ tolϒa *jas* когда протрезвишься, глаза у тебя, несомненно, будут полны слез (QBN $439_8$) [6, 15 б.].

*Isig jas* метафорасы берілген: buqun ikäsi *isiq jasï* äsizima… үлкен әпкем Букун, оның ыстық жасы, әттеген-ай!… (E 435) Мұнда жастың ыстықтығын емес “қайғылы, кеудені қақ айыратын мұңды жасты” әсерлі жеткізген.

*Жастық* сөзін “жігіттік” сөзімен алмастыра қолдану бар: *Jigitlik* kecar ol tiriglik ucar молодость проходит, жизнь улетает (QBN $29_7$) [6, 603 б.]; *Jigitlikkä* öküñüp abucgalïqïn ajur

сожалея о юности, повествует о старости егео (QBN $10_{15}$); Acïr meŋ *jigitlikkä* köjüp tütä сокрушаясь и горюя, скорблю я по юности /своей/ (QBN $404_2$) [6, 4 б.].

*Жасарт* сөзі кездеседі: Jasart – побудю от jasarttï дождь освежил, «позеленил» траву (МК III 436) [6, 246 б.].

*Кәрі* концептісінің семантикалық өрісі кең. *Кәрі* сөзінің «Қазақ тілінің сөздігінде» берілген мағыналары: 1. Көп жасаған, қартайған, қария, қарт. Мысалы: Құры жібер мына ант ұрған кәрі шалды (Абай). 2. Көне, ескі, атам заманғы, ежелгі. Мысалы: Кәрі Каспий қара көк көзін ашты (Абай). 3. Ауыс. Бұрыннан келе жатқан, қалыптасып қалған. Мысалы: Кәрі сайтаны ұстады [5, 292 б.].

*Кәрі* сөзімен байланысты мынадай фразеологизмдер бар: *Кәрі жілік* – тоқпан жілікпен түйіскен жілік, *Кәрі боз* – ысылған, тәжірибелі, *Кәрі көз* – көпті көрген, кәнігі, *Кәрі қойдың жасындай* – күні санаулы, *Кәрі құлақ* – әңгімені көп білетін адам, өткен-кеткеннен хабары мол, *Кәрі тарлан* – көп нәрсені бастан кешірген, ысылған тәжірибелі [5, 292 б.].

*Кәрі* сөзіне қатысты түбірлес сөздер: *кәрілеу, кәрілік, кәріп, кәріптік, кәрісін* т.б. *Кәрілеу* сөзінің беретін мағынасы «қартайыңқырап қалған, қартаңдау. Мысалы: *Кәрілеу* семіз әйел келді. Ал *кәрілік* сөзі «жасы ұлғайғандық, қартайғандық» деген мағынаға ие. Мысалы: Жастық – жалын, *кәрілік* – күл (мақал). *Кәрілік* жеңді /келді, жетті/ - қартайды, қартаң тартты. *Кәріп* сөзінің «мүсәпір, бейшара, сорлы, ғаріп» мағыналары бар. Мысалы: Ер күйгелек болса, *кәріп* болар (мақал). Аталған сөздің «кемтар, мүгедек» деген мағынасы бар. Мысалы: Құлақтарың естімей кәріп болмаңдар. Кәріп болды – сорлады, бейшара болды. *Кәріптік* сөзіне «мүсәпірлік, кемтарлық, мүгедектік» мағыналары шоғырланған. Мысалы: Қазіргі *кәріптігі* де бір басына жетіп артыларлық (Баязитов). *Кәрісін* сөзі «кәрі санау, қомсыну, жаратпау» деген мағынаға ие. Мысалы: *Кәрісініп* колхозға алмай қойды [5, 292 б.].

Тілімізде *кәрі* сөзіне қатысты қос сөздер бар: *кәрі-жас, кәрі-құртаң, кәрілі-жасты, кәріп-қасер* т.б.

*Кәрі-жас* – «үлкен-кіші аралас, барлығы» деген мағынаға ие. Мысалы: Тойға жиылған кәрі-жас көп еді.

*Кәрі-құртаң* – 1. Жасы жеткен, қартайған адамдар. 2. Арық-тұрық, кәрі мал. Мысалы: Кәрі-құртаң қой (жылқы). Қазақ бар тіршілігін малымен байланыстырған. Сондықтан қарашаның 25-нен Үркер батып, қыс тоқсанның басы басталарда алдағы суықтарға шыдамайтын кәрі-құртаң, көтерем малдарды сойып, күз соғым жасаған. Осыдан халқымыздың «қараша қауыс, *кәрі-құртаңды* тауыс» деген мақалы сақталған. Қауыс сөзі – қараша ай атын білдіретін араб сөзі.

*Кәрілі-жасты* – «кәрі-жасы аралас, үлкен-кішілі» деген мағынаны білдіреді.

Кәріп-қасер – «мүсәпір, кемтар адам». Мысалы: Қалғанын кәріп-қасерлерге шашамын (Ә. Әбішев).

«Кәрі» сөзіне қатысты «*кәріқыз*» біріккен сөзі кездеседі. *Кәріқыз* бот. 1. Дәнінің сыртында киімге т.б. жабысқыш қармақ тәрізденген ілмешекті жемісі бар көп жылдық өсімдік. 2. Тұрмысқа шықпай, оң жақта көп отырып қалған бойжеткен [5, 292 б.].

*Тәңір – кемпір* метафорасы Орхон ескерткіштерінде жұмсалған.: *Тәңірлік куртға* йуртда қамыш йағлығ қамыш булуқын йалғайу тірілміш өлүмде озмыш тір – Тәңірлік кемпір үйде қалған, майлы шөмішті жалап, қоректеніп, күн көрген, өлімнен құтылған (Ырық бітіг). Бұл жолда *тәңір-құртқа, озмыш-құтылу* метафоралары бейнелі жұмсалған. *Qurtga* сөзінің Көне түркі сөздігінде “кемпір” мағынасы көрсетілген [6, 469 б.]. Тәңір-құдай-кемпір метафоралану үрдісінің бір көрінісі.

*Кәрілік* сөзі көне түркі тілінде *abucgalïq* сөзімен берілген: *Jigitlikkä* ökünüp *abucgalïqïn* ajur сожалея о юности, повествует о старости егео (QBN $10_{15}$); kitab atï joruqïn jemä *abucgalïqïn* sözlär говорит о названии книги, о своей жизни и о своей старости (QBN $372_{9}$).

Жас пен кәрі немесе үлкен кіші *«üluYqa kicig»* тілдік бірлігімен берілген: *üluYqa kicigkä* acuq tuttï jüz к большим и малым он был приветлив (QBN $28_{6}$).

Көне түркі сөздігінде егделеу келген әйелді *acï* тілдік бірлігімен берген: Acï I пожилая женщина (МК $56_{2}$) [6, 4 б.]Acïr meŋ jigilikkä köjüp tütä сокрушаясь и горюя, скорблю я по юности /своей/ (QBN $404_{2}$) [6, 4 б.].

Қорыта келгенде, «жас» және «кәрі» концептілерінің семантикалық өрісі кең, оған қазақ тілінің қазіргі қолданысы мен тарихи қабаттары дәлел болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Краткий словарь по логике / Под ред. Д.П. Горского. – Москва: Просвещение, 1991.
2. Кубрякова Е.С. Когнитивная наука. Ростов на Дону. – Москва, 1993.
3. Амренова Р.С. Қазақ дүниетанымы әлеміндегі «уақыт» концептісі / ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. - №8 (116).
4. Күштаева М.Т. Мәдени концептінің («тары» концептісінің) когнитивтік негіздері. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №1 (109). 2008.
5. Қазақ тілінің сөздігі / Ред басқ. Т. Жанұзақов – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
6. Древнетюркский словарь / Под ред. В.М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак. - Ленинград: Наука, 1969. – С. 676.

**УДК 373.1.02**
**МРНТИ 811.512**

## [1]ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ БАЛАҒА АТ ҚОЮ ДӘСТҮРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

**ӘТЕМОВА Қ.Т.[1]**
**КАДИРОВА Ж.Е.[2]**
**ҚАБЕКЕЕВА Қ.Қ.[3]**

*Аңдатпа*

Қазақ халқы нәрестеге ат қоярда ойланып, өзіндік себептеріне сай есім қоятын болған. Аталмыш мақалада балаға ат қою дәстүрлерінің бүгінгі күні ескеріле бермейтін тұстары айтылады. Адам атының бала өміріндегі маңыздылығы мен қазақ халқының ат қою дәстүрлерінің ерекшеліктері мағыналық және ырымдық жағынан ашып көрсетіледі. Отбасындағы әртүрлі жағдайларға байланысты орын алатын құбылыстардың бала есімін беруде ескерілу жағдайлары мен оған бүгінгі күні көпшілік көзқарасы салыстырмалы түрде талдау жасалады. Діни түсініктердегі балаға есім беру мен халқымызда қалыптасқан ат қою дәстүрлерінің өзара сабақтастығы мен үйлесімділігі сипатталады.

Сонымен қатар, көпшілік көзқарастарын білу мақсатында жүргізілген сауалнамаларды талдау нәтижесінде тұжырымдар жасалып, олардың көзқарастары мен ой-пікірлері сапарапталады. Нәрестеге есім беруге байланысты ата-аналар мен көпшілік оқырман қауымға ұсыныстар беріледі.

**Кілт сөздер:** тәрбие, балаға есім беру, ырымдау, ниет ету.

## [1]ТРАДИЦИИ ИМЯ НАРЕЧЕНИЯ МЛАДЕНЦА КАК НАЦИОНАЛЬНАЯ ЦЕННОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА

**АТЕМОВА К.Т.[1]**
**КАДИРОВА Ж.Е.[2]**
**КАБЕКЕЕВА К.К.[3]**

*Аннотация*

Казахский народ перед тем как дать ребенку имя тщательно обдумывали имена и называли согласно своим мотивам. В данной статье озвучены причины на сегодняшний день не доучетов традиций при присвоении ребенку имени. Раскрываются особенности традиций присвоения имени ребенку казахского народа и важность имени человека в жизни ребенка со смысловой стороны и веры в приметы. Проведен сравнительный анализ между тем, что учитываются все явления происходящие, в связи с разными ситуациями, в семье при присвоении ребенку имени и сегодняшнее общественное мнение по этому поводу. Описываются гармоничность и преемственность между присвоением ребенку имени с точки зрения религиозных понятий и традиций присвоения ребенку имени укоренившие в народе.

Кроме того, выводы сделаны в результате анализа проведенных опросов с целью узнать точку зрения большинства, оцениваются их мнения и взгляды. Даются рекомендации родителям и широкому кругу читателей по вопросам присвоения имени младенцу.

*Ключевые слова: в*оспитание, присвоении ребенку имени, веры в приметы, намерение.

## [1]TRADITION OF NAMING A CHILD AS A NATIONALVALUE OF KAZAKH PEOPLE

**ATEMOVA K.T.[1]**

**KADIROVA ZH.E.[2]**
**KABEKEYEVA K.K.[3]**

*Abstract*

The Kazakh people before giving the child a name carefully thought of names and named according to their motives. This article deals with the today'sreasons of not paying attention to the traditions while assigning a name to a child. The peculiarities of the tradition of assigning a name to a child of the Kazakh people and the importance of person's name in a child's life are given with the semantic side and faith. A comparative analysis between that all the phenomena occurring in connection with different situations in the family are taken into account whileassigning name to child and today's public opinion for this reason. The harmony and continuity between assigning name to child with regard to the religious beliefs and traditions of naming the child that are set in public are described.

In addition, the conclusion is made according to the analysis of the surveys to know the view of the majority, their opinions and views are assessed. Recommendations to parents and a wide circle of readers on the issues of naming the child are given.

*Keywords:* education, giving the child a name, faith in signs, intention.

**Кіріспе.** Адам есімі онымен бірге жолдас болып, оның өмірлік баспалдақтарда қатар жүретін және оған қызмет ететін серігі іспетті. Сондықтан, қазақ халқы бала есімін таңдауға аса бір мұқияттылықпен мән бере қараған. Өйткені, халқымыз тәрбиеде қашанда шариғат шеңберінен аспай, дініміз талап еткен жолмен ұрпағын тәрбиелеп келген. Соның ішінде нәрестеге ат қоюда да талаптар ескеріліп отырған.

Ата-ананың перзенттері алдындағы міндеттерінің ең алғашқыларының бірі, өмір есігін жаңа ашқан *нәрестеге жақсы ат қою* міндеті. Балаларға ат қою Пайғамбарымыздың сүннеті. Бала дүниеге келгесін бір аптадан кешіктірмей ат қою қажет.

Мұсылмандықтың шарты бойынша балаға ат қою тәртібі азан шақырумен басталады. Баланың аяғын Құбылаға қаратып жатқызып, оң жағында тұрып азан, сол жағында қамат айтады. Соңынан: «Сенің атың пәлен болсын», - деп құлағына қойылған есімді үш рет естіртеді. Ата-анасының перзенті алдындағы борышы осымен басталады. Бұл жөніндегі парыз хадисте: «Әкенің бала алдындағы міндеті – жақсы ат қою және жақсы тәрбие беру», - делінген[1]. Отансыз адам болмайды. Ал Отаны болған адамның бойында ата құлқы, ана сүтімен бойына сіңген Отанына деген сүйіспеншілік болуға тиіс. Басқаны былай қойғанда, ата салтымызды ардақтап, ұл - қызымызға ежелден қалыптасқан нағыз қазақ есімдерін қою – отаншылдық рухта тәрбиелеуде маңызы зор екендігіне сөз жоқ.

Қазақ халқы қащанда бала есім берерде кітап аштырып, көбінде діни есімдерді қоюды мақұл көрген. Мұсылманда балаға әдемі ат қою, мүбарақ есім беру басты шара деп түсіндіріледі. Пайғамбарымыз Мұхаммед: «*Қиямет күні өз аттарыңыз және әкелеріңіздің аттарымен шақырыласыздар. Сондықтан балаларыңызға жақсы ат қойыңыздар»*, - деген екен[2]. Әйтсе де, кейде өмірде жағымсыз, мағынасы ауыр аттарды қойған жағдайлар да кездесіп жатады. Ондай жағдайда ес кіріп, ойланып, көзқарасы өзгеріп жатса, атын өзгертіп жататындар да кездеседі. Мұндай жағдай туралы хадисте мынадай мысал келтіріледі: Расуллулаһ (с.ғ.с.) мағынасыз және жағымсыз аттарды жақтырмайтын еді. Бірде Хузн деген сахабамен кездескенде, одан: «*Атың кім?*» - деп сұраған. Ол: «*Хузн (яғни қайғы)*», - дегенде Мұхаммед пайғамбар: «*Сенің атың – Сахл (мағынасы «жеңілдік») болсын»*, - депті. Сахаба: «*Жоқ. Әкем қойған атты өзгертпеймін*», - деп өлгенше сол атпен жүріпті. Ал Хузнның баласы кейін: «*Әкем қойған атын өзгертпеді. Біз ешқашан қайғыдан құтылмадық»*, - деген екен[3.4].

Бұдан шығатын тұжырым,халқымызда бала атына тартады яғни балаға берілген ат оның тағдыры мен болашағына әсер етеді деген түсініктің қалыптасқандығын дәлелдейді. Сондықтан, нәресте дүниеге келгенде әрқашан оған мағыналы да көркем ат қою ата - ананың ең алғашқы парыздарының бірі.

**Зерттеу әдістері.** Аталмыш мақаланы даярлау барысында біз мынадай әдістерді пайдаландық: Ғылыми ақпараттарға тарихи шолу жасау, жүйелеу, талдау, салыстыру және сипаттау. Сонымен қатар, эмпирикалық бағытта сауалнама жүргізу мен бақылау әдістерін қолдандық, өңдеу мақсатында математикалық-статистикалық әдістерді пайдаландық.

**Талқылау:** Қазақ халқының отбасылық тіршілік әрекеттері мен болмысына сай балаға ат қою дәстүрлері де өзіндік ерекшелікке ие. Кейде баланың есімі оның өмірге келу жағдайымен де байланысты аталады. Мысалы, нәрестенің өмірге келуі баршамызға қуаныш сыйлады, алдағы уакытта да өміріміз куанышты сәттерге толы болсын деген ниетпен «Куаныш» деп ат қояды. Отбасы өмірінің жағдайларына байланысты көңіліміз жадырасын деген ниетпен «Жадыра» деп атайды. Міне осылайша өмірге келген нәрестемен бірге әрбір жаңа есімнің пайда болуы отбасы өміріне тілейтін ниетпен, арман-тілекпен байланысты туындап жатады. Сонымен қатар, ер балаларға артылған сенім мен үміт те олардың есімдері арқылы көрініс табады. Сондықтан олардың есімін «Асқар», «Қайрат», «Болат», «Алмас», «Мейір», «Абзал» секілді есімдермен атайды.

Қазақ халқында қыз балаларына деген құрмет қашанда жоғары болғандығын жақсы білеміз. Қыз үйдің сәні мен қызығы деп ұққан халқымыз қыз балаларына да олардың табиғатына сай есімдер беруге тырысқан. Мысалы, ақылды да данагөй болсын деп «Дана», осы әулеттің ең сұлу бойжеткені болсын деген ниетпен «Бике», сондай-ақ, осы үйдің иесі, ырысының берекесі болсын деген ниетпен «Бибі» деген аттарды қояды. Әйтсе де, қазақ халқы ұл балаларының орнын ерекше бағалаған. Қыз қаншалықты сыйлы болса да, шаңыраққа ие болып қалатын ұл баланың орны одан да ерекше. Сондықтан да халқымыз «Ұл туғанда, күн туған» деп ерекше қуанған[5.6]. Отбасында ұл балаларының өмірге келуі кещеуілдеп, қатарынан қыз балалар дүниеге келсе, қыздарының арты ұл балалармен жалғассын деген ырыммен «Ұлдана», «Ұлбике», «Ұлбибі» деген есімдер қойған. Кейде тіпті, ашық, тікелей «Қыздығой», «Ұлтуар», қыздан жаңылысып ұл болып келсін деген ниетпен «Жаңылыс» деп те атаған. Ал, кейде перзенттерінің бәрі ұл бала болып, қызды аңсап жүрген аналар Тоқтар, Тоқтасын деген сынды аттар қойып қыз бала күткен.

Халқымыз адам атының денсаулық пен адам өмірі үшін де маңызды рөлі бар деп ұққан. Олай деуімізге бала есімін ырымдап қоюдың оң нәтиже беріп жататындығыдәлел болады. Кейде аналар бір қиыншылықтарға тап болып, бала өмірі қыл үстінде болғанда, немесе туылған балалары шетінеп кете беретін жайттар қайталана бергенде ырымдап «Тұрар», «Тұрсын», «Жүрсін», «Есен», «Аман» секілді есімдер қойған. Сонымен қатар, мұндай жағдайда бала есімі көптің назарын қызықтырмайтын болсын, көз тимесін деген ниетпен өрескел естілетін аттарды да қойып жатады. Ол да халықтың наным-сенімінен туған ырымдау тәсілі болып табылады. Мысалы, «Саммитбек», «Азиада», «Олимпиада» және т.б. осындай ниетпен қойылған есімдер.

Әдетте, қазақ халқының дәстүрі бойынша балаға есімді сол әулеттің үлкендері ат қояды. Аталары, нағашы жағының үлкендері, әйтсе де, кейде үлкендер қарсы болмаса жастар өз балаларына қалаған есімдерін қойып жатады. Үлкен кісілерге ат қоюдырудың өзіндік артықшылығы бар. Олар нәрестеге есім берумен қатар өз баталарын да береді. Сырттай тілеулес болып, олардың өніп-өсуіне үнемі дұға эсап, қамқор боп жүреді. Халқымыздың сенім-нанымдары бойынша «Батаменен ел көгерер» демекші үлкеннің ризашылығына бөлену қашанда жастар үшін сәттіліктің бағдары іспетті болған. Олар шын ниетпен ат қойғандықтан, бала атына сай, іс әрекеті затына сай болып жататын тұстары көп кездеседі.

**Зерттеу нәтижелері.** Біз бүгінгі күні көпшілік бала есімін қоюда қандай сенімдерге сүйенетінін және өздеріне өз есімдерінің қаншалықты ұнайтынын білу мақсатында сауалнамалар алдық.

Онда жастардан ең алдымен «Есіміңіз өзіңізге ұнай ма?» деген сұраққа жауап алғанымызда сұралғандардың 86%-ы өз есімдерінің ұнайтындығын айтқан.Ал қалған 17%-ы есімдерін ұнатпайтындығын жазған. Есімдері ұнамайтындардан себебін сұрағанымызда олардың айтылуының қиын екендігін, өзгелерге айтқанда нақтылап қайта қайта сұрап жүріп әрең есте қалдыратындығын, әдемі, құлаққа жағымды қабылданбайтындығын алға тартады.

«Сіздің есіміңізді кім және қанда жағдайда қойғандығын білесіз бе?» деген сұрақ бойынша сұралған адамдардың 80%-ының өз есімдерін кім қойғандығын білетіндігін анықтдық. Сауалнама жауаптарын сараптай келе, олардың көпшілігінің есімдерін жоғарыда айтып өткеніміздей, ата-аналары мен ата-әжелернің қалаулары бойынша, құрметті кісілердің жолын жалғастырсын деген мақсатпен, сондай болсын деген мақсатпен және белгілі бір ниеттерінен туындаған есімдер болып шықты. Ал, 20%-ы өз есімдерін кім және не үшін олай атағандығын білмейтін болып шықты. Бір қызығы осы уақытқа даййін олар есімдерінің трихын білуге талпыныс жасамапты да.

«Сіздің есіміңіз қандай мағына беретінін білесіз бе?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 77%-ы білетінін айтқан болса, ал 23%-ы өз есімдерінің қандай мағына беретінін білмейді екен.

«Есіміңіздіайтқанда мақтаныш сезімі бойыңызды керней ме, әлде ыңғайсызданып айтасыз ба?» деген сұрақ бойынша сұралғандардың 80%-ы өз есімдерін мақтанышпен айтатынын білдірсе, 20%-ының өз есімдерін айтқанда қиналып қалған кездерінің болғанын айтады. Әсіресе бір айтқаннан ұқпаған жағдайда, сұрақ туындап қайталап сұрағанда, есте сақтай алмай қиналғанда есімім жақсы емес па деп ыңғайсызданған кездерінің болғанын жасырмаған.

«Қандай есімдер сізге көбірек ұнайды, неге?» деген сұраққа берген жауаптарынан олардың көзқарастары мен ат қоюға деген талғамдарының әртүрлі екендігін байқадық. Нақтылап саралайтын болсақ, сұралғандардың бір бөлігі Айгерім, Дана, Аяулым, Іңкәр, Інжу деген аттарды ұнататынын айтса, екінші бөлігі көпке қойыла бермейтін ерекше аттарды ұнататынын айтқан. Ал, үшінші бір бөлігі қысқа, айтылуы оңай аттардың бүгінгі күні дұрыс екендігін айтады. Себебі, қазіргі уақытта әлеуметтік көпмәдениеттілікортада әртүрлі этностар мен ұлыстар арасында қарым-қатынас дамыған жағдайда ортақ қабылданатын аттарды қойған тиімді деп білетінін жазған. Сонымен қатар, бірқатары мағынасы терең аттарды қойған жақсы дейді, олардың қатарына Талшын, Мұнтаз, Мансур секілді аттарды жатқызған. Сондай-ақ, сұралғандардың 13%-ы шетел есімдерін қойғанды ұнататынын айтқан.

**Қорытынды.** Әйтсе де, бүгінгі күні тұрмыста әртүрлі есімдер кездесіп жатады. Бала өскенде өз есімінен өзі ұялып, құрбы құрдастары арасында жасқанып, танысуға, есімін айтуға ұялып жүрмеуі үшін ата-аналары балаларына ең таңдаулы есімдерді қойғаны абзал. Ең дұрысы өз ұлтымыз бен табиғатымызға сай қазақша аттарды қоюға назар аударғанымыз жөн. Түріміз бір бөлек, есіміміз екінші бөлек, ал тіліміз үшінші бөлек болып тұрмауы үшін ұлттық тәрбие мен ұлттық болмысымызды қалыптастыруды осы есім қоюдан бастау керек секілді. Сонымен қатар, бала есімін оның тәрбиесінде пайдаланудың бірден бір жолы - атына заты сай азаматты қалыптастыру мақсатында көтермелеу, ынталандыру, сенім білдіріп отыру маңызды деп білеміз. Үнемі ата-анасы тарапынан бала есімінің мағынасы мен мәнін еске салып, оның қандай азамат болып өсуін бағдарлау бүгінгі қоғамдық қажеттіліктің бір сипаты деуге болады. Сондықтан, әрбіріміз нәрестеге ат қоярда мың ойланып барып, бір шешімге келгеніміз жөн балмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. *Асқаров Б. Сәбиге ат қою. // Ислам және өркениет. −2005. − № 7(55), шілде. – 11 б.*

2. *Сахих хадистер. /Ред. басқарған Мыңбаев М.Г. Таңдамалы бірінші кітап. - Алматы, 2003. - 224 б.*

3. *Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет - ғұрыптары. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 150 б.*

4. *Жұманұлы З. Ата - ана ақысы. // "Ислам және өркениет". −2005. −№8(56), тамыз. – Б.10- 11 б.*

5. *Қазақ мақал - мәтелдері /құрастырған: Ж.Малайсайрин. - Алматы, 2004. - 184 б.*

6. *Атемова Қ.Т. Түркі халықтарындағы отбасы тәрбиесі дәстүрлерінің қалыптасуы. Монография. –Алматы,2009. -328 бет.*

**УДК 002.6**
**МНРНИ 371.261**

# [1]ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ЖЕТІЛДІРІЛУІ

***БЕКБОЛАТОВА А.*** [1]
***ТУНА С.*** [2]

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
(Түркістан қ., Қазақстан)

*Аннотация*

Бүгінде оқыту жұмыстары нәтижелерін бағалау педагогикалық іс-әрекеттің ажырамайтын бөлігі болып табылады. Педагогикалық үдеріс нәтижелерін бағалау – педагогика теориясы мен практикасының күрделі мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады. Білім беру қызметіндегі оқыту нәтижелерін қалай және нені бағалау керек? Осы және басқа да сұрақтарға педагогтардың өздерінің ғылыми зерттеулерінде жауаптар беріледі. Дәстүрлі оқытуда негізінен оқытудың пәндік нәтижелері бағаланды. ХХ ғасырда педагогтар білім мен іскерлікті ғана бағалап қоймай, оқушылардың оқыту үдерісіндегі сапалық қасиеттерін де бағалауды ұсынды. Қазіргі уақытта нормативті құжаттарда білім алушының дайындығы деңгейі үш аспектіде бағаланатыны айтылған, олар: жеке тұлғалық, жүйелік-іс-әрекеттік және пәндік нәтижелер.

Мақалада оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар, бағаның функциялары қарастырылады, бағалауға қатысты негізгі ұғымдар мен оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудағы негізгі принциптер сипатталады.

*Түйінді сөздер*: баға, бағалау, оқыту нәтижелері, оқыту нәтижелерін бағалау, оқу жетістіктері, педагогикалық өлшемдер.

# [1]СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ОЦЕНИВАНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ ОБУЧЕНИЯ

**БЕКБОЛАТОВА А.**[1]
**ТУНА С.**[2]

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(г.Туркестан, Казахстан)

*Аннотация*

Оценка результатов учебной работы сегодня стала неотъемлемой частью педагогической деятельности. Оценивание результатов педагогического процесса - один из самых сложных вопросов педагогической теории и практики. Что и как надо оценивать результатов обучения в образовательной деятельности? На эти и другие вопросы педагоги нашли ответы в своих научных исследованиях. В традиционных обучениях оценивались в основном предметные результаты обучения. В ХХ в. педагоги предлагали оценить не только знания, а так же умения и личностные качества учащихся в процессе обучения. В данное время в нормативных документах определен уровень подготовки обучающихся и они оцениваются с охватом трех аспектов: личностные результаты; системно-деятельностные результаты; предметные результаты.

В статье рассматриваются современные требования к оцениванию результатов обучения, функции оценки, описываются основные понятия относящихся к оцениванию и основные принципы оценивания учебных достижений учащихся.

*Ключевые слова*: оценка, оценивание, результаты обучения, оценивание результатов обучения, учебные достижения, педагогические измерения.

# [1]IMPROVING THE EVALUATION OF LEARNING OUTCOMES

***BEKBOLATOVA A.*** [1]
***TUNA S.*** [2]

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Turkestan city, Kazakhstan)

*Abstract*

In present day, evaluation of the learning outcomes work has become an integral part of pedagogical activity. Evaluation of the results of the pedagogical process is one of the most difficult questions of pedagogical theory and practice. What and how to evaluate the learning outcomes in educational activities? These and other questions were

answered by the teachers in their scientific researches. The subject-based learning outcomes were mainly assessed in traditional studies. In the twentieth century, teachers offered to evaluate not only the knowledge, and also skills, personal qualities of students in the learning process. Nowadays, the normative documents determine the level of students` training and they are covared in three aspects: personal results; system-activity results; objective results.

The article considers modern requirements to the evaluation of learning outcomes, evaluation functions, describes the basic concepts related to evaluation and the basic principles for assessing students' learning achievements.

*Key words*: evaluation, evaluating, learning outcomes, evaluation of learning outcomes, educational achievements, pedagogical measurements.

**Кіріспе**. Білім беру жүйесінің нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін педагогикалық бағалау жүзеге асырылатыны белгілі. Педагогикалық үдеріс нәтижесі педагогикалық жүйе мен үдеріс құраушыларының толық мәнді жұмыс жасауына, түзетулер енгізу мен толықтырулар жасауға, дұрыс шешім қабылдауға, т.б. жұмыс бағдарларын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бағалаудың педагогикалық тұрғыдан бірнеше функция атқаратыны да белгілі.

Баға білім алушылардың қызметінің мұғалім тарапынан қуатталуы (немесе қуатталмауы) түрінде пайда болған және бағалаушылық ой-пікір формасында көрініс табады. Ол оқушының туыстары үшін де маңызды, мысалы, қажет болған жағдайда оған дер кезінде ықпал ету үшін керек.

Елімізде білім беруде басшылыққа алатын негізгі құжаттардың бірі «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» мазмұнында білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспекті бойынша бағаланатыны айтылған, олар: «1) тұлғалық нәтижелер; 2) жүйелік-әрекеттік нәтижелер; пәндік нәтижелер» [1]. Десек те, басым көпшілік жағдайда білім мен іскерлік бағаланып жатады.

Педагогикалық бағалау арнайы әлеуметтік тәжірибені беру қажеттілігі пайда болған кезден бастап ұйымдастырылып келеді. Педагогикалық тұрғыдан бағалау керек және қоғамның, білім берудің дамуымен байланысты жетілдірілу үстінде.

**Зерттеу әдістері**. Мақала тақырыбына қатысты психологиялық, педагогикалық әдебиеттер зерделенді. Бағалауға қатысты оқу материалдары теориялық тұрғыдан талданды. Бағалауға қатысты ұйымдастырылған оқу жұмыстары, педагогикалық тәжірибе барысы талданды.

Орта мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту нәтижелерін бағалау құралдары айқындалды және олардың мазмұны зерделенді.

**Зерттеу нәтижелері**. Бағалауға байланысты А.Әлімовтің оқу/оқыту жүйелеріндегі бағалау параметрлері ретінде алған құраушылары, шын мәнісінде педагогтың дайындығын талап ететіні белгілі [2, б. 164-165]. Олар:

- Не бағаланады?
- Қандай білім бағаланады?
- Қандай тәсіл арқылы?
- Не үшін?

Себебі, осы аталған параметрлер қазіргі кезде жетілдірілген, сондай-ақ тек білім ғана бағаланып қойылмайтыны белгілі. Педагогика тарихында бағалаудың мазмұндық тұрғыдан өзгерістерге ұшырағандығын көруге болады.

Педагогикалық тұрғыдан бағалаумен айналысқан педагогтар көптеп кездеседі және солардың бірі С.Т.Шацкийдің бағалауға қатысты тәжірибесі. С.Т.Шацкий өмір бойы білімге ұпайлық баға қоюға теріс көзқарасын сақтай отырып, білімді тексеру және бағалау мәселесіне өте көп көңіл бөлді. Ол бағалауды оқшаулап қарастырған жоқ, оны оқыту жүйесінің құрамдас бөлігі деп есептеді. С.Т.Шацкийдің пікірінше, жаңа мектепте оқыту барлық балаларды өзіне қызық істерімен тарта алатын болуы тиіс еді. Оның орындалуы үшін оларды жұмыс істеуге, сабақ оқуға, әрқайсысының пәнді меңгеруде табысқа жете алатындығына сенуіне үйрету қажет деп есептеді. Педагог есепке алу мен баға қою табысты оқытудың негізін құрайтындығына назар аударуы қажет, есепке алу мен баға бұл істе өте қажет немесе олар оқушының оқу жұмысымен айналысуына көмектеседі деген пікірі де өте қызық еді. С.Т.Шацкий бағаға қойылатын негізгі талаптарды анықтайды: «Ең бастысы, баланың жеке өзін емес, оның жұмысын қандай жағдайда орындағанын ескере отырып, бағалау керек. Баланың оқуға жұмсаған күш-жігерінің бағасын тарату (жариялау) оның жеке тұлғасына, тұтас алғанда оның жұмысына кедергі келтіретін болады» [3, с. 227].

С.Т.Шацкийдің көзқарасына сүйенсек, «ашық немесе жасырын формадағы емтихандардың барлық түріне табанды түрде қарсылық білдіру керек». Ол балалардың оқу жұмыстарының нәтижелерін неғұрлым жүйелі түрде есепке алып, бағалауды қажет деп есептейді. Бұл олардың қиындықтарды өз уақытында жеңуіне, өз жұмысына үлкен қызығушылықпен қарайтындығына көмектеседі және екі жыл бір сыныпта қалуды жеңу шарттарының бірі болатынын атап көрсетеді.

С.Т.Шацкийдің ұйымдастыруымен және басқаруымен құрылған Бірінші тәжірибелік станциялары бар мектептерде ағымдық және жылдық есепке алудың әр түрлі формаларын іздестіру жүргізілді. Мұнда балалардың ата-аналарының алдында есеп беріп сөйлеген сөздері үлкен табыспен орындалды: балалар мәтін оқудағы, есептер мен мысалдарды шешудегі, өлеңдерді мәнерлеп оқудағы, ән шырқаудағы және т.б. өз жетістіктерін көрсетті. Ата-аналар есеп беру көрмесінде балаларының жұмыстарын – дәптерлерін, суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын және т.с.с. қарап шықты [3, с. 389]. Бұл жариялап көрсету тәжірибесі біз үшін өте құнды, өйткені, баланың жетістіктерін көпшілікпен бірге мойындау оның оқуға деген оң мотивациясын дамытуына мүмкіндік берді және өзін-өзі оң бағалауын қалыптастыруына көмектеседі.

С.Т.Шацкий тұтас оқытуды қайта құруға байланысты баға мәселесін шешуге ұмтылғандардың алғашқыларының бірі болды. Ол әзірлеген есепке алу және бағалар жүйесі педагогикалық оқу мен педагогикалық іс-әрекетте, адамдардың өзара қарым-қатынастарында гуманистік бастамаға негізделді. Балаға деген сүйіспеншілік және оған сенім арту, балалардың шын мәнісіндегі мазмұнды, интеллектуалды, эмоционалды іс-әрекетін ұйымдастыруға ұмтылу мен баға жүйесіне жағымды қарым-қатынас С.Т.Шацкийдің ұстанымын анықтайды.

Педагогикалық теорияларды талдау мен тәжірибелерді зерделеу негізінде авторлардың бөліп қарастырған бақылаудың негізгі түрлерін ажыратуға болады, олар: алдын-ала болжамды, ағымдық, тақырыптық, мерзімдік және қорытынды [4]. Бақылаудың барлық түрлері үшін білімді, іскерлікті және дағдыны тексерудің ауызша, жазбаша және практикалық әдістер тән. Ауызша тексерудің негізгі түрлері мыналар болып табылады: жаппай, жеке-дербес және жеделдетілген сауалнамалар.

Елімізде оқыту нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру нормативтік құжаттарда көрініс тапқан. Солардың бірі - жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, «Білімді бақылау мен бағалау» талаптарында бағалаудың талаптары мен бағдарлары берілген [5]. Білім беру бағдарламаларында, оның ішінде оқу бағдарламаларында оқыту нәтижелерін бағалауға байланысты нұсқаулықтар келтірілген. Білім беру нәтижелерін бағалау шамалары де өзгеруде, мәселен, жоғары оқу орындарында 100 ұпаймен бағалау сәтті жүзеге асырылып жатқандығы белгілі.

Бағалаудың мағынасын айқындаудағы ғылыми еңбектердің қажеттілігін атап өту керек. С.Мирсейітова «бағалау» терминінің ағылшын тіліндегі үш мағынасын келтіреді [6]:

1. Бағалау (Evaluation). Мұнда бағалау – талдау ретінде қарастырылады.
2. Мониторинг (Assessment). Бағалау – құрал ретінде танылады.
3. Баға (Grade немесе Mark). Бағалау – сандық (мөлшерлік) құрал ретінде қарастырылады.

Әртүрлі мамандардың оқыту/оқу мақсат-нәтижелерін нақтылауды немесе оқу материалдарының меңгерілу деңгейін төмендегіше қарастыруға болады [7, с. 19]:

- білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау (Б. Блум);
- тану, есте сақтау, түсіну, қарапайым икем-дағды, тасымалдау (В.П. Симонов);
- оқушылық (узнавание), алгоритмдік (типтік есеп шешу), эвристикалық (әрекет таңдау), шығармашылық (әрекет іздеу) (В.П. Беспалько);
- тану, есте сақтау, түсіну, қолдану (В.Н. Максимова);
- ұғымды жаңғырту, ұғымды тану, ұғымды қолдану, ұғымдар жүйесін жаңғырту, ұғымдар жүйесін қолдану (М.Н. Скаткин);
- ақпараттылық, функционалдық сауаттылық, сауаттылық, құзыреттілік (О.Е. Лебедев).

Осы аталған оқу материалдарын меңгеру деңгейін бағалау сатыларының мектеп практикасында кеңінен қолданғаны немесе қолдау таппағаны көпшілік педагогтарға белгілі. Ал, қазір кезде Б.Блумның таксономиясы оқыту деңгейін анықтау мен бағалауда кеңінен басшылыққа алынуда,

Зерттеу нәтижелеріне байланысты және нормативті құжаттарға сәйкес тек білім ғана бағаланып қоймайды, сонымен қатар, құзыреттің де бағалануы керектігі атап көрсетілген [8]. Осыған байланысты, Н.Н.Самылкина педагогикалық мақсаттарды немесе нәтижелерді ғалымдардың төмендегідей топтастыруын бөліп көрсетеді [7, с. 18]:

- танымдық (когнитивті); психомоторлы; белсенді эмоциональды-құндылық салалары (Б.Блум, Д.Кратволь);
- білімнің; іскерлік пен дағдының; қарым-қатынастар жүйесінің дамуы (О.Е.Лебедев);
- табиғат, қоғам, техника, адам жөніндегі білімдер; іс-әрекет тәсілдерін (оның ішінде шығармашылық) жүзеге асыру тәжірибесі; эмоциональды-сезімдік тәжірибелер (И.Я.Лернер).

Педагогикалық теория мен тәжірибеден белгілісі И.Я.Лернердің педагогикалық мақсаттар топтамасы. Бұл топтама бойынша білім мен іскерлік бағаланды, оларды деңгейге бөлу көп жағдайда мұғалімдер тарапынан жүзеге асырылды. Білімдерді бағалауда білім сапасы құраушылары (беріктігі, саналылығы, тереңдігі, кеңдігі, т.б.) көп жағдайда мектеп мұғалімдері тарапынан кеңінен назарға

алына бермеді. Білімді бағалау көп жағдайда білу деңгейімен (Блум бойынша) жүзеге асырылғаны белгілі болып отыр. Оқушылардың эвристикалық, шығармашылық әрекеттерін оқыту барысында жүзеге асыру немесе сол деңгейде бағалау болмады деп айтуға болмайтынын ғылыми мақалалар дәйектейді. Ал, эмоциональды-сезімдік тәжірибелердің оқыту нәтижесі ретінде мектеп практикасында кеңінен бағаланбағаны, көп жағдайда білім, іскерлік ғана бағаланғаны белгілі болып отыр.

Оқыту нәтижелерін кешенді бағалау арқылы немесе оларды жеке-жеке бағалап, нәтижесін қосып, үшке бөлу арқылы оқушының құзыретін анықтауға болады. Оқыту нәтижелерін бағалауды интербелсенді оқыту/оқу жағдайынды жүзеге асырудың тәсілдері, қағидалары А.Әлімовтың оқу құралында кеңінен ашып жазылған (2013), оның ішінде құзыретті бағалауға бағытталған талаптар мен бағдарлар қамтылған.

**Талқылау**. Педагогикада «бағалар» ұғымдарының түсіндірмесін әр түрлі автор түрліше сипаттайды. Оларды төмендегіше қысқаша түрде беруге болады:

- оқытудың сол немесе басқа сатысында оқу іс-әрекетінің нәтижелерін талаптарымен, тапсырылған оқу бағдарламаларымен, мемлекеттік білім беру стандарттарымен бірге айқындау және салыстыру үдерісі [П.И.Пидкасистый, 2004];
- алдын-ала шамалап жоспарланған бар білімнің, іскерліктің және дағдының сәйкестілік деңгейін анықтаудан тұратын жүйелілік үдерісі [В.М.Полонский, 1981];
- оқушының жұмысындағы орындалған тапсырмаларының дұрыстығы және анықтығы, өз бетінше жұмыс жасай алуы және белсенділігі деңгейлерінің көрсеткіштері [Г.А.Щукина, 2006];
- педагогикалық баға жоспар (мақсатты көрініс) мен көрсетілген ақпараттың арасындағы белгілі бір байланыс фактісінің анықталуы [И.С.Якиманская, 2000].

Сонымен, педагогикалық тұрғыдан бағаны «оқытудың сол немесе басқа сатысындағы оқу қызметі мен білім меңгеруге қойылған талапты қамтумен әзірленген оқу бағдарламаларының нәтижелерін айқындау және салыстыру үдерісі» ретінде сипаттауға болады.

Педагогика ғылымда бағалау дегенде Мемлекеттік білім беру стандарттары мазмұнында жазылған және оқу бағдарламаларында баяндалған білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға қол жеткізген деңгейді салыстыру үдерісі түсініледі. Ондай талаптар ретінде: «оқушыны нені білуі тиіс», «оқушы нені орындау тиіс», т.б. сөз тіркестерімен берілуі қабылданған.

«Педагогикалық баға» ұғымы «бақылау» терминімен тығыз байланысты. И.П.Подласыйдың пікірінше білімді, дағдыны айқындауды, өлшеуді және бағалауды білдіретін жалпы «бақылау» ұғымы болып табылады [9, с. 171], айқындау мен өлшеуді тексеру деп атайды. Сондықтан тексеру – бақылаудың құрамдас компоненті, оның негізгі дидактикалық функциясы – мұғалім мен оқушының арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету, педагогтан оқу материалын меңгеру деңгейі туралы объективті ақпарат алу, білімдегі кемшіліктері мен олқылықтарын дер кезінде таба білу. Тексеруден басқа бақылау өзінде тексеруді бағалауды (үдеріс ретінде) және бағаны (нәтиже ретінде) мазмұндайды. Үлгерімді бағалауда бақылау қорытындысы оған негіз болады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде бағалар бақылау қызметі ретінде:

- ынталандырушы, бағдарлаушы, тәрбиелеуші (Б.Г.Ананьев);
- бақылаушы (И.П.Подласый, Г.М.Коджаспирова, П.И.Пидкасистый, Н.В.Кузьмина, А.А.Реан);
- білім беруші (оқыту), тәрбие беруші (тәрбиелеу) (В.А.Сластенин, Г.М.Коджаспирова, И.П.Подласый және т.б.);
- дамытушы (Ш.А.Амонашвили, В.А.Сластенин, И.П.Подласый және т.б.);
- ынталандырушы (И.П.Подласый);
- түзетуші, ақпараттық (П.И.Пидкасистый) және т.б.

Н.А.Сорокин оқушылардың үлгерімін бақылауға және бағалауға мынадай педагогикалық талаптарды сипаттады: дербес сипаты; жүйелелілік; мінез-құлықтың саналуан формалары, жан-жақтылық; объективтілік; пәннің өзгеше ерекшеліктерін ескеруді болжамдайтын саралау тәсіл; аталмыш сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылауды іске асыратын мұғалімнің талаптар бірлігі [10, с. 207]. Бұл талаптар педагогикалық тәжірибеде әлі де басшылыққа алынады.

Зерттеушілердің ішінен педагогтарды Г.А.Цукерманның жасаған белгіленбейтін бағалау принциптері қызықтырады, олар:

1.Оқушының өзіне-өзі баға қоюы мұғалімнің бағасынан бұрынырақ болуы керек;

2.Оқушылардың өзіне-өзі баға қоюы біртіндеп саралануы тиіс;

3.Оқушылардың тек қана «оқып білуі ғана емес, қосуы» ережесіне сүйенген бағалар үшін балалардың өздері ұсынған жетістіктері бағаланауы тиіс;

4.Мазмұнды (өзін-өзі) бағалау өзіне бақылау жасау іскерлігінен айырылмауы керек;

5.Оқушылар бақылаушы тапсырмалардың күрделілігін, үй тапсырмаларының күрделілігі мен көлемін өз бетінше таңдау құқығына иеленуі тиіс;

6.Ең алдыменен, оқушылардың оқу үлгерімі динамикасы олардың өздерімен салыстырылып бағалануы керек;

7.Оқушылар сыныпта және үйде ерекше түрде орындағандарына (рәсімдегендерге) күмәндануға және білмеуге құқылы болуы тиіс;

8.Оқушылардың дайындығын қорытынды аттестаттау үшін бағаның жинақтаушы жүйесі пайдаланылуы керек [11].

Е.В.Иващенконың ғылыми-зерттеу жұмысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жүргізу негізінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың негізгі принциптерін төмендегіше бөліп көрсетеді [12]:

*1.Гуманизм.* Педагогтың және кіші мектеп жасындағы оқушылардың баға және өзін-өзі бағалау критерийлерін еркін таңдау құқығын мойындау.

*2.Критерийлік.* Мазмұнды бақылау және баға оқушылармен бірлесіп жасалған критериалдық негізге құрылады. Критерийлер объективті, мәндес және нақты болуы керек.

*3.Өзін-өзі бағалау басымдығы.* Оқушының өзін-өзі бағалауы (өзара бағалау) мұғалімнің бағасынан бұрын болуы керек. Барабар өзін-өзі бағалауға тәрбиелеу үшін оқушылар мен мұғалімнің екі бағасы салыстырылып қолданылады.

*4.Бағаны бақылау үдерісінің табиғилығы.* Бақылау мен баға оқушылар үшін күйзеліс пен қарқындылықты төмендететін жағдайда табиғи түрде жүргізілуі керек.

*5.Қолжетімділік.* Баға формасы оқушылар мен ата-аналарға түсінікті болуы тиіс.

Оқыту іс-әрекетінің нәтижелерін бағалаудың төмендегідей талаптары анықталған, олар: кіші мектеп жасындағы баланың психологиялық ерекшелігін есепке алу; бағаның объективтілігі; оқушыларда өз нәтижелерін бағалай алу іскерлігін қалыптастыру.

**Қорытынды.** Педагогикалық еңбектерде «педагогикалық өлшемдер», «білім алушылардың оқу жетістіктері», «оқыту нәтижелері», «бағалау», т.б. ұғымдар кеңінен қолданысқа ие болуда. Бағалауды жүзеге асыруды толық мәнді ету үшін соңғы он, он бес жылдың көлемінде педагогикалық өлшемдер жөнінде кеңінен айтыла бастады. Педагогикалық өлшемдер - білім беру іс-әрекетінің ерекше басты бөлігі және оның мәні білім беру стандартымен немесе өлшеудің басқа да жүйесімен бекітілген оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелеріне сәйкес деңгейді анықтаудан тұрады. Педагогикалық өлшемдер - білім алушылардың (сыналушылардың) оқу іс-әрекеті нәтижелерін бағалау үшін өлшеу құралдары мен әдістерін әзірлеуші және қолданушы педагогиканың саласы. Педагогикалық өлшемдер теориясының негізгі пәні – оқушылар мен білім алушылардың дайындығы деңгейі мен құрылымын өлшеу үшін сапалы тесттерді, білім беру мен өзіндік білім алу іс-әрекетіндегі бағалау тәсілдері үшін тиімді және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу.

Білім алушылардың оқу жетістіктері – оқыту үдерісінде білім алушылардың білім, іскерлік пен дағдыны және құндылық қатынастарды меңгеруі мен жеке тұлғаның қол жетімді деңгейін көрсетуі. Бұл бір сөзбен айтқанда оқыту нәтижесі мен оқушы құзыретін қамтиды.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау бізге *«бағалау»* және *«баға»* терминдерін синонимдер ретінде жиі қолданылатындығын атап көрсетуімізге мүмкіндік берді. Біздің ойымызша бағалау – бөлектенген қалаулы, таңдалған белгілердің айтылған өлшемі мен анықтамасын білдіретін білімді бақылау барысында іске асырылатын үдеріс; баға – осы үдеріс нәтижелерінің көрсеткіші мен хабарламасы. Сонымен қатар, «бағалау» одан арғы оқыту туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Бағалаудың жалпы сипаттамасы ретінде: қадағалау жүргізуді, деректер интерпретациясын, кейінгі іс-әрекеттер туралы шешім қабылдау үшін пайдалануға болатын қорытындылар шығаруды айтуға болады.

Оқушылардың оқу жетістіктерінің бақылау және баға қою жүйесін дамытудағы негізгі тенденция оның тұрақты өзгеруіменен қорытындыланады деген қорытынды жасауға болады. Бағалау жүйесінің одан ары қарай қалай дамитындығы және жаңартылуы тұтас қоғамға байланысты. Отандық білім беру жүйесінде, атап айтқанда, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінде соңғы он, он бес жылда жүргізілген өзгерістер болашақ мұғалімнің бағалау жүйесінің даму тарихы туралы, білім берудің өзгермелері жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи мәселелері (бағалауға қойылатын талаптар, бағаның функциялары, бағалауға қатысты негізгі ұғымдар мен оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудағы негізгі принциптер) туралы, т.б. білімдер мен іскерліктерді меңгеруі тиіс екендігі көрсетті. Бағалаудағы негізгі өзгерістің бірі - критериалды бағалауға көшу, қалыптастырушы және жинақтаушы бағалауды жүзеге асыру болашақ педагогтан

даярлықты талап етеді. Сол себепті де, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алушыларға (бакалавриат деңгейіне) 2015-2016 оқу жылынан бастап «Педагогикалық өлшемдер мен бағалау» пәні педагогикалық мамандықтар үшін оқытылып келеді.

Болашақ мұғалімдер аталған пәнді зерделеу негізінде бағалау арқылы оқу үдерісін жақсартуға ықпал ететін бес қарапайым факторды терең меңгеруді жүзеге асырады, олар: оқушылармен тиімді кері байланыс орнатуды; оқушылардың өздерін оқу үдерісінде белсенділігін арттыруға бейімдеуді, оқыту мен бағалау нәтижелері арасында байланыс орнатуды; оқу жетістіктеріне негіз қалайтын оқушылардың ынтасы мен өз қадір-қасиеттерін сезінуді дамытуды; анықталған критерийлер мен дескрипторларға сәйкес өз жұмысын өзі бағалау және өзін-өзі жетілдіру жолдарын түсінуді және қамтамасыз етуді.

Оқу-тәрбие үдерісінің педагогикалық мақсатын/нәтижесін бағалаудың жүзеге асырыла бастауы тек білімді ғана емес, білім алушының құзыретін кешенді бағалауға мүмкіндік беретінін көруге болады. Сонымен қатар, оқыту нәтижелерін бағалаудағы критериалды бағалауға көшу оқушылардың оқыту нәтижелерін бағалауға қатысуын (критерийлер мен дескрипторлар негізінде) қамтитынын көреміз. Бұл өз кезегінде оқушының өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі дамытуға бағдар береді. Педагогикалық мақсатты/нәтижені оқу-тәрбие үдерісінде бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалімнің технологиялық құзыреті жоғары болуы қажет. Оқыту үдерісінің әрбір кезеңінде оқушының оқуға қатысуын белгілеу мен бағалауды жүзеге асыру, оның ішінде оқыту мақсаты мен нәтижесін белгілеу мен оған қол жеткізу үшін технологиялық құзырет бойынша болашақ мұғалімдердің даярлығы қамтамасыз етілуі тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

*1 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2016 № 292 қаулысымен.* http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001080

*2 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО қолдану мәселелері. Оқу құралы / А.Қ.Әлімов. – Алматы, 2013. - 448 б.*

*3 Шацкий, С.Т. Избранные педагогические сочинения: В 2 т. Т.2. Текст. / С.Т. Шацкий.; Сост. Л.Н. Скаткин и др. - М.: Педагогика, 1980. - 414 с.*

*4 Педагогика. Текст.: Учеб. пособ. для студ. высш. учеб. завед. / Под ред. П.И. Пидкасистого. М.: Педаг. общество России, 2004. - 604 с.*

*5 Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген.*

*6 Мирсейітова С. Словарь RWCT. – Алматы: Венера, 2005. – 144 с.*

*7 Самылкина Н.Н. Современные средства оценивания результатов обучения. – М.: Бином. Лаборатория знаний, 2007. - 172 с.*

*8 Ефремова Н.Ф. Формирование и оценивание компетенций в образовании: монография. – Ростов-на-Дону: Аркол, 2010. – 386 с.*

*9 Подласый, И.П. Педагогика начальной школы Текст.: Учебн. пособ. для студ. пед. колледжей / И.П. Подласый. М.: Туманит, изд. центр ВЛАДОС, 2000. - 400 с.*

*10 Сорокин, Н.А. Дидактика Текст.: Учеб. пособ. для студ. пед. ин-тов / Н.А. Сорокин. М.: Просвещение, 1974. - 222 с.*

*11 Цукерман, Г.А. Оценка без отметки Текст. / Г.А. Цукерман. - М.; Рига: Эксперимент, 1999. 133 с.*

*12 Иващенко Е.В. Профессиональная подготовка будущего учителя начальных классов к оценке учебных достижений школьников. Дисс. ... к.п.н. – Белгород. 2009. – 236 с.*

**УДК 37.013**
**МРНТИ: 51.204.0:-057.810**

***Т.Ә.ДАНИЯРОВ*[1]**
***Ш.Ә.ТАШИМОВА*[2]**
***Ш.У.ӘЛКЕН*[3]**

[1]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## [1]МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

*Аңдатпа*

Бүгінгі қоғамдағы мектеп оқушыларының эстетикалық мәдениетін қалыптастыруды жетілдіру педагогикалық тәжірибе көрсеткеніндей, білім алушыға ғылым, өнер, табиғат, қоғамдағы өмір туралы қандай шамада түсіндірілсе, соғұрлым олардың кәсіби шеберлігі, шығармашылық қабілеті шыңдала түседі. Болашақ мамандар эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесін талдай білуі, қазақ халқының ұлттық эстетикалық тәлім-тәрбие беру дәстүрін сараптап, оның қазіргі жағдайдағы тиімді жақтарын пайдалана білуі керек. Сонымен қоса, мақалада қазақ халқындағы ұл бала тәрбиелеу дәстүріндегі педагогикалық тәрбие құндылықтары жөнінде баяндалады. Этностардың педагогика тарихына салыстырмалылықпен қарар болсақ, қандай ұлт немесе ұлыс болсын ер бала тағдырына, тәрбиесіне жүрдім-бардым қарамаған. Әйтсе де, ұл бала тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктеріне сай қалыптасқан өзіндік тәлімдік тәжірибелер болады.

*Кілт сөздер:* бала тәрбиесі, ұлт, этнос, этнопедагогика, халық.

***Т.А.ДАНИЯРОВ*[1]**
***Ш.А.ТАШИМОВА*[2]**
***Ш.У.ӘЛКЕН*[3]**

[1]Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссави
(г.Туркестан, Казахстан)

## [1]ПУТИ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

*Аннотация*

Как показывает педагогический опыт, совершенствование в современном обществе формирования эстетической культуры у учащихся происходит на столько, на сколько хорошо даются знания о науке, искусстве, природе и общественной жизни, соответственно становиться выше их профессионализм и творческие способности. Будущие специалисты должны уметь анализировать теорию и практику формирования эстетической культуры, традиции национального эстетического воспитания қазахского народа и уметь использовать их эффективные стороны. Еше статье рассматриваются о ценности педагогическое воспитание казахских народов, особенно у мальчиков. Если сравниват, этническую историю педагогики любой нации или других народов, на воспитание будущих поколение обращалии внимание не просто так. Но, по националным увеждениям, каждая нация может воспитывать своего мальчика по своему.

*Ключевые слова:* воспитание мальчика, нация, этнос, этнопедагогика, народ.

***T.A.DANIYAROV*[1]**
***Sh.A.TASHIMOVA*[2]**
***Sh.U.ALKEN*[3]**

[1]Internationa l Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi

(Turkestan city, Kazakhstan)

**THE WAY OF AESTHETIC EDUCATION**

*Abstract*

In today`s society improving the formation of aesthetic culture of schoolchildren shows that pedagogical practice has shown extent to which a student is explained in terms of science, art and the nature of life in society ,the more creative abilities his professional skills grow. Future specialists should be able analyze the theory and practice of formation of aesthetic culture, analyze the tradition of Kazakh national aesthetic education and use the best possible aspects of its present condition. In this article are considered about value pedagogical education of the Kazakh people, especially at boys. If to compare, ethnic history of pedagogics of any nation or other people, on education future generation of an obrashchaliya attention not just like that. But, on national uvezhdeniye, each nation can bring up the boy on the.

*Keywords:* education of the boy, nation, ethnos, ethopedagogy, people.

**Кіріспе.** Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұлттық рухани дамудың кең көлемді мәселелерін екшей келе: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ мегзеп тұрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» дегеніне сүйене отырып қазақ жастарын эстетикалық талғамы жоғары, мәдениетті, ізгілікті, сезімтал, өнер сүйгіш етіп қалыптастырудың маңызы ерекше [1]. Адам баласы қай кезде болсын өнерді, оның түрлерін өзінің қабілетіне қарай қабылдап, оған бейімделе білген.

Жеке тұлғаны қалыптастырудағы басты мәселелердің бірі – эстетикалық тәрбиеге жүйелі және терең мән беру, жастарды әдебиет пен өнерден, қоршаған ортаның сұлулығынан өнеге, тәрбие, рухани азық алуға ықпал ету. Сұлулық пен тазалықты, көркемдік пен әсемдікті, үйлесімді жаратылысты ұғыну, сезіну жеке тұлғаның сапалық дамуының белгісі ғана емес, сонымен қатар оның шығармашылық икемділігін қалыптастыру болып табылады. Адам өміріндегі танымдық қызмет екі бағытта жүреді. Оның біріншісі – дүниені ғылыми тұрғыдан тану, ал екіншісі өнер туындылары арқылы тану бағыттары. Ғалымдар фактілерімен, силлогизмдермен, ұғымдармен сөйлесе, жазушылар мен өнер адамдары образдармен, өнер туындыларымен сөйлейді, сол арқылы жалпы танудағы білімді, көзқарасты туындатады. Ол өз кезегінде рухани мәдениетті қалыптастырады [2].

**Зерттеу әдістері.** Қазақ ұлт болып қалыптасқаннан бергі ұзақ тарихында сан алуан кезеңдерді бастан өткізіп, тар жол тайғақ кешсе де, болашақ ұрпағының тәлім-тәрбиесіне өте зор көңіл бөле отырып, сонымен қатар елін, жерін сыртқы-ішкі жаулардан қорғайтын Ер бойына ұлы дала перзентіне тән – еркіндік пен тәуелсіздік, қайсарлық пен қайырымдылық, ақ ниеттілік пен парасаттылық, өрлік пен ерлік тәрізді асыл қасиеттерді дарыта білген. Осы аталған қасиеттерді өскелең ұрпақ ата-бабадан қалған өнеге деп қабылдаса, ертеңгі күннің жарқын болашағына сеніміміз арта түсері анық. Оқушы түсінігінің эстетикалық жақтан қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады. Сондықтан мектеп мұғалімдері оқушылардың эстетикалық талғамын іс-жүзінде, теория жүзінде де арттыра отырып, көрген білгендерімен сұлулықты қабылдауға көмектесуі керек. Оқушылардың эстетикалық сезімін дамыту оларға мынау жақсы, әдемі, ал мынау жаман, көріксіз деп ауызша айтуда ғана жүзеге аспайды, сонымен бірге бала күнделікті тұрмыста да, мектепте де эстетикалық талғампаздықтың үлгі өнегесін күн сайын көріп отыруы керек. Ата-бабамыз сыртқы көрнекі сұлулық пен ішкі рухани сұлулықты мойындай отырып, олардың орнын анықтауға келгенде, ішкі рухани сұлулыққа көбірек көңіл бөліп, мазмұн сұлулығына көбірек жан тартады. Оқушыларға әдепті әсемдіктен бөліп түсіндіруге болмайды. Егер оларды бөліп айтуға болатынын мойындасақ, онда әдепсіз сұлулықтың да болатынын мойындауға тура келер еді де, сұлудық өлшемдері тек сыртқы белгілер, симметрия, пропорция, түр-түстер сәйкестігі, т.б. ғана болып шығады.

**Зерттеу нәтижелері.** Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысы қаралады. Балалардың ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу – адамдардағы әсемдікті еңбек мазмұны мен процесін танымай саналы тәртіп пен мінез-құлықты тәрбиелеу мүмкін емес. Сондай-ақ әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды. Мектеп оқушыны әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйретіп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен іскерлігін тәрбиелейді. Сонымен эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие

адамда дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді, өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды. Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі – эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауға тәрбиелеу. Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әртүрлі болады. Біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап жанынан өте шығады. Әдемілікті сезу үшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласынан әр бір адамда білім болуы керек. Білім адамды әдеміліктің объективтілік критерийлерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүние сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады.

Қоғамды жаңғырту және демократияландыру кезінде республиканың егемендікке ие болу жағдайында, біздің қоғамымыздың тарихы, халықтың рухани өмірінің өз кезеңінде ұмытылған немесе тыйым салынған құбылыстары қайтып оралуда. Өткеннің мәдени-тарихи мұрасын өркендету қазіргі заманның аса көкейкесті проблемаларының біріне айналып отыр. Жалпыадамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибені, сан ғасырлық мәдени дәстүрлерді ескере отырып, білім беру мазмұнын жаңғырту, әсіресе, болашақ мұғалімдерді даярлау процесіне жаңа талаптар қояды, себебі оқушыларды ұлттық тербие негіздерімен қаруландыру мұғалімнің тікелей кәсіби сапасы мен даярлығына байланысты. Сондықтан да өнерді түсіну, одан ләззат алу үшін оқушының бойындағы эстетикалық сезімін ояту шарт. Қазіргі мектептің алдында тұрған міндеттердің ең маңыздысы - оқушыны жан-жақты дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу. Сол тәрбиенің ішінде эстетикалық тәрбие де қомақты орын алады. Эстетикалық тәрбие адамның өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көре, түсіне жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғарғы рухани ләззатты сезінуге мүмкіндік береді. Эстетикалық тәрбие, ең алдымен, үй іші мен отбасынан, екіншіден, бала-бақшадан, үшіншіден, мектеп қабырғасынан басталады. Баланың отбасы мен балабақшада алған эстетикалық тәрбие қоры мектеп қабырғасында жетіле әрі дами түсіп, оқушының өмірге деген көзқарасы қалыптаса бастайды. Бұрынғы сезінген, көрген, білген эстетикалық өмір құбылыстарында көптеген жаңалықтар орын алып, баланың білімі күн санап, апталап кеңейе, тереңдей түседі.

**Талқылау.** Аса көрнекті ақын, данышпан ойшыл Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» поэмасында адам өмірін эстетикалық тұрғыда көбірек зерттеуге тырысады[3]. Адамзат баласына үнемі жақсылық жасау қажеттілігі туралы түсіндіруге ұмтылады. Жас ұрпақты қол өнер мен сан-саналы білімге баулу-ата-ананың басты парызы дей отырып рухани дүниені білім арқылы жетілдіру, сөз өнері, жақсы, жаман қасиеттері туралы даналық ойларын айтады. «Бар ізгілік тек білімнен алынар, білімменен аспанға жол салынар» дей келе, дүниенің кілті- білімде деген үлкен ой тұжырымын жасайды. Бұл тұжырым ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан бай мұрамыздың бірі-ауыз әдебиетінде де кеңінен көрініс тапқан. Бүгінгі таңда ауыз әдебиетінің озық түрлерінің бірі болып саналатын эпостық жырлар мен батырлар жырын үйрету, оқыту арқылы эстетикалық тәрбие беру жоғарыдағы айтылған оймен үндестік табады. Ұлттық мұрамыз халықтық педагогиканың бай мұрасы-батырлар жырында ел қорғау, басқыншыларға қарсы күрес жолындағы батырлар ерлігі, олардың еліне деген сүйіспеншілігі, азаттық жолындағы жан қиярлық құштарлығы бейнелі түрде баяндалса, эпостық жырларда белгілі жыршылар домбыраға қосып, тартымды әуенмен жырлай білген. Күшті эмоциямен жырланған жыр тыңдарманның ынтасын арттырып, оны жақсылыққа итермелейді, өнегелі өмір сүруге баулиды. Өнерді сүйе білуге, ізгілікке, отансүйгіштікке тәрбиелейді. Мұндай жырлардағы қаһармандардың мінез-құлқы бейнеленген сәттері адам жанын тебірентіп, оның бойында көркемдік із қалдырады. Сөйтіп, көркем шығарма мен көркем өнердің батыл ұштасқан тұстары арқылы оқушы бойына эстетикалық сезім ұялап, эстетикалық тәрбие қалыптасады.

**Қорытынды.** Эстетикалық тәрбиені қалыптастырудағы басты мақсат-оқушыларды өнер құндылықтарын жасақтауға қатыстыру, тіл, сөз өнерін дұрыс меңгерту, әдепті сөйлеуге баулу, олардың бойында белгілі бір адамгершілік- эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті тудыру. Мұндай жұмыстардың игілікті түрде жүзеге асу үшін көптеген жұмыстар жүргізілуі шарт. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, бүгінгі ұрпақ адам бойында кездесетін үлгілі, жақсы қасиеттер мен жағымсыз әдет-дағдылар жөніндегі бұрынғы өткен ұлы ғұламаларымыздың өсиеті мен өнегесін оқып біліп, оны көкейіне тоқып, одан өзіне керекті тәлім-тәрбиелерді бойына сіңіре білсе, нұр үстіне нұр болмақ. Жоғарыда біз атап көрсеткен этнопедагогикалық құндылықтарды жүйелі түрде пайдалану оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып қана қоймайды, сондай-ақ олардың эстетикалық тәрбиесіне ерекше ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

*1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан- 2050» бағдарламасы. Елорда. Астана, 2013.*
*2. Наурыз. Жаңарған салт-дәстүрлер//Құрастырған М.Оразбеков.- Алматы, 1991.*
*3. Баласағуни Жүсіп. Құдатғу білік. Алматы, «Жазушы», 1986.*

**УДК.876.914.12**
**МРНТИ 14.01.05**

**[1]Тугелбаев Е.Н. – магистр педагогических наук, преподователь**
**[2]Исмаилов Э.С.- преподователь**
**Казахский национальный педагогический университет им.Абая**

# ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ЗНАНИЕ ПОДВИЖНЫХ ИГР И ИХ ХАРАКТЕРИСТИКА В СВЯЗИ С ВОЗРАСТНЫМИ ОСОБЕННОСТЯМИ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ[1]

**Аннотация:**

Подвижные игры с небольшими предметами (малыми мячами, мешочками, палочками, флажками) повышают кожно-тактильную и мышечно-двигательную, чувствительность содействуют совершенствованию двигательной функций рук и пальцев, что особенно необходимо для детей дошкольного возраста и школьников младших классов. Большое образовательное значение имеет знакомства учащихся с народными играми в нашей многонациональной республике. Они знакомят детей с национальной культурой разных народов живущих в нашей стране, с их образами и обычаями.

**Ключевые слова:** функциональная деятельность, физическая нагрузка, физическое качество, совершенствованию двигательной функции, художественному воспитанию

**[1]Тугельбаев Е.Н. - педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы**
**[2]Исмаилов Е.С.- оқытушы**
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

## МОБИЛДІК ОЙЫНДАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАЛАЛАР МЕН АДОЛЕСЦЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН АРНАЛҒАН ЖАҒДАЙДА[1]

**Аңдатпа**

Ойындарды кішкентай нысандармен (кішкентай шарлар, сөмкелер, таяқтар, жалаулар) жылжыту теріге және моторлы қозғалтқышты арттырады, сезімталдық әсіресе мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қажетті қол мен саусақтардың қозғалтқыш функцияларын жақсартуға ықпал етеді. Үлкен білім беру құндылығы - біздің көпұлтты республикамыздағы халықтық ойындармен студенттерді таныстыру. Олар біздің елде тұратын түрлі халықтардың ұлттық мәдениетіне, олардың бейнелері мен әдет-ғұрыптарымен таныстырады.

**Түйін сөздер:** функционалдық белсенділігі, дене белсенділігі, физикалық сапасы, мотор функциясын жетілдіру, көркемдік білім беру

**[1]Tugelbaev E.N. - Master of Pedagogical Sciences, teacher**
**[2]Ismailov E.S.- teacher**
**Kazakh National Pedagogical University named after Abay**

## PEDAGOGICAL KNOWLEDGE OF MOBILE GAMES AND THEIR CHARACTERISTICS IN CONNECTION WITH AGE SPECIES OF CHILDREN AND ADOLESCENTS[1]

**Abstract**

Moving games with small objects (small balls, bags, sticks, flags) increase skin-tactile and musculo-motor, sensitivity contribute to the improvement of the motor functions of the hands and fingers, which is

especially necessary for preschool and primary school children. A great educational value is the acquaintance of students with folk games in our multinational republic.

They introduce children to the national culture of different peoples living in our country, with their images and customs.

**Key words:** functional activity, physical activity, physical quality, improvement of motor function, artistic education.

**Введение:** Повседневная практика воспитания подрастающего поколения в нашей стране свидетельствует о том, что игра является одним из важных средств формирования у детей и подростков высоких нравственных и физических качеств. Особенно большое место игры занимают в физическом воспитании детей дошкольного и младшего школьного возраста, так как они благоприятствуют комплексному совершенствованию двигательных навыков, нормальному физическому развитию, укреплению и сохранению здоровья.

***Гигиеническое и оздоровительное значение подвижных игр***

Главным содержанием подвижных игр является разнообразные движения и действия играющих. При правильном руководстве ими, они оказывают благотворное влияние на сердечно-сосудистую, мышечную, дыхательную и другие системы организма.

Подвижные игры повышают функциональную деятельность, вовлекают в разнообразную динамическую работу различные крупные и мелкие мышцы тела, увеличивают подвижность в суставах.

Особенно ценным в оздоровительном отношении является проведение подвижных игр на открытом воздухе и зимой и летом, так как при движении на открытом воздухе значительно усиливает обмен веществ с увеличением притока кислорода, что благотворно отражается на всем организме.

Под влиянием физических упражнений, применяемых в играх, активизируется все стороны обмена веществ (углеводной, белковый, жировой и минеральный). Мышечная работа стимулирует функции желез внутренней секреции. Такое благоприятное гигиеническое и оздоровительное значение могут иметь подвижные игры только при правильном постановке занятий с учетом возрастных особенностей и физической подготовленности занимающихся.

Необходимо учитывать, что подвижные игры ограничивают возможность точного дозирования нагрузки, так как нет возможности заранее предусмотреть действия каждого участника. Постоянно меняющиеся ситуация в игре, высокая эмоциональность взаимодействия исключают возможность программировать содержание упражнений у отдельных участников и точно регулировать нагрузку по величине и направленности.

По этому необходимо следить за тем, чтобы физические нагрузки были оптимальными. При систематических занятиях играми можно применять интенсивные нагрузки с тем, чтобы организм детей постепенно к ним приспосабливался.

Игры должны оказывать благотворное влияние на нервную систему занимающихся. Это достигается путем оптимальных нагрузок, а так же такой организацией игры, которая вызывала бы у играющих положительные эмоции. Плохая организация игры, ведущая к отрицательным эмоциям, нарушает нормальный ход нервных процессов, появляется стрессы, что вредит здоровью.

Правила в подвижных играх способствует упорядочению взаимодействий участников, устраняют излишнее возбуждение. Четкое объективное судейство, согласно правилам игры, вызывает у игроков положительное эмоции.

Подвижные игры при регулярном их применении помогают выработке динамических стереотипов нервных процессов, что облегчает выполнение движений, делает их более экономными.

Игры на открытом воздухе в летнее и зимнее время (с учетом погоды) способствуют закаливанию детей.

В связи с усиливающимся в наше время потоком информации, увеличением времени на учебных занятия, сокращением действий, требующих мышечных усилий, снижением двигательной активности, у подрастающего поколения наблюдается гиподинамия.

Широкое использование подвижных игр способствует снижению гиподинамии, так как компенсирует дефицит двигательной активности.

Подвижные игры могут быть активным отдыхом после двигательной умственной деятельности. С этой целью их применяют на переменах в школе, после окончания уроков на площадке во время прогулки (при продленном дне), дома после прихода из школы и по окончании приготовления уроков.

В младших классах школы желательно проводить игры в виде физкульт пауз во время урока, так как детям 7-8 лет быть в напряжении в течение 45 минут, особенно на последних уроках учебного дня, очень трудно. Короткая подвижная игра с детьми в классе у парт переключают работу нервных центров, сдает возможность отдохнуть (затормозить возбужденные нервные центры)и активизировать мышечную деятельность.

При отставании физического развития у детей необходимо использовать подвижные игры, которые способствуют оздоровлению организма, повышают общий уровень физического развития.

Подвижные игры применяются и в специальных лечебных целях при восстановлении здоровья больных детей в стационарах и санаториях. Этому способствует функциональный и эмоциональный подъем, возникающий детей в процессе игр.

Игра есть первая деятельность, который принадлежит большая роль в формировании личности. В играх дети отражают накопленный опыт, углубляют, закрепляют свое представление об изображаемых событиях, о жизни. Ребенок , как и взрослый, познает мир в процессе деятельности.

Наши педагоги отмечают большое образовательное значение подвижных игр в подготовке подрастающего поколения к жизни, поскольку ребенок развивается в игре.

Занятия играми обогащают участников новыми ощущениями, представлениями, понятиями.

В руках нашего педагога игры способствуют всестороннему развитию ребенка. Они расширяют круг его представлений, развивают наблюдательность сообразительность, умение анализировать, сопоставлять и обобщать видение, на основе чего делать выводы из наблюдаемых явлений в окружающей его среде.

Образовательное значение имеют игры, родственные по двигательной структуре отдельным видами спорта (спортивным играм, легкой атлетике, гимнастика, борьба, плавания и др). такие игры направлены на совершенствование и закрепление разученных предварительно технических и тактических приемов и навыков того или другого вида спорта.

В подвижных играх развиваются способности правильно оценивать пространственные и временные отношения и быстро и правильно реагировать на сложившуюся ситуацию в часто меняющейся обстановке в игре.

В подвижных играх очень важно воспитывать правильный стереотип движений, так как потом его трудно будет исправлять.

Большое образовательное значение имеют подвижные игры, проводимые на местности в летних и зимних условиях: на базах отдыха, в походах, на экскурсиях.

Игры на местности способствуют образованию навыков, необходимых туристу, разведчику, следопыту.

Подвижные игры с небольшими предметами (малыми мячами, мешочками, палочками, флажками) повышают кожно-тактильную и мышечно-двигательную, чувствительность содействуют совершенствованию двигательной функций рук и пальцев, что особенно необходимо для детей дошкольного возраста и школьников младших классов.

Большое образовательное значение имеет знакомства учащихся с народными играми в нашей многонациональной республике. Они знакомят детей с национальной культурой разных народов живущих в нашей стране, с их образами и обычаями.

В подвижных играх участником приходится исполнять отдельные роли (водящего, счетчика очков, помощника судьи, судьи, организатора игры и др.). Это способствует развитию у них организаторских навыков и знаний.

Соревнования по подвижным играм знакомят участников с правилами и организацией соревнований. Эти знания и навыки помогают детям самостоятельно проводить соревнования.

Образовательная сторона будет стоять на должной высоте, если педагог, воспитатель, инструктор по спорту будут обращать на это должное внимание.

Великое значение подвижных игр в воспитании физических качеств: быстроты, ловкости, силы, выносливости, личности. При чем в подвижных играх физические качество развиваются в комплексе. Большинство подвижных игр требует от участников быстроты (быстрее убежать, догнать, мгновенно реагировать на звуковые, зрительные, тактильные сигналы).

Постоянно изменяющаяся обстановке в игре, требующая от участников быстрого перехода от одних действий к другим, способствует воспитанию ловкости. Игры со скоростно-силовой направленностью воспитывают силу.

Игры с частными повторениями напряженных движении, с непрерывной деятельностью, связанной со значительной затратой сил и энергии, развивают выносливость.

Игры связанные с частым изменением направление движений, способствуют воспитанию гибкости.

Очень велико значение подвижных игр в нравственном воспитании ребенка. Подвижная игра носит коллективный характер, в связи с чем приучает детей к деятельности в коллективе. Игры развивают у детей чувство товарищества, солидарности и ответственности за действия друг друга. Участвуя в коллективной игре, ребенок должен жертвовать своими интересами ради интересов команды: уступить мяч товарищу, находящемуся в лучшем положении, стараться выручить попавшихся в «плен» и т.д.

Чувство солидарности и товарищества воспитываются в играх постепенно. От детей дошкольного и младшего школьного возраста в играх требуются только согласование своих действий с действиями товарищей. Позже появляются игры со взаимовыручкой, помощью товарищу. И, наконец появляются игры с действиями, подчиненными интересами своего коллектива, своей команде.

В игре свойственны противодействия одного игрока другому, одной команде другой. В связи с этим перед играющими возникают самые разнообразные задачи, требующие своевременного разрешения. Для этого необходимо в кратчайший срок оценить создавшуюся обстановку, выбрать правильное действие выполнить его. В силу этого игры помогают самопознанию.

Правила игры способствуют воспитанию сознательной дисциплины, честности, выдержки, умению «взять себя в руки» после сильного возбуждения, сдерживать свой эгоистические порывы.

Подвижные игры способствуют и художественному воспитанию детей. Первые проявления художественного творчества у детей принимают форме игры. В играх детей, особенно дошкольного и младшего школьного возраста большое место занимает творческое воображение: простая полка может быть и лошадью, и велосипедом, и ружьем и саблей и т.д.п.

Воображение развивается и в ролевых играх, и в организованных подвижных играх с сюжетным содержанием.

**Список литературы:**

1. Виноградов П.Л. физическая культура. «Мысль», 1990-286 с.

2. Виноградов Г.Н., Кульназаров А.К., Салов В.Ю. «Теория и методика здорового образа жизни» Алматы, 2004, 316 с.
3. «Психология физического воспитания и спорта» М.. ФиС, 1979, 144с.
4. «Подвижные игры», - пособия для институтов физической культуры. М.. ФиС, 1982.-222с.

**УДК 37.013.42 (574)**
**МРНТИ 371.504**

**Г.Г.ЕРКИБАЕВА[1]**

[1]Международный казахско-турецкий университет имени Ахмет Ясави

(Туркестан, Казахстан)

# [1]ОСНОВНЫЕ ПРИЗНАКИ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА

**Аннотация**

В данной статье рассмотрены проблемы основ патриотического воспитания, которые выражаются в воспитании любви к своему отечеству, народу, родным и близким. В работе анализируются письменные памятники, надписи на камнях, где на камнях высечены изречения о жизни и быте, о культуре, о подвигах древних кочевников на фоне общей истории Тюркского каганата, труды акынов-жырау с XV-XIX в.в., творчество народных героев, писателей.

Человек, начиная со своего появления на свет и до конца своей жизни, впитывает в свое сознание выработанные народом на протяжении веков обычаи, традиции и нормы поведения. Обычаи и традиции являются самым дорогим наследием, определяющим психологию, духовность и культуру народа.

В народе испокон веков вырабатывался свой, самобытный нравственный уклад, своя духовная культура. Но единым у всех народов было –патриотическое воспитание.

*Ключевые слова:* Казахстанский патриотизм, экономичекая дезинтеграция, социальная дифференциация общества, девальвация духовных ценностей

**G.G.YERKIBAYEVA[1]**

[1]Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkestan, Kazakstan)

# [1]THE MAIN SIGNS OF THE KAZAKHSTANI PATRIOTISM

**Summary**

In this article the problems of bases of patriotic education which are expressed in education of love to the fatherland, the people, to the family are considered. In this paper written monuments, inscriptions on stones are analyzed where on stones sayings about life and life, about culture, about feats of ancient nomads on the background of the general history of the Turkic Khanate, works of akyns-zhyrau from 15-19th centuries, creativity of national heroes, writers are cut.

The person, since the birth and until the end of the life, absorbs the customs developed by the people throughout centuries, traditions and standards of behavior in the consciousness. Customs and traditions are the most expensive heritage defining psychology, spirituality and the culture of the people. In the people the original moral way, the spiritual culture was from time immemorial developed. But the common at all people was a patriotic education.

*Keywords:* Kazakhstani patriotism, economical disintegration, social differentiation of a society, devaluation of spiritual values

**Г.Г.ЕРКИБАЕВА[1]**

Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
(Түркістан, Қазақстан)

## [1]ҚАЗАҚСТАН ПАТРИОТИЗМІНІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАСЫ

**Аңдатпа**

Бұл мақалада патриоттық тәрбиенің іргетасы туралы мәселе қаралып, өз еліне, адамдарына, туыстарына және достарына деген сүйіспеншілігімен таныстырылады. Жұмыста жазылған ескерткіштер, тастардағы жазулар, онда өмір мен тұрмыс туралы, мәдениет туралы, ежелгі көшпенділердің түркі қағанатының жалпы тарихы аясында, ақын-жыраудың 15-19 ғасырлардағы шығармалары, халық қаһармандарының шығармалары талданады. , жазушылар.

Адам туғаннан бастап, оның өмірінің соңына дейін адамзаттың ғасырлар бойы әзірлеген әдет-ғұрыптары, дәстүрлері мен мінез-құлық нормаларын өз сана-сезіміне бөледі. Кеден мен дәстүрлер халықтың психологиясын, руханиятын және мәдениетін анықтайтын ең қымбат мұра болып табылады.
Ежелгі заманнан бері адамдар өзіндік, өзіндік моральдық тәртіпті, өздерінің рухани мәдениетін дамытты. Бірақ барлық халықтар үшін жалпы патриоттық тәрбие болды.

**Түйін сөздер:** Қазақстандық патриотизм, экономикалық ыдырау, қоғамның әлеуметтік саралануы, рухани құндылықтардың құнсыздануы.

**Введение**

Века и тысячелетия решалась задача осмысления, сохранения и передачи следующим поколениям того всеобщего, на чем зиждется все человечество, и того частного, что составляет неповторимое лицо данного народа. В опыте отцов и дедов есть зерна мудрости, которые и в наш век прорастут и дадут добрые всходы.

Каждый человек, начиная со своего появления на свет и до конца своей жизни, впитывает в свое сознание выработанные народом на протяжении веков обычаи, традиции и нормы поведения. Обычаи и традиции являются самым дорогим наследием, определяющим психологию, духовность и культуру народа.

В народе испокон веков вырабатывался свой, самобытный нравственный уклад, своя духовная культура. Но единым у всех народов было –патриотическое воспитание.

**Методы**

Казахстанские обществоведы, авторы методической разработки «Казахстанский патриотизм как ведущий фактор консолидации общества на этапе становления и развития республики Казахстан как суверенного государства» А.Бижанов и У.Касенов, рассматривая патриотизм как универсальное и общечеловеческое явление, особое внимание акцентируют на следующих его аспектах:

– подлинный патриотизм проявляется в политической культуре граждан и становится источником силы, единства народа и целостности государства; всегда на стороне справедливости, гуманизма, демократии; мобилизует граждан на решение стоящих пред обществом стратегических задач; ориентируется на такие идеалы как национальная гордость, любовь к родной земле, народу, приверженность традициям и обычаям, готовность отстаивать интересы страны, при необходимости защищать ее с оружием в руках; не может сводиться только к разовым мероприятиям. Формирование подлинного патриотизма должно иметь собственную идеологию и целенаправленную систему;

– основанием казахстанского патриотизма являются: общность исторических судеб этносов, составляющих народ Казахстана, общие черты в менталитете казахстанцев, их причастность к созданному экономическому потенциалу республики, общность природной среды; потенциал этих оснований достаточен для достижения значимых для республики целей, то есть идентификация всего населения с государством, общенародность стремления сохранить и укрепить целостность Казахстана, упрочить его экономическую мощь, международный престиж и влияние;

– основными признаками казахстанского патриотизма являются: любовь к отечеству Казахстан; гордость за ее прошлое и настоящее; стремление и готовность практическими делами укреплять ее могущество и независимость; близко к сердцу принимать радости и боль всего казахстанского народа и не только своего; критичность по отношению к отдельным сферам духовной и политической жизни страны; непримиримость к отжившему, ко всему тому, что препятствует развитию Казахстана на пути к прогрессу; развитая приверженность к политической символике Казахстана ( флаг, герб, гимн, Конституция), знание истории, культуры, языка, обычаев, традиций, культуры казахского народа и других народов, находящихся в совместном проживании; бережное отношение к природным богатствам Казахстана; социальная ответственность не только перед нацией к которой себя причисляет, а прежде всего – перед казахстанским народом, как общностью равноправных граждан разной национальности;

– основными функциями казахстанского патриотизма являются интегративная, способствующая сплоченности народа, целостности его Отечества; активно – преобразующая, с ее нацеленностью на решение комплекса проблем, стоящих перед республикой. Активный, созидательный характер этой функции, обусловлен стремлением способствовать разрешению противоречий нормативными представлениями и реальностью;

– основными компонентами казахстанского патриотизма являются: чувственный и гражданско-поведенческий. В эмоционально-чувственном компоненте важный акцент делается на создании равных прав и возможностей для граждан республики, привитие уважительного отношение к истории и культуре этносов, проживающих на ее территории, показ сопричастности государства к судьбе каждого из этносов. Основной направленностью гражданско-поведенческого компонента является повышение ответственности личности за происходящее в республике, значимость личного вклада, аппеляцию к примерам личностного патриотизма выдающихся людей страны;

– основными причинами актуализации казахстанского патриотизма на современном этапе развития нашего государства являются поколенческие (проблема исторической

преемственности), этнические (возможности межнационального отчуждения), духовные ( дефицит смыслообразующих идей) [1].

Как отмечают авторы, у государства возможны по отношению к индивидам несколько логик поведения: логика сотрудничества (интегративная модель), логика подавления (авторитарная модель). По мнению ученых, безусловного предпочтения заслуживает интегративная модель, которая характеризуется общенародным патриотизмом.

**Результаты**

Один из важных элементов патриотизма – национальный дух или национальный патриотизм. Это любовь к своему народу, с которым личность связана кровным единством и общностью происхождения, территорией, языком, бытом, нравами, психологическими и этнографическими особенностями, сложившимися историческими традициями, имеющими вполне определенные и самостоятельные, отличные от других качества и особенности».

Казахстанский патриотизм – явление уникальное, своеобразное. Об этом свидетельствует «содержание многосложной и многотрудной истории казахской нации», которое до суверенности республики определялось ее борьбой за свободу. Говоря словами президента Н.Назарбаева, «это борьба во имя сохранения народа и жизненного пространства нашла отражение в длинной летописи от далеких наших предков – скифов, гуннов, огузов, саков, уйсуней, канлы, кипчаков – до скорбных событий в декабре 1986 года» [4].

У истоков казахстанского патриотизма стоят три крупнейших исторических события, по мнению известного поэта и политического деятеля М.Шаханова, олицетворяющих три этапа борьбы казахского народа за свободу и независимость:

1.Отрарский подвиг народа, шестимесячная борьба против полчищ Чингизхана, которая возвестила всему миру о высоком духовном качестве казахского народа.

2.Почти полуторавековая борьба против джунгарских завоевателей за сохранение самостоятельности и национальной государственности.

3.Декабрьские события 1986 года. Первые ласточки против тоталитаризма родились на казахской земле и напомнили миру о не умирающем национальном духе, хотя обе империи – царская и сталинская – жестоко истребляли их инакомыслие [5].

События последнего времени подтвердили, что экономическая дезинтеграция, социальная дифференциация общества, девальвация духовных ценностей оказали негативное влияние на общественное сознание большинства социальных и возрастных групп населения страны, резко снизили воспитательное воздействие культуры, искусства и образования как важнейших факторов формирования патриотизма. Стала все более заметной постепенная утрата нашим обществом традиционного патриотического сознания. Объективные и субъективные процессы существенно обострили национальный вопрос. Патриотизм кое-где стал перерождаться в национализм. Вместе с тем, патриотизм не только не предполагает, а даже исключает идею исключительности какого-либо народа или нации.

Актуальность проблемы патриотизма для современного общества находит подтверждение в работах философов сегодняшних дней. Не отрицая идеологического влияния на понимание сущности патриотизма в конкретных исторических условиях,

необходимо отметить, что непреходящими составляющими этого явления по нашему мнению, были, есть и будут любовь к Отечеству, преданность ему, стремление своими действиями служить его интересам.

Исторический опыт подтвердил, что отдаленность учащихся от корней своего народа, национальных традиций, нравственных устоев привели к отрыву от истоков, разрушению связи и преемственности поколений, упадку нравственности, духовности.

Социально-политические и экономические изменения, происходящие в настоящее время, приводят к тому, что в содержание таких категорий, как «патриотизм», «нравственность», вносятся иные, чем раньше акценты.

Представители дореволюционной казахской интеллигенции А.Байтурсынов, Ж.Аймаутов, М.Дулатов, М.Жумабаев, С.Мендешев, С.Садвакасов и др. задачу обучения воспитания видели в привитии любви к своему Отечеству, родному языку, национальной культуре, духовно-нравственным ценностям, народным традициям и обычаям. Они считали родной язык главной базой и средством воспитания, развития гражданских чувств, качеств личности, формирования национального самосознания, развития духовно-нравственных качеств народа.

В основе системы гражданско-патриотического воспитания школьников лежит коллективно творческая деятельность, способная формировать умение планировать, организовывать свою деятельность, доводить начатое дело до конца.

Научить патриотизму, как учат алгебре и географии, нельзя. Чувство Родины – не заучивание перечня правил и положений, это чувство проникает в нас с молоком матери, это воздух, которым мы дышим, солнце, которое мы видим, дом, в котором мы обитаем. Патриотизм проявляется в поступках и деятельности человека.

Казахстан вступил в XXI век как независимое суверенное государство, распрощавшись со своим тоталитарным прошлым. Он твердо встал на путь демократического цивилизованного развития. За короткий срок обретения независимости, как член ООН, уверенно занял свое место в международном сообществе. Установил с более 100 странами мира дипломатические связи, стал членом ряда авторитетных международных организаций.

Казахстан сегодня обладает реальной возможностью самоопределения и выбора форм правления экономической, политической и духовной жизнью. Решение ряда проблем в жизни страны во многом зависит от уровня развития гражданского общества, формирования высокого патриотического сознания, чувства гордости за свою страну, воспитания готовности к выполнению гражданского долга по защите интересов Родины.

На двенадцатой сессии Ассамблеи народов Казахстана Н.А.Назарбаев особо подчеркнул, что важнейшим условием конкурентоспособности нации являются сильный дух и знания, позволяющие добиваться успехов в процессе мировой конкуренции. А здесь важнейшая составляющая – казахстанский патриотизм: любовь к своей Родине и земле, огромное уважение к ее истории и культуре, вера в собственные силы каждого и сплоченность всего общества, высокое чувство сопричастности к истории и ответственности за будущее своей страны, которое возводится сегодня. Безусловно, сказал глава государства, что патриотизм нужно формировать, общими усилиями всего общества, особенно среди молодежи, в наших детях.

Президент РК Н. Назарбаев, в разработанной им стратегии "Казахстан – 2030" обозначил задачу формирования казахстанского патриотизма как одну из первостепенных из семи долгосрочных приоритетов нашего развития, т.е. как практическую задачу [3]. Участие в выполнении этой задачи должны принять и вузовские работники.

В числе сдерживающих факторов в воспитании гражданина страны следует назвать недостаточность высококвалифицированных специалистов, способных использовать новые современные технологии для целенаправленного формирования патриотизма и демократических убеждений, малочисленность научно-исследовательских организаций гуманитарного профиля, имеющих достаточный опыт разработки социальных технологий по патриотическому воспитанию граждан.

Назрела необходимость в переосмыслении концептуальных подходов к воспитанию подрастающего поколения и поиска новых форм и методов воспитательной деятельности высших учебных заведений республики.

Образ страны и чувства своей неразрывной связи с Родиной формируются государством и обществом через различные механизмы и институты, прежде всего образование.

**Дискуссия**

«Патриотизм» в переводе с греческого означает – родина, отечество. В этой трактовке понятие «патриотизм» – как любовь к Отечеству, преданность ему, гордость за его прошлое и настоящее, стремление своими действиями служить его интересам.

Многовековая история учит, что лишь те государства выходят из тяжелейших кризисов и занимают соответствующее место в мировом сообществе, которые славятся своими патриотами, где высок моральный, патриотический дух граждан и крепки национальные традиции.

Патриотизм – одно из древних социальных явлений. Первоначально он отражал привязанность к родным местам, где человек родился и вырос. Формируясь на протяжении длительного времени, чувство патриотизма, любви к родине передается из поколение в поколение и является весьма стойким.

История казахов берет свое начало из глубины веков. Самые ранние образцы письменности дальних предков современных казахов называются орхоно-енисейским или древнетюркским руническим письмом. Среди таких письменных памятников наиболее известны надписи на камнях в честь Бильге-кагана и его брата полководца Кюль-Тегина (VI в.). Так, на одном из этих камней высечены изречения о жизни и быте, о культуре, о подвигах древних кочевников на фоне общей истории Тюркского каганата.

Каганы, беки, тарханы выступали духовными вождями, пророками, полководцами, вершителями судеб. Удивляет железная воля предворителей Тюркского еля, пронизанная глубокой любовью к народу, отчизне. Не случайно слова отчизна, родина по-казахски «отан» и производное от слова «от» – огонь ( отау – дом, отагасы – глава семьи, отбасы – семья).

Эпоха средневековья – это время постоянной борьбы казахов за свою национальную независимость. «Героическая эпоха» – время этнополитической консолидации казахской

нации, начиная с XIV века вплоть до середины XIX века. Это четыре века, полных значимых событий, полных борьбы за независимость, укрепление казахской нации.

Акыны-жырау XV-XIX в.в. (Асан Кайгы-жырау, Шалкииз-жырау, Жиембет-жырау, Актамберды-жырау, Бухар-жырау, Шал-акын и др.), будучи духовными предводителями кочевого народа, сосредоточили в себе самые ценные черты его характера и передавали эти духовные сокровища молодежи. Они подчеркивали, что защита родной земли от чужеземных захватчиков – священная обязанность каждого казаха. Сохранение чести рода, еля, народа. Это значит умереть за родину в честном бою, быть настоящим батыром, ером, мужчиной, как предки, которые боролись и умирали, не сожалея ни о чем. Ер – мужчина, защитник, герой. Честь мужчины возвеличивает его род: «Ер намысы – ел намысы» («Честь мужчины – гордость еля»). Ер, имеющий намыс, должен быть предан ар-іс, т.е. «делу чести».

И нет ничего удивительного в том, что в жестких военно-кочевых условиях десятилетние мальчики становились поэтами, а двенадцатилетние – воинами, полагая, что их жизненное назначение – служение подвигам. Проявив доблесть перед родом и племенем, они смерть встречали достойно.

Ярким образцом патриотизма, служения родному народу и родной земле является жизнь и борьба выдающегося казахского акына и батыра Махамбета Утемисулы, который вместе со своим другом и соратником батыром Исатаем Таймановым завещали казахскому народу и лучшим его сыновьям продолжать их дело и бороться за свободу и независимость. Патриотические чувства лидеров национально-освободительных движений в начале XX века были подхвачены лидерами зарождавшейся казахской интеллигенции, писателями, учеными и инженерами. Всех их объединяла великая цель – добиться независимости, свободы и обеспечить существование казахского этноса в длительный исторический период.

В формировании патриотических чувств молодежи огромное значение имеет творчество народного героя, писателя Б.Момышулы, который является образцом подражания молодежи как патриот своей земли, своего народа.

Бауржан Момыш-улы писал, что патриотизм – любовь к Отечеству (государству) – осознание прямой зависимости, личного благополучия от общественно-государственной безопасности, признание своей зависимости от государства, того, что укрепление государства есть укрепление личности [2].

**Заключение**

Молодежь – это будущее нашего общества, и от того, какой будет она, зависит наше общество и государственность Республики Казахстан.

Но диагностическая картина состояния молодежи вызывает тревогу. В категории молодежи, родившейся в 1984-1988 годах, только 32% интересует политика, основная масса безразлична, характеризуется аполитичностью, 40% из общего числа молодежи употребляет алкоголь в различной форме, количество наркоманов перевалило за 30 тыс. человек. В такой ситуации негативным явлениям среди молодежи могут противостоять человеческие ценности.

Формирование и развитие общеказахстанского патриотизма и этнополитической общности казахстанцев зависит от того, как наше государство, и, прежде всего, этнические группы способны преодолевать возможные этнические конфликты в процессе этнической интеграции и построения демократического правового государства. В ходе демократических преобразований в нашей полиэтнической стране постепенно формируется новый гражданин суверенного независимого государства, характерной чертой которого является высокое чувство казахстанского патриотизма и интернационализма.

**Список использованной литературы:**


*1. Бижанов А., Касенов У. Казахстанский патриотизм как ведущий фактор консолидации общества на этапе становления и развития республики Казахстан как суверенного государства.- Алматы, 2011. –С.128.*

*2. Момыш-улы Б. Психология войны. - Алма-Ата: «Казахстан», 1990.*

*3. Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030: Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда. -1997. -11 октября - с. 9-13.*

*4. Назарбаев Н. Қазақстан тәуелсіздігіміз: тарих тағылымыдары және қазіргі заман. //Егемен Қазақстан, 17 желтоқсан, 1996.*

*5. Шаханов М.Желтоқсан эпопеясы. Деректі роман.//Жалын, №11, 2004.-Б.15-46.*

**УДК 373.1.02:372.8**
**МРНТИ 14.02.86**

## [1]БАЛАНЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ҮЙРЕТУ

**ЖАЗДЫҚБАЕВА М.Б.[1]**
**ҚАСЫМБЕКОВ Ж.А.[2]**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қаласы)

*Аңдатпа*

Мақалада бала тәрбие үдерісінде бала іс-әрекеттің сан алуан түрін игереді. Ол орамалмен сүртінуді, қасықпен тамақ ішуді, шыны аяқпен ішуді, аяғына шұлық киюді, қарындашпен сурет салуды, текшелерден үй тұрғызуды үйренеді. Осының бәрі белгілі сыртқы нәтижеге бастайтын практикалық іс-әрекет. Сонымен бірге баланың ішкі іс-әрекеті де қалыптасады,оның көмегімен сәби заттарды қарайды,оның қасиеттерін анықтайды, олардың бірімен-бірі қалай байланысып тұрғанын ашады, ойынның, суреттің, әлде не тұрғызудың түпкі ойын табады, картиналарды есіне сақтайды т.б. Осындай ішкі іс-әрекеттің қалыптасуы баланың психикалық дамуының негізгі мазмұнын құрайды. Бұлар қабылдау (перцепциялық іс-әрекет), ойлану, елестету, есте сақтау, яғни психикалық іс-әрекеттер. Олар баланың өзін қоршаған дүниені бағдарлауын,практикалық іс-әрекет жасалатын жағдайлармен танысуын қамтамасыз етеді,сондықтан да бағдарлаушы іс-әрекеттер деп аталады.

**Кіліт сөздер:** Бала психологиясы, қабілет, ойлау, даму, әдіс, ойыншық, талдау, амал-тәсіл.

## [1]ДЕТСКОЕ ПСИХИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ И ОБРАЗОВАНИЕ

**ДЖАЗДЫКБАЕВА М.Б.[1]**
**КАСЫМБЕКОВ Ж.А.[2]**

Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

*Аннотация*

В статье, в процессе воспитании ребёнок приобретает разнообразные виды действии. Ребёнок учится протирать полотенцем, есть ложкой, пить чашкой, надеть носки, рисовать карандашом, отроить дома из кубиков. Всё это практическое действие начинающееся с определенного внешнего результата. В то же время формируется внутренняя работа ребёнка, с помощью этого ребёнок рассматривает вещи, определяет её свойства, показывает как они взаимосвязаны друг с другом, находит окончательную мысль постройки, либо рисунка, игры, запоминает картины и т.д. Формированы такой внутренней деятельности составляет основное содержание психологического развития ребёнка это восприятие, воображение, запоминание, то есть психологические действия. Они обеспечивают ребёнку ориентацию на окружающий мир и знакомство с практической средой, поэтому называются ориентировочными действиями.

**Ключевые слова:** Психология ребёнка, способность, мышление, развитие, метод, игрушка, анализ, подходы.

## [1]CHILD MENTAL DEVELOPMENT AND EDUCATION

**ZHAZDYKBAYEVA M.[1]**
**KASYMBEKOV ZH.[2]**

Internationa l Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

*Abstract*

In the article, the child acquires a variety of activities in the process of education. She learns rubbing, eating with spoon, drinking with glasses, wearing socks, drawing pencil, building houses from cubes. All this

is a practical exercise that starts with a definite outer result. At the same time, the child's internal behavior is also influenced by the baby's look, his qualities, his / her qualities, the way he / she deals with each other, the ending of the game, the picture or the building, the memory of the painting, etc. The formation of such internal action constitutes the main content of the child's mental development. These are perception (perceptual action), thinking, imagining, remembering, that is, mental activities. They ensure that the child is oriented towards the surrounding world, and is familiar with the practical environment and is therefore referred to as orienting actions.

**Keywords:** Child psychology, ability, thinking, development, method, toy, analysis, approach.

**Кіріспе.** Баланың бүкіл өмірі үлкендерге байланысты, олар ұйымдастырып, бағыт беріп отырады. Және ерте сәбилік шақтан үлкендерден үйрене бастайды. Ол жүруді, сөйлеуді ғана емес, ойлауды, сезінуді, өзінің мінез құлқын басқарудыда үйренеді. Былайша айтқанда, баланың практикалық қана емес, психикалық іс – әрекетті де үйрену нәтижесінде қалыптасады. Бұл үйрену әрдайым саналы түрде жүргізіле бермейді. Көп ретте үлкендер балаларды стихиялық жолмен үйретеді, оны өздеріде байқамай қалады.Тіпті балалар үлкендердің көмегінсіз-ақ өздігінен сурет салуға, оқуға, санауға, арифметикалық есептерді шығаруға үйрене алады-мыс. Деген пікір бар. Бұл өте қате пікір. Бала үлкендердің әсерінен, адамзат қоғамының әсерінен айырылса, нендей халге ұшырайтынын біз білеміз ғой.

Әрине, баланың тәрбиесі стихиялық жолмен емес, ақылға салып, мақсат көздей, оған нені үйрету керектігіне әдейі қамқорлық жасай жүргізілгені, сөйтіп оның жан-жақты дұрыс дамуың қамтамасыз ететіндей болғаны абзал. Ол үшін үйрету мен даму арақатынасының қалай үйлескенін, олардың байланысын, балалық шақтың әртүрлі сатысында баланы неге және қалай үйрету керектігін анықтап білу қажет.

Әдеттегі тұрмыстық бақылауға бала неғұрлым жас болған сайын, ол үйреткенді ұғуға соғұрлым қабілетсіз, олардың бойына сіңіретін білімі мен іскерлігі мейлінше қарапайым, оңай екендігін көрсетеді. Шынында, екі жасар сәбиге әріптердің қалай жазылатынын көрсету қандай мағынасыз болса, төрт жастағы балаға атом ядросының құрылымы туралы айту да сондай көңілге қонымсыз болар еді. Сондықтан үйрету әдістерін сәбидің жас айырмашылығына қарай ойластырған жөн. Мысалы, адамның суретін қалай салу керектігін ауызша түсіндіргенде үш жасар сәби түсінбейді, ал оның орнын сызып көрсетсе, бала соған еліктеп өзі де сыза бастайды (әрине, алғашында ерекше табысқа жете қоймауы да мүмкін).

Жоғарыда айтылғандардан, үйрету егер психикалық дамудың бала жеткен дәрежесіне лайықталып жүргізілсе ғана табысты болуы ықтымал деген қорытынды шығады. Дегенмен, бақылау еш талассыз болғанымен, мұндай қорытынды шығару түбірінен қате. Ол бойынша психикалық даму үйретуге тәуелді болмастан, өзінен-өзі өрби беретін сияқтанады. Шынында бұлай емес екенін біз жақсы білеміз. Бала қоғамдық тәжірибені бойына сіңірге, адамға тән әр түрлі іс-әрекетті игере отырып дамиды. Ал, оған бұл тәжірибені беретін де, оның бойында бұл іс-әрекеттерді қалыптастыратын да-үйрету. Демек, үйрету баланың дамуына ыңғайластырыла жүргізілмеуі, оның артында қалмауы тиіс. Үйрету дамудың жеткен дәрежесін есепке алады. Мұндағы мақсат- сол жерде тоқтап қалу емес, онан әрі дамуды қалай жүргізу керектігін, келесі қадам жасалуы қажеттігін білу. Үйрету психикалық дамудан озық жүреді, оны өзінің соңынан ертеді.

**Зерттеу әдістері.** Егер біз, мысалы, бала әлі жөнді түсініп болмайтын, өзі қағазға түсірген шатпақтан белгілі нәрселерді (допты, түтінді, ағайын) тани бастағанын көрсек, онда оның келесі қадамы суретті әдейілеп ойлап бейнелеу. Енді баланы күні бұрын алдына мақсат қоюға (доптың суретін салу) үйретуге кірісуге болады және бұл керек те. Өйткені бұл оның психикалық дамуына жәрдемдесті.

Үйретудің психикалық дамудағы жетекші рөлі бала жаңа іс-әрекетті меңгере отырып, әуелі оны үлкендердің басшылығымен және көмегімен, содан соң өздігінен орындауға машықтанатынынан көрінеді. Баланың үлкендермен бірлесе орындайтыны мен (үлкендер сәбиге көрсеткенде, нұсқау бергенде, түзету енгізгенде) оның өзінің жеке атқаратын қызметінің арасындағы айырмашылық баланың таяудағы даму аймағы деп аталады. Таяудағы даму аймағының көлемі-баланың үйренгіштігінің, оның бойында осы қазір бар даму қорының маңызды көрсеткіші.

Үйретудегі әрбір жаңа қадам баланың таяудағы даму аймағын пайдаланады және сонымен бір мезгілде онан әрі үйретудің алғышарты болып табылатын жаңа аймақ жасайды. Мәселен, сәбиге тіл үйрете отырып біз оның қалыптасқан есту, көру, қабылдауларының мүмкіндіктерін, үлкендерге еліктеуін, түсінігін пайдаланамыз. Сөйлей білу, өз кезеңінде, психикалық дамуда шұғыл ілгері басуға

жол ашады, ал мұның өзі үйретудің жаңа формаларына өтуге мүмкіндік береді. Олар сөздің әсерімен неғұрлым жетілген қабылдау мен ойлауға негізделетін болады. Алайда тәрбиенің таяудағы даму аймағына кері әсер ететін, оны сарқып тастайтын формалар да болуы мүмкін. Әр түрлі білім мағлұматтарын балаға орынсыз тықпалаған жағдайда осындай болады. Әдетте түрлі бұйымдар жайлы мектеп жасына дейінгі балаларға белгілі бола бермейтін мағлұматтарды мақылдап айтып беретін, ұзақ-ұзақ өлеңдер мен әңгімелерді жатқа білетін, бес-алты жасында «үлкендердің» газеттеріндегі мақалаларды оқитын балаларды ақылды деп есептейді. Оның үстіне мұндай «зеректілердің» көпшілігі өздігінен ойлауды талап ететін ең қарапайым есепті шешуге қабілетсіздігі былай тұрсын, тіпті оны шешудің үлкендер көрсетіп берген амалын игеруге де шамасы келмейтін болып шығады. Үйрету психикалық дамудан озық жүріп, оған жол ашатын болғандықтан, ол психикалық үдерістердің даму бағытын анықтап, белгілі, психикалық қасиеттердің қалыптасуына және бұрын болған қасиеттерді қайта құруға жеткізе алады.

Мектеп жасында дейінгі балаға көбіне қабылдаудың бөлшектенбеуі, ойлаудың нақтылығы, ерік пен естің ырықсыздығы сияқты қасиеттер тән. Бұл ерекшеліктер психологиялық зерттеулер арқылы талай рет бекітілген болатын. Балалардың картинкалар мен заттарды суреттеулерінен олардың өздерінің суреттерін әдетте заттардың жалпы сулбасын немесе олардың жеке бөлшектерінен, ұсақ-түйектерін қабылдай алатын көрінеді, ал оларды бірден тұтастай қамтуға көбіне күштері жетіңкіремейді. Әлде не туралы талқылай отырып мектеп жасына дейінгі бала көбіне жекелеген, оған бұрынғы тәжрибеден белгілі заттар мен жағдайларды ескереді. Міне, шешесі баласын оқуға үйретіп отыр. Олар бірлесіп. «Мысық» деп оқиды. «Мысық? Бұл қай мысық?-деп сұрайды балдырған. Кеше кішкене баласына келген мысық па?» Мектеп жасына дейінгі баланың бір нәрсеге көңіл тоқтатуы қиынға соғады, үлкендер талап еткенде есінде сақтау оған күшке түседі. Ал, ойын немесе басқа бір қызықты іс-әрекет үдерісінде болса, осы материалды кереметтей есінде сақтай алар еді.

Ұзақ уақыт бойы айтылған қабылдау, ойлау, зейін қою, есте сақтау сапалары жас мөлшерінің ажырамас белгілері болып табылады деп есептеліп келеді, мектепке дейінгі үйретуді де осыған ыңғайлауға тырысты. Бірақ кеңес психологтары мен педагогтарының жақында жүргізген зерттеулерінен осы сапалардың өздері мектепке дейінгі үйретудің дәстүрлі ерекшеліктері нәтижесінде пайда болғаны анықталды. Балалар үшін олардың жеке тәжірибесіне сай келетін, оған күнделікті кездесіп отыратын заттар мен құбылыстар шеңберінен шықпайтын мағлұматтар іріктеп алынды. Бұл мағлұматтар қолмен ұстап байқауға болатын (немесе көзбен көруге болатын) нақты заттарды және олардың қасиеттерін суреттеумен шектелді, оның үстіне мұндай суреттеулер мейлінше анайы, жуықталған сипатта болды. Баланың зейінін жалықтырмас үшін материал ұсақталып бөлініп, өзінен-өзі есте сақталып қалғанға дейін әлденеше рет қайталанды.

Оқытуды өзгерту психикалық сапаларды батыл қайта құруға әкеліп соқтырады. Зерттеулер арнайы ұйымдастырылған сенсорлық тәрбие, яғни баланың қабылдауы мен елестетуін дамытуға бағытталған тәрбие заттардың сыртқы қасиеттерін зерттеу тәсілдерін үйрететінін, қабылдаудың толық және бөлшектелген болуына, заттардың жекелеген қасиеттері мен бөлімдердің тұтас заттағы орнын белгілеуге мүмкіндік беруіне қол жеткізетінін көрсетті.

**Зерттеу нәтижелері.** Дұрыс ұйымдастырылған ақыл-ой тәрбиесі бала ойлауының нақтылығын жоюға қоршаған құбылыстардағы қосымша ұсақ-түйектерге көңіл аудармастан, ерекшілігін анықтайтын басты нәрсені бөліп көрсетуге, үйретуге, бұйымдардың ортақ қасиеттері мен қарым-қатынастары жөнінде ойлауға, құбылыстың қарапайым заңдылықтарын байқауға, талқылауға және дербес қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Кеңестік балабақшаларда жүргізілетін жүйелі оқыту үстінде балалардың ырықты зейін қою тыңдай, тәрбиешінің нұсқауын орындау, оның айтқанын есте сақтай білуі қалыптасады.

Сонымен, оқытудың психикалық үдерістерді дамыту бағытына әсер ету мүмкіндігі бар. Бұдан, әрине, баланы, оның жас ерекшелігін ескерместен, не болса соған үйрете беруге болады деген қорытынды шықпайды. Оқыту психикалық дамудың неғұрлым құнды жолын қамтамасыз етуге, әрбір жас шағының дамуын мейілінше көмектесетін нәрсені беруді қамтамасыз етуге тиіс.

Әрбір шақ оқытудың әр түріне зеректігімен ерекшеленеді. Белгілі бір оқыту әсері психикалық даму барысына неғұрлым зор ықпал ететін жас шағы кезеңдері болады. Ондай кезеңдерді дамудың сензитивтік кезеңдері деп атайды. Бір жарым жастан үш жасқа дейінгі балаға сөз үйретуге арналған сензитивтік кезең жақсы мәлім. Бұл кезде сөз өте оңай ұғылады да баланың мінез-құлқына және психикалық үдерістеріне-қабылдауына, ойлауына т.б.принципті өзгерістер енгізіледі. Егер әлдебір себептермен бала үш жасқа дейін сөйлей бастамаса, одан әрі сөйлеуді үйренуде елеулі қиындықтар

туады. Сөйлеу алмаудың салдарынан пайда болатын психикалық дамудағы ауытқушылықтың орнын арнайы толтыруға тура келеді.

Мұны үш жастан кейін ғана сөзге үйретіле бастайтын саңырау, сақау балаларды мысалға келтіруден айқын көреміз. Оларда іс-әрекеттең және психикалық үдерістер мен сапалардың дамуының көптеген түрінен артта қалушылық байқалады: сюжетті-рөлді ойын жасалмайды, заттық сурет салу болмайды, қабылдау және ойлау дамуы кешеуілдейді. Осы кемшіліктердің бәрін тек тіл үйретуге ғана емес, сонымен бірге дамудың басқа жақтарына да бағытталған үлкен педагоктық еңбектің арқасында қалпына келтіруге болады.

Дамудың сензитивтік кезеңдердің болуы үйретудің енді ғана қалыптаса психикалық сапаларға көбірек әсер ететіндігімен түсіндіріледі. Бұл сәтте олар мейілінше иілгіш, көнгіш келеді, демек кез келген жаққа"бұрып"әкетуге болады. Ал, қалыптасып қалған сапаларды өзгерту әлдеқайда қиын.

Қазіргі кезде сензитивтік кезеңдердің оқытудың барлық түріне бірдей қажет еместігі анықталды. Бірақ мектепке дейінгі кезең тұтас алғанда оқытудың қабылдауды елестетуді және образды ойлауды дамытуға әсер ететін түрлеріне неғұрлым сензитивтік (сезімтал) болатындығын дәлелдейтін фактілер көп.

Психикалық дамудың негізгі мазмұны ішкі, психикалық бағдарлы іс-әрекеттердің қалыптасу болып табылатыны белгілі. Бұл іс-әрекеттер сыртқы бағдарлы іс-әрекеттерден шығады. Балалардың осы іс-әрекеттердің бірін игеру үшін олардың өздерінің қажеттері мен құштарлығына сай келетін іс-әрекеттің бір түрімен айналасуы қажет. Осы заңдылықтарды білу, оқыту, көмектесетін жағдай жасайды, дамытатын болады.

Дамыта оқыту балалардың бағдарлау іс-әрекеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуге және әрбір жас шағы кезеңдеріне лайық балалар іс-әректтерінің түрлерін мейлінше пайдалануға тиіс. Демек,бұл балалардың мектепке барғанға дейінгі дамытатын оқытудың басты сәті-оларда ойын мен суретте бейнеленген заттарды,құбылыстарды, оқиғаларды, адамзат қылықтарын, заттық іс-әрекеттің, ойынның, сурет салудың, құрастырудың т.б.бағдарлау бөліміне енетін қимылдарды қалыптастыру. Бұл-заттардың қасиеттерін және олардың заттық іс-әрекетте пайдалану мүмкіндігін анықтауға, құрастырудың, сурет салудың түпкі ойларын бейнелейтін нәрсені, құбылысты, уақиғаны, адам әрекетін талдап-құруға және оларды жүзеге асыру тәсілдерін іздеп табуға бағытталған қимылдар.

Қызметтің балаға тән түрінің практикалық жұмыс бөлігіне жататын қимылдарға (сурет салу, құрастыру техникасына заттар мен ойыншықтарды пайдалануға) үйренуде өте қажет, өйткені бұларсыз іс-әрекет орындалмайды. Бірақ, ол ешқашан тар мақсатқа айнамауы, бағдарлау қимылдарын қалыптастарырудан қол үзбеуі керек. Егер мұны назардан шығарып алса, онда баланы оқыту дамыту құндылығы жоқ, үстірттікке айналады. Кейбір ата-аналар мен балабақша тәрбиешілері баланың әр қимылға түгел дерлік машықтандырып, оқытуды даяр үлгіге еліктеуге әкеліп тіреуге тырысады: Мысалы,баланы үй тұрғызуға үйреткенде әрбір текшені қалай қою керек екенін өзі бір неше рет істеп көрсетеді, сурет салдырғанда үлкендердің қолымен жасалған бейнені көшіртеді.Тіпті балалардың рөлді ойындарына жетекшілік етуле кейде үстірттік форма алады,онда үлкендер балаға кандай да бір рөлде мінез-құлақтың дайын рецептін тықпалайды. Сөйтіп баланың өздігінен қабылдауын, ойында, сурет салғанда, құрастырғанда бейнеленетін шындыққа ой жүгіртуін тежейді. Басқа бір жағдайларда-балаларға шектен тыс еркіндік беріп,олар қоршаған өмірмен дара қалған соң өмірді түсіну, елестету жолдарын шамамен іздестіруге мәжбүр болулары да жақсы емес.

Балалардың алдына дербес тануды талап ететін, бірте-бірте күрделене түсетін міндеттер қоя отырып, оларды таным әдістері мен тәсілдеріне арнайы үйретуі заттарды жоспарлы түрде зерттеуге олардың қасиеттерін тауып, салыстыруға, тиісті қорытынды шығарып, алынған нәтижелерді өзінің іс-әрекетінде қолдануға үйрету керек. Оның үстіне қызметтің барлық түріне творчество элементтерін көбірек енгізу, яғни балаларды сюжетті ойындарға көбірек көңіл бөлуге, ойланы сурет салуға, құрастыруға ынталандыру қажет. Соның өзінде іс-әрекеттің бейнелеу және творчестволық жағы бір-біріне қайшы келмейтіні былай тұрсын, керісінше, алғашқысын жетілдіру екіншісін қалыптастыруға негіз болатынын ұмытпау керек. Мәселен,бала нақты зат пен құбылыстың ерекшеліктерін оңай әрі дұрыс қабылдап, оны өзі салған суретте бере білсе, оның творчестволық түпкі ойды жасау және жүзеге асыру мүмкіндіктері соғұрлым мол болмақ.

Бірақ балалық іс-әрекет түрлері жеті жасқа дейінгі балаларға қажетті білім мен іскерлікті түгел игере алмайды. Сондықтан балабақшада сабақтарда оқыту, құрастыру т.б. үстінде ойын тәсілдерін балалармен кеңінен қолданса да оларға біртіндеп оқу тапсырмалары да бере бастайды, онда баланың алдына оны бір нәрсеге үйрету керек деген тікелей мақсат қойылады. Оқу тапсырмаларын орындау балалардың өсіп отырған білім құмарлығына, оларда танымдық ынтаның пайда болуына негізделеді. Оқу тапсырмалары балаларды математиканың сауаттанудың бастамаларын үйретуге, оларды

табиғаттың және қоғамдық өмірдің құбылыстарымен таныстыруға,олардың үйлестірілген қимылдарын музыкалық іс-әрекет саласынан (ән салу,ырғақ) кейбір іскерліктер мен дағдыларға т.б. қалыптастыруға бағытталған.

**Талқылау**. Балалардың психикалық дамуы бір қалыпты болмайды, бала психикалық бейненің қандай да бір негізгі белгілерін ұзақ уақыт бойы сақтағанда дамудың біршама баяу, бірте-бірте өзгеретін кезеңдері ескі психикалық белгілердің құрып бітуімен, жойылуымен және жаңа белгілердің пайда болумен байланысты, кейде баланы неғұрлым тез, секірмелі түрде адам танымастай өзгертіп жіберетін өзгерістер кезеңі байқалады. Осы секірмелі түрдегі өтуді даму дағдары деп атайды. Олар шамамен бірдей жағдайда тұрған жас шағынан шамалас балалардың барлығында пайда болады да балалық шақты жас шағына қарай бірнеше кезеңге бөлуге мүмкіндік береді.

Туғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі кезеңде (баланың дүниеге келуіне байланысты оның өмір сүру жағдайын кенет өзгертетін дағдарысты айтпағанда) бала 3 дағдарыс сәттерін: 1 жаста, 3жаста және, ақырында, 7жаста басынан кешіреді. Осыған сәйкес бұл кезеңде 3 жас шағы кезеңдері бөлініп шығады: нәрестелік шақ (туған күннен 1 жасқа дейін ), сәбилік шақ (1 жастан 3жасқа дейін) және мектепке дейінгі балалық шақ (3 жастан 7 жасқа дейін).

Психикалық дамудың бірдей жас шағы кезеңіндегі балаларды біріктіретін негізгі психикалық белгілер – олардың қоршаған дүниеге көзқарасы, олардың қажеттерімен қызығулары және осы қажеттілік пен қызығулардан туындайтын бала іс-әрекеттерінің түрлері. Жетекші іс-әрекетті арнайы атап көрсеткен жөн, одан дәл осы кезеңдегі психикалық дамудың маңызды ерекшеліктері соған байланысты болады. Нәресте үшін жетекші іс-әрекет үлкендермен эмоциялық қарым-қатынас болса, сәбилік шақтағы бала үшін заттық іс-әрекет, мектепке дейінгі бала үшін ойын болып табылады.

Психикалық дамудың жас шағы кезеңдері биологиялық дамуға ұқсамайды олардың пайда болуының тарихы бар. Әрине, балалық шақ адамның денесінің дамуы, өсуге қажетті уақыт мағынасында түсінгенде кәдімгі табиғи құбылыс болып көрінеді. Бірақ балалық шақ кезеңінің- бала қоғамдық еңбекке қатыспай, тек соған даярланатын уақыттын ұзақтығы және осы даярлық формалары қоғамдық тарихи жағдайларға байланысты болады.

Қоғамдық дамудың түрлі сатысында тұрған халықта балалық шақ қалай өтетіні жайындағы мәліметтер, даму сатысы неғұрлым төмен болса, жас өспірім ұрпақ үлкендерге тән еңбекке соғұрлым ерте араласатынын көрсетеді. Қарапайым мәдениет жағдайында балалар жүре бастаған сәттен ақ үлкендермен бірге еңбекке араласады. Біздің білетін балалық шақ ересектердің еңбегі сәбилердің қолынан келмейтін кезде еңбек алдын-ала үлкен әзірлікті керек еткенде пайда болады. Адамзатта бұл өмірге, ересектік іс-әрекетке даярлану кезеңі деп бөлінді. Осы кезеңде бала қажетті білімді, іскерлікті, психикалық сапаларды, адамның жеке басының қасиеттерін игеруі тиіс. Және әрбір жас шағы кезеңі осы даярлық үстінде өзінің ерекше рөлін атқаруы керек.

Мектептің рөлі балаға адамның накты қызметінің әр түрі үшін (қоғамдық өндірістің, ғылымның, мәдениеттің әр учаскесіндегі жұмыс) қажетті білім мен іскерлікті үйрету және тиісті психикалық сапаларды дамыту болып табылады. Бала туғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі кезеңнің маңызы қоғамда өмір сүру үшін әр адамға қажетті неғұрлым жалпылама, бастапқы білім мен іскерлікті, әрбір адамға қоғамда өмір сүру қажетті адамның жеке басының психикалық сапаларымен қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Бұларға тілді игеру, тұрмыс заттарын қолдану, кеңістік пен уақытты бағдарлауды дамыту, қабыдау, ойлау, елестетудің т.б. адамға тән формаларын өрістеті, басқа адамдамен өзара қарым қатынастың негіздерін қалыптастыру, әдебиет пен өнердің туындыларын оқып, үйрене бастау жатады.

**Қорытынды**. Балалардың психикалық дамуында жеке дара елеулі ерекшеліктер болады. Бұл айырмашылықтар ең алдымен психикалық дамудың қарқынына байланысты қандай да бір мәдениет жағдайында тәрбиеленген балаларда дамудың жасқа байланысты дағдарыстарының пайда болуының, дамудың 1 кезеңінен 2-ші кезеңіне өтудің белгілі орташа мезгілі болады жекелеген балаларда бұл мерзім не дәуір ерте, не едәуір кейін пайда болуы мүмкін. Іс-әрекеттің жекелеген түрлерін игеру қарқынында, психикалық үдерістерімен сапалардың дамуында бұдан да зор айырмашылықтар болуы мүмкін. Кейбір бала 4 жасында ешкім түсініп болмайтын әлдебір «шатпақ» сурет салса, ал екіншісі үйдің жанында тұрған адам суретін бейнелейді. Біреуі зейінінің тұрақсыздығын, алаңғасарлығын көрсетсе, ал екіншісі зейінін шоғырландырып, бірнеше сағат бойы сүйікті ісімен шұғылданады.

Балалар даму қарқынындағы айырмашылықтармен қатар, жасы өскен сайын жеке дара психолгиялық сапалардағы: қызығулардағы, мінез-құлық белгілердегі, қабілеттеріндегі – айырмашылықтар пайда болып ұлғая түседі. Алуан түрлі шексіз сұрақтар беретін, білуге құмар, ақыл ойы жүйрік балалар бар, жөнді ештеңемен айналыспайтын балаларда болады. Қыңыр мінез, ашуланшақ балаларда байсалды, мейірбан балаларға қарама-қарсы мінез қалыптасқан. Мектеп

жасына дейінгі кейбір балалардың музыкаға ( естуі, ырғақты сезінуі), ал басқаларында – математикаға қабілеті байқалады. Математикаға қабілеті барлар 5-6 жасында-ақ едәуір қиын арифметикалық есептерді т.б шығарады.

Балалар арасындағы жеке дара психологиялық айырмашылықты қалай түсіндіруге болады деген сұрақтың тәрбие мәселесін әркіммен жеке дара жүргізу үшін маңызы бар. Бұл сұраққа жауап беру үшін өзімізге бұрыннан таныс психикалық дамудың табиғи жағдайларына ( нерв жүйесінің құрылымы мен функциясына, оның жетілу үдерісіне) және тұрмыс пен тәрбиенің қоғамдық жағдайына қайта оралу керек. Бірақ енді бұл жағдайларды екінші жағынан – олардың жекелеген балалардың дамуындағы ұқсастығымен айырмашалықтарға тигізетін әсері тұрғысынан қараған жөн.

Балалар сөз жоқ, өзара табиғи ерекшеліктері арқылы ажыратылады. Мысалы жаңа туған нәрестелерді шартсыз рефлекстердің өзі әртүрлі дәрежеде көрінеді. Түрлі нәрестелердің шартты рефлекстері түрлі жылдамдықпен пайда болады. Көру тітіркендіргіштеріне бағдарланатын реакция басым көрінетін сәбилер бар, екіншілері терісіне дейінгі неғұрлым әсерленгіш келеді. Сірә кейбір табиғи ерекшеліктер тұқым қуалаушылық жолымен, басқалары ана құрсағындағы кезендегі қандайда бір даму жағдайының нәтижесінде пайда болады.

Мидағы түрлі атаулы ақаулар - тұқым қуалайтын аурулар, дұрыс жетілмеу, туу үстіндегі зақымдар-психикалық дамуды тежеуге әкеліп соқтырады, ал ерекше қиын жағдайда оны тоқтатып тастайды. Осыдан келіп, кейде өте тез немесе тым айқын өтетін психикалық дамуда шамадан тыс қабілеттің пайда болуы да мидың әлде бір туа біткен ерекшеліктеріне байланысты болады деп есептейді. Баланың жеке дара психологиялық сапалары, алдымен бүкіл қабілеті тұқым қуалайма дегенді анықтау үшін ғалымдар көп күш жұмсады. Осы мақсатпен аса көрнекті адамдардың тегі зерттелді.

Психикалық дамуда тұқым қуалаушылық адамның жеке басы ерекшеліктеріне тигізетін әсерін анықтау үшін егіз туған балалар да зерттелген. Егіздер бір жұмыртқалас және әр жұмыртқалас болады. Бір жұмыртқалас егіздердің барлық тұқым қуалау қасиеттері бірдей, өйткені олар бір ұрықтық кілеткадан тарайды ал әр жұмыртқаластардың тұқым қуалауы әр түрлі. Егіздерді зерттеу тесттер әдісінің көмегімен жүргізіледі: бір жұмыртқалас және әр жұмыртқалас егіздермен тесттік тапсырмалар орындауда жұп аралық ұқсастық дәрежесін анықтайды әдетте ( өне бойы болмағанымен) бұл ұқсастық бір жұмыртқалас егіздерде, тіпті бір жұмыртқалас егіздер нәресте кезінен бастап әр түрлі семьяда тәрбиленгеннің өзінде, әр жұмыртқаластарға қарағанда ұқсастық көбірек болады. Бұл мәліметтер, бір жұмыртқалас егіздердің дамуындағы әр жұмыртқаластармен салыстырғанда басқа себептермен тұрса да, тұқым қуалаушылық психикалық дамудың жеке дара ерекшеліктеріне әсер ететінін көрсетеді. Бұған себеп, мысалы бір жұмыртқалас егіздердің сырттай мықты ұқсастығы, бұл оларға айналасындағы адамдардың бірдей қарым- қатынас, яғни бірдей тәрбие жағдайын жасауға көмектесді. Өсіп келе жатқан адам үшін оның үлкендермен өз құрбылары арасындағы орын ең маңызды рөл атқарады. Баланың қалыптасатын әдеттері, мінез- құлық белгілері, ынтсы мен ақыл ой сапалары оның қоғамдық қарым-қатынас жүйесіндегі жағдайына байланысты. Бір жұмыртқалас егіздердің психикалық дамунық ұқсас болуына олардың қуаты мен мүмкіндігінің бірдейлігі де жағдай жасайды.

Балалардың психикалық дамуының түрліше болуына олардың қабілеттерінің қалыптасуына тұқым қуалаушылық ерекшеліктерінен гөрі тұрмыс жағдайындағы, тәрбие мен оқытудағы айырмашылықтар көбірек әсер етеді. Бір жұмыртқалас егіздермен, яғни тұқым қуалаушылығы бірдей балалармен жүргізілген зерттеудің нәтижелері осыны дәлелдейді. Ол үшін бес жарым алты жасқа дейінгі бес егіздер іріктеліп алынған. Олар арнаулы бала-бақшада тәрбиеленді. Барлық балалар егіздің бір сыңары бір топқа да, екіншісі басқа топқа енетіндей етіліп, екіге бөлінді. Топтар бөлек үйге орналастырылды, ойнайтын, оқитын жерлері де бөлек болды, бір-біріне тек серуендеу кезінде ғана қатынасты.

Балаларды оқытуда әр түрлі әдістер пайдаланды. Бір топта құрастыру ойындарын ұйымдастырып, текшелерден (сондай текшелерден жасалған үлгі бойынша) құрылыс тұрғызуы керек болды. Екінші топтың балалары бөлшекке бөлінбейтін текшелерден жасалған үлгі бойынша, яғни бала әрбір кезде құрастыру шешіміне қажетті тәсілдерді өздігінен іздеуі, құрылыстың қандай да бір бөлімі қандай элементтерден құралған болатынын талдауы, қол жеткен нәтижені үлгімен үнемі салыстыра отырып, осы элементтерді талдауы және араластырып құрастыруы керек.

Психикалық даму саласында балалар арасындағы айырмашылықтар әр түрлі болады. Олардың бәрі де тұрмыс пен тәрбие үдерісінде пайда болып, дамиды. Туа пайда болатын бірде-бір жеке-дара психологиялық ерекшелік жоқ. Бірақ балада әлдеқайда психикалық сапалардың қалыптасу долы және белгілі дәрежеде осы қалыптасудың нәтижесі табиғи ерекшелікке тәуелді болуы мүмкін. Кейбір

сапалары үшін (мысалы, темперамент) бұл тәулділік мейлінше мол, басқалар үшін (мінез-құлық белгілері, қабілеттілік) одан азырақ, ал үшіншілер үшін ( ынта, білім) мүлдем болмайды.

Тәрбие үдерісінде жеке-дара психологиялық ерекшеліктерді ескеру дегеніміз әр баланың жеткілікті дәрежеде психикалық дамудың жоғары сатысына көтерілуін қамтамасыз ете отырып, тәрбиелік қызметті осыған ыңғайластыру ғана емес, сонымен бірге баланың дамуына батыл араласу, білімге бастаған жақсы қасиеттерді қолдау және қолайсыз мінез-құлықты түзету. Балабақша тәрбиешілері, міне осы міндеттерді шешуі тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


*1. Балалар психологиясы: оқулық / Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова / - 2012.*

*2. Детская психология: учебное пособие /Д.Б.Эльконин; ред.сост. Б.Д.Эльконин .-6-е изд., стер..- / - 2011*

*3. Возрастная психология: учебник для бакалавров / Л.Ф. Обухова / - 2014*

*4. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров / [Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. и др.]; под общ. ред. А.С.Обухова / - 2014 Лернер И.Я.*

**УДК 373.1.02:372.8**
**МРНТИ 37.017.9**

***Ш.И.ИСАХОВА[1]***

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## *МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ*

*Аңдатпа*

Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруда экологиялық тәрбиенің мәні зор. Экологиялық тәрбие – табиғат туралы білімді меңгеруден тұрады, ол жауапкершілікті көзқараспен қараудан тұратын жоғары экологиялық мәдениетті қамтиды.

Мақалада жас ұрпақ пен барлық тұрғындардың жоғарғы экологиялық мәдениетін бірізді дамыту қарастырылады. Адамдардың санасы мен іс-әрекеттерінде табиғат байлықтарын тиімді пайдаланып, оларды сақтау кағидаларын, табиғатқа қоғам дамуының материалды және рухани күштердің қайнар көзі ретінде қарап, оның тағдыры үшін жауапкершілікті сезіну қарастырылады.

*Түйінді сөздер:* экология, табиғат, экологиялық тәрбие, қоршаған орта, эколог-ғалымдар, айналадағы орта.

***Ш.И.ИСАХОВА[1]***

Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Яссави
(город Туркестан, Казахстан)

## ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ДЛЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

*Аннотация*

Экологическое образование имеет решающее значение для формирования мировоззрения детей дошкольного возраста. Экологическое образование - это приобретение знаний о природе, которое включает в себя высокий ответственный подход в экологическую культуру.

В статье рассматривается последовательное развитие молодого поколения и высокая экологическая культура всех жителей. Подсознание и действия людей рассматривает наиболее эффективные способы использования природных ресурсов и сохранения принципов природы, а также принимает природу как источника материального и духовного развития общества, и чувствуют ответственность за нее.

*Ключевые слова:* экология, природа, экологическое образование, окружающая среда, экологи, окружающая среда.

***SH.ISAKHOVA[1]***
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Turkestan city, Kazakhstan)

## *ECOLOGICAL EDUCATION FOR PRESCHOOL AGE CHILDREN*

*Abstract*

Environmental education is crucial for the formation of the worldview of preschool children. Environmental education is the acquisition of knowledge about nature, which includes a high responsible approach to environmental culture.

The article considers the consistent development of the younger generation and the high ecological culture of all inhabitants. The subconscious and actions of people consider the most effective ways of using natural resources and preserving the principles of nature, and also accepts nature as a source of material and spiritual development of society, and feel responsible for it.

*Key words:* ecology, nature, ecological education, environment, ecology, environment.

Елімізде болып жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени-этникалық, экономикалық өзгерістерге байланысты әлеуметтік және материалдық құндылықтарды жасауда жан-жақты үйлесімді дамыған, Отанның, туған жерінің табиғатын қорғау, өз алдына жауапты шешімдер қабылдай алатын әр істе белсенді шығармашылық әрекет жасауға қабілетті тұлғаны қалыптастыру көкейкесті мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасында, экологиялық білім беру жүйесінің мақсатында» ұзақ мерзімдік орнықты даму мүмкіншілігі қамтамасыз ететін қоғамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының үйлесімділігі, мекемелердің ғылыми негізгі әрекет жүйесіне бағытталған жаңаша ойлау мен дүниеге жаңа көз қарасты қалыптастыру» – деп көрсеткен [1] .

Тұжырымдаманы негізге алсақ, экологиялық сауатсыздық, табиғат заңдарын білмеу, біле тұра олармен санаспау, бүгінгі экологиялық дағдарыстың негізгі себебі болып отырғаны белгілі.

Экологиялық тәрбиенің мақсаты – қоршаған ортаға экологиялық сана базасы негізінде құрылатын жауапкершілікті қарым-қатынас қалыптастыру. Бұл дегеніміз – табиғатты пайдаланудың құқықтық және адамгершілік принциптерін, оны оптимизациялауды насихаттау идеяларын, өз жерінің табиғатын қорғау және меңгеру бойынша белсенді қызметті бақылау.

Бұл бағыттағы мәселелерге кезінде қазақ халқының біртуар тұлғалары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б. еңбектерінде табиғат пен адам өзара біте қайнасқан, ажырағысыз біртұтас дүние ретінде қарастырғандығын көреміз. Осы тұрғыдан алғанда, табиғат пен қоршаған ортаны тану, қорғау, аялау мәселелері ұлтымыздың тарихында тереңнен көрініс табатынын байқаймыз .

Экологиялық тәрбие мәселесін жан-жақты қарастыруда Ә.С.Бейсенова, А.В.Чигаркин, Ж.Ж.Жатқанбаев, Н.С.Сарыбеков, М.Н.Сарыбеков, Қ.А.Сарманов, Ж.Б.Шілдебаев, Ж.І.Байтағулова және т.б. сияқты ғалымдардың еңбектері өздерінің маңыздылығымен ерекшеленді.

Экологиялық білім берудің теориялық негіздері орыстың табиғат зерттеушілері әрі көрнекті педагог ағартушылары В.Белинский, А.Герцен, Н.Чернышевскийдің есімдерімен тығыз байланысты. Одан соң А.Бекетов, К.Тимирязев, Д.Кайгородов, т.б. ғалымдар табиғатты зерттеу мен қорғау туралы мәселелерді көтерді [2].

Келешек ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыра отырып, жаңа заманның көкірегі ояу, ұлттық сана-сезімі жоғары саналы азаматты тәрбиелеу ұзақ әрі күрделі процесс болып табылады. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі таңда өткір қойылып, өз шешімін табуды қажет етіп отыр. Аталмыш мәселені шешуде көптеген ғалымдар өз үлестерін қосқан.

Қазақтың біртуар данышпандары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уалиханов, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов т.б. еңбектерінде табиғат пен адам өмірінің тіршілігін ажырамайтын, бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас дүние ретінде қарастырған.

Сонымен, «экология» гректің oikos – үй (тұрақ, тұрғылықты жер, баспана) және *logos* – ғылым деген сөздерінің қосындысынан құралған. Бұл сөздердің дәлме-дәл мағынасы экология – «өз үйіндегі» организмдер туралы ғылым дегенді білдіреді, яғни «организмдер мен қоршаған орта арасындағы жиынтықты» немесе олардың бір-бірімен байланысының сипаттамасына ерекше баса назар аударатын ғылым екендігін көрсетеді. Қазіргі кезде көптеген зерттеушілерге тән ортақ пікір – ол тірі организмдер мен қоршаған ортаның

қатыстылығын оқып-үйрететін немесе тірі организмдердің ортадағы өмір сүру шарттарының жағдайын, бір-бірімен өзара қарым-қатынастық байланысын зерттейтін ғылым деп санайтындығында.

Кез-келген ғылым саласы сияқты, экологияның екі аспектісі бар (1-сурет). Оның бірі – таным шеңберін кеңейту, яғни табиғат дамуының заңдылықтарын ашу және оларды түсіндіру.

Екіншісі – жинақталған білімдерді қоршаған ортаға қатысты проблемаларды шешу үшін қолдану. Экология маңызының барған сайын артуын-практикалық маңызы бар бірден-бір ірі мәселе табиғаттың жанды және жансыз компоненттері арасындағы байланыстарды ескермей шешілмейтіндігімен түсіндіруге болады.

Эколог-ғалымдардың пікіріне қарағанда, экологиялық білім мен тәрбие беру өзіне кешенді зерттеулерді талап етеді: біріншіден, табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру үшін көпшілікке біртұтас ғылыми білім жүйесін беру; екіншіден, тұлғаның дүниеге, табиғатқа деген гуманистік көзқарасын тәрбиелеу; үшіншіден, экологиялық мәдениетті дамыту; төртіншіден, қоршаған ортаны қорғауда белсенді бағытты ұстау және алған білімді тәжірибе жүзінде іске асыру.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы, тәрбиенің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді [3]. Экологиялық тәрбие жұмысына орай көрнекіліктерді қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты конкурстар ұйымдастырылып экология проблемалары туралы, жағымды және жағымсыз әрекеттер бейнеленген картиналар пайдаланылғаны, ата аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс. «Алтын күз», «Құстар күні», «Табиғатты сүйеміз», т.б ертеңгіліктер бала еңбегімен ұштасып, әр педагогтың ізденімпаз әрекеті ғана болашақ табиғат жанашырын тәрбиелей алады дей келіп, тәрбие жұмысын жүргізудің мынадай екі нысанасына назар аударамыз:

а) балалардың айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін нәзік сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу.

ә) балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түйсік қалыптастыру.

Бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады. Табиғатпен таныстыру – балалардың танымын дамытудың басты құралдарының бірі. Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты – табиғатты аялап,оны қамқорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып,тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру маңыздылығы. Табиғат әлемі таңғажайып және керемет. Дегенмен,барлығы бұл сұлулықты, аспан, су, жапырақ түстерінің алуандығын көре білмейді. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді. Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат – бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл – балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуі бізге, ересектерге байланысты. Балабақша балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: саяхат; мұражайларға бару; мақсаттық серуен; телебағдарламалар, бейнефильмдер; табиғат туралы көркем әдебиеттер; суреттерді, фотосуреттерді,

иллюстрацияларды тамашалау; музыка тыңдау; дидактикалық ойындар, мақал-мәтелдер. Мектепке дейінгі жастағы балаларға адам мен табиғат арасындағы қарым – қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие беруге байланысты мектепке дейінгі тәрбие мекемелердің алдында негізінен мына төмендегі міндеттер тұр.

Атап айтқанда:

– педагогтардың экологиялық тәрбие беру жөнінде білім деңгейін көтеру;

– балаларды айналамен таныстырудың бағдарламасын, олардың ата-аналарына насихаттау;

әртүрлі жастағы балалар топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстар;

Қоршаған ортаны аялауға деген адамның саналы көзқарасын қалыптастыру оның бала кезінен ерте басталуы тиіс.

Біз табиғи факторлар – су, ауа, күнді қолдана отырып экологиялық тәрбие мәселелерін шешеміз. Балаларды өсімдіктер және жануарлар әлемімен таныстыру арқылы, оларды күтіп баптаудың жолдарын үйрете отырып, оларды аялай білуге тәрбиелейміз. Балалар тірі және өлі табиғат арасында, тірі организм мен олардың өмір сүру ортасындағы байланыстарды орнатуды үйренеді. Бала дүниеге келгеннен бастап табиғатпен байланыста болады. Табиғат баланың ақыл ойының балалық деңгейден нақты түсініктер бойынша қалыптасқан жоғары деңгейге жеткізетін қор болып табылады. Ол әртүрлі табиғи құбылыстарды жете түсінуді, өз ойын жеткізе білу өнерін дамытады.

Табиғатты танып, білу мектепке дейінгі жастағы баланың бойында табиғатпен эстетикалық қарым қатынас жасаудың базасын құрайтын экологиялық тәрбиені бере отырып, сонымен бірге оны қорғай, аялай білуге үйретеді.

Мектепке дейінгі жастағы балаға экологиялық мәдениеттің алғашқы түсініктерін қалыптастыру үшін:

1. Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға экологиялық тәрбие берудің алғы шарттарын құру;

2. Балалардың экологиялық сауығуының дамуы үшін атқарылатын жұмыстарға көгалдандырылған зоналар құру және ұйымдастыру;

3.Тірі объектілерді күтіп-баптауға қолайлы ортаны іс жүзінде құру үшін іс-шаралар ұйымдастыру;

4. Сабақта көркем құралдарды, әдістемелік және материалдық құралдарды, ойыншықтарды, түрлі ертегі кейіпкерлерін жүйелі түрде қолдану;

5. Педагог мамандардың білім деңгейі мен олардың біліктілігін арттыру.

Экологиялық біліктілік арқылы ұжымдық, топтық, жеке қабілеттерді ашуға болады. Жалпы экология барлық оқыту – тәрбиелеу үрдісімен байланысты. Осы оқу іс-әрекеттерді тиімді дұрыс пайдалануы мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамыта отырып, білімді игеруге қызығушылықтарын тудырады. Балалар оқу іс-әрекетінде алған білімдерін іс-жүзінде тәжірибелерде өздері жасап, нәтижесін көреді. Мысалы: өсімдікке ауа қалай енетінін анықтауды қызыға орындайды.

Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау қызықтау, серуен. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл-күймен қатар, табиғат сұлулығын сезіне білуіне әсер етеді. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, қураған жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экология тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелері-мен сабақтастыра жүргізу басшылыққа алынады.

Қорытындылай келе: Балалардың дамуында экологиялық тәрбиенің маңызы зор. Балалардың барлық іс-әрекеті, ақыл-ойы осы айнала қоршаған ортамен тығыз байланыста

және экологиялық тәрбие балабақшамен шектелмейді, мектепте осы білімдерін одан әрі өрбітіп, байытады.

Экологиялық саяхаттар, серуендер, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттердің барлығы ойындар арқылы дамиды, түйсікте сақталады. Бала алған білімді көру, ұстап қарау арқылы тез қабылдайды. Балалармен өткізген ойындар, сабақтар көп жетістіктерге жеткізеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. *Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан. -1996.-1маусым.*
2. *Бейсенова Ә.С. Экология және табиғат қорғау. А. 2000.*
3. *Бейсенова Ә.С. Экологиялық білім мен тәрбие беру. А. 2000.*
4. *Балабақшадағы экологиялық тәрбие /Отбасы және балабақша-1996. №11-12/*

**УДК 17:37.01**
**МРНТИ 37: 811.161.1(077)**

## [1]ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАТЫСЫМДЫҚ ӘДІСТЕР

**ИСМАНОВА РАБИҒА ЖОЛДАСОВНА[1]**

*Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*
*(Қазақстан, Шымкент)*

Андатпа

Мақалада сөйлесу әрекетінің қатысымдық сипаты қарастырылған. Білім беру саласындағы жан-жақты дамыған, түрлі жағдаяттарда өз ойын нақты жеткізе алатын баланы тәрбиелеу талаптары оқушылардың коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, сын тұрғысынан ойлау, ғылыми бағытталған, топтық жұмыстарда өз ойын айта білетін жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған. Жеке тұлғалық қасиет тәрбие негізінде беріледі. Ал тәрбиенің негізі адамдар арасындағы қатысымға байланысты. Қатысым сөйлесу жағдаяты арқылы дамиды. Сөйлесу жағдаятының типтерін қарастыру үшін олар тудыратын сөйлесу әрекетінің сипатын анықтау керек. Тілдік әрекеттің барлық сипатын сөйлесу жағдаятындағы деректер белгілейді. Ол – сөйлесу әрекетін топтастыру жағдаят ұстанымына негізделу керек деген сөз. Ал жағдаят ұстанымы типтерді бөлуде біріздiлiк туғызады және сөйлесу әрекетінің қатысымдық сипатын көрсетеді.

*Кілт сөздер:* сөйлесу жағдаяты, қатысым, тілдік жағдаят.

## [1]КОММУНИКАТИВНЫЕ МЕТОДЫ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ

***ИСМАНОВА Р.Ж.[1]***

*Южно-казахстанский государственный педагогический институт*
(г.Чимкент, Казахстан)

Аннотация

В статье обсуждается коммуникативный характер разговора. Целью статьи является просвещение человека, способного выразить свои мысли в различных образовательных ситуациях, таких как воспитание детей, коммуникативное общение, критическое мышление, исследования, работа в команде. Личные качества предоставляются на основе воспитания. Основой образования является связь между людьми. Чтобы рассмотреть типы разговоров, необходимо определить характер речи, которую они вызывают. Все функции языковой активности установливают данные. Это означает, что речь о группировке должна основываться на позиционном принципе. Положение ситуации создает последовательность в распределении типов и показывает коммуникативный характер разговора.

*Ключевые слова:* положение ситуации, коммуникация, речевое положение

## [1]COMMUNICATIVE METHODS AIMED AT THE FORMATION OF PERSONALITY

**ISMANOVA R.ZH.[1]**

*South kazakhstan state pedagogical institute*
(Shimkent city, Kazakhstan)

*Abstract*

The article discusses the communicative nature of the conversation. The goal of the article is to educate a person who is able to express his thoughts in various educational situations, such as raising children, communicating, critical thinking, research, teamwork. Personal qualities are provided on the basis of upbringing. The basis of education is the connection between people. To consider types of conversations, it is necessary to determine the nature of the speech that they cause. All functions of language activity set the data. This means that the grouping should be based on a positional principle. The situation situation creates a sequence in the distribution of types and shows the communicative nature of the conversation.

*Keywords:* state of situation, communication, state of speach

**Кіріспе.** Бүгінгі жалпы білім беру саласындағы 12 жылдық мектеп бағдарламасы баланы жан-жақты дамыту, түрлі жағдаяттарда өз ойын нақты жеткізе білетін азаматты тәрбиелеу, баланың табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ету, саналы, білімді, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси, өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беруге бағытталған және қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті; өзін-өзі дамытуға; өз ойын еркін айта білуге; өз қалауымен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім; жоғары білімді шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыру мақсатын қойып отыр. Жаңартылған білім беру бағдарламасы да коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, сын тұрғысынан ойлау, ғылыми бағытталған, топтық жұмыстарда өз ойын айта білетін жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған Жеке тұлғалық қасиет тәрбие негізінде беріледі. Ал тәрбиенің негізі адамдар арасындағы қатысымға байланысты. Қатысым сөйлесу жағдаяты арқылы дамиды [1].

**Зерттеу әдістері**. Сөйлесу жағдаятының типтерін қарастыру үшін олар тудыратын сөйлесу әрекетінің сипатын анықтау керек. Тілдік әрекеттің барлық сипатын сөйлесу жағдаятындағы деректер белгілейді. Ол – сөйлесу әрекетін топтастыру жағдаят ұстанымына негізделу керек деген сөз. Ал жағдаят ұстанымы типтерді бөлуде біріззділік туғызады және сөйлесу әрекетінің қатысымдық сипатын көрсетеді. Лингвистикалық тұрғыдан келгенде, сұраулы сөйлем жасайтын тілдік бірліктер, сұраулы сөйлем интонациясына сүйену керек. Алайда олар сұрау мәнді сөйлесу әрекетін туғызатын тілдік жағдаяттың деректері екенін естен шығаруға болмайды [2].

1) Сөйлесу жағдаятының сұрау мәнді сөйлесу әрекетін туғызатын түрі. Сөйлесу әрекетінің мақсаты – тыңдаушыдан белгілі бір уақиғаның шындығы, ақиқаттығы туралы мәлімет алу. Мазмұндық жағынан келгенде, әрекет екіге бөлінеді, оның біреуі – жаңа уақиға туралы хабардан тұрады, екіншісі – жаңа уақиға туралы хабардың ақиқат шындығын анықтау. Осы мазмұнның ерекшелігі сөйлесу әрекетінен орын алады. Сөйлесу әрекеті жай сөйлем де, құрмалас сөйлем де болуы мүмкін. Онда *рас, шын, солай* сияқты сөздер мен сұрау шылаулары мен *сұрау есімдіктері* қолданылады.

2) Сөйлесу жағдаятының хабарлы-сұраулы сөйлесу әрекетін туғызатын түрі. Сөйлеуші белгілі бір уақиға туралы хабар алды, оның міндеті – хабардың шындығын анықтау. Оны анықтау үшін, ол тыңдаушыдан сұрау керек. Тілдік жағынан ол үшін сұрау есімдіктері, сұрау шылаулары не интонация қолданылады. Мазмұндық жағынан сөйлесу әрекеті екіге бөлінеді, біреуі – жаңа деректің болуы. Жаңа дерек хабарлы сөйлеммен беріледі. Екіншісі – жаңа деректің, хабардың шындығын анықтау қажеттігі. Ол сұраулы сөйлем арқылы жүзеге асады.

3) Қарсылық мәнді сұрауды туғызатын сөйлесу жағдаяты. Бұл типтегі сөйлесу әрекетінің мақсаты күтпеген уақиғаны болдырған сөйлеушіге белгісіз жағдаятты яғни, себепті білу. Сонымен бірге ол уақиға өзінің көзқарасын, пікірін (реніш, күйініш, керісінше қуанышын) білдіру.

4) Болжалды мәнді сұраулы сөйлемді туғызатын сөйлесу жағдаяты. Сөйлесу жағдаятындағы болжам мәні сөйлеу әрекетінде *мүмкін, әлде сияқты* сөздердің қолданылуын керек етеді. Сұрақ ашық емес**,** болжам мәнде айтылады. Грамматикалық тұлғалануы жағынан есімшенің *–ар,-ер,-р,-с* түрі жиі қолданылады

5) Мүмкін мәнді сұраулы сөйлемді туғызатын сөйлесу жағдаяты. Сөйлеушінің әрекетінің мақсаты - тыңдаушыдан сұрау арқылы деректің ақиқатын анықтау. Бұл сөйлеушінің сұраулы сөйлемді қолдануын туғызады. Сұраулы сөйлемнің берілу жолдары жоғарыда айтылды. Сөйлесу жағдаятының сұрау мәнді сөйлесу әрекетін туғызатын типі адамдар арасындағы тілдік қатысымда өте жиі қолданылады. Сөйлесу жағдаятының бұл типінде сұрауды туғызатын белгілі деректер яғни себептер болады. Оны анықтау үшін сұрау қажеттігі туады. Себепкер белгілі бір қайшылықты жоюды мақсат етеді. Осыған байланысты сөйлесу жағдаятының өздік құрылысы болады. Ол әр жағдаятта әр түрлі. Сұрау мәнінің түрлі реңкі бар. Олар: *қарсылық мәнді сұрау, мүмкін, болжам мәнді сұрау, т.б.* [3].

**Сөйлесу жағдаятының басталуына жаттықтыру**

1) Сөйлесу әрекетінің өтініш арқылы басталуын білдіретін түрі. Сөйлесу әрекетінің мақсаты – тыңдаушыны әрекетке кедергіні жоюға шақыру, жоюды өтіну. Өтініш бұйрық райдың тілек өтініш мәнін білдіретін 2-жақтың сыпайы түріне *-шы,-ші* жұрнағы қосылған баяндауышы бар сөйлеммен беріледі. Оны жоғарыда келтірілген мысалдардан көруге болады. (*Айтып жіберіңізші*!). Сөйлесу әрекетінің бұл түрінде жасалуға тиісті әрекет сөйлеушіге де, тыңдаушыға да бірдей қажет жағдаятта және оны іске асыру жеңіл болғанда қолданылады.

2) Сөйлесудің бұйрық мәнінде болуын туғызатын түрі. Талаптың, бұйрықтың түріне қарай сөйлесу әрекетін жүзеге асырудың тілдік бірліктері бар. Әрекеттің орындалуын талап етудің ең қатал бұйрық түрі бұйрық райдың екінші жағындағы баяндауышы бар жай сөйлем яғни бұйрықты сөйлем. Мысалы, *Шық үйден! Таста газетті!* Мұндай сөйлесу әрекетінде баяндауыш толықтауыш сөзден бұрын, қатал дауыспен айтылады.

3) Сөйлесудің шақыру мәнде басталуын туғызатын түрі. Мұндай жағдаяттағы сөйлесу әрекетіне шақыру етістігі қатысады. Бұл етістік сөйлемнің баяндауышы қызметінде қолданылады

4) Тілдік жағдаяттың ұсыныс мәнін туғызатын түрі.

Сөйлесу әрекеті екі бөлімнен тұрады: 1-де ұсынысты қабыл алатын адам керек, 2-де сөйлесу әрекетінің мазмұны ашылады. Егер ұсыныс белгілі бір адамға емес, жалпы болса, онда ұсынысты қабыл алатын адамды іздеу алға шығады.

5) Сөйлесу жағдаятының ақыл, кеңес беру мәнін туғызатын түрі. Ұсыныс тілек, өтініш түрінде де жасала береді, осымен байланысты сөйлесу әрекеті де түрліше болады. Сөйлесу жағдаятының сөйлесу әрекетінің басталуын туғызатын типінде белгі бір жағдаятты туғызатын себептің пайда болуы, ол себепті жою қажеттігін айтады. Міне бұл сөйлесу әрекетін туғызады. Мұндай сөйлесу жағдаятының өзіндік құрылысы, сипаты, сөйлесу әрекетінің өзіндік белгілері болады. Тілдік бірліктер жағынан, көбіне, хабарлы сөйлем түрінде болады. Жағдаяттың сөйлесу әрекетінің басталуын туғызатын типінің өзіндік ішкі реңктері бар. Олар сөйлесудің шақыру мәнде басталуы, сөйлесудің ұсыныс мәнде басталуы, сөйлесудің ақыл, кеңес беру мәнде басталуы т.б.

**Зерттеу нәтижелері.** Диалог қазақ тілі сабағында мұғалім мен оқушы арасында, оқушы мен оқушы арасында болады. Сабақтағы мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы диалог арқылы болатын қатысым қазақ тілінде жүргізілуі қажет. Оқушы бұған алғашқы сабақтан үйретілсе, әдеттенсе, қазақ тілі сабағы қазақ тілінде жүргізілсе, оны сабақ кезінде қазақ тілді орта жасалды деп бағалау керек. Ал қазақ тілі ортаның қазақша сөйлесу дағдысын қалыптастыратыны белгілі. Сөйлесу жағдаяттары бойынша диалогке жаттыққан оқушы шындық өмірдегі әр түрлі жағдаятта кіммен болса да, сөйлесуге дайын болады. Ол өмірдегі кез-келген жағдаятта тілден алған білімін іске асырып, сөйлесе береді. Осылайша, материалды меңгерудің алғашқы кезеңдерін қатынасты оқытудың арнайы емес кезеңі деп, ал қатынастың өзіне тән ерекшеліктеріне назар аударылатын арнайы сөйлесу шеберлігін дамыту эвристикалық жағдайында мүмкін екендігін логикалы түрде шамалауға болады. Эвристикалық қатынасқа оқытуды мына бағытта қарастырамыз: 1) тілдік тапсырмаларды эвристикалықта оқыту; 2) тірек қатысым тактикасын оқыту.

**Талқылау.** Оны екі аспектіде қарастыруға болады. Бірінші жағдайда өз қатынас жағдаятына байланысты әр жеке әңгіменің функционалды бағытталғандығының мүмкін сипаты жөнінде болды. Сонымен, әңгімелесушінің өзара қарым-қатынас сипатына байланысты *не өтінішті, не бұйрықты, не талапты, не ұйғарым, шешімді* таңдауға болады. Екінші жағдайда функцияның эвристикалығы олардың алуан түрлі тіркесуіндегі шартты-ситуативті мүмкіндік ретінде түсінеді.

Бұл қызметтің барлық мүмкін эвристикалық тіркестерде максималды қайталанушылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [4].

а) Қатынастың эвристикалығы. Қатынас бір немесе бірнеше нысандарға бірден олардың біреуіне жетекші рөлінде байланысты болса, онда сөйлесу жалпы оқушылардың ісіне және мектеп өміріне байланысты болуы мүмкін. Қатынаста сөз әр уақытта бір нысаннан екінші нысанға өтеді. Кейде алдыңғыға жақын, байланысқан, кейде алдыңғымен ешбір ортақ нәрсесі жоқ тақырыпқа ауысып отырады. Эвристикалық тұрғысынан алдыңғы қатынас нысаны оқытуда ескеріледі.

ә) Қатынас мазмұнының эвристикалығы. Ол қатынас нысаны барысында тілдік қызметтен әр түрлі мазмұны есебінен өте алатындығын айтуға болады. Мәселен, Ұлттың айнасы – тіл екенін дәлелдеу үшін (нысан ұлттық тіл, қызмет-дәлелдеу, көз жеткізу) ғылыми еңбектерден алынған нақты фактілерге сүйенуге, әдебиеттерден мысал келтіруге, цифрларға көңіл қоюға немесе көзімен көргендердің әңгімелеріне, тіл бойынша оқулықтардағы мәліметтерді қолдануға болады. Жаттығу ұйымдастыру кезінде оқушылардың қатысымдық сол не өзге нысанын аша білуге мүмкіндіктерін ескермеске болмайтындығын осымен түсіндіруге болады.

б) Сөйлесуші серіктің эвристикалығы. Топтық және көпшілік қатысым кезіндегі тілдік серіктің эвристикалығы олардың әрқайсысының ынта-ықыласына, яғни, олардың қатынасқа ену мүмкіндіктеріне байланысты. Қатысым үдерісінің әр бөлімінде ынталы-әңгімелесушіні белгілеуге және оның ынталану бағытын бақылауға болады. Ынталылық тұрғысынан алғанда, кез-келген қатысым түрлі вариантта бағыт алуы мүмкін: әңгімелесушінің біреуінің бойындағы ынта; немесе ынта олардың екеуінен де табылады; қатысымның барлық қатысушылары бірдей дәрежеде ынталы. Басқаша айтқанда, барлық уақытта ынталы және айнымалы ынталы әңгімелесушінің арасында

қатысым өмір сүреді. Осы варианттарға байланысты қатысым жасаушылардың әрбірі үшін олардың тілдік себептерінің эвристикалығының әр түрлі болатыны толығымен түсінікті болмақ. Егер сөйлеуші әңгіме барысында бейімделе алмаса әрі осы кезеңдегі өзгеруші ахуалға сәйкестенбесе, онда қарым-қатынас нәтижелі жүрмейді. Осылайша эвристикалық қатысымның барлық үдерісін, оның барлық компоненттерін, әңгімелесушілердің ахуалды нысанын, құралдарды жетілдіруге жаттықтырады. Демек, қатысымды эвристикалық негізде оқыту қажет.

Талданған сөйлесу жағдаятының типтерін, әр типтің ішкі түрлерін орыс сыныптарындағы сабақта қолдану қазақша сөйлесуге үйретуде жақсы нәтижелер береді. Бұл талдауда сөйлесу жағдаятының типтері арқылы диалогтің туатыны, диалогтің қалай басталуы ғана көрінеді. Сабақта олардың әрқайсысы жалғастырылып, диалог көлемі әр түрлі бола береді.

**Қорытынды.** Сөйлесім арқылы қазақша сөйлесуге үйрету әдіс-тәсілдері сан алуан. Қазақ тілін меңгерту барысында оқушылардың ана тілін, шет тілдерін үйрету мен қазақ тілін оқыту әдіс-тәсілдері ортақ бола береді. Ғылымда танылған әдіс-тәсілдердің барлығы да диалог арқылы сөйлесуге үйретуде қолданылады. Оқытудағы жаңа оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуде ең тиімді әдіс – қатысымдық әдіс. Бұл әдіс оқушылардың қазақ тілі арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасауын, әр ұлт өкілдерінің түсінісуін қамтамасыз етеді, яғни оқыту әрекеті тәжірибелік бағытта жүргізіледі, өмірде оқушылардың өзара сөйлесуі, тілдесуі, пікірлесуі арқылы өтеді.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

*1. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық орта, жалпы білім беру Тұжырымдамасы - flatik.ru/azastan*

*2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. – Астана, Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014.*

*3. Жапбаров А. Оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен дағдысын қалыптастыра оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері - Астана. ИП Валиев – 2014.*

*4.Жапбаров А.Қазақ тілін оқытудың тәжірибелік әдіс-тәсілдері: шығарма жаздыру әдістемесі - Шымкент, ИП Валиев – 2012.*

**УДК 37.02;371**
**МРНТИ 37.018.322.2**

## [1]МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

**АТЕМОВА Қ.[1]**
**КУРАЛБАЕВА А.[2]**
**ҚАБЕКЕЕВА Қ.[3]**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ. Қазақстан.*

*Аңдатпа*

Еліміздің егемендікке қол жеткізуімен бірге ұлтымыздың біртуар перзенттері мен ұлы тұлғаларының мұралары халық игілігі үшін зерделеніп, тәрбие құралына айналып келеді. Солардың қатарында Алаш қайраткерлерінің мұраларын кеңінен зерттеп, олардың тұлғалық болмысы мен ел игілігі үшін сіңірген еңбектерін өскелең ұрпаққа насихаттау бүгінгі мамандардың азаматтық парызы. Еліміздің зиялы перзенттерінің қай қайсысы болмасын ұрпақ тәрбиесінің әртүрлі тұстарын кеңінен зерделеп, келер ұрпаққа өз өсиеттері мен кеңестерін қалдырған.Солардың бірі Мағжан Жұмабаевтың мұралары бүгінгі отбасы тәрбиесін ұйымдастыруда теңдесі жоқ кеңестер болмақ.

Бұл мақалада Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық көзқарастары жүйеленіп, талдау жасалады. Ақынның отбасы тәрбиесі жағдайында бала тәрбиесін дұрыс ұйымдастырудың тиімді жолдарын сипаттааулы арқылы ата-аналарға, тәрбиешілерге берген ақыл-кеңестері баяндалады. Сонымен қатар, Мағжан Жұмабаевтың бала тәрбиесіне қатысты кеңестерінің бүгінгі күнгі өміршеңдігі мен сұранысы салыстырмалы талдау жасалып, көпшілік оқырманға насихатталады.

**Кілт сөздер**:тәрбие, отбасы, бала табиғатын ескеру, бесік тәрбиесі, ата-ана өнегесі, ізгілік қасиеттер.

## [1]ВЗГЛЯДЫ НА ВОСПИТАНИЕ РЕБЕНКА В СЕМЬЕ В РАБОТАХ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА

**АТЕМОВА Қ.[1]**
**КУРАЛБАЕВА А.[2]**
**КАБЕКЕЕВА К.[3]**

*Международный Казахско-Турецкий Университет имени Кожа Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан*

*Аннотация*

Наряду с обретением независимости нашей страны наследие выдающих сынов и великих личностей нашего народа изучается во благо народа и все больше становится инструментом воспитания. В их рядах наследие деятелей Алаш должны быть глубоко изучены, их личностная сущность и затраченные труды во благо страны должны пропагандироваться подрастающему поколению – это является гражданским долгом сегодняшних специалистов. Каждый из ученых сынов нашего народа внесли свой вклад в изучении разных аспектов воспитания поколений и оставили как наследие последующему поколению свои наставления и советы. Один из них советы, оставленные в наследие

Магжаном Жумабаевым, которым нет равных по вопросам организации сегодняшнего семейного воспитания.

В данной статье систематизируются и анализируются педагогические взгляды Магжана Жумабаева. Посредством описания эффективных путей корректной организации воспитания ребенка в рамках семейного воспитания в статье излагаются советы поэта, данные родителям и воспитателям. Кроме того, проведен сравнительный анализ между жизнеспособностью и запросами советов Магжана Жумабаева по воспитанию ребенка, ведется пропаганда широкому кругу читателей.

**Ключевые слова:** воспитание, семья, учет индивидуальных особенностей ребенка, колыбельное воспитание, пример родителей, доброжелательность.

## [1]VIEWS ON THE CHILD UPBRINGING IN THE FAMILY IN THE WORKS OF MAGZHAN ZHUMABAYEV

**ATEMOVA K.[1]**
**KURALBAYEVA A.[2]**
**KABEKEYEVA K.[3]**

*International Kazakh-Turkish University named after Hoja Akhmet Yasawi, Turkestan city, Kazakhstan*

*Abstract*

Along with gaining the independence of our country theheritage of outstanding sons and great personalities of our nation is studied for the people sake and is increasingly becoming a tool of education. Among them the heritage of Alashfigures must be deeply studied, their personal essence and spent works for the country sake should be promoted to the upcoming generation – it is the civic duty of nowadays professionals. Each of the scientists of our nation contributed to the study of various aspects of the generations upbringing and left as the heritage to the future generation their guidelines and advice. One of them tips left in the heritage of Magzhan Zhumabayev, which aresecond to none on the organization of nowadays family training.

In this article the pedagogical views of MagzhanZhumabayev are systematized and analyzed. By describing the effective ways of the correct organization of a child's upbringing within family training the article presents the advice of the poet that are given to parents and educators. In addition, a comparative analysis between vitality and requests of tips of MagzhanZhumabayev in the child's upbringing,the promotionfor a wide range of readers is carried out.

**Kewwords:** upbringing/training, family, considering the individual characteristics of the child, lullabyupbringing, example of parents, kindness.

Қазақ халқы қашанда бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ұрпақ тәрбиесіндегі міндеттерін тұрмыстық дәстүрлерімен байланыстырып іске асырып отырған. Ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне қатысты жоралғыларды қатаң сақтаған және оның бастауы ата-ана өнегесінен деп білген. Осы тұста қазақ зиялыларының бірі М.Жұмабаевтың көзқарасы бойынша да әрбір ата-ананың бойынан табылуға тиісті қасиеті ол оның жақсы мінезінің болуы деп біледі. Оны ақынның мына бір айтқан сөзінен аңғарамыз: "... Ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ... Сондықтан баланың маңындағы адам дұрыс мінезді болуы керек… Тәрбиенің табансыздығын сезсе, бала онымен сөйлесуден, тілін алудан қалады»[1],- деген. Міне, осылайша, ақын ата-аналардың өз жеке бастарының өнегесі мен балалармен қарым-қатынастағы мінез-құлқы тәрбиенің кілтіне апарар жол іспетті екендігін түсіндіреді. Сондықтан әрбір ата-ана бала тәрбиелеуде ең алдымен өз тәрбиесіне жауапкершілікпен карауы тиіс. Екінші жағынан қарағанда, Мағжан Жұмабаев баламен ата-ананың қарым-қатынасы мейірімділікке негізделген болуы

керектігін де меңзеген. Осылайша ата-ана бала тәрбиесін ең алдымен балаға мейірімділікті беруден бастау керектігін ескертеді. Мұнда ақынның ислам шариғатынан хабарбар болғандығын, яғни баланы дініміз бұйырған талаптан ауытқымай тәрбиелеу қашан да дұрыс нәтиже беретінін айтқысы келгендігін аңғарамыз. Оған дәлел хадисте: «Мейірім бермеген, мейірім алмайды» деген сөз қатарлары бар[2]. Ұрпағымызға не берсек, соны аламыз. Қазақтың біртуар ақыны М.О.Әуезовтың «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп айтқан аталы сөзінің астары да осы отбасындағы тәрбиені ұйымдастыруда ерлі-зайыптылардың өнегесінің бала тәрбиесіне ықпалының маңызды екендігін меңзейді[3].

Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» деген кітабында бесіктің бала тәрбиесіндегі пайдалы тұстарын ата-аналарға түсіндіріп, оны қалай тиімді пайдалануға кеңестер береді[4]. Осында да әйелдердің бала тәрбиесіне деген жауапкершілігіне қарай әртүрлі әрекетке баратынын айшықтап, сынайды. Ол әсіресе салақ әйелге қаратып бесік тәрбиесіндегі кемшіліктерді түсіндіреді. Баланың бесікте жатып өскені пайдалы болғанымен, оны дұрыс пайдалана алмаса бала дамуына зияны болуы мүмкін дейді Мағжан. Бесікте жатқан бала таза, құрғақ жатқандықтан оның терісі дұрыс қалптасатынын айта отырып, бесікте жатпаған баланың дәреті денесіне жағылып, әртүрлі тері ауруларына шалдығуы мүмкін екендігін айтады. Сонымен қатар, баланың қол-аяғы байлаулы болғандықтан ол тыныш ұйқтайды. Демек оның ұйқысы тыныш болады. Осыдан баланың мінезі де қалыпты қалыптасады дейді. Ал бесікте таңылып ұйқтамаған баланың қолы шошып оятып, бала ұйқысының жиі бұзылуына алып келгендіктен, бала мазасыз, беймаз болады. Ондай балалардың мінезі де қалыпты, байсалды болмай тынымсыз болып қалыптасатынын айтады.

Әйтсе де, кейбір салақ әйелдер баланы күн ұзақ бесікте ұстап, оның дене бітімінің қалыпты дамуына зиянын тигізетінін, ол бесіктен тұрғысы келіп жылағанда бесікті шайқалта қатты тербетіп, бала миының шайқалуына жол беретінін жазады. Мұндай жағдайда бала еріксіз көзін жұмып, талып ұйқтайды деп сынайды.

Мағжан Жұмабаев әрбір ана баласын бесікте тәрбиелегенде бесік жырын айтудың тәрбиелік мәні зор екендігін ескертеді. Өкінішке қарай, бүгінгі күнгі аналар сәбилерін ұйықтатарда бесік жырын айтпайды, тіпті білмейтін де болуы керек. Тіпті болмаса, ұялы телефондарын қосып қояды да бірге тыңдайды. Ұялы телефонның сәбиге зиянын ескермейді.Мағжан Жұмабаев аналарға бесік жырының айтылуы тиіс екендігін түсіндіре келе, бесік жыры арқылы қазақ халқының бар арман-тілегін баласынан күтетінін баяндайды. Оған үлкен үміт артып, өскенде еліне, ата-анасына, халқына қорған болатын азамат болып жетілуін санасына сіңіреді дейді. Сонымен қатар, әннің әуені де баланы сабырлылық пен байсалдылыққа бағдарлайтын сипатта болады.

Мағжан Жұмабаевтың көзқарасы бойынша отбасы тәрбиесінде әрбір ата-ана өз баласын ең алдымен адами қасиеттерге тәрбиелеуі тиіс. Оны ақын «Ізгілік» ұғымымен байланыстырып сипаттайды. Оны мынадай сөзінен көре аламыз: «Адам ең алдымен өзін сүйсе, кейіннен өз отбасын сүйсе, бауырлары мен туыстарын сүйсе, бір ауылда өскен таныстарын ауылдастарым деп сүйсе, кейіннен қазағым деп халқын сүйсе, одан кейін бүкіл адамзат қауымын сүйсе, ондай адамды «ізгі адам» деп, ал оның іс -әрекетін «Ізгілік» деп атаймыз деп сипаттайды[5]. Бұдан шығатын тұжырым, отбасында жақсы тәрбие алған әрбір бала адамзатқа мейірімді болуы тиіс. Ондай мейірімділік адамның өзінен бастау алуы тиіс. Мұндай көзқарас халқымыздың болмысында о бастан-ақ бар қасиет. Өйткені, «Өзіңді өзің жаттай сыйла, дұшпаның сеннен түңілсін» деген қазақ мақалы жақсылық пен сүйіспеншілік адамның өзінен бастау алуы керектігін тағы да бір рет дәлелдей түседі[6].

Мағжан Жұмабаев отбасы тәрбиесінде бала өмір сүріп отырған қоғам талаптарын ескере отырып, әлеуметтік ортаның ықпалы мен сұранысын ескеруді ата-аналардың тәрбиеде естен шығармауын ескертеді. Өйткені, әрбір адам өз заманына лайықты болып қалыптасуы тиіс. Ол үшін ата-аналар осы қоғам сұранысын білуі және баланы қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне сай етіп тәрбиелеуге қабілетті бола білуі тиіс деп біледі.

Осы тұста ақын: «Әрбір ата-ана өз баласын дәл өзіндей етіп тәрбиелемеуі тиіс, өзінен де мықты етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, балаларының заманы ата-аналар өмір сүріп отырған заманға қарағанда әлдеқайда талапшаң болмақ»,- деп айтады[7]. Шындығында да әрбір бала өз ата-анасынан асып түсуі тиіс, сонда ғана өз заманына лайықты өмір сүре алады. Осылайша М.Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келеді. Мұнда да Мағжан көзқарасының ислам талаптарымен сай келетін тұстарын көре аламыз. Хадисте : «Әрбір ата-ана балаларын өздері болмайтын заман үшін тәрбиелесін» деген қатарлар кездеседі[8].

Баланы заманына лайықты азамат етіп тәрбиелеу үшін бүгінгі күннің талаптарын да білу маңызды. Қазіргі таңда тәрбие талаптары баланы өз ұлттық құндылықтарын бойына сіңіріп өсуімен қатар, жаһандық талаптарды да бойынан көрсетуі қажеттілік туғызып отырғаны белгілі. Әсіресе бүгінгі күні балалардың көпмәдениеттілік сапаларының қалыптасуы өте жоғары сұранысқа ие болып отыр. Ол үшін балалар бойындағы тұлғалық сапаларын дамыта түсуі маңызды.

Әйтсе де, қазақ балалары ұяң, сабырлы да ұстамды келеді. Олар жастайынан үлкеннің сөзін бөлмей ақырына дейін тыңдай білуге үйренуі, үлкеннің тілін алып, елгезек болуы, өзгелерге кедергі жасамай сабыр сақтап, тыныш отыруы секілді қасиеттерді бойына сіңіруі құптарлық іс болып келген. Соған қарамастан, бүгінгі күні балалардың белсенді, ашық жарқын, сөзшең, өз көзқарасы мен пікірін дәлелдей алуы, ол үшін пікір таластыруға қабілетті болуы қажет етілуде. Бұл сапаларды бала бойына қатар қалыптастыру ата-бабаларымыздың о бастан –ақ, әртүрлі әдіс-тәсілдері арқылы іске асырылып келгендігі белгілі. Еркелету, қолдау көрсету, мақұлдау әдістері балаға қашанда күш беріп, өз әрекеттерінде сенімін арттырып отырған.

Әйтсе де, Мағжан Жұмабаев бұл бағытта балаларды еркін тәрбиелеуді мақұл көретінін айтады. Ол үшін балаларды өз табиғатынан тыймай тәрбиелеуді ұсынады. Бала табиғаты дегенде Мағжан Жұмабаев мынадай сапаларды айтқан:

-бала табиғатына тән қасиет оның еліктемпаз болуы. Бала жақсыға да, жаманға да еліктегіш келеді. Сондықтан, оның қоршаған айналасы мен қарым-қатынас жасайтын достарының мінез-құлқы, әрекеттері жағымды болуы тиіс. Немесе баланың көзінше жаман әрекеттер жасамау және жаман сөз айтпау керек;

- баланың үнемі тынымсыз әрекетте болуы оған тән табиғатымен байланысты құбылыс деп қабылдау керек. Яғни бала жүгіреді, сөйлейді, көп сұрайды, шулайды, үнемі қозғалыста болады және т.б. әрекетте болады. Сондықтан, баланы үнемі шуламай отыр, сөйлей бермей отыр, тыныш отыр деп тыйым сала беру баланы біртіндеп жасық болуға алып келеді.

Мағжан еңбегінде баланың ішкі сезімдерінің ерекшелігі мен оны оң бағытқа тәрбиелеу жолдары терең ғылыми тұжырымдармен пайымдалған. Ол ішкі сезімдерді тәрбиелеудің басты мақсаттарын былайша белгілейді: оларды тек жақсы, пайдалы нәрседен ләззат алуға үйрету, жақсыны көрсетіп, жақсыны естірту, айналасына кайырымды болып, қаталдықтан, күншілдіктен сақтандыру , өзгеге мейірімді болу секілді оң қасиеттерді қалыптастыруды мақсат тұтқан әрекеттермен байланысты түсіндіреді. Мұндай сапаларды қалыптастыруды Мағжан ең алдымен ата-анаға міндеттейді. Өйткені, ата-ана ізгілік пен жақсылықтың әліппесін үйретуші алғашқы ұстаз, алғашқы адам.

Мағжан Жұмабаев мінез-құлық сезімдерінің қалыптасуы баланың өз анасын сүюден басталып, өз елін сүюінің бүкіл адамзатты сүю сезіміне алып баратын ізгілікке негізделген тәрбиесін мақсат еткен болатын. Ол жөнінде: ″Адам өз халқының адамдарын сүюмен қатар, басқа халықтардың да адамдарын сүюге міндетті... Бұл адамның жаратылысындағы негізгі мінез" – дейді[9].

Міне, осылайша Мағжан Жұмабаев отбасы тәрбиесінде баланы үлкен өмірге тәрбиелеп жетелейтін ата-аналардың екеуінің де өнегесі мен тәлімдік қарым-қатынасының маңыздылығын еңбектерінде халқына насихаттап қалдырған. Бүгінгі күні Мағжан көзқарасындағы тәлім-тәрбиелік өсиеттердің сұранысы артып, қажеттілігі шарықтап тұр. Сондықтан, ұрпағымызды ұлттық бағытта тәрбиелеуде өзгенің емес, өз тұлғаларымыздың өнегесімен тәрбиелеу қашанда оң нәтиже беретінін ұмытпағанымыз жөн.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

*1. Мағжан Жұмабаев. Көп томдық шығармалар жинағы. Аудармалар, ғылыми еңбек мақалалар.-Алматы.: Жазушы, 2005.-232 б.*

*2.Сахих хадистер. /Ред. басқарған Мыңбаев М.Г. Таңдамалы бірінші кітап. - Алматы, 2003. - 224 б.*

*3.Әуезов М. Адамдық негізі - әйел. 20-томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1984. −Т.15. –Б.7-9.*

*4. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана - тілі, 1992. - 160 б.*

*5.Мағжан Жұмабаев. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. –Алматы: „Жазушы“, 1989.-448 бет.*

*6. Қазақ мақал - мәтелдері /құрастырған: Ж.Малайсайрин. - Алматы, 2004. - 184 б.*

*7. Жұмабаев М. Шығармалары (өлендер мен поэмалар, қара сөздер). Алматы.: Жазушы. 1989.- 448 б.*

*8.Алтай Х. Таңдаулы хадистер аудармасы. -Алматы, 1994. - 112 б.*

*9. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.-Алматы:«Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.*

**УДК 37.013**
**МРНТИ 378.189:958.4 (5845)**

***КАРПЫКБАЕВА А.С.[1]***
***ПАРМЕНКУЛОВА Г.А.[2]***

[1]Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави
г.Туркестан, Казахстан
[2] Южно-Казахстанского педагогического университета
г.Шымкент, Казахстан

## ***ФОРМИРОВАНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ***

*Аннотация*

В статье раскрывается значение понятия «толерантность» и «этническая толерантность». Акцентируется внимание на необходимости в разработке концепции формирования этнической толерантности у будущих учителей на основе изучения произведений детских писателей, как основного фактора их интенсивного развития и духовного взаимообогащения. Этническая толерантность рассматривается и как терпимое и уважительное отношение к людям разных этносов и культур.

Раскрывается роль детской литературы в деле формирования этнической толерантности у будущих учителей. Выявлены возможности учебно-воспитательного процесса высшей школы по формированию этнической толерантности в процессе изучения дисциплины «Детская литература».

*Ключевые слова:* толерантность, этническая толерантность, полиэтническая среда, детская литература, межэтнические отношения, те ***КАРПЫКБАЕВА А. С.[1]***
***ПАРМЕНКУЛОВА Г.А.[2]***

[1]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан

[2]Оңтүстік-Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан,

## ***БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДЕ ЭТНИКАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ***

*Аннотация*

Мақалада «толеранттылық» және «этникалық толеранттылық» ұғымдарының мағынасы ашып көрсетіледі. Балалар жазушылары шығармаларын оқыту негізінде болашақ мұғалімдердің бойында этникалық толеранттылықты қалыптастыру тұжырымдамасын әзірлеу қажеттілігіне назар аударылады. Сонымен қатар, этникалық толеранттылық әртүрлі этникалық топтар мен мәдениеттердің өкілдеріне төзімділік пен сыйластық ретінде қаралады.

Болашақ мұғалімдердің бойында этникалық толеранттылықты қалыптастыруда балалар әдебиетінің рөлі анықталды. «Балалар әдебиеті» пәнін оқыту барысында этникалық толеранттылықты қалыптастыруда жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісіндегі мүмкіндіктері анықталды.

**Түйін сөздер**: толеранттылық, этникалық толеранттылық, көпэтникалық орта, балалар әдебиеті, ұлтаралық қатынастар, төзімділік.

***KARPIKBAEVA A.S.[1]***
***PARMENKULOVA G.A.[2]***

[1]International Kazakh-Turkish University named after H.A. Yasawi
Turkestan, Kazakstan
[2]South Kazakhstan Pedagogical University
Shymkent, Kazakstan

***FORMATION OF FUTURE TEACHERS' ETHNIC TOLERANCE IN THE PROCESS OF STUDYING CHILDREN'S LITERATURE***

*Abstract*

The article reveals the meaning of the concept of "tolerance" and "ethnic tolerance". It focuses on the need to develop the concept of formation of future teachers ethnic tolerance through the study of works by writers as the main factor of intensive development and spiritual enrichment. Ethnic tolerance is seen as a tolerant and respectful attitude to people of different ethnic groups and cultures.

The role of children's literature in the formation of future teachers ethnic tolerance is revealed. The features of the educational process of the higher school on the formation of ethnic tolerance in the process of studying the discipline "Children literature" are revealed.

**Key words:** tolerance, ethnic tolerance, multiethnic environment, children's literature, interethnic relations, tolerance
рпимость.

**Введение**. На протяжении многих веков на исторической Земле казахов перекрещивались судьбы многих народов - носителей различных культур, религий и традиций. В результате сложилась уникальная ситуация, когда вместе с титульным этносом в нашей республике мирно уживаются представители свыше 140 этносов и 40 конфессий. Современное полиэтничное общество требует от демократического государства решения принципиальной задачи – целостности политического образования при росте культурных различий. Для казахстанского общества данная проблема имеет важное прикладное значение в плане поиска путей поддержания социальной стабильности и межэтнического согласия.

Так как, Президент нашей страны Н.А.Назарбаев в своем послании акцентирует усилить внимание на важные моменты воспитательный компонент процесса обучения. Патриотизм, нормы морали и нравственности, межнациональное согласие и толерантность, физическое и духовное развитие, законопослушание. Эти ценности должны прививаться во всех учебных заведениях, независимо от формы собственности [1].

В педагогической науке внимание акцентируется на отдельных аспектах формирования толерантных качеств у подрастающего поколения. Решение этой задачи требует новых подходов к организации образовательного процесса, его направленности на решение проблем воспитания и развития человека, не только обладающего комплексом знаний, умений и навыков, но и способного адаптироваться к полиэтнической среде, приобщаться к гуманистическим идеям и традициям. Это чрезвычайно важно для воспитания личности, способной проявить готовность к пониманию и сотрудничеству, терпимость к инакомыслию, основанных на моральных ценностях, что в значительной степени активизирует процесс социализации личности, способствует продуктивному социальному взаимодействию.

Поэтому возникает необходимость в разработке концепции формирования этнической толерантности у будущих учителей на основе изучения произведений детских писателей народов, проживающих на одной территории, как основного фактора их интенсивного развития и духовного взаимообогащения.

Особый интерес представляет собой спектр значений перевода термина tolerance (англ.), встречающейся в английском психологическом словаре и обозначающего приобретенную устойчивость, предел устойчивости, выносливость человека, устойчивость к стрессу, устойчивость к конфликту, устойчивость к поведенческим отклонениям [2].

Многими исследователями проблемы толерантности отмечено, что описать толерантность однозначно довольно трудно возможно из-за того, что в разных языках и даже в официальных языках ООН она определяется по-разному, о чем свидетельствует приведенный нами нижеследующий ряд определений. Так, категория «толерантность» в «Словаре иностранных слов» дается в дословном переводе с латинского как «tolerantia», что означает терпение и трактуется как терпимость к чужим мнениям и верованиям [3].

Таким образом, можно говорить о том, что слово «терпимость», более знакомое и привычное, употребляемое в обыденной речи, означает «способность, умение терпеть, мириться с чужим мнением, быть снисходительным к поступкам других людей». Слово «терпимость» часто ассоциируется с пассивным принятием окружающей реальности, непротивлением, способностью «подставить другую щеку». Толерантные установки напротив, проявляют себя в активной

жизненной позиции, предполагающей защиту прав любого человека и отношение к проявлениям нетерпимости как к недопустимым.

Определяя этническую толерантность как категорию, необходимо обратить внимание на понятие «межэтнические отношения», которые в широком смысле слова понимаются как взаимодействие народов в разных сферах политике, культуре и т. д., в узком смысле - как межличностные отношения людей разных национальностей, которые происходят в разных сферах общения, трудовой, семейно - бытовой, дружеской, соседской и т.д.

Таким образом, мы можем рассматривать этническую толерантность и как терпимое и уважительное отношение к людям разных этносов и культур, и как активное взаимодействие в различных сферах общества с учетом психологических особенностей их культур и религиозной принадлежности.

**Эксперимент.** Поскольку в нашем исследовании основным средством формирования этнической толерантности является культура этносов, следовательно, критерии и показатели сформированности этнической толерантности были выявлены в процессе коммуникативной и этико-эстетической деятельности по изучению духовных ценностей культуры различных этносов.

Изучение образовательной поликультурной среды современного высшего учебного заведения позволило определить педагогические условия, при которых возможно формирование толерантности будущих учителей в учебно-воспитательном процессе вуза:

- создание установки на толерантность, состоящую в готовности и способности студентов и педагогических работников к диалогу и сотрудничеству;
- реализация программы повышения психолого-педагогической компетенции педагогических работников_в аспекте толерантности;
- организация информационно-психологического просвещения студентов с целью повышения культуры толерантного общения;
- формирование готовности будущих учителей к толерантному взаимодействию с другими людьми, независимо от расовой, этнической, религиозной и социальной принадлежности;
- обеспечение личностно-ориентированного взаимодействия педагогов и студентов в учебно-воспитательном процессе и внеучебной деятельности, при котором возникают предпосылки для успешного развития толерантных качеств;
- создание единого толерантного пространства в организации учебного и воспитательного процесса, направленного на реализацию принципов педагогики толерантности.

Исходя из разработанной нами научной гипотезы, предполагалось, что изучение произведений детской литературы будет способствовать формированию этнической толерантности у будущих учителей. Поэтому, наши усилия были направлены на то, чтобы на всех этапах опытно-экспериментальной работы реализовать общие и специфические образовательно-воспитательные задачи, связанные с данной проблемой.

Для решения поставленных задач мы провели экспериментальную работу. В эксперименте приняли участие студенты второго курса - 55 студентов специальности ПМНО, составивших экспериментальную группу и 52 студента специальности «Казахская литература», составивших контрольную группу. Всего 107 человек. Выбор экспериментальной базы обусловлен тем, что по этническому составу МКТУ имени К.А.Ясауи является поликультурным, многонациональным и поликонфессиональным.

Так, в экспериментальных группах 56,2 % составляют студенты-казахи, узбеки – 18,6%, 11,2% - русские, представители других национальностей, в частности, корейцы, азербайджанцы, курды, турки, уйгуры и др. составляют 14%. В контрольных группах национальный состав студентов показал следующую картину: казахи – 57,5 % , узбеки – 13,3%, 17,1% -русские, 12,1% составляют представители других национальностей.

Теоретической основой педагогического эксперимента послужили разработки В.Н.Устякина [4, 25], И.П. Волкова [5,74], В.Б. Ольшанского [6,36].

В начале исследовательской работы были использованы методы сбора первичной информации. Их основная цель – получение первоначальных данных о состоянии объекта, перспективах его развития. К ним относятся наблюдение, анкетирование, тестирование и т.д. На данном этапе изучался материал, призванный сформировать интерес к прошлому своего народа, других народов, истории, культуре, обычаям, традициям и т.д.

Формирующий эксперимент проводился поэтапно. На познавательном этапе решались следующие задачи:

1) осознание необходимости изучения этнической культуры региона, её принятия, значения для мирного сосуществования;

2) развитие критического мышления;

3) рассмотрение вариантов использования полученных знаний в практике межнационального общения.

На данном этапе с помощью разнообразных форм (интегрированных уроков, семинаров, группового анализа и обсуждения творческого материала, выполнения индивидуальных заданий, экскурсий, концертов и т.д.) создаются условия для творческой работы, для переходя от репродуктивной деятельности школьников к продуктивной. Будущие учителя знакомятся с понятиями «толерантность», «этническая толерантность», «межкультурная коммуникация», «эмпатия», и т.п., их структурными компонентами и формами. На этом же этапе была выявлена динамика сформированности качеств этнической толерантности личности будущего учителя.

Важным на данном этапе является работа по дальнейшему развитию умений критического мышления. Организация занятий на основе проблемного обучения и воспитания с учетом индивидуальных особенностей каждого студента, формирует у будущих учителей такие качества, как критичность, способность анализировать и оценивать действия, способность самоидентифицироваться в культуре, самостоятельно принимать решения и т.д.

Третий этап, представленный как деятельностно-творческий, включает:

- развитие у студентов этнической толерантности как важной составной части общей культуры личности;

- формирование устойчивого интереса к межкультурным коммуникациям, конструктивному диалогу культур;

- стимулирование интереса к самостоятельному овладению знаниями в области этнических культур, обычаев, традиций, нравов, посещению национальных культурных центров.

В соответствии с этим, задачами данного этапа стали:

1) углубление теоретических знаний в области отдельных вопросов этнической культуры народов региона, их обычаев, традиций, нравов;

2) мотивация самостоятельного овладения информацией в области этнической толерантности, её значения для стабильности отношений в полиэтнической среде.

**Результаты и обсуждение**. В плане нашего исследования нам представляется уместным напомнить, что в процессе подбора педагогических технологий преподавателем, стоит учитывать следующие положения:

- индивидуальные особенности студентов;
- направленность программы на выявление уровня сформированности этнической толерантности;
- педагогическую направленность исследовательских методик, заклю-чающих в себе не только диагностическую, но и воспитывающую функцию.

Диагностика уровня сформированности этнической толерантности будущих учителей осуществлялась на основе анализа сформированности его основных компонентов: мотивационного, содержательного и процессуального. Обобщенные данные результатов исследования на конец опытной работы, по сравнению с началом, свидетельствуют о росте уровня знаний студентов об этнической культуре народов Казахстана.

Таким образом, количество студентов, показавших высокую готовность - 5 человек, средняя готовность - 78 человек, низкая готовность - 112 человек.

Полученные результаты наглядно показали, что готовность студентов к этнической толерантности определяется средним и низким уровнем. Нет особого различия между экспериментальной и контрольной группами.

Данные констатирующего эксперимента показали, что значительная часть студентов имеют слабое представление о содержании воспитания толерантности, о сущности таких понятий как «толерантность», «этническая толерантность», «межэтнические отношения». У большей части будущих учителей нет целостного представления системы воспитания и, в частности, представления о месте и роли этнической толерантности в общей системе воспитательной работы в школе. Следовательно, слабо сформированы навыки и умения деятельности по воспитанию толерантности школьников как в процессе учебной, так и внеучебной деятельности.

Анализ учебного плана, программа свидетельствует, что изучение дисциплины «Детская литература» в целом соответствует решению задач воспитания духовных и нравственных основ формирующейся личности, чего не скажешь о воспитании толерантности, которое в данной системе высшего образования представлено недостаточно системно. Проблема заключается в материально–

техническом обеспечении дисциплины, уровне профессиональной подготовки преподавателей, в недостаточно проводимой воспитательной работе со студентами.

В содержании учебной дисциплины «Детская литература» мы считаем необходимо присутствие компонента толерантности. Оно должно опираться на общую концепцию нравственного воспитания, определяющей основные направления развития терпимого и уважительного отношения к людям разных этносов и культур.

Осуществляя подготовку студентов к межэтнической толерантности, в процессе изучения детской литературы, необходимо найти такие условия, при которых теоретический материал лекционного курса более активно содействует развитию интереса к профессиональным качествам будущего воспитателя, который должен стать примером для своих воспитанников и гражданином с активной жизненной позицией.

После внесенных нами корректив и установок на усиление аспекта межэтнической толерантности в преподавании дисциплины «Детская литература», акцентирование внимания на данные аспекты в процессе семинарских, практических и самостоятельных занятий, по ходу формирующего эксперимента, нами была выявлена динамика сформированности качеств этнической толерантности будущих учителей.

Итоги формирующего эксперимента показали, что в экспериментальной группе студенты обладают более высокими знаниями, умениями и навыками этнической толерантности. Высокий уровень сформированности студентов экспериментальной группы увеличился с 0 до 20%. Общий процент студентов среднего уровня увеличился с 43,6% до 70, 9%, то есть на 27,3 %; на низком уровне число студентов уменьшилось с 56,4 % до 9,1 % - на 47,3%.

В контрольной группе рост числа студентов, находящихся на среднем уровне составил лишь – 9,6%. Уменьшение процентного состава студентов, которые находились на низком уровне сформированности составило также 9,6%.

Таким образом, показатели сформированной этнической толерантности будущих учителей в экспериментальной группе выше, чем в контрольной.

**Заключение.** Анализ результатов опытно-экспериментальной работы свидетельствует об эффективности разработанной нами концепции процесса формирования этнической толерантности будущих учителей, а ее практическая реализация в учебно-воспитательном процессе вуза на основе предложенной технологии, подтверждает выдвинутую нами гипотезу и позволяет говорить о значительной динамике и глубине овладения студентами экспериментальных групп высоким уровнем знаний в области этнической толерантности, умения адаптироваться к этнической образовательной среде, терпимости к индивидуальным различиям других людей, к иным культурам, религиям, этническим различиям, готовностью к диалогу культур, культурному взаимодействию с представителями других этносов, взаимопониманию, взаимопомощи, усвоению общечеловеческих ценностей.

Становлению этнической толерантности способствует глубокое изучение произведений детских писателей не только казахского народа, но и писателей других этносов, обучающихся в Международном казахско-турецком университете имени К.А.Ясауи, чьи произведения оказывают огромное воздействие на становление моральных и гражданских качеств молодежи.

**Список литературы:**

*1 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 2014 г.// Интернет ресурсwww.akorda.kz*

*2 Beard H., Cerf Ch. The Official Politically Correct Dictionary and Handbook. NY: Villard Books, 1992. 144 p.*

*3 Mckinnon C., Castiglione D. The Culture of Toleration in Diverse Societies: Reasonable Toleration. Manchester: Manchester University Press, 2003. - 223 p. / http://www.questia.eom/read/*

*4 Устякин В.Н. Патриотическое и нравственно – эстетическое воспитание учащихся при изучении предметов гуманитарного цикла: Дис… канд. пед. наук / оренбургский ГПУ, 2002, 198с.*

*5 Волков А.К., Пирогов В.И. Идейно-политическое воспитание старшеклассников. М.: Педагогика, 1985, 160 с.*

*6 Ольшанский В.Б. Психологическое диагностирование межличностных отношений // Психологическая диагностика: Проблемы исследования. М., 1981, С.36-39.*

**УДК 002.6**
**МРНТИ 37.035.6**

***Б.Т.КЕРИМБАЕВА[1]***
***Н.М.СЕРІКБАЕВА[2]***

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## *«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ*

*Аңдатпа*

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы адамгершілік тәрбие мен білімнің негізі. Біз қазір тәуелсіз, егеменді мемлекетте тұрып жатырмыз. Ата-бабамыздың сан ғасырғы төккен терінің арқасында тәуелсіздікке қол жеткізгенбіз. Сол тәуелсіздікті сақтап қалу одан да қиынға түседі. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмауы керек. Ал, ол үшін бүкіл қоғамды берік біріктіретін біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт керек болды. Қазіргі кезде уақыт сынынан өткен қазақстандық жолдың тәжірибесі негізінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жеті құндылығын айқындап берді, олар: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Бұл құндылықтар қоғамның тірегіне айналуы үшін білім беру жүйесіне енгізіліп, болашақ ұрпақ болмысына сіңірілуі тиіс.

*Түйінді сөздер:* болашақ мұғалім, «Мәңгілік Ел», адамгершілік, тәрбие.

***Б.Т.КЕРИМБАЕВА[1]***
***Н.М.СЕРІКБАЕВА[2]***

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(г.Туркестан, Казахстан)

## *ВАЖНОСТЬ ВОСПИТАНИЯ ГУМАННОСТИ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА ОСНОВЕ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»*

*Аннотация*

Идея «Мәңгілік Ел» подтверждение вечности нашей нации, нашего государства, призывающая нас сохранить собственный корни, национальный дух и уникальный путь развития, определить свою роль в мировом сообществе, бережно хранить исторические и культурные ценности, передать его поколениям, сформировать моральные ориентиры и усилить интеллектуальный потенциал общества. Кроме того, на основе идеи «Мәңгілік Ел» необходимо воспитать у будущих учителей начальной школы любвь и патриотизм по отношению к Родине, привить уважение к культуре, национальным и духовным традициям.В связи с этим моральное воспитание будущих учителей начальной школы на основе идеи «Мәңгілік Ел» является одной из актуальных проблем. Поэтому нужно превивать национальные ценности основаваясь на идее «Мәңгілік Ел», которое создает условия для внедрения морального воспитания в сознание молодежи, способствующее пробудить национальные и патриотические чувства.

*Ключевые слова:* будущий учитель, «Мәңгілік Ел», нравственность, воспитание.

***B.T.KERIMBAEVA[1]***
***N.M.SERIKBAEVA[2]***

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Turkestan city, Kazakhstan)

## *THE IMPORTANCE OF UPBRINGING HUMANITY IN THE FUTURE TEACHERS OF PRIMARY CLASSES BASED ON THE IDEA OF "MANGILIK EL"*

*Abstract*

The idea of "Mangilik El" proof of the eternity of our nation, our state, describe on us to preserve their own roots, national spirit and unique path of development, to define their role in the world community, to preserve historic and cultural values, to transmit it to the generations, to shape the moral values and to strengthen intellectual potential of the society. In addition, based on the idea of "Mangilik El" is needed to upbringing future primary school teachers love and patriotism towards the Motherland, to instill respect for the culture, national and spiritual traditions. In this regard, the moral education of future primary school teachers on the basis of the idea "Mangilik El" is one of the urgent problems. So you need to improve the national values on the idea of "Mangilik El", which creates conditions for the introduction of moral education in the minds of young people, contributing to awaken the national and ptriotic feelings.

*Keywords:* future teacher, "Mangilik El", morality, upbringing.

**Кіріспе**. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. ... Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық» деп «Мәңгілік Ел» идеясын тұжырымдап, ұсынды [1].

«Мәңгілік Ел» идеясы біздің мәңгілік халық, мәңгілік мемлекет болып қалуымызды қуаттайды, халқымыздың өз тамыр-тегін, ұлттық рухы мен өзіндік бірегей даму жолын сақтауға, әлем қауымдастығында өз рөлін айқындауға, тарихи-мәдени құндылықтарды мұқият сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге, адамгершілік бағдарды қалыптастыруға, дамытуға, қоғамның зияткерлік әлеуетін күшейтуге үндейді. Сондай-ақ «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жас ұрпақты өз отанына деген сүйіспеншілік пен патриотизмге, ұлттық салт-дәстүрге, адамгершілікке, руханият пен мәдениетке құрмет сезіміне тәрбиелеуді талап етеді. Қазіргі таңда жастардың алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан жастарға ұлттық құндылықтарды үйрете отырып, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына жастардың санасына енгізу арқылы, адамгершілік сезімдерін оятуға жағдай жасайды.

Бүгінгі таңда сұраныс қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде адамгершілік тәрбие негізінде ұйымдастырып, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігін айқындап отыр. Осы орайда, қазіргі қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде адамгершілік тәрбие беру болып саналады.Себебі өскелең ұрпақты тәрбиелеуде негізгі мақсат қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты шығармашыл, рухани бай жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу тақырыбына байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде адамгершілікке тәрбиелеуге байланысты психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалды.

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттерімен «Мәңгілік Ел», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін адамгершілікке тәрбиелеу», «рухани жаңғыру» ұғымдарына өзіндік түсінік беру бойынша әңгімелесу жүзеге асырылды. Нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің басым көпшілігі бүгінгі таңда

сұраныс қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу негізінде ұлттық сананы қалыптастыру қажеттілігін айта білді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жасалды.

**Зерттеу нәтижелері.** «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қазақ елінің жарқын болашағын білдіре отырып, Қазақстанның дамыған елдермен қатарласуына мүмкіндік беретіндігін білдіруде. Бұл – ұлттық бірлік пен бейбітшілік, экономиканың нығаюы, халықты әлеуметтік қорғау, ұлттық қауіпсіздік, мәдениеттің, тілдің дамуы негізге алынатын Қазақстан жолының жаңа кезеңі. Ел дамуының бүгінгі жағдайында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – болашаққа сенімді қадам. Ол барша қазақстандықтардың ынта-жігерін қоғам алдында тұрған маңызды міндеттерді шешуге жұмылдыруы тиіс.

Бүгінгі таңда қазақстандықтардың алдында тұрған міндеттердің бірі -«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін мектептерде мақсатты түрде тәрбие жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар барлық оқу пәндерінің тәрбиелік мәнін күшейту қажет. Оқытылатын пәндер адамгершілік қасиеттері мен білім алушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, қазақстандық отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік, ұлттық сана-сезім мен толеранттылық, Қазақстанның этникааралық жағдайда қарым-қатынас жасай білуіне бағытталуы тиіс [2].

Зерттеу тақырыбымызға қатысты педагогикалық жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелері мен оның жекелеген аспектілері В.А.Сластелин, Н.В.Кузьмина, Н.Д.Хмель, Б.Т. Лихачев, Г.К. Нұрғалиеа, К.К.Дүйсембаев, Қ.Б.Бөлеев, А.А.Қалдыбекова және т.б.; болашақ мұғалімдерге адамгершілік тәрбие беру мәселелері И.Ф.Харламов, М.А.Данилов, А.А.Калюжный, В.А.Ким және т.б. бірқатар еңбектерде қарастырылған.

Елімізде бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау, бастауыш білім беру мен бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың тарихы мен дамуын (Р.К. Бекмағамбетова, К.Т.Ыбырайымжанов, Б.М.Қосанов, Ш.Майғаранова және т.б.), бастауыштағы білім интеграциясы, бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеттері, дүниеге көзқарасы, тәрбиелеу мәселесі тұрғысынан (Ә.М.Мұханбетжанова, Р.К.Төлеубекова, А.Х.Аренова және т.б.) зерттеген еңбектер бастауышта оқытуды жетілдіруге, мұғалімдерді даярлаудың сапасын арттыруға қосылған үлес мол болды.

Атап айтар болсақ, болашақ мұғалімдердің адамгершілік болмысын және кәсіби шеберліктерін қалыптастыру туралы классикалық педагог өкілдері А.Дистерверг, Я.А.Коменский, И.Г.Песталоции, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, А.В.Луначарский, П.П.Блонский, Н.К.Крупсканың және т.б. педагогикалық мұраларында қарастырылған. Сонымен қатар қазақ ағартушылары Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Уалихановтың еңбектерінде де бұл мәселеге үлкен мән берілді. Олардың шығармаларында халықтың әлеуметтік жағдайы, «жақсылық» пен «жамандық» өлшемдері, «мінезқұлық ережелері», адамгершілік қасиеттер, мінез-құлық мәдениеті, пәк сезімі, өмірге деген көзқарасы, ақыл парасаты, кісілік келбеті және т.б. қасиеттері көрініс тапқан.

Адамгершілік құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазақ ғұламалары, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтар ой-пікірлері мен көзқарастары бар (Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қожа-Ахмет-Иассауи, Абай Құнанбаев, Ш. Құнанбаев т.б). Сонымен қатар адамгершілік құндылықтар жайында А.Қ.Каплиева, Р.К. Төлеубекова, Р.С. Омарованың т.б еңбектерінде қарастырылған. Соның ішінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау және бастауыш сынып мұғалімінің адамгершілік мәдениетін жетілдіру Ш.А.Амонашвили, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, С.Н.Лысенкова, Н.Ф.Талызина, В.Ф.Шаталов, М.П. Эрдниевтің және т.б. зерттеулерінде көрініс тауып, олар осы тұрғыда өз тұжырымдамаларын ұсынды.

Ал, Қазақстан Республикасының жалпы білім беру «тұжырымдамасында» жеке адамның күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілікті қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндеті ерекше аталуы біз көтерген мәселенің қоғам талабынан туындап отырғандығын, тақырыбымыздың өзектілігін дәлелдейді [3].

«Адамгершілік» ұғымының педагогикалық термині ретінде ғылыми тұрғыда қалыптасқан өзіндік мағынасы бар. Бұл ұғым педагогика ұғымында категориялық деңгейдегі анықтамаға ие бола қойған жоқ. Адамгершілік тәрбиесі қоғамның барлық сатысында зерттеу объектісі болып отырғаны баршаға белгілі.

**Талқылау.** «Мәңгілік ел» идеясының маңыздылығын Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауының негізі етіп алып, бұл туралы өз сөзінде: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат - Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол - «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті... Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр» деген болатын. Халықты бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа үндеген Елбасының бұл жолдауында ел халқына үлкен жауапкершілік жүктелген [4].

Қазіргі таңда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет пен тарихымыздың дамып, өркендеуі, халқымыздың рухани бай мұрасын және салт-дәстүрлерін қастерлеу – еліміздің дүниежүзілік өркениеттегі егемендігін, дербестігін дәлелдейді. Осы өркениетті елдер қатарына қосылуға ықпал ететін болмыс – ұлттық сана қалыптасқан жастар болып саналады.

Зерттеудің маңызын ашу мақсатында болашақ бастауыш мұғалімдерін "Мәңгілік Ел" идеясы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне қатысты негзгі құраушы ұғымдарды ашуды жөн көрдік.

Идея – грек сөзі, образ, ұғым, түсінік мағыналарында қолданылады. Атқаратын міндетіне қарай идея алуан-алуан қырымен көзге түседі. Біз қарастырғалы отырған ұлттық идея мәселесінің мәні ұлттың тілегі, ниеті, ойы дегенге саяды.

Ұлттық идея - барша халықтың күш-жігерін, іс-әрекетін уақыт алға қойып отырған аса жауапты тарихи міндетті шешуге жұмылдыратын, баурап әкететін күш сияқты болуында. Бірде ол сырт дүниені бейнелейтін қоғамдық сананың пішіні болса, енді бірде адамның басты сенімі орнына жүреді.

Ұлттық идея ұғымына - халқымыздың сонау ғасырлар бойы ұрапақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, сенім-наным, ғұлама ғалымдардың құнды көзқарастары, ақын жырауларымыздың ауқымды мәнге ие шығармалары, және т.б құнды мәдени мұраларымызды жатқызамыз.

Ұлттық идея құндылықтары мен ұстанымдарын екі әлеуметтік қауым арасында мейлінше дәйекті бекемдеу қажет. Бірі – бала бақшада тәрбиеленуші бүлдіршіндерден бастап, университет аудиторияларында отырған жастарға жеткізуден ештеңені аяуға болмайды. Екіншісі – мамандар мен зиялылардың ұлттық идеяға қалтқысыз берілгендігін қалыптастыру. Осылардың санасына, өмір салтына сіңген ұлттық идея кімді болсын өз иіріміне ала жөнелетініне күмән жоқ.

Бүгінгі таңда ұлттық идеяның «Қазақ елі», «Мәңгілік ел» ұғымымен басталуы өзекті міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Бірі – барша қазақстандықтардың отансүйгіштік сезімін тарихи-этникалық тамырмен байланыста қалыптастырып, тұрақтандыруға, екіншісі – алыс шетелдіктерге Қазақстан Республикасы мемлекетінің мәні қазақ еліне саятынын ұғындыруға.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» - дей отырып, еліміздегі білім беруді тәжірибесі жоғары елдердің білім беру деңгейіне жеткізу үшін жаңа форматты педагогикалық мамандар қорын жасау қажеттілігін атап өткен болатын [5]. Осы қажеттілікке сай «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын басшылыққа алып, мектепте, ЖОО сапалы білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын басты тұлға педагогқа жоғары талаптар қойылуда.

Осыған сәйкес заманауи білім беру жүйесінсіз, әрі болашақты барлап кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы мұғалімдерсіз жаңа әлеуметтік-экономикалық ахуал құра

алмайтынымыз белгілі. Білім берудегі алдыға қойылған басты міндет, қандай сала болмасын кәсіби тұлға қалыптастыру. Осы міндетті жүзеге асыру - педагогикалық білім беру жүйесінде адамгершілігі мол, рефлексияға қабілетті, ақпараттық коммуникативтік, әлеуметтік–тұлғалық кәсіби маңызды сапалары қалыптасқан, әдіснамалық мәдениеті, әдістемелік деңгейі жоғары мұғалімдерді даярлау қажеттілігін туындатады.

Бұл қажеттілік болашақ мұғалімдерден педагогика, психология, пән әдістемесі ғылымдары бойынша арнайы кәсіби даярлықты талап етеді. Әлемдік білім беру жүйесінде озық тәжірибеге қол жеткізу үшін түрлі кәсіптік білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қалыптастыру жүзеге асырылуда. Ерекшелік ретінде еліміздің білім беру жүйесінде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту талап етіледі. Бұл мәселе болашақ бастауыш сынып мұғаліміне және оларды даярлау үдерісіне тікелей қатысы бар. Сол себепті де, бұл мәселені болашақ мұғалімдерді даярлауда жобалап, дұрыс жүзеге асыру қажет.

Ұстаз жөнінде ұлы ойшыл Әбу Насыр әл Фарабидің [6] «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер–білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» - деген пікірінің білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстазға, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігіне және ғылыми, педагогикалық шығармашылық қызметіне де қатысты.

Студент – болашақ мұғалім, таным мен іс-әрекеттің субъектісі ретінде ондай дәрежеге педагогикалық үдеріс барысында қол жеткізеді, іс-әрекет тәсілдерін меңгере отырып, мамандығына қажетті білімдерді әлеуметтік тәжірибе жиынтығы ретінде меңгеріп, қаруланады.

Мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырушы және жүзеге асырушы тұлға-педагог. Оның тұтас педагогикалық үдерістегі атқаратын қызметі оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру. Соның ішінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушының сауатын ашу, тілін, ойын дамыту, оқу-танымдық мәдениетін және адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырып, бала бойына сіңіру, бастауышта оқылатын пәндердің әрқайсысының өзіндік ерекшелігіне сәйкес оқыту әдістерін, педагогикалық технологияларды іріктеу сияқты басты дидактикалық міндеттерді де шеше білуге бағыттау керек [7].

Болашақ мұғалімдердің адамгершілік болмысын және кәсіби шеберліктерін қалыптастыру туралы классикалық педагог өкілдері А.Дистерверг, Я.А.Коменский, И.Г.Песталоции, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, А.В.Луначарский, П.П.Блонский, Н.К.Крупсканың және т.б. педагогикалық мұраларында қарастырылған.

Сонымен қатар, өскелең ұрпаққа саналы тәрбие беру, олардың рухани күштерін жетілдіру арқылы өзін-өзі тану және тәрбиелеу, терең ой-сана мен адамгершілігін қалыптастыру мәселелері көрнекті ғұлама ойшылдар Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Қ.А.Ясауидің, және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Сонымен қатар қазақ ағартушылары Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Уалихановтың еңбектерінде де бұл мәселеге үлкен мән берілді. Мұғалімдердің білімін көтеруіне, әдістемелік дайындығына және адамгершілік пен рухани тәрбиені өзара сабақтастықта пайдалану туралы құнды пікірлер Ш.Құдайбердиев, М.Әуезов А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедұлы, К.Жәлелұлы, С.Қожанұлы, Ә.Қасымұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы және т.б. қазақтың біртуар зиялы азаматтарының еңбектерінде де зерделенген.

Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелері мен оның жекелеген аспектілері В.А.Сластелин, Н.В.Кузьмина, Н.Д.Хмель, Б.Т. Лихачев, Г.К. Нұрғалиеа, К.К.Дүйсембаев, Қ.Б.Бөлеев, А.А.Қалдыбекова және т.б.; болашақ мұғалімдерге адамгершілік тәрбие беру мәселелері И.Ф.Харламов, М.А.Данилов, А.А.Калюжный, В.А.Ким және т.б. бірқатар еңбектерде қарастырылған.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау және бастауыш сынып мұғалімінің адамгершілік мәдениетін жетілдіру, сонымен қатар әдістемелік даындығы мәселелері Ш.А.Амонашвили, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, С.Н.Лысенкова, Н.Ф.Талызина, В.Ф.Шаталов,

М.П. Эрдниевтің және т.б. зерттеулерінде көрініс тауып, олар осы тұрғыда өз тұжырымдамаларын ұсынды.

Елімізде бастауышта білім берудің әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік аспектілерін (Қ.Аймағамбетова, С.Р.Рахметова, Ш.Х.Құрманалина, Т.Қ.Оспанов, Ж.Т.Қайыңбаев, Г.И. Уәйісова, Қ.Меңдаяқова, Ә.С.Әмірова, С.Н.Жиенбаева, С.Е. Қаңтарбаев, Қ.А.Сарбасова және т.б.) бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау, бастауыш білім беру мен бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың тарихы мен дамуын (Р.К. Бекмағамбетова, К.Т.Ыбырайымжанов, Б.М.Қосанов, Ш.Майғаранова және т.б.), бастауыштағы білім интеграциясы, бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеттері, дүниеге көзқарасы, тәрбиелеу мәселесі тұрғысынан (Ә.М.Мұханбетжанова, Р.К.Төлеубекова, А.Х.Аренова және т.б.) зерттеген еңбектер бастауышта оқытуды жетілдіруге, мұғалімдерді даярлаудың сапасын арттыруға қосылған үлес мол болды.

Қазіргі дамыған қоғамда адами құндылықтар бірінші орынға қойылады. Себебі, Қазақстан Республикасы дамыған елдердің қатарына кіру үшін адамгершілігі, мәдениеті, білімі, сана-сезімі жоғары мамандар тәрбиелеу қажет.

**Қорытынды.** Қазақ халқы болашақ мұғалімдерді даярлауға, оның тәрбиесіне аса ыждағаттылықпен қараған. Мыңдаған жылдар бойы тарих талқысынан өтіп, елеулі өзгерістерді басынан кешірді. Бүгінде болашақ мұғалімдерге «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде адамгершілік тәрбие беру мәселесі қоғамдық сананың дамуы мен қоғамдық-әлеуметтік өзгерістермен тығыз байланысты.

Қазіргі жаһандану заманындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тәрбиеге де елеулі әсер етуде. Қазақ халқының көне дәуірден бері сақталып келе жатқан салт дәстүрлері тұлға, әсіресе болашақ ұстаздарды тәрбиелеуде, оның адамгершілік этикалық, адамгершілік мінез құлқын қалыптастыруда үлкен мәнге ие. Қоғамдағы ұлт саясатын жүзеге асыру және жаңаша ойлау мен әлеуметтік саяси өзгерістерге байланысты болашақ мұғалімдерге ұлттық тәрбие беру ісі - бүгінгі күннің өзекті мәселесінің біріне айналып отыр. Өйткені білім берудің негізгі мақсаты - болашақ ұрпақтың білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматтарын - өнегелі тұлға ретінде қалыптастыру болып саналады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

*1 ҚРПрезиденті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жыл 14 желтоқсан.// http://www.akorda.kz*

*2 Пірәлиев С.Ж., Нәрібаев К.Н., Жампеисова Қ.Қ., Иманбаева С.Т., Хан Н.Н., Қалиева С.И т.б. Қазақстан ЖОО-ларында «Мәңгілік Ел» ұлтық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы. – Алматы, «Ұлағат», 2015. – 54б.*

*3 Керимбаева Б.Т., Серікбаева Н.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде тәрбиелеудің қажеттілігі// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №3 (46), 2017ж. Б.98-100. Астана 2017*

*4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. – Астана, 2013.*

*5 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауы // Қазақ тарихы журнал. -2006. №1. – 84-85 б.*

*6 Әл - Фараби. Әлеуметтік – этникалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 419 б.*

*7 Исаев М.С., Тұрсұн Х.М. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы құндылықтары – болашақ тарихшы маманның кәсіби білімін құраушысы //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы (педагогикалық ғылымдар сериясы). – Алматы, 2016. №1(50). – 236-241 б.*

УДК 378
МРНТИ 371

## [1]12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**КУРАЛБАЕВА А.А.[1]**
**РАХМЕТ Ү.[2]**
**НАСИРОВА У[3]**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*
*(Түркістан қаласы, Қазақстан)*

*Аңдатпа*

Бұл мақалада 12 жылдық білім беру жағдайында балаларды мектепке даярлау мәселесі қарастырылады. Баланы жеке басын жан-жақты дамыту мен мектепке даярлау ісі бүгінгі таңда білім беру саласында аса маңызды. Жалпы білім беретін мектептерде 1-сыныпқа қабылданған оқушылар оқу жүйесінде айтарлықтай қиыншылықтарға кезігеді. Алғаш баланы мектепке берерде оның биологиялық жасы мен мектепке психологиялық даярлығының көрсеткішін өлшеп шығару - бүгінгі күн талабы. Бастауыш сынып оқушысының жаңа ортаға түсуіне байланысты көңіл-күйінің сипаты, сынып сабақтық жүйеге қаншалықты төзімділігі, оның еріктік қасиеттері, жазбаша білімдерді игерудегі таным процестерінің даму деңгейлері тексеріле бермейді. Сондықтан баланың мектептегі оқу жүйесіне педагогикалық-психологиялық тұрғысынан әлі де толық қарастырылып, талдануы тиіс.

*Кілт сөздер:* 12 жылдық білім беру, психологиялық диагностика, психологиялық даярлық, психодиагностикалық зерттеу.

## [1]ПУТИ ПОДГОТОВКИ ДЕТЕЙ К ШКОЛЕ В СФЕРЕ ДВЕНАДЦАТИЛЕТНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

**КУРАЛБАЕВА А.А.[1]**
**РАХМЕТ Ү.[2]**
**НАСИРОВА У.[3]**

*Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави*
*(г. Туркестан, Казахстан)*

*Аннотация*

В этой статье рассматривается проблема подготовки детей к школе в сфере двенадцатилетнего образования. Всестороннее развитие ребёнка и подготовка его к школе в наше время является очень важным в области образования. В общеобразовательных школах у учеников первого класса возникают некоторые препятствия. Требованием сегодняшнего дня является биологический возраст детей и вычисление показателей их психологической подготовки к школе. В связи с поступлением учеников начальных классов в новую среду не учитывается их настроение, выносливость к классно-часовой системе, добровольные качества, уровень развития процесса познания навыков письма. Вот поэтому ребёнка с педагогико-психологической точки зрения нужно рассматривать и анализировать в дальнейшем.

*Ключевые слова:* 12-летнее образование, психологическая диагностика, психологическая подготовка, психогенетическая исследование.

## [1]THE WAYS OF PREPARING CHILDREN FOR SCHOOL IN THE FIELD OF TWELVE-YEAR EDUCATION

***KURALBAYEBA A.A.[1]***
***RAKHMET U.***
***NASIROVA U.***

*International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi*

*(Turkestan city, Kazakhstan)*

*Abstract*

This article examines the problem of preparing children for school in the field of twelve-year education. The comprehensive development of the child and his preparation for school in our time is very important in the field of education. In general schools, first-grade students face some obstacles. The requirement of today is the biological age of children and the calculation of their psychological preparation for school. In connection with the entry of primary school pupils into the new environment, their mood, endurance to the class-hour system, voluntary qualities, the level of development of the process of cognition of writing skills are not taken into account. That's why the child from a pedagogical-psychological point of view should be considered and analyzed in the future.

*Keywords:* 12-year education, psychological diagnostics, psychological preparation, psychogenetic research.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін реформалау барысында әрбір баланы мектептегіоқу және әлеуметтік ортағаеркін бейімделеалатындай жағдай жасау аса маңызды міндет. Демек, қазіргі талап бойынша мектептің біріншісыныбына келетін балалардың физиологиялық жағынан мықты, адамгершілік, мәдениеттілік, еңбексүйгіштік қасиеттері мол, ерік-жігері күшті, жұмыс қабілеттеріне ие, білімге қызығушылық сипаттары мол болуы қажет. Сондықтан да мектеп пен мектепке дейінгі мекеменің, ата-аналардың басты міндеті– баланы мектептегіоқуға, мектеп өміріне даярлау.

Алты жастағы балаларды балабақшада, отбасында, мектепалды топтарында мектепке дайындау, оларды білім алуға, мектепте оқудың қажеттігіне көздерін жеткізу, дене, ой қабілеттілігін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту болып табылады. Сондай-ақ, баланың психикалық әрекеттерін жетілдіріп, денсаулығын нығайту міндеттерін жүзеге асыру. Бүгінгі күнде «мектептегі оқуға дайындық» ұғымы комплексті және баланың барлық өмірінің сферасын қамтиды.

Мектепке дейінгі баланың өмірінде әлеуметтік, психологиялық жағынан және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Бұл кезеңде мектеп өмірімен танысады, әлеуметтік ортасы өзгеріп жәнеоқушының жаңа әлеуметтік рөлін меңгере бастайды.

**Зерттеу әдістері.** Белгілі орыс психологтары А.Н.Леонтьев, А.В.Запорожец, А.А.Люблинская мектепке даярлау ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін, әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруін, ерік қасиеттерінің дамуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын, мұғалімді тыңдау, материалды ескесақтау біліктілігін жатқызады.

М.Мұқанов мектептегі оқуға психологиялық даярлығы бұл баланың дамуында «қарым-қатынас» негізгі ролді атқарады деген тұжырымға келді [1].

Ал Т.Тәжібаев мектепке келетін баланың таным қызығушылықтары дамыған, әлеуметтік ортаға ене алу біліктілігі және оқуға деген ынтасы болу қажет деген пікірге келді [2].

Е.Суфиев тұжырымдамасында, мектептегі оқуға дайын бала өзінің әрекеттерін жоспарлап және бақылай алады, қоршаған дүниенің заңдылықтарын, заттардың жасырын қасиетін бағдарлайды, оларды өз әрекеттерінде қолданаалады, басқаадамды тыңдай біледі және логикалық ойлау тәсілдерін орындай алу біліктілігін жатқызады [3].

Алайда, мектепке даярлау мәселесі Қазақстан ғалымдары Б.Баймұратова, Қ.Сейсенбаев, Н.Айғабылов, Б.Дабылова еңбектерінде біршама зерттелгені белгілі. Дегенмен, мектептегі оқуға даярлау мәселесі әліде өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Мектепке психологиялық даярлықты жүзеге асыру ісін ғалымдар түрліше жіктейді. И.Шванцар, Л.И.Божович зерттеулеріне сүйене отырып, мектепке даярлықты жүзегеасыру ісін үш бағытта жүргізу қажет деп тұжырымдайды.

Ал Е.Е.Кравцова мектепке даярлықтың төрт бағытын қарастырды [4]:

1 бағыт – балаларды мектептегіоқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

2 бағыт – мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу;

3 бағыт – оқу әрекеттерінің алғы шарттары;

4 бағыт – баланың берілген ережелер мен ересектер талабынасаналы түрде бағыну іскерлігі.

Мектепке дейінгі мекемелерде баланы мектепке дайындау жалпы білім беру жүйесінің бастамасы ретінде бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына сәйкес мектепке дейінгі мекемелер мен жалпы білім беретін мектептерде 5-6 жастағы балаларды мектепке дайындауғаарналған бағдарламалар жасалды.

Осы заманғы жалпы білім беру жүйесін реформалау, үзіліссіз оқыту-тәрбиелеу міндеттерін іске асыру мақсатында 5-6 жастағыларды мектепке дайындау міндеттері Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 23 бабында: «Мемлекеттік білім мен денсаулық сақтау органдары мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасына қажетті әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастырады. 5-6 жастағы балаларды мектепке барарадында даярлау міндетті және ол отбасында, мектепке дейінгі ұйымда немесе мектепте жалпы білім беру бағдарламаларының шеңберінде жүзеге асырылады. Ол мемлекеттік ұйымдарында тегін жасалады», – деп көрсетілген.

Мектепалды даярлық балаларының психологиялық негізін анықтауда Ресей психологтарының ғылыми зерттеулеріне талдау жасауға болады.

Белгілі психолог Е.Е.Кравцова «Баланы мектептегі оқуға дайындаудың психологиялық мәселелері» атты еңбегінде: «Баланы мектепке даярлаудың 4 бағытын қарастырады. Бірінші бағытқа балалардың бойына мектептегіоқуға қажетті нақты іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруды жатқызса, екінші бағытын мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу болып табылады. Үшінші бағыт –оқу әрекетінің алғышарттары баланың бойында мектепке деген психологиялық даярлықтың болуы, төртінші бағытқа берілген ережелер мен ересектер талабынасаналы түрде бағыну іскерлігі», –деп атап көрсетті [4]. Е.Е.Кравцованың пікіріне сүйене отырып, таным процесі, ерік сапалары, эмоция, жеке бастың қалыптасып дамуы – психология ғылымының зерттеу нысандары болып табылады.

Негізінен бұл мәселеге көптің назарын аударған психологтарбалаларды мектепке даярлау ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін, оны орындау тәсілдерін меңгеруін, өзін-өзі бағалай және бақылай алуын, мұғалімді тыңдап, оқу материалдарын ескесақтау қабілеттерін жатқызады. Сондай-ақ, психологтар Р.В.Овчарова [5]. зерттеулерінесүйенеотырып, мектепке даярлық жүзегеасыру ісін 3 бағытта жүргізу керек деп тұжырымдаса, Ф.Н.Жұмабекова [6] балаларды мектепке даярлықтың төмендегідей бағыттарын көрсетеді:

1) Биологиялық кемелденуі. Баланың бойының ұзындығы мен денесінің салмағы нормадағы 5-6 жасар баланың дене көрсеткіштерінесәйкес болуы, денсаулығының жарамдылығы;

2) Ақыл-ойының даярлығы. Сөздік қорының мөлшері, таным үрдістерінің даму деңгейі, көрнекі-бейнеліойлауының жоғары формалары;

3) Жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтік даярлығы. Жаңа әлеуметтік жағдайдың қалыптасуы, оқуғақажеттіадамгершілік сапаларының дамуы, мінез-құлықтағы ырықтылық, ересектермен қарым-қатынасының орнығуы;

4) Ерік сапаларының қалыптасуы– шешім қабылдайалуы, орындалар әрекеттерді жоспарлап, оны жүзегеасыруға күш жұмсай білуі;

5) Көңіл-күйін меңгеруі, өзін-өзіұстауы, т.б.

**Зерттеу нәтижелері.** Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Мектепке дейінгілердің өз-өзіне қызмет ету дағдыларын меңгеруі – өнегелі, жігерлі, дербестік және табандылық сияқты қасиеттерін тәрбиелеудің тиімді жолы.

Н.Шадрин балаларды мектептегі оқуға бейімдеп, жетілдіруде психологиялық-педагогикалық диагностикаға қатысты негізгі жағдайларды белгілі бір қисынға келтірген [7]:

– Мектепке жетілдіру мен оқуға бейімдеу барысы деңгейінің өлшемдері, оқу бағдарламасындағы оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарымен байланысты болып табылады;

– Балаларды мектептегіоқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, бала тұлғасын дамытудың құрамды бөлігі болуы тиіс;

–Мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегіоқуға бейімделуі, балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады.

– Балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, бала тұлғасын дамытудың құрамды бөлігі болуы тиіс;

– Мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегіоқуға бейімделуі, сынып ұжымы немесе балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады.

Оқуға бейімделу әрекетін талдау психологиялық диагностиканың қолданылу бөлігін анықтайды. Балаларға психодиагностикалық зерттеулер жүргізгенде, мынандай моральді-этикалық сипаттамасы бар талаптар қойылады, олардың ең негізгілері:

1. Психодиагностикалық зерттеулердің нәтижелері балаларға зиянын келтірмеуі керек.

2. Балаларға диагностикалық зерттеулер, тек балалардың өздерінің жәнеолардың ата-анасының рұқсатымен жүргізілуі тиіс. Балалар мектепке баратын кезге дейінгі уақыттаата-аналар балаларынсыз рұқсат беруіне болады.

3. Ата-ана құқығынан айырылған ата-аналар өз балаларының психологиялық зерттеулерінің нәтижелерінің қорытындысын психолог маманнан білуге болады, сонымен бірге психолог, ата-аналарға өз балаларының психологиясына тиісті білгісі келген сұрақтарына дұрыс және нақты жауапты беруі тиіс.

4. Психодиагностикалық зерттеудің нәтижесіндеанықталған басқа факторлардан баланың тағдырын, яғни мектептегіоқуға бейімделуі мен тәрбие мүмкіндігін, ата-аналар мен психолог-педагогтардың пікірінсіз шешілмеуі тиіс.

5. Мектепке дейінгі мекемелер мен мектепте қызмет атқаратын психологтар психодиагностикалық жұмыстарды тәрбиешілер мен мұғалімдермен бірге тығыз байланыста болып атқаруы қажет.

Психодиагностикада балалардың мектептегі оқуға қабілеттілігіне байланысты жүргізілетін эксперименттердің қиыншылығының ең бір негізгі себебі, баланың белгілі қабілеттерін психологтар тапсырма беру кезінде, осы тапсырманы орындауы оның қабілеттілігіне ғана байланысты болмайды, сонымен бірге, мотивацияға, мектептегіоқуға бейімделіп, қалыптасуына және дағдыларына байланысты.

Мектепке баратын балаларды зерттеу үстінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына барлық әдістерді қолдануға болады. Бірақ, кейбіреулері өте күрделі жәнеарнайы бір құралдарды қажет ететіндері де кездеседі. Сондықтан практикада салыстырмалы жеңіл тесттерді сұрақнамаларды, бақылауды, құжаттарды талдауды және психодиагностикалық эксперименттерді қолданады.

Интеллектуалды тестте қоршаған ортаның әсерін ескеру қажет. Көптеген жеке тесттерде, баланың жеке қасиеттерін анықтау үшін қарастырылып зерттелген. Жаңа шарттарға бейімделу тесттің ең қажетті талабы. Белгілі бір жасқаарналған тесттер басқа жастағы балаларға қолдануға болмайды. Балаларды мектептегі жағдайға жетілдіріп, оқуға бейімделу мәселелеріне байланысты психологтар мен педагогтардың көп жағдайларда ынтымақтастығы көрінеді, әсіресе мектеп практикасында психологиялық міндеттерді шешу маңызды жағдайда болады.

Мектепке қабылданар баланың психологиялық даярлық деңгейін тексеру, диагноз қою;

– дамыту жолдарын белгілеу – қысқа мерзімдік диагностикалық шара болып табылады. Осы даярлық диагностика мазмұнын үнемі жаңаізденістермен жетілдіріп отыру – теорияның жемісі. Сондықтан да мектепке психологиялық даярлықты анықтау мазмұнын теориялық ғылым, тәжірибелік іс-әрекет ретінде қарастырады.

– мектеп жасына дейінгі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

– мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық процестерінің денгейлерінің диагностикасы.

– баланы мектепке дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданудың психологиялық мүнкіндіктерін айқындау.

Зерттеу әдістері-танымдық процестерді зерттеугеарналған стандартты әдістер комплексі:

– түрлі әңгіме әдістерін қолдану.

– шағын тестік тапсырмалар

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпығаарналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді.

**Талқылау**. 12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әрадамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іскеасыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауғасаналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси, өміріне белсендіараласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр. Оның жаңа құрылымына тоқталатын болсақ, 12 жылдық білім беру жүйесі 5+5+2 сатыларынан тұрады. Бүгінгі күніосы құрылым мен жаңа мазмұнға негізделген жалпыға міндетті білім стандарттары әзірленуде.

Бүгінгі күні әлемде жалпы білім берудің 12-жылдық мектепкеарналған халықаралық стандарты қалыптасып отыр. Орта мектептегі 12-жылдық білім АҚШ, Канада, Жапония, Швеция, Францияда; Германия, Чехия, Италия, Швейцарияда – 13 жылдық ; Голландияда – 14 жылдық жүйе қабылданған.

12 жылдық білім берудің негізіадамның жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру болып табылады. Адам тұлға болып тумайды, ол өмірсүру барысында тәрбиеарқылы қалыптасады. Тұлғалық туралы адам өзін-өзі танып, өз өмірін өзі жасай бастағандасөз ету керек. Білімді,

шығармашыл, бәсекелік қабілеті мол тұлға тәрбиелеу негізінде Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы жасалып отыр. 2020 жылғаарналған орта жалпы білім беру орындарының құрылымы мен мазмұнын құрудареспубликалық эксперимент шеңберінде тәжірибелік-эксперменталды жұмыс жүргізілуде. Егер 2020 жылға бұл экспериментке 52 мектеп қатысса, олардың саны 104 ке жетті, ал ауылдық жерлердеолардың 45-і, қалалық 59 мектепті құрайды. Қазірдің өзінде 12-жылдық білім модельдерін байқаудан өткізу жөніндегі эксперименталды ұйымдар туралы оң деректер бар.

12 жылдық білім 3 сатыдан тұрады. Бірінші – бастауыш (1-4 сыныптар) сыныптардың педагогтары олардың оқуға деген ынтасын арттыруға көп көңіл бөледі, екінші – (5-10) сыныптар оқушылардың базалық білімін анықтап, қарым-қатынас мәдениетін, ғылыми әдістерді түсінуге баулу, ал үшінші – (11-12 сыныптар) болашақ мамандық таңдауды негізгеалады. Бұлардан басқа да толықтыратын, өзгертетін проблемалар, 12 жылдық оқуғааусудың басқа да әдістерін табу мәселелері толып жатыр. Осы іспеттес тапсырма дәл осы мақсаттаарнайы құрылған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «12-жылдық білім мәселелерінің Республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның құзырына берілген.

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу-қоғамдағы елеулі өзгерістер мен адамдарарасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңаадамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Әлемдік білім кеңістігіндегіоқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілеттіадам тәрбиелеуді қамтамасыз етуге тиіс.

12 жылдық оқытудағы басты мақсаты:

– қарқынды дамып келе жатқан ортада өмірсүруге қабілетті;

– өзін-өзі дамытуға;

– өз ойын еркін айта білуге;

– өз қалауымен қоғам талабынасай өзін көрсете білуге бейім;

– жоғары білімді шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыру [8].

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезіндеоқу-білімнің, соның ішінде болашағымыз-бүгінгі мектеп оқушысының білімі мен тәрбиесі маңызды мәселе. Еліміздің әлеуметтік экономикасының дамуына өзіндік үлес қосаалатын, өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған, білімді де білікті тұлғаны дайындап, тәрбиелеу-аса құрметті қоғамдық міндет.Себебі, ел тұтқасын жан-жақты білімді ұрпақ ұстанған шақта ғана өркениет алға дамымақ.

Қазіргі кездегі баланың интеллектісіне, дербес ойлауын дамытуға бағытталған, өз бетімен ізденуге даярлайтын жеке жұмыстар көптеп беруге болады. Балаларды мектепке дайындау, мектепке бейімделуін және оқытудың жетістігін қамтамасыз ететін маңызды құрамы психологиялық дайындық компоненттері болып табылады.

**Қорытынды.** Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейі мектепке дейінгі тәрбие және оқытуда баланың бойында оқу қызметін меңгеруге қажетті жеке қасиеттерді тәрбиелеуге, яғни мектепалды дайындыққа ерекше көңіл бөлініп отыр. Осы құжатта көрсетілгендей, мектепалды даярлықтың негізгі мақсаты 5-6 жасар балалардың дене дамуы мен психикалык саулығын қорғау және нығайту, ақыл-ойын жетілдіру, олардың бойында қарапайым білім негіздері, іскерлік пен дағдылардың алғышарттарын қалай отырып, бастауыш мектепте білім алуға бірдей бастапқы мүмкіндіктермен қамтамасыз ету.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

*1.Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология.-Алматы, 1991. –186 б.*

*2. Тәжібаев Т. Жалпы психология. Алматы. 1993. –240 б.*

*3. Суфиев.Е. Баланың дамуы және оны мектепке әзірлеу. «Мектеп», Алматы, 1965. – 213 б.*

*4.Кравцова Е.Е. Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе. – М.,1991. 307 с.*

*5. Овчарова Р.В. Практическая психология образования: Учеб. пособие для студ. психол. фак. Университетов М.: Издательский центр «Академия», 2003. – 448 с.*

*6. Жұмабекова Ф.Н.Тәрбие негізі балабақшада // Отбасы және балабақша. -2009. №1.3.*

*7.Шадрин Н. Психология личности: Учебное пособие. – Астана: Фолиант, 2012. – 152с.*

*8.12 жылдық білім беру тұжырымдамасы, Астана, 2006 ж. 7. Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. 2014 ж.*

**УДК 002.6**
**МРНТИ 377.36**

## [1]БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТІ

**Б.ОРТАЕВ[1]**
**А.БЕКБОЛАТОВА[2]**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*
*(Түркістан қаласы, Қазақстан)*

*Аңдатпа*

Педагогикалық практика мен оқу-әдістемелік әдебиеттерде «құзырет», «құзыреттілік» және «технология» терминдері жиі кездеседі және түрліше сипатталады. Берілген ұғымдарды талдау барысында біздер төмендегідей тұжырымдалуды қолдаймыз: құзырет – бұл алынған білімнің және іскерліктің (дағдының), талдап қорытындыланған және қалыптастырылған жеке тұлғалық қасиеттердің кәсіби іс-әрекетте жүзеге асырылуы; құзыреттілік – қоршаған орта болмысында туындаған мәселелерді пәндік құралдармен шешу қабілеттілігі. Технология жоспарланған нәтижеге жетуді болжайды және ол мақсатты, процессуалды, сандық және есептік құраушыларды қамтиды.

Мақалада технологиялық құзыреттер кәсіби құзыреттіліктің құраушы компоненті ретінде қарастырылады. Технологиялық құзырет тұтас кәсіби-тұлғалық құрылымның құраушысы болып табылуымен, когнитивті, психомоторлы және аффективтік сала кешені ретінде анықталады және мектептің педагогикалық үдерісінде жүзеге асырылады.

*Түйінді сөздер:* құзырет, құзыреттілік, болашақ мұғалім, технология, технология, болашақ мұғалімдердің технологиялық құзыреті, технологиялық карта.

## [1]ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

**ОРТАЕВ Б. [1]**
**БЕКБОЛАТОВА А.[2]**

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави*
*(г.Туркестан, Казахстан)*

*Аннотация*

В педагогической практике и учебно–методической литературе термины «компетенция», «компетентность» и «технология» часто употребляются и иногда по разному описываются. Анализируя данных понятии мы поддерживаем нижеслудещее формулировку: компетенция - это полученные знания и умения (навыки), обобщенные и сформированные качества личности, реализуемые в профессиональной деятельности; компетентность – способность решать проблемы, возникающие в окружающей действительности, средствами предмета. Технология предполагает достижение планируемых результатов, в ней представлены целевые, процессуальные, количественные и расчетные компоненты.

В данной статье рассматривается технологическая компетенция как составлющий компонент профессиональной компетентности. Технологическая компетенция, являясь компонентом целостной профессионально-личностной структуры, определяется как комплекс когнитивных, психомоторных и аффективных доменов и реализуется в педагогическом процессе в школе.

*Ключевые слова:* компетенция, компетентность, будущий учитель, технология, технологическая компетенция, технологическая компетенция будущих учителей, технологическая карта.

## [1]TECHNOLOGICAL COMPETENCY OF FUTURE TEACHERS

**B.ORTAYEV[1]**
**A.BEKBOLATOVA[2]**

*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*
*(Turkestan city, Kazakhstan)*

*Abstract*

In pedagogical practice and educational-methodological literature the terms "competency", "competence" and "technology" are often used and sometimes are described differently. Analyzing the given concept, we support the following statement: competency is acquired knowledge and skills, generalized and formed personal qualities which are

realized in professional activity; competence - the ability to solve problems arising in the surrounding reality,by the means of the object. The technology assumes achievement of the planned results, it contains target, procedural, quantitative and calculated components.

In this article, technological competency is considered as a constituent component of professional competence. Technological competency being a component of a constituent professional-personal structure, is defined as a complex of cognitive, psychomotor and affective domains and realized in the pedagogical process at school.

*Keywords:* competency, competence, future teacher, technology, technological competency, technological competency of future teachers, technological routin table.

**Кіріспе**. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесін мамандармен жеткілікті қамтамасыз ету жүзеге асырылуда. Ендігі кезектегі мәселе, мұғалімдердің, оның ішінде болашақ мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23-тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» мазмұнындағы жалпы ережеде «құзырет» ұғымына анықтама берілген: «құзыреттер – студенттердің оқыту процесі кезінде алған білімін, іскерлігін және дағдысын кәсіптік қызметте практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті» ретінде қарастырылады [1]. Сонымен, жоғары оқу орындарының негізгі міндеті құзыреттерді қалыптастыру, ал оларды қалыптастыру үшін дескрипторлардың анықталуы тиіс болады.

Білім – болашақ мұғалімнің теориялық даярлығын құрайды және құзыреттің құраушысы ретінде қарастырылады. Білім мен іскерліктің болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетте құндылық қатынастарымен үйлесімді жүзеге асырылуы құзыретті маманның болмысын толық мәнді көрсететіні айтылып та, жазылып та жатқаны бар.

Ғылыми зерттеулерде құзыреттерді қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілгендігін көруге болады. Десекте, біздер үшін технологиялық құзыретті және оның құраушыларын анықтау бойынша жүргізілген жұмыстар қызығушылық танытып отыр. Сол себепті де, технологиялық құзыреттердің ғылыми еңбектердегі анықталуын белгілеу қажеттілік болып табылады.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу тақырыбына байланысты құзыреттілік, құзырет және олардың түрлерін болашақ мамандарда қалыптастыруға байланысты психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалды.

Педагогикалық мамандық студенттерімен, оның ішінде болашақ бастауыш сынып, ағылшын тілі мұғалімдерінің (3-курс студенттері, 2017-2018 оқу жылы) «құзырет», «технологиялық құзырет», «болашақ мұғалімнің технологиялық құзыреті» ұғымдарына өзіндік түсінік беру бойынша әңгімелесу жүзеге асырылды. Нәтижесінде болашақ мұғалімдердің басым көпшілігі құзыреттердің негізгі үш құраушыдан тұратынын: білім құраушыларынан, психомоторлы саладан және құндылық қатынастардан тұратынын дұрыс айта білді. Десек те, болашақ мұғалімдер «технологиялық құзыреттер» ұғымына толық мәнді жауап бере алмады.

Болашақ мұғалімдердің технологиялық құзыреттерін, олардың құраушыларын анықтау мақсатында және технологиялық құзыреттер жөніндегі өзіміздің тұжырымымызды белгілеу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жасалды.

**Зерттеу нәтижелері.** Білім беру саласында құзыретті маман қалыптастыру мәселесінің зерттелуі XX ғасырдың 80-90-жылдары қарқынды жүре бастады. Кәсіби–педагогикалық құзыреттілік пен оның жекелеген түрлерінің жалпы феноменологиясы В.А.Адольфтің, Е.В.Бондаревтің, Н.В.Кузьминаның және т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің әртүрлі аспектілерін К.А.Абульханова-Славская, Л.И.Мищенко, М.В.Прохорова, Е.И.Рогов, Д.С.Савельев, В.А.Сластенин, Н.Ф.Талызина, А.И.Щербаков, Б.Барсай және т.б. зерттеді [2, 3].

Республикамызда көптеген зерттеулер құзыреттіліктерді анықтау мен болашақ педагогтардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталды. Солардың қатарынан Б.Кенжебековтің, Б.Барсайдың, Б.Омаровтың, т.б. зерттеу жұмыстарын кезедестіруге болады [3, 4, 5]. Зерттеушілерді ғылыми жұмыстарында:

- «Кәсіби құзыреттілік» ұғымына берілген анықтамалар мен түсіндірмелер (Б.Т. Кенжебеков, С.И. Ферхо, М.В. Семёнова, А.К.Кусаинов, Н.А.Шамельханова, В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, Л.И.Мищенко, т.б.);
- кәсіби құзыреттілік құраушылары (В.В. Нестеров, А.С. Белкин, Н.В. Бублик, Т.С. Панина, Н.В. Кузьмина, В.Г. Воронцова, И.А. Колесникова, А.К. Маркова, В.В.Адольф, В.Оскарссон, т.б.);
- кәсіби құзыреттіліктің түрлі бағыттары (Е.В.Андриенко, Ю.В.Варданян, В.И.Журавлев, Т.В.Новикова, Н.Ф.Талызина, А.А.Вербицкий, А.К.Маркова, Е.М.Павлютенков, А.А.Орлов, И.Я.Фастовец, С.Т. Каргин, Б.Т.Кенжебеков, Е.П. Белозерцов, И.А. Колесникова, А.Е.Кондратенков, Н.В.Кузьмина, И.Я.Лернер, Н.Д.Левитов, М.Н.Скаткин, В.А.Сластенин, Ш.Т.Таубаева, В.Н.Андреев,

Ю.Н.Кулюткин, В.И.Загвязинский, М.М.Поташник, Б.А.Тұрғынбаева, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, А.Е.Әбілқасымова, Б.Б.Баймұханов, М.Ә.Құдайқұлов, Ж.А.Қараев, С.Е.Шәкілікова, А.Нұғысова, Б.Барсай, Б.Омаров, т.б.);

- кәсіби құзыреттілік құраушыларының сипаттамалары (В.А.Адольф, В.Р.Веснин, Н.В.Кузьмина, т.б.), т.с.с. ерекшелік белгілері қамтылған.

Зерттеу нәтижелерінде маманның немесе болашақ маманның метақұзыреттері атап көрсетіледі. Олардың әр қайсысын талдау және тарқатып жазу бірнеше ондық құзыреттерді анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен, жоғарыдағы ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау құзыреттің негізгі үш құраушыдан тұратыны айқындалған, олар: білім, іскерлік (іскерлік, дағды немесе психомоторлы сала) және құндылық қатынастар (аффективті сала), сондай-ақ олардың кәсіби іс-әрекеттерде жүзеге асырылуы.

Құзыреттерді жалпымәдени және кәсіби (немесе арнайы/мамандану) деп те бөлу қарастырылатынын көруге болады. Европалық білім беру шеңберінде нақты құзыреттердің саны 30 бірлік болса, «Білім» бағытындағы кәсіби құзыреттердің міндетті саны 15 бірлікті құрайды. Енді осыған және мамандандыру мен жұмыс берушінің сұраныс бағытындағы құзыреттерді қосатын болсақ, 50-60 құзыретті болашақ мамандарда қалыптастыру қажет болған болар еді.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес қазіргі кезде жоғары оқу орындарында мамандар даярлаудағы білім беру бағдарламаларының негізіне құзыреттер мен оқыту нәтижелері алынуда. Солардың бірі 2010 жылы қабылданған жоғары білім беретін мамандар даярлаудағы кәсіптік білім стандартында құзыреттілікке қойылатын талаптар айқындалған, олар [6]:

- түйінді: қалыптастырушы, жүйелеуші, зерттеушілік;
- пәндік: коммуникативті, технологиялық, бақылаушы;
- арнайы: бағдарламалық, пәнаралық, әлеуметтік, дамытушы, креативтік, ұйымдастырушы-әдістемелік құзыреттерден тұратыны айтылған болатын.

Жоғары кәсіптік білім стандартындағы анықталған құзыреттер зерттеу нәтижелері болып табылады. Сонымен қатар, Болон үдерісі қағидаттарын жүзеге асыру нәтижесінің бір көрінісі [7].

**Талқылау.** «Технологиялық құзырет» ұғымын анықтау үшін құзырет, технология (оның ішінде педагогикалық технология) және технологиялық құзырет ұғымдарына жасалған талдауларды зерделеу жүзеге асырылуы тиіс.

Зерттеу нәтижелеріне талдау жасап көрсетін болсақ, «құзыреттілік» ұғымына берілген анықтамалардың ішінен Н.В.Кузьмина мен В.В.Адольфтың кәсіби құзыреттіліктердің құраушыларын анықтауы дұрыс құрастырылған деп білеміз.

Н.В.Кузьмина кәсіби құзыреттіліктердің төмендегідей құраушыларын атап көрсетеді [8, 3, 5]: арнайы-педагогикалық құзыреттілік; әдістемелік; әлеуметтік-педагогикалық; саралау-психологиялық; аутопсихологиялық құзыреттілік.

Сонымен қатар, оларға төмендегідей сипаттама береді:

1) арнайы құзыреттілік - оқытатын пән саласындағы терең білімді, іскерлік пен тәжірибені; техникалық, шығармашылық міндеттерді шешу амалын білуді қамтиды;

2) әдістемелік құзыреттілік - оқытудың түрлі әдістерін меңгеруді және оларды оқыту үдерісінде қолдана білуді, білім және іскерлікті меңгертудің психологиялық амалдарын білуді қамтиды;

3) психологиялық–педагогикалық құзыреттілік - педагогикалық диагностиканы меңгеру, оның нәтижесі арқылы оқушылармен жеке жұмыстарды жүзеге асыра білу, оқушылармен мақсатты қарым–қатынас жасай білуден; жас ерекшелік психологиясын, тұлғааралық және педагогикалық қарым–қатынас психологиясын білуден; оқушылардың пәнге қызығушылығын, сенімін дамыта білуден жинақталады;

4) саралау–психологиялық құзыреттілік - оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін, бағыттылығын анықтай білу, адамдардың эмоциялық жағдайын ажырата білуден; оқушылармен, әріптестермен, басшылармен сауатты қарым–қатынас орнатудан тұрады;

5) аутопсихологиялық құзыреттілік - өзінің іс-әрекетінің деңгейін, қабілетін білуді; өзін-өзі кәсіби жетілдірудің жолдарын, тәсілдерін ұғынуды; өзінің жұмысындағы, жеке басындағы кемшіліктердің себебін көре білуді; өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуды қамтиды.

Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерде кәсіби құзыреттілік құраушылары «құзырет» ұғымына берілген анықтамаға сәйкес келеді және оны толықтыра, нақтылай түседі [9]: мазмұндық; технологиялық; жеке тұлғалық.

Осы құзыреттілік құраушылары төмендегідей сипатталады:

1) мазмұндық – білім берудің пәндік саласының әдіснамалық және теориялық негіздері білімі; заманауи білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері білімі; қазіргі заманғы мұғалімге қойылатын талаптар білімі;

2) технологиялық–әдістемелік, жобалау, коммуникативтік, конструктивтік, креативтілік, бағалау, ақпараттық іскерліктер;

3) жеке тұлғалық – кәсіпке құндылық қатынастар; оқиғаға және адамдарға құндылық қатынастар; жеке тұлғалық бастама көтеруге және одан әрі кәсіби өсуге дайындығы.

Сондай-ақ, ұғымдарға берілген талдаулар сәйкес «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының теңестірілмейтінін көруге болады. Келесі кезекте технологиялық құзыретті сипаттау үшін «технология» ұғыма берілген анықтамаларды басшылыққа алу артық болмайды.

«Технология» ұғымы да педагогика ғылымына етене енген ұғым болып табылады. Ал, педагогиканы технологияландыруда бастапқыда тәрбиесі төмен, қараусыз қалған балаларды оқыту тұжырымдамасын әзірлеген А.С.Макаренко деп саналады. Педагогикалық технологияны жаппай енгізу ХХғ. 60-жылдарынан басталады және алдымен американдық, кейіннен европалық мектептерде реформалаумен байланысты болды. Аталған үдеріс оқытуды кепілдік беру нәтижесіне айналдыру үшін дидактикалық тәсілдерді іздестірумен үйлестірілді. Педагогикалық технологияларды әзірлеу мен қолдану үдерісі бастауында Дж.Кэрролл, Б.С.Блум, В.П.Беспалько, Н.Ф.Талызина, В.В.Гузеев, Н.Е.Щуркова, В.П.Зинченко, Н.В.Акинфиева, т.б. ғалымдар болса, қазіргі уақытта Ф.Ш.Терегуловтың, В.Э.Штейнбергтің, М.И.Башмаковтың, С.Н.Поздняковтың, Н.А.Резниктің, В.М.Монаховтың, Т.К.Смыковскийдің, Ш.Таубаеваның, Д.Пошаевтың және т.б. бірқатар жетекші ғалымдардың еңбектері кеңінен танымал.

ХХғ. 30-жылдарынан басталған «педагогикалық технология» ұғымын анықтау бойынша басталған пікірталас қазіргі уақытта да жалғасуда. ХХғ. 30-90-жылдар арасында аталған мәселе бойынша шетелдік және отандық әдебиеттерді шолу жасау Л.В.Зевинаның, М.Е.Бершадскийдің еңбектерінде көрініс тапқан.

Олар психологиялық–педагогикалық әдебиеттердегі «Педагогикалық технология» ұғымының эволюциясын талдауға мүмкіндік береді.

- «білім берудегі технология» (technology in education, ХХғ. 40-жылдар мен 50-жылдардың ортасы);
- «білім беру технологиясы» (technology in education, ХХғ. 50-жылдардың ортасы мен 60-жылдардың ортасы);
- «педагогикалық технология» (education technology, ХХғ. 70ж.);
- «білімдік технология» (an education tehnology, ХХғ. 90-жылдарынан бері).

Әлеуметтік-философиялық әдебиеттерде «технология» ұғымына жалпы философиялық мағына беру арқылы оның накты технологиялық үдеріске дейінгі түсіндірмелері айқындалған. Атап айтқанда [10]:

- белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс (В.Даль сөздігі);
- белгілі заттың бейнесін өзгерту үшін қолданылатын өнер, біліктілік, әдіс-тәсілдер (В.М.Шепель);
- белгілі затты, тұлғаны сапалы өзгертуде қолданылатын білім мен әдіс-тәсілдер жүйесі (И.Г.Зайнышев);
- адамның әрекетін, біліктілігін, тәжірибесін еңбекке қажетті заттарды, әлеуметтік шындықты сапалы өзгертуге бағытталған әрекеттер жүйесі (Р.В.Овчарова);
- өндірістік өнім үдерісінде жүзеге асырылатын, шикізаттың, материалдық немесе жартылай фабрикаттың жағдайын, қасиетін, формасын өзгерту, дайындау, өңдеу әдістерінің жиынтығы (Философия сөздігі);
- бұл өндірістік іс-әрекет саласында қандай да бір өнім түрін дайындау барысында қолданылатын үдерістердің, ережелердің, дағдылардың жиынтығы («Научно-технический прогресс» сөздігі);
- «Технология» (гректің techne – өнер, шеберлік және logos – іскерлік, ептілік) – адамдардың күрделі үдерістерінің салыстырмалы бірдей орындалатын ретті, өзара байланысты процедурасы, әрекет және операция жүйесіне бөлу жолымен жоспарланған нәтижелерге жетуді жүзеге асыру тәсілдері. Кез келген технология болжанады, жобаланады әрі жалпы және арнайы ғылыми принциптер негізінде жүзеге асырылады (Батышев С.Я.);

- технология (технологиялық үдеріс) – өндірістің негізгі бөлігі. “Технология” мағынасында өндіру, өңдеу, тасымалдау және т.т., өндірісті техникалық бақылау, кейде өндірістік үдерістердің сипатталуы мен оларды орындау жөніндегі нұсқаулар түсініледі (Атутов П.Р., Поляков В.А.);

- адамның түрлендіруші іс-әрекетінің құралы ретінде ғылыми білімдерді қолдану тәсілі (Атутов П.Р.);

- дайын өнімді алу үшін өндірістік үдерісте қолданылатын материалдың немесе жартылай фабрикаттың, шикізаттың түрінің, қасиетінің, қалпын өзгертудің, дайындаудың, өңдеудің әдістерінің жиынтығы (Гусев В.И.);

- «технология» ұғымы дайын өнімді алу мақсатында нақты бір өндіріс құралдарымен шикізат, материал, жартылай шикізаттарды өңдеудің әдістері жөніндегі ғылым (Жолдасбекова С.А.).

Бірқатар ғалымдардың (В.И.Скурихин, В.Г.Квачев, Ю.Р.Валькман, Л.Г.Яковенко және т.б.) пікірі бойынша кез-келген технологияны анықтауда төмендегідей негізгі құраушыларды бөлуге болады:

1.Үдерісті жүзеге асыру мақсаты.

2.Технологиялық өзгерістерге ұшырайтын зат.

3.Затқа әсер етудің тәсілдері мен әдістері.

4.Технологиялық ықпал етудің құралы.

«Технология» ұғымының түсінігі оны таза өндірістік саладан алып шығып, технологияны материалдық және рухани әлемге және оның түрленуіне әрекет ететін әдістер мен құралдардың барлық жиынтығын қарастыруға мүмкіндік береді. Осылай технологияның кеңейтілген түсінігі қазіргі уақытта кең тараған болып табылады («сайлау технологиясы», «білімдік технологиясы» және т.б.). Қазіргі уақытта «технология» ұғымы «алгоритм», «тәсіл», «әдіс» сөздерінің синонимі ретінде де қолданады.

Сонымен қатар, технология «амалдардың тәсілі», «іс-әрекет тәсілі» ретінде қарастырылады (В.Е.Давидович, Ю.А.Жданов).

Сонымен, барлық технология бірқатар жалпы белгілермен сипатталады:

- адамдардың кез келген іс-әрекет тәсілдері болып табылады;

- өзімен түрлендіруді жүзеге асыратынын көрсетеді;

- практикалық іс-әрекетте ғылыми білімдерді қолдану нәтижесі болып табылады.

Технология ұғымына қолданылған тәсілдерді пайдаланумен жүргізілген талдауларды саралай келе, технологияны анықтаудағы тәсілдердің кең спектрі өмір сүреді деп қорытынды жасауға болады, ол - техникалық жүйенің жұмыс жасау мағлұматынан адамзаттың кез келген мақсатты, ұйымдасқан және тәртіпке келтірілгенге дейінгі барлық іс-әрекетті қамтушы ұғым.

Сонымен, берілген анықтамалар мен құзыреттер бойынша зерттеулерге сүйене отырып, технологиялық құзыреттілік – ол «түрлендіруші іс-әрекет» болуы тиіс деген алдын ала қорытындыға келуге болады. Педагогикалық технология негізінен педагогикалық үдерісті дұрыс (барлық қатысушылары мен құраушыларын қымтумен) жобалау болып табылатын ұмытпаған жөн.

Зерттеу жұмысы бойынша жоғарыда айтып өткендей талдаулар жасалған және олардың бір-біріне қайшы келмейтінін көруге болады. Әрбір зерттеуші ғалым өзінің зерттеу тұрғысына байланысты таптастыруды, топтауды жүзеге асырған.

Мәселен, зерттеуші Н.Ю.Каракозова өзінің зерттеу жұмысында бала бақша тәрбиешілерінің технологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды қарастырады. Зерттеушінің пікірінше, технологиялық құзыреттілік - кәсіби құзыреттілік құрылымында анықталады және осы іс-әрекет құраушыларының бірі болып табылады, сонымен қатар білімді, кәсіби-педагогикалық іскерлікті, іс-әрекет тәсілдерін және бала бақша балаларының тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін заманауи педагогикалық технологияларды зерделеуге, меңгеруге, жүзеге асыруға, әзірлеуге педагогикалық мотивациялық-құндылық бағыттылықты қамтитын кіріктірілген сапа ретінде сипатталады [11].

Жоғары кәсіптік білім беру стандартында технологиялық құзыретке: «педагогикалық инноватика, педагогикалық технология саласындағы білімдерді меңгеру, педагогикалық технологияларды пайдалану мен осы саладағы іздену, бағалау, саралау және қолдану біліктері мен дағдыларын меңгеру, жаңашылдыққа қабілетті болуы, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге ұмтылу, ынталылығы мен еңбекқорлығын көрсете білу» - деп анықтама берілген [9, б. 8]. Бір сөзбен айтқанда технологиялық құзырет үш құраушыдан тұратын көруге болады

**Қорытынды.** Сонымен, зерттеулердің талдау нәтижесінде және технологияның педагогикалық тұрғыдан сипатталуына, технологиялық құзыретке берілген анықтамаларға сәйкес төмендегідей анықтама беруге болады. «Болашақ мұғалімнің технологиялық құзыреті – педагогикалық инноватика, технология, педагогикалық үдерісті жобалау - технологиялық карта құрастыру жөніндегі білімдерді,

педагогикалық үдерісті нәтижелі жүзеге асыру мен оның нәтижелерін талдау іскерліктерін, педагогикалық ізденіске ынталылығын, оқу жұмысында дербестігін көрсете алуды қамтитын кіріктірілген сапа». Болашақ мұғалімнің технологиялық құзыреті бақылаушы құзыретімен тығыз байланыста болуы педагогикалық үдерістің нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Технологиялық карта – оқыту үдерісін жобалау мен жүзеге асырудағы мұғалімге арналған нұсқаулық және педагогикалық технологияның негізін құраушы құжат.

Технологиялық құзырет болашақ маманда педагогикалық үдерісті дұрыс жобалау бойынша іскерлігін қалыптастырады, оның ішінде мақсат қоюды, әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдауды, оңтайлы іс-әрекетті ұйымдастыру формаларын жүзеге асыруды және оқыту нәтижесін дұрыс бағалауды.

**Пайдаланылға әдебиеттер тізімі:**


*1 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2016 № 292 қаулысымен.* http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001080

*2 Сластенин В.А. Профессиональная подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. - М.: Магистр, 1982. - 250 с.*

*3 Барсай Б. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби - дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми – педагогикалық негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. - Шымкент. 2010. – 348 б.*

*4 Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. –Астана, 2001. – 275 б.*

*5 Омаров Б.С. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру (ұлттық спорт материалында). 6D010300 – Педагогика және психология. Философия докторы (PhD) ғыл.дәр. ... диссертация. -Түркістан, 2015, - 186 б.*

***6 5В011900 – Шетел тілі: екі шет тілі. ҚР МЖМБС 2010. – Астана. 2010. – 43 б.***

*7 Шалхарова Ж.С. Болон үдерісінің негізгі қағидалары (қысқаша шолу). – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті, 2013. - 18 б.*

*8 Кузьмина Н.В. Методы исследования педагогической деятельности.- Л.: ЛГУ, 1970. - 172с.*

***9 Мякишев С.Л. Информационно-образовательная среда вуза как фактор формирования профессиональной компетентности будущих педагогов. Автореф. дисс. ... канд. пед. наук. – Киров, 2007, - 23 с.***

*10 Ортаев Б.Т. Педагогикалық технологиялар: оқу құралы. – Шымкент: Әлем, 2016. – 144 б.*

*11 Каракозова Н.Ю. Формирование технологической компетентности воспитателей детского сада в процессе дополнительного профессионального образования: автореф. дисс ... канд. пед. наук. –Тольятти, 2015. - 25 с.*

***УДК 796.853.23***
***МРНТИ 796.853.23***

***[1]Кадырбеков Р.Б.***
***[2]Досанов Қ.***
***[3]Ислямов Б.Б.***
*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магситр оқытушы*
*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Дене мәдениеті мамандығының*
*4 курс студенті*
*(Алматы қаласы)*
*Алматы Университеті магистр оқытушы*
*(Алматы қаласы)*

# СПОРТ ОЙЫНДАРЫ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ[1]

*Аңдатпа*

Бұл мақалада оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру, және жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен білім алушылардың бәсекеге қабылеттілігін арттыру маңыздылығы мен жолдары туралы баяндалады. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтқанда, интерактивті тақтаны қолдану, мультимедия, интернет кеңістігі мен электронды кітаптар көмегігмен спорт ойындары сабақтарында білім беру нәтижелігін жақсарту маңыздылығы басым мәселелердің бірі болып саналуда. Білім алушыларды ақпараттық-коммуникациялық технология көмегімен білім деңгейін арттыру, сонымен қатар заман талабына сай іскер, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу және де оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету міндеттері туралы баяндалады.

**Түйін сөздер:** ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, спорт ойындары, интерактивті тақта, мультимедия.

***[1]Кадырбеков Р.Б***
***[2]Досанов Қ.Б.***
***[3]Ислямов Б.Б.***
Учитель магистра в КазНПУ им. Абая
Специальная физическая культура КазНПУ им. Абая
Студент 4 курса
(Алматы)
Алматинский университет - магистерская диссертация
(Алматы)

# *МЕТОДИКА ИНФАРМАЦИОННЫЙ ТЕХНОЛОГИЙ В СПОРТИВНОЙ ИГРЕ[1]*

*Аннотация*

В данной статье рассмотрены новые информационно-коммуникационные технологии в современном образования, и важность использования информационно-коммуникационных технологии в подготовки конкурентно способных учеников. Использование новых информационно-коммуникационных технологии, в частности, использование интерактивных досок, мультимедии, интернет ресурсов и электронных книг в проведении урока спортивных игр является очень важной задачей для учителей. Воспитание у учеников с помочью новых информационно-коммуникационных технологии деловых, разносторонних, грамотных, интеллектуально развитых учеников и воспитание в формировании у учеников творческой активности познания в процессе обучения.

**Ключевые слова:** новые информационно-коммуникационные технологии, спортивные игры, интерактивная доска, мультимедия.

[1]**R.B.Kadyrbekov**
[2]**Dosanov K.B.**
[3]**Islyamov B.B.**
Master's degree in KazNPU them. Abay
Special physical culture KazNPU them. Abay
Fourth year student
(Almaty)
Almaty University - master's thesis
(Almaty)

***IN THE METHOD INFORMATION TECHNOLOGY SPORTS GAME[1]***

*Abstract*

This article considers new information and communication technologies in modern education, and the importance of using information and communication technology in the preparation of competitive students. The use of new information and communication technologies, in particular, the use of interactive whiteboards, multimedia, online resources and e-books in the conduct of sports games is a very important task for teachers.
Education of students with the help of new information and communication technology business, versatile, literate, intellectually developed students and education in the formation of students' creative activity of cognition in the learning process.
**Key words:** new information and communication technologies, sports games, interactive whiteboard, multimedia.

*«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»*
*Н.Ә.Назарбаев*

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру - қазіргі заман талабы. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады,сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын.

Ұстаздар қауымының алдында сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру; Шығармашылықпен жұмыс істей отырып, заман талабына сай іскер, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу; Сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу; Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету міндеттері тұр.

Қазіргі таңда жеткіншек ұрпақ - мектеп оқушыларына білім беруге ерекше көңіл бөлініп келетіні белгілі. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен Шоқан Уәлиханов айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға - әрбір ұстаз міндетті.

Кез - келген пәнді оқытуда ұстаздарға қойылатын басты талап - жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушыларға сапалы білім беру.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиалық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр. Сондықтан, бүгінгі таңда қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлылығы құрылымынан оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады.

Оқытудың АКТ және олардың қолданудың мүмкіндіктері В. С. Герушинский, В. М. Левина, Е.И.Машбиц, Г. Н. Нұрғалиева т. б. ғалымдарының еңбектерінде зерттелген. Аталған еңбектер білім беру процесінде АКТ - ны қолданудың психологиялық, педагогикалық мүмкіндіктерін ашып көрсетеді.

«Спорт ойындары» пәніндегі АКТ-ның негізгі мақсаты қозғалыс әрекеттерін жақсартуда және ілгерілеуде, немесе оқу үлгерімін бағалауда жатыр. АКТ-ны пайдалану оқушылардың физикалық белсенділігі мен қатысуын арттыруға, алайда алмастырмауға тиіс. АКТ оқушыларға жеке кестелер әзірлеуге көмектесіп, сондай-ақ, қозғалыс қызметінің мәнін түсінуге жағдай жасайды. Ал АКТ-ны шығармашылық пайдалану белгілі бір физикалық қиындықтарға тап болатын немесе айрықша оқытуда қажет ететін оқушыларға қосымша мүмкіндіктер бере алады.

XXI ғасырдағы жұмыс, демалыс және қарым-қатынас жасау үшін технологияны сенімді және сыни тұрғыдан пайдалануды қарастырады. Бұл базалық АКТ дағдыларын білу есебінен қамтамасыз етіледі.

Оқушылар білім бағдарламасының барлық пәндері бойынша оқу үдерісінде АКТ-ны пайдалану дағдыларын дамытады және мұны жабдықтар мен қосымшалардың мол түрін пайдалана отырып, ақпаратты **іздеу, жасау және өңдеу, ынтымақтастық пен ақпарат, идея алмасу**, өз жұмысын **бағалау мен жетілдіру** арқылы жүзеге асырады.

**Бағдарламада оған кіретіндер**:

- «Спорт ойындары» пәнінің теориялық және тәжірибелік сабақтарында АКТ пайдалану (бейнематериалдарды, таныстырылымдарды, кестелерді, өсу қарқынын пайдалану);
- оқушыларға өздерінің қимыл-қозғалыс әрекеттерінің көрсеткіштерін бағалау мен жақсартуға көмек көрсету үшін оқушылардың өзін-өзі бағалауға, талдауға арналған фото және бейне материалдарды пайдалану;
- АКТ-ны (соның ішінде, ғаламторды) «Спорт ойындары» пәндері бойынша қарым-қатынас жасау арқылы, бірлескен жұмыс жүргізу, конспект құруда, көмек іздеудің және ақпаратқа қол жеткізудің құралы ретінде пайдалану.

Спорт ойындары және оны оқыту сабақтарында ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдануда төмендегідей нәтиже беруде:

Ілімділік оқу материалын оқу бағдарламасы бойынша ғылыми негізінде ең жоғарғы дәрежеде меңгеріп шығуы және ілімдік білімін іс жүзінде тиянақты, саналы түрде қолдана білуі;

- Ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;
- Игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;
- Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;

Ілімді жаңалық ашуға немесе ілімді іс жүзінде қолданудың жаңа жолдарын іздеуге ұмтылуы тиіс.

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

Интерактивті тақта;

Мультимедия;

Интернет кеңістігі;

Электронды оқулық.

**Интерактивті тақтаны пайдалану.**

«Ауызша айтсаң – тез ұмыттым,

Көрсетсең – есте сақтаймын,

Іске кіріссең – үйренем.» деген екен қытай даналығында. Ендеше оқушылар интербелсенді тақтаға назар аудара отырып, өтіліп отырған сабақтарын ұтымды түсінуге мүмкіндік алады.

Интерактивті тақта — топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл оқытушы жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Оқытушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада оқытушылармен жаңа материалдарды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де интерактивті тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексере де алады. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

**Электронды оқулық құралдар**

Электронды оқулықтар оқушының білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр оқушы оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қалуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр кезеңін бақылай алады.

«Спорт ойындары және оны оқыту сабақтары аз сағат бөлінетін кең көлемді теориялық материалды қамтиды, сондықтан электронды презентация-лар бұл мәселені тиімді шешуіме мүмкіндік берді. Білім беру үрдісінде компьютерлік технологияны пайдалана отырып өткізген сабақ біршама қызықты, көрнекті және ширақ болады. Үйретілетін қимылдардың орындалу техникасының түсініктемелері,тарихи құжаттар мен оқиғалар, спортшылардың өмірбаяндары, әртүрлі бағыттағы теориялық сұрақтарды баяндау оқушыларға тікелей көрсетілмеуі мүмкін. Сондықтан көрнектіліктің әртүрлі түрлерін пайдалану қажет. Компьютерлік техникамен жабдықталған кабинетте сабақ өткізу балаларды қызықтырып, сыртқы уәждеме пайда болады. Сыртқы уәждемеден пәнге қызығушылық туындайды».

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. *Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы».*
2. *Республикалық ғылыми әдістемелік журналдары*
3. *«Мектептегі дене шынықтыру» №5 2015ж; №2 2014ж*
4. *А. Салихова «Оқушылардың шығармашылығын дамыту»*
5. *Ғылыми-әдістемелік журнал, №5-2014 ж*
6. *Ақпараттық технологиялар тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2008. № 6. – 24–25 бб.*

**УДК 796.853.23**
***МРНТИ 796.853.23***

***[1]Кадырбеков Р.Б.***
***[2]Досанов Қ.***
***[3]Іслямов Б.Б.***

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магситр оқытушы*
*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Дене мәдениеті мамандығының*
*4 курс студенті*
*(Алматы қаласы)*
*Алматы Университеті магистр оқытушы*
*(Алматы қаласы)*

## ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КҮРЕС СЕКЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ[1]

Аңдатпа

Бұл мақалада күрес секциясын оқу орындарында ұйымдастыру және оларды ұйымдасыру барысындағы жағдаяттар туралы баяндалады. Күрес секциясын ұйымдастырудың негізгі талаптарын, міндеттері мен секция мәнін есепке ала отырып, оқушыларда спорттық сауаттылықты қалыптастыруды қамтамасыз етуге тиісті екендігі туралы қарастырылады. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының күрестің техникасын оқытудың жай-күйін тарихи және қазіргі әдебиеттермен статистикалық материалдар арқылы зерттеу, бастауыш топтағы балуандардың тәсілдік дайындықтарының айырмашылығы анықтау, әртүрлі дәрежедегі балуандардың әдістік шеберліктерін арттыруға әсер ететін факторларды айқындау, тәсілдердің орындалуын қолдайтын әдістер мен амалдарды анықтау және тәжірибелік тұрғыдан негіздеу зерттеледі.

**Тірек сөздер:** күрес, техника, тактика, жаттығу, спортшылар, оқыту әдістемесі.

***[1]Кадырбеков Р.Б***
***[2]Досанов Қ.Б.***
***[3]Ислямов Б.Б.***
Учитель магистра в КазНПУ им. Абая
Специальная физическая культура КазНПУ им. Абая
Студент 4 курса
(Алматы)
Алматинский университет - магистерская диссертация
(Алматы)

## БОРЬБА ОРГАНИЗАЦИЙ В УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ[1]

*Аннотация*

В данной статье рассмотрены вопросы об организации секции по борье в учебных заведениях и об особенностей организации секции по борьбе. В процессе организации секции по борьбе должны учитываться условия, задачи вида спорта и прививать ученикам чувство патриотизма и формировать спортивную грамотность. Кроме того, рассмотрены вопросы об обучении школьников к техникам борьбы, изучены материалы по современному состоянию борьбы в стране и в мире и с помощью исследования эффективностей приемов в борьбе определить факторы, которые способствуют развитию физических качеств обучающихся борцов.

**Ключевые слова:** борьба, техника, тактика, упражнение, спортсмены, методика обучения.

[1]***R.B.Kadyrbekov***
[2]***Dosanov K.B.***
[3]***Islyamov B.B.***
Master's degree in KazNPU them. Abay
Special physical culture KazNPU them. Abay
Fourth year student
(Almaty)
Almaty University - master's thesis
(Almaty)

**IN THE STRUGGLE OF THE ORGANIZATIONS OF EDUCATIONAL SAVED**

*Abstract*

This article discusses the organization of the wrestling section in educational institutions and the specifics of the organization of the wrestling section. In the process of organizing a section on wrestling, the conditions, the tasks of the sport should be taken into account, and a sense of patriotism should be inculcated in the students and sports literacy should be formed. In addition, questions on the education of schoolchildren for combat techniques are examined, materials on the current state of the struggle in the country and in the world are studied, and with the help of research on the effectiveness of techniques in the struggle to determine the factors that contribute to the development of the physical qualities of the trained wrestlers.

**Key words:** wrestling, sport, of organizing, physical.

Пәннің мақсаты – студенттерге заманға сай білім беріп және оларды тәжірбиелі палуан болуға үйрету, күреспен айналысатындардың айла-тәсілдерін әдістемелік тұрғыда үйрету және жетілдіру. Палуандардың жалпы және арнайы физикалық дайындығы негіздерінде жасымен жынысын ескеру қажет.

Білу:

- техника-тактикалық әрекеттердің орындалуы биомеханикалық ерекшеліктері;
- спорттық шеберлікке әсер етуші факторлар, оқу жаттығу принциптерін құру кезінде әр түрлі дайындық кезеңдері, әдістемелер комплексті бақылау;
- спорттық секцияда және құрама командаларға іріктеу кезеңдеріндегі талаптар, оқу жаттығу жұмыстарын, спорттық шаралар өткізу жүйесі;
- жаңа ғылыми-әдістемелік өңдеулер, оларды оқу-жаттығу процестерінде спорттық нәтижелерге жету мақсатымен қолдану, компьютерлік әдістері, әдістемелі жаттығу процестерінде видеоматериалдарды сақтау және өңдеу үшін қолдану;
- оқу-жаттығу кезеңінде студенттер өз спорттық дайындығын және оқу білімін, бапкерге қажет әдіс-тәсілдерін жетілдіріп отыруы, жарыстарға қатысу студенттің міндеті болып қарастырылады;
- жаттығу процесін, спорттық дайындық деңгеймен (физикалық, техникалық, тактикалық, психологиялық және функционалдың), әр түрлі жастағы, әр түрлі сыртқы орта шарттарында әдістемелік негізді жоспарлау, бақылау және басқару;
- спорттық жоғарғы деңгейге жету, үйлесімді физикалық жұмысқа қабілеттіліктің және организм резервіндегі мүмкіншіліктерінің толық жетілдіруінің денсаулыққа зиянсыз болуын қадағалау;
- салауаты өмір салтын ұстануды насихаттау және дене шынықтыру мен спортпен айналасуға шақыру;

***Дағдыларды қалыптастыру:***

- спорттық дайындығын (физикалық, техникалық, тактикалық, психикалық және функционалдың) жоспарлау және бақылау;
- спорттық іріктеулермен, болжау әдістерінің жаттығу процесінде иновациялық және интерактивтік әдістерін қолдану.

***Күрестің систематика, классификация және терминологиясы***

-классификация, системаика, терменология ұғымдардың анықтамасы. Класификацияға талаптар. Түрлерінің классификациясы. Спортшыларды таптастыру: жас топтармен, деңгейімен, спорттық дайырлықтарымен.

***Құрама командаларға және спорттық секциялардағы іріктеу кезеңдері***

-іріктеу жүйесі құрама бөлім сияқты палуандардың ортақ дайындау жүйелері. Жақсы дайындалған палуандардың іріктеулердегі маңызы. Жоғарғы дәрежедегі палуандардың дарындылығы. Іріктеу белгілері (спорттық нәтижесінің динамикасы, жұмысқа қабілеттілік жағдайы жарыстарда және одан тыс жерлерде, өнегелілігі, адамгершілік және басқа да психикалық сапалары, жасы, физикалық сапаларының жалпы даму деңгейі, мақсаты, дәлелі).

***Оқу-жаттығу жұмыстарын өткізу және ұйымдастыру***

- оқу-жаттығу жиындарының мақсаттары және тапсырмалары. Жиындарды ұйымдастыру және қаржыландыруы. Оқулық жоспары. Жиындардың ұзақтылығы, қатысушылардың саны, спорттық-педагогикалық мақсаттарының әдістері. Спортшылардың жиын өткізердегі әдістемелік құжаттама. Негізгі шаралар және жоспары. Саяси-тәрбиелік және мәдениеттілі-бұқаралық жұмыс әдістері.

***Палуанның техника –тактикалық дайындығы***

Техникалық әдістердің талдау схемасы. Спорттық күрес кезінде әдістердің қолданылатын орны (қолданыла алушылық, вариативтілік, нәтижелілік). Қателер, олардың белгілер, ескерту тәсілдері және қателердің дұрысталуы. «Күрес тактикасы»анықтамасы. Тактикашы бөлімдері: әдістерді өткізу тактикасы, ұстасу тактикасы, жарыстарда қатысу тактикасы, жарыстарда қатысудағы көп жылдық тактикасы (стратегия).

Жаттығу жұмысы үш бөліктен тұрады. Дайындау бөлімінде жаттықтырушы өздеріне назар аудартады, жаттығуларды түсіндіреді, спортшының организмін шынықтырып дайындайды. Ерекше назар денені қыздыру және буындарды ,мойынды қыздыруға бөлінеді. Қыздыруды біртіндеп орындау керек, бұлшық еттердің барлық топтарын жұмысқа қосу керек. Тәжірибелі палуандар өздеріне нақтылы жаттығулар кешендерін біртіндеп бастайды, олар негізгі техникалық жаттығулар қосады. Бой жазуда қарапайым жаттығуларды қолданады (шеңберден шығару, әтештер айқасы, зат үшін талас. Бой жазу осы жағдайда қызық және қызу өтеді. Бұл бөлікте арнайы физикалық тактикалық-техникалық шеберлігінекөңіл бөледі.

Негізгі жұмыстардың ұзақтығы шұғылданатын адамдарға байланысты, олардың күйіне қарай, спорттық шеберлікті деңгейі, олардың алдына қойған мәселелері, сонымен бірге қажетті спорт керек-жарақты жаттығу залын қамтамасыздықтан тәуелді болады.

Қорытынды бөлікке жүктеменің біртіндеп төмендеуі, қалыпты жағдайға организмнің жинақтауы кіреді, әр түрлі тыныс алу жаттығуларлары босаңсыту жаттығуы. Жұмыстардың қорытындысында барлық жаттығуларға қорытынды қолданған дұрыс.

Спортшылардың алдында қойған мақсаттары әр түрлі болуы мүмкін. Жаттығу жұмыстарының негізгі формаларына оқу-жаттығу, жаттығу, бақылау жұмыстары жатады. Оқу-жаттығу жұмыстары - сабақта кең таралған. Ұзақтығы шамамен екі сағаттай. Оларға жаңа техникалық әдістер үйретіледі, сонымен бірге жіберген қателері, техникалық қателері дұрыстау барысында жұмыс істейді. Әдістерді қиын айқас кезінде әр түрлі жағдайларда қолдануға үйретіледі. Кей жағдайларда оқу-жаттығуларды теориялық әңгімелерден бастайды.

***Күресті үйретудің әдіс-тәсілдері.*** Қазақ күресін топтау негізіне қарсыласпен күрескен кезде қолданылатын және жарыс ережелерінде рұқсат етілген амалдар алынған:

Күрес техникасы дегеніміз – палуанның жеңіске жетуі үшін қолданатын және әрекет ету ережелерінде рұқсат етілген амалдар жиынтығы.

Түрегеліп күресу техникасы – тұрып күрескенде қолданылатын амалдар.

Ұстасу – қолмен орындалатын әрекеттер, палуан шабуылдау, қорғану немесе қарсы шабуылдау мақсатында қарсыласының киімінің бір жерінен ұстай алады.

Бір жақты ұстау – оң қолымен қарсыласының оң қолынан (сол қолымен сол қолынан) ұстау.

Әр жақты ұстау — оң қолымен қарсыласының сол қолынан (сол қолымен оң қолынан) ұстау.

Ырғақ – білектерін айқастыру әдісі, саусақтарына қармақтап ілмектеп, құлыптап, бір-бірімен ұстастырады. Шалу – аяқпен жасалатын қимыл, бұл кезде палуан балтырын, жіліншігін қарсыласының тізесінен төмен қойып, сырттан шалады.

Ілу – аяқпен жасалатын қимыл. Бұл кезде палуан қарсыласының денесінің қандай да

болмасын бір бөлігін ұстап, өзіне немесе бір жағына қарай тартады. Аяқты бүгіп тұрып жіліншікпен немесе табанмен орындалады.

Орау – аяқпен жасалатын қимыл. Палуан қарсыласын қимылдатпай ұстап, өзіне немесе бір жағына қарай тартып, онымен бір мезгілде жіліншілігімен және табанымен аяғынан іледі.

Қағу – аяқ қимылы. Палуан табан жағымен, табанның ішкі, сыртқы қырларымен қарсыласын аяқтан қағады. Көтере қағу — аяқ қимылы. Палуан санының артқы жағымен қарсыласын аяғынан немесе екі аяғынан бірдей артқа көтере қағады.

Тізеден қағу – аяқ қимылы. Палуан қарсыласының аяқтарын кілемге тигізбей көтеріп алып, тізесімен қағады. Көтере итеру – аяқ қимылы. Палуан қарсыласын санымен немесе жіліншігімен өзінің алдынан жоғары көтере итереді. Адымын айқастыру – қарсыласының жанына немесе артына шығу мақсатымен палуан аяғын оның аяқтарының артына қояды.

Еңкею – денені тік тұрған күйінен горизонталь күйге қозғалту.

Тікею – денені горизонталь күйден тік күйге келтіріп қозғалу.

Шалқаю – денені артқа қарай шалқайтып доғаша иілу.

Айналу – артқа қарай құлаған кездегі дененің қозғалысы: палуан шалқалап құлап бара жатқанда кеудесімен түсетіндей болып айналады.

Жұлқу – палуан қарсыласын қатты тартып қалады (жұлқиды).

Итеру – палуан қарсыласын өзінен ары қарай немесе қапталға қарай қатты итереді.

Әдіс – палуанның толық аяқталған әрекеті, қарсыласынан басым түсу немесе оны жеңу амалы.

Қорғану – қарсыласының шабуылын палуанның тойтаруына мүмкіндік беретін әрекеттері.

Қарсы әдіс (амал) – қарсыласының әдісіне қолданылатын әдіс (амал).

Лақтыру – қарсыласын кілемнен көтеріп алып, жауырынымен немесе кеудесімен түсіруге мүмкіндік беретін әдістер. Жығу – түрегеліп тұрған қарсыласты көтеріп алмай-ақ кеудесімен немесе арқасымен түсіруге көмектесетін әдістер.

Арқадан асыра лақтыру – қарсыласқа арқасын бере айналып, содан соң еңкею немесе алға қарай құлау арқылы орындалады.Айнала берген кезде еңкейе қалу бұл әдістің негізгі элементі болып табылады. Шалқайып (төспен) лақтыру – шалқаю арқылы орындалады. Бұл әдістің негізгі элементі – денені артқа қарай доғаша иіп шалқайту.

Еңкейіп лақтыру — кеуденің және аяқтың күші арқылы қарсыласты көтеріп алып,

содан соң еңкейіп, оны кілемге түсіру жолымен орындалады.

Ілу – түрегеліп тұрғанда орындалатын әдіс. Қарсыласының аяғын палуан бүгілген өз

аяғымен іліп алып жығады немесе лақтырады. Сүріндіру — лақтыру әдісі. Кедергі етіп қойған өзінің аяғынан қарсыласын өткізе сүріндіріп лақтырады.

Иықтан асырып лақтыру – палуан арқасын беріп денесін айналдырып барып қарсыласын иығынан асырып лақтырады. Орау – түрегеліп тұрғанда орындалатын әдіс. Қарсыласының аяғын палуан өз аяғымен (жіліншілігімен және табанымен бір мезгілде) орап алып жығады немесе лақтырады.

Тактикалық даярлық амалдары – палуан шабуылдау немесе қарсы шабуыл жасау үшін қолайлы жағдай жасайтын әрекеттері. Барлау – палуанның қарсыласы жөнінде мәліметтер алуына көмектесетін тактикалық әрекеттері. Бүркемелеу — палуанның қарсыласынан шын ойын жасыру үшін жасайтын тактикалық әрекеттері.Қауіп төндіру — палуанның қарсыласын қорғанысқа көшуге мәжбүр ететін тактикалық әрекеттері.Жалған әрекеттер — ақырына жеткізілмеген және қарсыласты тиісті қорғанысқа көшуге мәжбүр ететін амалдар: ұстау, жұлқу, итеру және басқа да әрекеттер.Алдау – ол да жалған әрекеттер.Қайталап алдау – палуанның өзінің шын амалын қарсыласына жалған амал көрсетуге бағытталған тактикалық әрекеттері.

Шақыру – палуанның қарсыласын белсенді қимылдар жасауға мәжбүр ететін тактикалық әрекеттері. Тұқырту – палуанның қарсыласының еркін қимылдауына мүмкіндік бермейтін тактикалық әрекеттері. Тепе-теңдіктен шығару – палуанның өзінің шабуылға шығуына ыңғайлы, ал қарсыласын тепе-теңдігін сақтай алмай, қолайсыз күйге түсуге мәжбүр ететін тактикалық әрекеттері. Шабуыл – тактикалық әрекет, оның мақсаты – басым түсу немесе жеңіске жету.

Қайталап шабуылдау – бірдей қимылдар қатар орындалатын тактикалық әрекеттер, ол қимылдардың тек соңғысы ғана шешуші, ал қалғандары жалған болып табылады.

Комбинация – белгілі бір нәтижеге жету үшін орындалатын әрекеттерді тактикалық жағынан ұштастыру немесе олардың бірінен-бірі орындалуы.

Ұстау (әдіс) комбинациясы – қарсыласы ұстаудың (әдістің) бір түрінен қорғана жүріп, келесілерін орындауға қолайлы сәтін туғызатындай етіп ұстау түрлерін (әдістерді) ұштастыру.

Алдын алу — палуанның қарсыласының шабуылы мен бірмезгілде жүргізетін шабуылдау әрекеттері. Бірақ палуан қарсыласының алдын алу үшін оны шапшаңырақ орындайды.

## *СПОРТТЫҚ КҮРЕСТЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ*

Өмірдің өзегі - күрес. Яғни «күрес» деген бір ауыз сөздің мән-мағынасы тереңде. Жұмыр жердегі барлық тіршілік иесі өмір үшін күреседі. Адамзаттың ұлы тарихы күреспен жасалды. Айды, күнді айтпағанда, әр сағат, әр секунд күреске толы.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарының алдында тұрған ең негізгі маңызды мақсат – сапалы мамандарды дайындау. Яғни, бұл мәселені қайта сараптап, белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттыру, білімділігін дамыту.

Жоғары оқу орындарының алдындағы негізгі мақсат - педагог мамандарды дайындауда, яғни кәсіби мамандыққа әзірлеуде оқу жұмыс жоспарын қазіргі заманға сәйкес икемдеу. Сондықтан дене мәдениеті тәрбиесінің жоғары деңгейдегі мамандарын әзірлеу, ғылыми деңгейдегі білімдерін толықтыру, дамыту қажет. Күресушінің техникалық әзірлігі - арнайы жаттыгулар мен әдістердің негізіндегі күресте қолданылатын әр түрлі комбинацияның орындалуының техникалық қалыптасу процесі. Техникалық әзірлік күресушінің шеберлігінің негізі болып табылады және спорттық әзірлік жүйесінде басты орын алады. Техникалық шеберлік, В.Л.Дьячковтың пікірінше, барлық спорттық әзірлікке «шығу қақпа» болып табылады. Спорттық күрес техникасы - жарыс ережелерімен рұқсат етілген әдіс-тәсілдердің, қорғаныстардың өзара сәйкестігі және олардың орындалуының рационалды әдістері. Техника көлеміне спортшы білетін, қолданатын техникалық әрекеттердің жалпы саны жатады. Техника көлемі жалпы және жарыстық техникалық әзірлік көлемі болып бөлінеді. Қазіргі заманғы күрес деңгейі атақты  спортшылардың шебер күрес әрекеттерімен ерекшеленеді. Бұндай әдістер мен жаңалықтар оларға үлкен жетістіктерге жетуге көмектеседі. Аталған техникалық-тактикалық шеберлікті жалпыландыру және жас спортшыларға үйретуде, күрестің әдістеріне көбірек көңіл бөлінеді де, комбинацияларды оқыту қалыс қалады. Ол оқулықтар мен бағдарламалардың мазмұнымен расталады. Сондықтан да бүгінгі таңда балаларды спорт мектептерінде қазіргі заманғы техникалық шеберлік негіздеріне үйрету басты мақсат болып табылады.Оку жоспары дәрістік, әдістемелік, семинарлык, оқу-тәжірибелік, тәжірибелік түрінде болып онда спорт түрлерінің тарихы, спорт түрлерінің әдіс-айлалары, тәсілдерін үйрету, шеберлікті шындау, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, спорттық жарыстарды ұйымдастыру өткізу, оқу-жаттығу жиындарын өткізу жолдары оқытылады. Әдістемелік сабақтарда спорттық күрес түрлерінің әдіс-айлаларын, тәсілдерін үйрету, сабак түрлерін өткізу карастырылады. Оку-тәжірибелік, тәжірибелік сабақтарда әдіс-тәсілдерді үйрену, шеберлікті арттыру жаттығу негізінде өтеді.Оқу-жаттығу сабақтары мен жарыстарды өткізуді үйренумен қатар мектептегі дене шыныктыру сабақтарын еткізу үйретіледі. Студенттердің мамандык шеберліктері мектептегі педагогикалық және спорттық мекемелердегі жаттықтырушылық тәжірибеден өту кезінде үйретіледі. Семинарлық сабақтарда студенттер үй тапсырмаларын және өзіндік жұмыстарды орындау арқылы хабарлар дайындап тиісті бағаларын алады. Жоғарыда көрсетілген сабақ түрлерінен баска студенттермен олардын спорттық шеберліктерін арттыру максатында қосымша жаттығу сабақтары өткізіледі. Студенттердің өзіндік жұмыс түрлеріне оқулыктармен жұмыс, реферат, курстық, дипломдық жұмыстарды жазу, жаттығу жоспарларын дайындау, күнделік жазу, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу, спорттык жарыстарды көру, талдау, қоғамдык жұмыстарға араласу т.б. жатады. Курстық жұмыстарды қорғау мамандық саласына байланысты орындалады.Студенттердін білімін және спорттық шеберліктерін тексеру сынақ және емтихан түрлерінде оқу жоспарларында бекітілген мерзімдерде кабылданады.

Жергілікті жердің табиғат ерекшелігіне және құрал-жабдыктардың болуына байланысты, оку орны бағдарламаға қосымша өзгерістер енгізулеріне болады.

***Пайдаланған дебиеттер тізімі:***


*1 Алимханов Е. Самбо күресін үйретудің негіздері. – Алматы, 2000. – 120 с.*

*2 Алимханов Е. Балуанның дене-күш қабілетін арттыру. – Алматы, 2004. – 90 с.*

*3 Койшыбек К. Спорттық жарыстарға қатысушы балуанның копжылды дайындығы : оку құралы. – Алматы, 2005. – 130 с.*

*4 Кенесбаев Т. Н. Спортивно-педагогическое совершенствование по вольной борьбе : уч.пособие. – Алматы, 2005. –150 с.*

*5 Тлешев С. А. Методика обучения и тренировки борца : уч. пособие. – Алматы, 2003. – 130 с.*

*6 Шепетюк М. Н. Контроль в спортивной борьбе. – Алматы, 2002. – 95 с.*

*7 Шепетюк М. Н. Обучение в спортивной борьбе. – Алматы, 2003. – 100 с.*

*8 Шепетюк М. Н. Совершенствование в спортивной борьбе. -Алматы, 2005. – 145 с.*

**УДК 373.1.02**
**МРНТИ 372.8**

## [1]АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ

***КУРАЛБАЕВА А.А.[1]***
***РҮСТЕМ А[2]***

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*
*(Түркістан қаласы, Қазақстан)*

*Аңдатпа*

Мақалада ағылшын тілін бастауыш сыныпта оқытуда ойын әдісінің оқыту үрдісіндегі рөлі мен ойын арқылы оқыту әдісінің маңыздылығы, ағылшын тілі сабақтарында ойын әдісі арқылы оқушылардың қызығушылығын дамытуға қатысты әдістер қарастырылады. Қазіргі таңда оқушылардың білімін, қызығушылығын дамыту жолдарының басты шарты – оқыту үдерісінде ағылшын тілі сабақтарында ойын арқылы оқыту әдісін жиі пайдалану тиімді.

Ағылшын тілін оқытудың қазіргі кездегі жетекші мақсаты ол: коммуникативтік, білім беру, тәрбиелік және дамыту функцияларын жүзеге асыру.

Ағылшын тілін оқытуда психологиялық-педагогикалық негіздер мен ерекшеліктерді ескеру тілді меңгертудің басты алғышарттары болады. Балаға сөздерді жаттатудан гөрі қарым-қатынасқа түсу негізінде тілді меңгеруінің өмірмен байланысты екендігі келіп шығады. Осындай ерекшеліктерді айқындау тілді меңгертуге жеңілдік келтірумен бірге, бүгінгі Қазақстан жағдайында жас ұрпақты болашақта интеллектуалды азамат етуге мүмкіндік береді.

*Кілт сөздер:* ойын, сөйлеу, тыңдау, монологты сөйлеу, диалогтық сөйлеу, сабақ.

## [1]СОВРЕМЕННАЯ МЕТОДИКА В ПРЕПОДАВАНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

**КУРАЛБАЕВА А. [1]**
**РУСТЕМ А[2]**

*Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави*
*(г. Туркестан, Казахстан)*

*Аннотация*

В статье рассматривается важность игрового метода обучения английскому языку в преподавании начального класса, роли игрового метода в процессе обучения и способов использования уроков английского языка для развития интереса учащихся посредством игрового метода. В настоящее время ключевым условием развития знаний и интересов студентов является использование игрового метода обучения на английском языке на уроках учебного процесса

В настоящее время главной целью преподавания английского языкаявляется:выполнение коммуникативных, образовательных, воспитательныхи развивающих функций.

Психолого-педагогические основы и принимать во внимание специфику английского языка будут основными предпосылками для изучения языка. Чем ребенкувыучивать слова, лучше общение на основе усвоения языка в том, что в связи с жизнью.Идентификация этих функций даст нам возможность легко изучить язык, а также стать умным гражданином будущего поколения в сегодняшнем Казахстане.

*Ключевые слова:* игра, говорение, аудирование, монолог, диалог, урок.

# [1]MODERN METHODS IN TEACHING ENGLISH

**A.A.KURALBAYEVA[1]**
**RUSTEM A.[2]**

*International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi*
*(Turkestan city, Kazakhstan)*

*Abstract*

The article considers the importance of the game method of teaching English language in teaching the primary class, the role of the game method in the learning processand how to use the English language lessons to students' interest through the development of a game method.Nowadays, the key condition for the development of knowledge and interests of students is the use of the game method of teaching in English at the lessons of the educational process.

The current purpose of teaching English: implementation of communicative, educational, and developmental functions.

Consideration of psychological and pedagogical foundations and peculiarities of teaching English is the main precondition for language learning. It is better to communicate on the basis of mastering the language in that in connection with life, thana child learn by heart words.Identification of these functions will give you an opportunity to easily learn the language, and also to become an intelligent citizen of the future generation in today's Kazakhstan.

*Keywords:* game, speaking, listening, monologue, dialogue, lesson

**Кіріспе.** Елімізде болып жатқан түрлі бағыттардағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табастарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық қабілетін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңа тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Жас балаға ағылшын тілін оқыту мәселесі педагогтарды, филологтар мен ата-аналардың қызығушылығын туғызып отырған мәселе. Бүгінгі Қазақстан қоғамы орта мектепте тілдік дайындау деңгейіне қанағаттанбай отыр. Бұл деңгейді көтерудің жолы ретінде бастауыш білім беру үдерісіне ағылшын тілін енгізу тұрғысында жұмыстар жасалып, пән ретінде өтілуде. Себебі, бала дамуының осы кезеңі тілді меңгеруге тиімді екендігі дәстүрлі түрде айтылып келеді.

Оқыту нәтижелерін бағалау немесе оқушының білімі мен іскерлігін бағалау бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілген. Орындалған психологиялық-педагогикалық зерттеулердің басым бөлігінде педагогикалық баға білімнің оқу бағдарламасы талаптарына сәйкестігін өлшеуге бағытталған оқу қызметінің қажетті компоненті ретінде, оқу-тәрбие үдерісін ынталандырушы және оқушылардың мінез-құлығын реттеуші құралы ретінде зерделенген (Ш.А.Амонашвили, Б.Г.Наньев, Л.И.Божович, С.Л.Рубинштейн, В.А.Сухомлинский, Н.В.Селезнев, Е.И.Перовский, В.Ф.Шаталов және т.б.).

Педагогика саласында аталмыш проблема бойынша бірқатар ғылыми зерттеу жұмыстары орындалды [2; 3; 4], олардың ішінде: дамушы білім беру жүйесіндегі оқушылардың жетістіктері деңгейін бақылау ерекшеліктері (И.В.Гладкая, Е.В.Иванкова); заманауи мектептегі оқушылардың жеке жетістіктерін бақылау және бағалау мәселесін талдау (Е.В.Луцай); оқу қызметінің табыстылығын бағалау (Н.А.Курдюкова); өткенді тарихи шолуда білімді педагогикалық бағалау (С.А.Отинова), білім сапасы және оны бағалау (С.Абдукадирова, А.Куралбаева) т.с.с. мәселелер зерделенді.

Жоғары білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің оқыту нәтижесін бағалау даярлығын қалыптастырудың түрлі аспектілері О.А.Абдуллина, Е.П.Белозерцев, Е.В.Иващенко, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, А.И.Мищенко, Л.И.Мищенко, Л.Ф.Спирина, В.А.Сластенин, А.И.Щербакова және т.б. ғалымдарды еңбектерінде қамтылған.

Сонымен қатар, төмендегідей ғылыми бағытта жұмыстар жүргізілді:

- оқыту сапасын басқарудағы педагогикалық өлшемдер (В.И.Звонников, 2006);
- болашақ мұғалімдердің кіші мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті нәтижелерін бағалауға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары (Е.Л.Перькова, 2006);

- кредиттік-модульдік жүйе жағдайында педагогикалық өлшемдердің дидактикалық фукнцияларын жүзеге асыру (И.Л.Шишкина, 2009);

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалауға кәсіби даярлау (Е.В.Иващенко, 2009);

- болашақ мұғалімдердің оқыту үдерісін тестілеуге даярлығын қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктері (Б.Б.Камолова, 2013), т.б.

**Талқылау**. Қазіргі уақытта Тюнинг әдіснамасында «оқыту нәтижелері» және «құзырет» ұғымдарын ажыратады. Құзырет білім алушыға (бітіруші түлекке) қатысты және білім беру бағдарламасының мақсаты болып табылады. Оқыту нәтижесі білім беру бағдарламасының элементіне қатысты және оқытушы тарапынан құзыретті (білім, практикалық іскерлік, іс-әрекет тәжірибесін) «құраушылардың» күтілетін, өлшенетін көрсеткіші ретінде қалыптастырылады. Нақтырақ айтқанда, «Оқыту нәтижесі – оқыту үдерісінің аяқталуы бойынша білім алушының білуі, түсінуі және/немесе орындауға дайын болуы қажет күтілетін көрсеткіштері» [5, с.21]. Сонымен, «құзыреттерді» білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізуде оқыту нәтижелері пайдаланылады.

Құзыреттілік пен оқыту нәтижелерінің өзара байланысын және өзара кіріктірілуін М.В. Рыжковтың берген анықтамасынан көруге болады [6]:

- «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес, әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез–құлықтық, яғни оқыту нәтижелерін (білім, іскерлік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;

- құзыреттілік – алған білім, іскерлік, тәжірибе, мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс - әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;

- құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы;

- құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады.

Зерттеулерге сәйкес «Құзыреттілік – бұл нақты адамда көрінген және өлшенген құзырет» - деген анықтамаларда кездеседі [7]. Ал нормативтік құжатта: «Құзыреттер – студенттердің оқыту процесі кезінде алған білім, шеберлік және дағдысын кәсіптік қызметте практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті» ретінде берілген [1].

Қазіргі кезде Европада да, кез келген елді алсаңыз да «оқытудың нәтижесі» деген терминге нақты анықтама берілмеген. Бұл терминді қолданатындардың көбі, оны Солтүстік Европа, Австралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка мен АҚШ елдерінің тәжірибесінен алған. Аталған терминнің мағынасы түбегейлі әлі де, өзгерген жоқ. Оқыту нәтижелері зерттеу нәтижелеріне сәйкес төмендегіше анықталады [8]:

- «Білім алушылардың оқытудың соңғы кезеңінде не білетіндігін, не түсінгендігін немесе не көрсете алатындығының тұжырымдамасы»;

- «Оқу тәжірибе нәтижесі ретінде білім не білетіндігі, түсінетіндігі және не көрсете алатындығы туралы күтілетін нәтижелер туралы тұжырымдар»;

- «Оқытудың нәтижелері – оқу үдерісінің нәтижесінде студент қандай құзыреттерді игереді деген тұжырымдар»;

Жалпы алғанда оқыту нәтижесіне берілген тұжырымдар әртүрлі болғанымен де, олардағы негізгі ой біреу, ол – білім алушы оқытудың соңында меңгеретін дайындық көрсеткіші деп білеміз.

Европалық біліктілік шеңбері бойынша құзыреттілік құраушылары үш бөліктен, яғни оқыту нәтижелерінен тұрады [9]: білім – теориялық және практикалық; дағды - когнитивті (логикалық, интуициялық және шығармашылық ойлауға қатысты) және практикалық (қол еңбегі және әдістерді, материалдар мен жабдықтарды қолдану); эмоциональды-құндылық қатынастар – жауапкершілікте болуы және жеке дербестігі.

Сонымен, құзыреттілік білім, дағды және эмоциональды-құндылық қатынастардың кіріктірілген тұтас жүйесі ретінде анықталады, бағаланады. Сондай-ақ, бұл мәселе педагогтардың зерттеу нәтижелері бойынша да қолдау тапқан, яғни құзыреттіліктің кіріктірілген үш аспектіні қамтитынын көрсетеді [10]:

- когнитивтік (білім);

- операциялық *(іс-әрекет тәсілдері және осы іс-әрекетті жүзеге асыруға даярлығы);*

- аксиологиялық *(белгілі құндылықтардың болуы).*

Аталған салалардың мазмұны ғылыми, педагогикалық еңбектерде кеңінен қарастырылған және олардың мазмұнында құзыретті құраушылар:

1. Когнитивті (танымдық);

2. Психомоторлы;

3. Аффективті (эмоционалды-құндылық) салалар ретінде ашылып жазылған.

Бір ғана когнитивті (танымдық) сала - Б.Блум бойынша: білу (білім, есіне сақтау), түсіну, қолдану, талдау (саралау), жинақтау, бағалау деңгейлері қамтылған [11]. Сондай-ақ қалған салалардың да мазмұнын құраушылар мен деңгейлер қарастырылған.

Сонымен «құзырет» және «оқыту нәтижесі» кейбір жағдайда бір мағынада қолданылады. Біріншісі адамға қатысты айтылса, екіншісі соның көрсеткіші ретінде білім берудегі құжаттардағы көрінісі, сипатталып жазылуы.

Енді педагогикалық үдеріс немесе нәтижесін бағалау жөнінде қарастыралық. Бағалауда білім алушының, оқушының басынан өткеретін психологиялық-физиологиялық жағдайын назарға алу үшін психологиялық зерттеулерге сүйену қажет.

Бағалаудың негізгі функциясы білім алушылардың, оқушылардың білім дәрежесін белгілеу болып келді. Көп жағдайда баға көбіне ата-аналардың балаларына ықпалын күшейту мақсатында және оқушыларды қабілеттеріне қарай ажырату үшін қолданылды немесе қолданылады. Осы кезеңде бағаны пайдалану балаларды ұрып-соғуға қарсы жасалған шара ретінде танылады, яғни баға - адамгершілік тәрбие идеясын тарату құралы болды.

Психологтар бағаның психологиялық-физиологиялық мәніне ерекше тоқталады. Олар: білім алушының немесе оқушының іштей қатты қобалжуы, қан қысымының көтерілуі, қалыпты қатты қозу жағдайында болуы; адам организмінде стресс туғызуы; одан дистресс пайда болуы (яғни, қайғыру, бақытсыздық, қорқу, ақыл-ойының азаюы); дистресс фрустрацияға жалғасуы (яғни қобалжу, қорқу, ақыл-ойының азаюы); фрустрация салдарынан адамның ерік-жігерге басшылық жасау қабілетінен айырылуы (яғни, мінез-құлқының ерікке көнбеуі), шыдам, үміттің жоғалуы, ол жағдай күрделене түсіп, тоқырауға, яғни қатты қайғырудан ауыру, әлеуметтік жағдайының тез өзгеруі, т.б.

Педагогикалық тұрғыдан баға керек. Баға – оқу әрекетінің маңызды бөлімі, әрі таным белсенділігі ретінде қаралады. Бағалау - әрекеттің нәтижесін саралап бөліп алу, аяқталған әрекетті қарап, қорытып, жаңа әрекетке бағыт беру.

Қазіргі уақытта бағалауда дәстүрлі және критериалды бағалау деп ажырату кеңінен қарастырылады. Дәстүрлі бағалауда оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын тексеру бағдарлама материалдарын зерделеу; дағдылар мен іскерліктерді қолдану, бекіту және қалыптастыру нәтижелерін бағалау мен бақылау мақсаты үшін орындалады. Тексеру мектеп оқушыларының білім, іскерлік және дағдыларындағы ақауды (пробелді), олардың білмегендерін түзетуге бағытталады. Бұл тек қана оқушылардың оқу материалдарын білмеулерін анықтап және түзету ғана емес, қандай қателерді оқушылардың жібергенін, сондай-ақ олардың себептерін мұқият талдауға, оларды түзету шараларының негізгісі болып табылады.

Педагогикалық жүйедегі 5 баллдық жүйенің іске асып, білім сапасын өлшеу мен белгілі бір дәрежеде тәртіпте ұстау, бақылау, тіпті жазалау ретінде де қолданылғаны аян. Оқушылардың «5 баллдық жүйемен» («1» және «2» қойылмайды десек те болады) бағаланып келуі де білім беру ісіндегі түйіткілді мәселелердің бірі. Осындай субъективті бағалауларға етіміз үйреніп, оған оқушылар да бейімделген болатын. Бағалау жүйесінде білім сапасы немесе білім сапасының критерийлері: білімнің толықтығы, тереңдігі, оперативтілігі, икемділігі, нақтылығы, жинақылығы мен таратылымдылығы, жүйелілігі, саналылығы, ғылымилығы, беріктілігі, т.б. жеткілікті назарға алына бермегені тағы бар.

Қазіргі уақытта критериалды бағалау кеңінен қолданылады және ол жөнінде көптеген жүргізіліп жатқан зерттеулер мен тәжірибелер жеткілікті десек қателік болмас. Сол үшінде ол жөнінде қысқаша тоқталамыз. Критерийлер оқушы *нені* үйрену керектігін байқатады. Критерий – (*грекше kriterion – пікір айту, талқылау үшін құрал*) баға берілетін белгі, бір нәрсені анықтау немесе бағалау, пікір беру өлшемі. Критериалды бағалауды жүзеге асыру үшін негізгі үш ұғымның мәнін дұрыс түсіну қажет, олар: рубрика, критерий, дескриптор.

- рубрика – өтілген оқу материалы (білімге қатысты) бойынша оқушылар білімін бағалау критерийлері жиынтығы;

- критерий – бағалау жүзеге асырылатын, қандай-да бір нәрсені анықтаудағы немесе таптастырудағы белгі; бағалау өлшемі (Т.Ф.Ефремова);

- дескриптор (descriptors) – білім алушылардың білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтағанда игеріп шығатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы; оқушының әр критерий бойынша (сатылы түрде) нәтижеге жету деңгейінің сипаттамасы және оның белгілі бір ұпайлармен берілуі.

Жоғарыда айтып өткендей біздер оқыту нәтижесін бағалауды жүзеге асырамыз. Ол үшін кеңінен қолданылатын оқыту нәтижесін бағалаудың дәлелдеу объектісі болуы керек және олар төмендегідей болуы мүмкін:

1) Іс-әрекет өнімі. Бұл жағдайда бағалау өнімнің сапасына негізделеді, ал бағалау критерийлері оқыту нәтижелері жетістіктерінің сапалық белгілері болып табылады.

2) Практикалық іс-әрекет. Бұл жағдайда іс-әрекет үдерісінің сапасы ескеріледі. Бағалау критерийлері тапсырманы орындау үдерісін кезең бойынша бақылауға негізделеді. Практикалық іс-әрекет барысында оқушылардың, білім алушылардың құндылық қатынастарын да белгілеуге болады.

3) Меңгерілген білімді жазбаша немесе ауызша растау. Бұл білім алушылар, оқушылар белгілі іскерліктерді қалыптастыру үшін ақпараттардың жеткілікті санын игергенін және еркін меңгергенін анықтау қажет болған жағдайда қолданылады.

Оқыту нәтижелерін (олар міндетті түрде білім, іскерлік (психомоторлы дағы) және құндылық қатынастарды қамтуы тиіс) бағалауда, олардың барлық құраушылары үшін бағалау критерийлері әзірленуі тиіс. Жалпы бағдар алу үшін А.Әлімовтың «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» атты оқу құралындағы (Б.Блум таксономиясының деңгейлері бойынша сұрақтар мен тапсырмалар үлгілері; аффективтік (эмоционалды-құндылықтық) саланың категориялары) білім мен құндылық қатынастарға берген түсіндірмелері маңызды деп білеміз [12].

Жас мұғалімдер үшін бағалауда критерийлерді анықтау мен оларға дескрипторларды жазу қиындық тудырады. Сол үшінде басты және жалпы критерий ретінде алынатын құраушыларды төмендегіше көрсетуге болады. Олар:

- білу және түсіну;

- қолдану;

- талдау және жинақтау;

- коммуникация (коммуникативтік іскерлік);

- құндылық қатынастары (деңгейге және оқу жұмыс түрінің мақсатына байланысты). Көрсетілген критерийі ретінде алынатын құраушылардың барлығын қамту міндетті емес, мәселен бастауыш сынып оқушылары үшін олар: білу мен түсіну (білім); қолдану (білім мен іскерлік: теория мен практикада), коммуникация (іскерлік: білгенін жеткізу, терминологияны қолдану); құндылық қатынастар (жауап беру деңгейінде: тапсырманы орындауы, тақылауға қатысуы, т.б.).

Мақала оқыту нәтижелерін бағалауды толық мәнді жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттармен бөлісуді қарастырады.

**Қорытынды**. Оқыту нәтижелерін бағалау үшін:

1. Оқыту нәтижесін, оларды бағалауға болатындай етіп жазу. Ол үшін оқыту нәтижесін (құзыретті қамтитындай етіп құраушыларды толық алу) толық мәнді анықтау; олар үшін критерийлерді белгілеу және дескрипторларды жазу; оқушылардың түсінуін қамтамасыз ету. Оқыту нәтижесі қол жетімді болуы үшін оқыту мақсатын дұрыс құрастыруды үйрену керек.

2. Мұғалімнің педагогикалық қызметінде: оқыту әдістерін, бағалау тәсілдерін, бағалау критерийлерін және оқыту нәтижелерін өзара байланыста жүзеге асыруын қамтамасыз ету.

Оқыту нәтижелерін бағалауда педагогикалық талаптарды сақтау қажет:

1. Оқушылардың білімін, іскерлігін, құндылық қатынастарын есепке алу, бақылау, бағалау және тексеру үнемі, жүйелі, басқа оқу және еңбектік іс-әрекеттерімен үйлесімді жүргізілуді.

2. Есепке алу, бақылау, бағалау және тексеру, оқу бағдарламаларының барлық тараулары бойынша білімдерді, іскерліктерді және дағдыларды, жеке тұлғаның сапалылық қасиеттерін жан-жақты қамтуды.

3. Мектеп оқушыларын жеткілікті зерделемеуіне немесе олардың кейбіреулеріне басқаша көзқарастың болуына негізделген мұғалімнің қате және субъективті қорытынды шығаруын болдырмауды, объективтілікті.

4. Оқушылардың оқу жұмысына және оның нәтижесіне қызығушылығын арттырудағы әр түрлі формада жүргізілетін білім, іскерлік және дағдыларды есепке алу, бағалау, бақылау, тексеруде олардың оқыту, тәрбиелеу функциясын орындауын қамтамасыз етуді.

5. Әрбір оқушыны, оның жеке оқу іс-әрекетін бақылауды жүзеге асыруды талап етуші, жеке-дара бақылау сипатын, жеке оқушының жұмыс нәтижесін ұжымның жұмысымен алмастыруға немесе керісінше етуге жол бермеуді.

Сонымен оқушының, білім алушының анықталған құзыреттерін толық сипаттауда оқыту нәтижелері айқындалады. Оқыту нәтижесі дұрыс бағалануы үшін критерийлер және дескрипторлар толық мәнді жазылады. Бұл жөнінде біздер басқа мақалада қарастыратын боламыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


*1 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2016 № 292 қаулысымен.* http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001080

*2. Иващенко Е.В. Профессиональная подготовка будущего учителя начальных классов к оценке учебных достижений школьников. Дисс. ... к.п.н. – Белгород. 2009. – 236 с.;*

*3. Абдукадирова С. Қазақстан педагогикалық газеттерінің оқушылардың білім сапасын арттырудағы ролі (1952-1972 жж): пед. ғыл. канд. ... автореф. -Тараз, 1998. – 26 б.;*

*4. Куралбаева А. А. Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім сапасын арттыру: филос. док. (PhD) ... дис. - Түркістан, 2014. - 195 б.*

*5 Методические рекомендации по проектированию государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования на основе компетентностного подхода и конструированию на их основе учебных планов и программ в вузах Кыргызской Республики. – Бишкек, 2012. – 92 с.*

*6 Рыжков М.В. Ключевые компетенции: возможности применения. //Стандарты и мониторинг в образовании. -1999.-№4. –С.21-22.*

*7 Кожитов Л.В., Емельянов С.Г., Демин В.А. и др. Инновации в образовании. – Курс: Курс.гос.техн.ун-т, 2010. - 635 с.*

*8 Болонский процесс: середина пути / под науч. ред. д-ра пед. наук, профессор В.И.Байденко. – М.; Астана: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов; Национальный аккредитационный центр Министерства образования и науки Республики Казахстан, 2006. – 400 с.*

*9 Шалхарова Ж.С. Болон үдерісінің негізгі қағидалары (қысқаша шолу). – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті, 2013. - 24 б.*

*10 Структурные элементы компетенций в исследованиях российских ученых //* http://gisap.eu/ru/node/1329.

*11* Проектирование учебных заданий в соответствии с таксономией Блума *//* http://so.orleupvl.kz/index.php/ru/resursnyj-tsentr/pedagogicheskaya-masterskaya/194-pedagogicheskaya-masterskaya-po-teme-proektirovanie-uchebnykh-zadanij-po-taksonomii-bluma

*12 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы: ЖШС «Жедел басу баспаханасы», 2009. - 328 б.*

УДК 378
МРНТИ 371.11

*Э.Ж.ХАЛИЛАЕВА*[1]

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## БАЛАБАҚША МЕҢГЕРУШІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

*Аңдатпа*

Мақалада білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету үшін балабақша меңгерушісінің жұмысының маңыздылығы анықталып, талданады.

Балабақша өзінің формасына, мазмұнына және құрылымына қарай күрделі тәрбие мекемесі болып саналады және сол себепті оны басқару ғылымының принциптері мен ережелері негізінде жүзеге асыру қажеттілігі туралы айтылады.

Басқару үдерісібалабақша меңгерушісінен шеберлікпен қолданыстағы басқару заңдылықтарын қолдануды, өте жақсы ойластырылған байланыстар жүйесін құруды көздейді және басшыға қатысты процестер оның қатысуынсыз өтпеуін талап етеді. Мектепке дейінгі мекемені басқару –мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде максималды нәтижелерге жету үшін педагогикалық ұжымға (сол арқылы оқу-тәрбие үдерісіне) мақсатты түрде ықпал жасау болып табылады.

*Түйінді сөздер:* балабақша меңгерушісі,басқару, менеджмент, меңгерушінің функциялары.

*Э.Ж.ХАЛИЛАЕВА*[1]

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссави
(г. Туркестан, Казахстан)

## ЗАВЕДУЮЩАЯ ДЕТСКОГО САДА И ЕЕ ОСНОВНЫЕ ФУНКЦИИ

*Аннотация*

В статье рассматривается сущность и значение работы заведующей детского сада по эффективной организации процесса образования и обеспечению качественным воспитанием и обучением детей в дошкольных образовательных учреждениях.

А также делается акцент на то, что детскийсад посвоейформе, содержанию иструктуре является сложным воспитательным учреждением и руководство им должно осуществляться на основе принципов и положений науки управления.

Управление предполагает умелое использование существующих закономерностей, создание хорошо продуманной системы взаимосвязей и требует, чтобы процессы, зависящие от руководителя, не протекали без его вмешательства. Управлять дошкольным учреждением – это значит целенаправленно воздействовать на педагогический коллектив (а через него на воспитательно-образовательный процесс) для достижения максимальных результатов в области воспитания детей дошкольного возраста.

*Ключевые слова:*заведующая детского сада, управление, менеджмент, функции заведующей детского сада.

*E.ZH.KHALILAYEVA*[1]

International Kazakh-TurkishUniversity named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

**HEAD OF THE KINDERGARTEN AND ITS MAIN FUNCTION**

Abstract

The essence and importance of the work of the head of the kindergarten on the effective organization of the education process and the provision of quality education and training of children in pre-school educational institutions are considered in the article.

And also emphasis is placed on the fact that kindergarten in its form, content and structure is a complex educational institution and its management should be carried out on the basis of the principles and provisions of management science.

Management assumes the skillful use of existing patterns, the creation of a well-designed system of interrelations and requires that processes that depend on the leader do not proceed without its intervention. To manage a preschool institution means to influence the pedagogical collective (and through it to the educational and educational process) purposefully to achieve maximum results in the field of upbringing of preschool children.

*Keywords:* head of the kindergarten, management, management, functions of the head of the kindergarten.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда Қазақстанда дүниежүзілік білім берудің жаңа жүйесіне бағытталған жұмыстар жүргізілуде.Осы үдерісті енгізу негізінде педагогиканың қалыптасқан қағидалары мен оқу-тәрбие жұмыстарында да ауқымды өзгерістер болуы – заңды құбылыс. Жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үдерісін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін оқу материалдарын дайындауда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану, мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады. Ол – оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда тәжірибеде бар білімнің модернизациясының қосымша бөлігі болып табылады [1].

Қазақстан Республикасындағы білім берудің жаңа жүйесінде әлеуметтік-экономикалық қайта құрылу, болып жатқан өзгерістер, жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үдерісін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, барлық талаптарға сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау ҚР «Білім туралы» Заңы мен 2016-2017 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда меншік нысанына түрлері мен типтеріне қарамастан білім беру үдерісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына» және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына» сәйкес ұйымдастырылады. Бұл құжаттарда мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған[1].

Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету үшін келесі ұстанымдар және тәсілдер қарастырылуы қажет. Тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналар мен баланың тұлғасын қалыптастыру, оның қабілеттерін дамытуда кешенді тәсілдер, тәрбие мен оқыту мазмұны мен әдістерінің бірлігі, сабақтастығы, үздіксіздігі және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін интерактивті құруды мақсат етеді. Білім беру үдерісін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интелектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін

белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістері енгізіледі.

Бұл міндеттерді шешуде балабақша меңгерушісінің атқаратын қызметі өте үлкен. Қазіргі білім беру мекемесінің басшысы қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық, ғылыми өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жеке шығармашылығын кәсіби түрде жетілдіретін, ұжым мүшелерімен тез ортақ тіл табатын, педагогикалық үдерісте жүйелі бағыттармен жұмыс істей алатын болу керек.

**Зерттеу әдістері.** Мектеп жасына дейінгі мекемені басқарудағы меңгерушінің қызметі мен функцияларын зерделеу белгілі зерттеу әдістерін жүзеге асыруды қарастырады. Біздер орын алған проблеманы танып білу және оны анықтау мен жетілдіру жұмыстарын жүзеге асыруға ұсыныс беру үшін төмендегідей әдістерді қолдандық.

- жалпы ғылымилық әдістер, басқару, педагогикалық менеджмент, мектепке дейінгі мекемені басқару бойынша жазылған психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау;
- эмпирикалық әдістер, мектепке дейінгі мекеме меңгерушісінің тұлғасы, жұмысының бағыттары мен функцияларын педагогикалық бақылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу, интервью жүргізу;
- балабақша меңгерушісінің қызметі мен негізгі функциялары бойынша жұмыс мазмұнын үлгілеу әдісі;
- балабақша меңгерушісінің жұмысының нәтижелерін, педагогикалық үдеріс барысын талдау;
- жинақталған материалдарды қорытындылау.

**Зерттеу нәтижелері.** Басқару мәселесі, оның ішінде білім беру мекемесін басқару көптеген ғалымдардың зерттеу объектісі болды. Басқарудың ситуациялық тәсілін насихаттаған П.Лоуренс, Дж.Лорш, Ф.Фидлер, «басқарудың ситуациялық теориясы» түсінігін ендірген Р.Моклер ғылыми еңбектерін басқарудың ғылыми негіздеріне жатқызуға болады. Америкалық ғалымдар Г.Кунц және С.О.Доннел басқару бойынша ғылыми білімдерді жүйелеуге әрекеттенген. Олар басқару мәселелерін зерттеудің бірнеше тәсілдерін ұсынған.

Ф.У.Тейлор, А.Файоль, Э.Мэйо, Г.Кунц, С.О.Доннелл басқарудың негізгі функциялары туралы, ресейлік психология зерттеулерінде басқарудың мәні туралы ғалымдар В.Г.Афанасьев, А.Н.Китов, В.Ф.Рубахин, А.Л.Журавлев,Т.С.Кабаченко, Л.Берталанфи, А.Рапопорт, К.Боулдинг басқарудың жалпы әдіснамалық тұжырымдамаларын жүйелілік тәсілін ұсынған.

Алыс шетел ғалымдарынан басқа ресей ғалымдарының басқару мәселесі бойынша еңбектерін де атап өтсек болады: О.С.Виханский, Э.А.Смирнов, Б.Г.Литвак, Я.Р. Рейльян, П.А.Кохно, В.А.Микрюков, С.Е.Комаров, В.Д.Граждан, Р.В.Гребенников. ТМД елдері бойынша Б.М.Тепловтың екі факторлы моделі – басқару тиімділігін бағалау жүйесінің, А.Я.Кибанова, В.В.Глущенкокеңестік кезеңнен кейінгі басқарудың мәселелеріне арналған өзекті еңбектерін айтуға болады [2].

**Талқылау.**Ресейлік «Мама и Малыш» атты журналында мектепке дейінгі мекеме басшысын келесідей сипаттаған: «Меңгеруші балабақшаның жалпы басқаруын жүзеге асырады. Өз қызметін атқаруда ол «Білім туралы» Заңын, Мектепке дейінгі мекеме туралы типтік ережелерді, Мектепке дейінгі мекеме Жарғысын және т.б. негізге заңнамалық құжаттарды негізге алады. Ол балалардың жас және дара ерекшеліктеріне, денсаулығына, ата-аналардың сұраныстарына қарай топтарды бөлуді, кадрларды іріктеуді, ұжымдағы педагогтар мен басқа қызметкерлерді басқарады. Сонымен қатар, меңгеруші бюджеттік ассигнованиелерді тиімді пайдалануға жауап береді.

Ата-аналар өз кезегінде меңгерушіден кеңестер сұрайды, балалармен жұмысты жақсарту мақсатында,нақтырақ айтқанда, қосымша қызмет көрсету бойынша өз ұсыныстарын бере алады. Сонымен қатар ата-аналар одан басқарып отырған ұжымның

балаға қажетті деңгейде күтім, тәрбие және білім беруді, денсаулығын қорғау және нығайтуды – келісім-шартқа сәйкес талап ете алады» [3].

Балабақша өзінің формасына, мазмұнына және құрылымына қарай күрделі тәрбие мекемесі болып саналады және сол себепті оны басқару ғылымының принциптері мен ережелері негізінде жүзеге асыру қажет.

Бүгінгі күні педагогика ғылымында педагогикалық үдерісте басқару ғылымы тұрғысынан зерттеу, түсіну бағыты байқалады. Менеджмент ғылымында басқару– мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыру. Мағынасы бойынша "менеджмент" термині "басқару" терминімен ұқсас. Алайда, қазіргі түсінік бойынша "басқару" ұғымынан "менеджмент" ұғымы кеңірек, өйткені ол адамзат қызметінің әр түріне қолданылады. Менеджмент (*manage ағылшын тілінде* – басқару, меңгеру, ұйымдастыру) – *ұйымда* немесе *кәсіпорында* жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік, оның ішінде білім беру үдерісін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы. Басқару объектілері – биологиялық, техникалық, әлеуметтік жүйелері. Әлеуметтік жүйелердің бірі – білім беру жүйесі[4].

Әлеуметтік басқарудың жалпы заңдылықтарына бағынғанмен, білім беру жүйесін басқарудың өзіне тән ерекшеліктері бар. Білім беру менеджментінің негізгі мақсаты — білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы тиімділігін арттыру.Педагогикалық менеджмент оқу-тәрбие, оқу-таным үдерісінің және білім берудің бүкіл жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған, оларды басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастыру нысандары мен технологиялық тәсілдерінің кешені.

Ұйымдағы менеджмент кешенінің құрамы келесі компоненттерден тұрады: стратегиялық менеджмент, кадрлық менеджмент, технологиялық процестер мен операцияларды басқару, қаржылық менеджмент, материалдық-техникалық жабдықты басқару, өнімді өткізуді басқару, жылжымайтын мүлікті басқару, инновациялық менеджмент (дамуды басқару), өнім сапасын немесе қызмет көрсетуді басқару.

Стратегиялық менеджмент-басты стратегиялық шарттарды құру. Мақсаткерлікті таңдау, оқиғалық анализ, стратегиялық маркетинг, қызметті стратегиялық жоспарлау, ұйымдық құрылымдарды құру және түзету, стратегияларды жүзеге асыруды басқару стратегиялық менеджметке жатады.

-кадрлық менеджмент - менеджменттің маңызды құрамы. Ұйымның барлық мақсаттары адамдар арқылы жүзеге асады.

-технологиялық процестерді басқаруда машина, аппаратура, механизмдер, сондай-ақ компьютерлер және басқа арнайы құрылғылардың көмегімен адамдар арқылы жүзеге асады.

-қаржыны басқаруда кәсіпорынның өндірісті-шаруашылық қызметі қаржыны таратуды тиімді реттейді.

-материалдық-техникалық жабдықты басқару шикізатты, материалдарды, құрал-саймандарды қажетті өнімдер мен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

-өткізуді басқару сыртқы ортаның мониторингісін қосатын маркетингтік қызмет арқылы жүзеге асады.

-жылжымайтын мүлікті басқаруда эксплуатация, сату, сатыпалу, айырбас, жал жәнежылжымайтын мүлік пен байланысты басқа да қозғалыстар сипатталды.

-инновациялық менеджмент дамуды басқару, өзгермелі жағдайдағы ұйымның тиімділігін жоғарлату мен сақтау үшін қажет. Жаңа өзгерістерді жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау.

Сапаны басқару нарықтық бәсеке жағдайындағы ұймның бәсекеге тұрақтылығын қолдау үшін міндетті болып табылады [5].

Бүгінгі мектепке дейінгі білім беру мекемесі ашық педагогикалық жүйе және қоғамның ерекше әлеуметтік-экономикалық ұйымы. Білім беру мекемелерінің жаңаруы, дамуы инновациялық технологияларсыз мүмкін емес.

Педагогикалық менеджмент басшылар мен тәрбиешілерге мақсатқа жету жолында көптеген мүмкіндік береді:

- біріншіден, вертикальді бұйрықтық басқару әдісінен корпоративті басқару стилі негізіндегі горизонтальді кәсіптік ынтымақтастыққа жол ашады;
- екіншіден, әр тұлғаға даму мүмкіндігін береді, басшылар мен тәрбиешілердің мотивациялары арқылы ұйымның ішкі ортасы, яғни ұйым дамиды;
- үшіншіден, білім беру үдерісіне қатысушыларға жағымды психологиялық-педагогикалық жағдай туғызады.

Белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданылатын негізгі функциялары: жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және бақылау. Бұл функциялар коммуникация және шешім қабылдау үдерістерімен біріктіріледі. Аталған менеджмент функциялары барлық салаларда қолданылады. Әр функцияларға тоқталсақ:

· жоспарлаусаясат пен мақсаттардыанықтау, оларғажетужолдарынсипаттайды;
· ұйымдастыру – еңбекті біріктіру және бөлу, міндеттерді, жауапкершілікті бөлу, құрылымдытаңдау;
· мотивация (ынталандыру) – жұмысшыларды мақсаттарға жетуге қозғау;
· бақылау – нәтижелерді тексеру, сандық көрсеткіштерді, сапаны тексеру, ауытқуларды жою бойынша шешімдер қабылдау.

Менеджментте стратегиялық және ағымдағы жоспарлау түрлерін анықтайды. Стратегиялық жоспарлау білім беру ұйымының түріне, негізгі миссиясына, оның ішкі және сыртқы ортасына байланысты. Ағымдағы жоспарлау стратегиялық жоспар негізінде құрылады.

Оқу орнының стратегиялық құжаттары - білім беру жоспарлары, бағдарламалары, әр құрылымның жылдық жұмыс жоспарлары. Оқу орны жұмысының тиімділігі жоспарлауға байланысты[5].

Мектепке дейінгі мекеме – өте күрделі организм және меңгерушінің қызметі де санқырлы. Сол себепті оны басқаруда мектепке дейінгі мекеме меңгерушісі Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесінде бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымның басшысының» функцияларын негізге ала отырып жұмыс ұйымдастырады.

Олар:

1) мектепке дейінгі ұйымның атынан іс-әрекет жасайды, барлық мемлекеттік және жеке меншік ұйымдарда, кәсіпорындарда оның мүддесін білдіреді;
2) қаражаттарды басқарушы болып табылады, шарттар жасайды, сенім хаттар береді, банктерге есептік және басқа шоттар ашады;
3) өзінің құзіреті шегінде мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің орындауы мен міндеттері бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жаза қолданады;
4) кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару құқығын пайдаланады;
5) белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі ұйымды және қызметкерлерді аттестаттауды жүргізуді ұйымдастырады, аттестаттау нәтижелерін кадрларды орналастыруда ескереді;
6) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және санитарлық-гигиеналық нормалар талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру үдерісін жүзеге асыру үшін жағдай жасайды;
7) балалардың мүдделерін, отбасының қажеттігін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады;
8) бекітілген шағын учаскелер шегінде 0-ден 7-ге дейінгі жастағы балаларды дербес есепке алуды ұйымдастырады;
9) баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде ата-анасын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды мектепке дейінгі ұйымның Жарғысымен, тәрбиелеу-білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен және өзге де қабылдау және оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін құжаттармен таныстырады;
10) мектепке дейінгі ұйымға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;

11) заңнамада белгіленген тәртіппен мыналар:
- мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
-өзінің құзіретіне жататын функцияларды орындамағаны;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын орындамағаны;
- мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері мен қызметкерлерінің оқу-тәрбие барысында өмірі мен денсаулығы;
- қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттарды нысаналы пайдаланбағаны үшін жауап береді [1].

**Қорытынды.** Басқару үдерісі мақсат қоюмен басталып, міндеттерін айқындайды және олардың нәтижесіне жетумен аяқталады. Сонан соң талдау негізінде келесі міндеттер айқындалып, цикл қайтадан басынан басталады. Мектепке дейінгі мекемеде мұндай циклдар бірнеше: баланың балабақшаға келген уақытынан бастап, оның мектепке кеткенге дейінгі кезеңде, жылдық, кварталдық, айлық, педагогикалық кеңестен келесі педагогикалық кеңеске дейін, күндізгі және т.б.

Басқару жұмысының барлық бөлімдерін жүйелі, әрі бірізділікпен жүргізу үшін балабақша меңгерушісі жоспар тексеру, топтарды аралау, ата-аналарды қабылдау, әкімшілік-шаруашылық мәселелерді шешуге нақты күндерді белгілейді. Басқару жұмысын бұл жүйеде ұйымдастыру өз кезегінде ұжымды еңбек тәртібіне жұмылдырады және мақсатқа бағытталған басқаруды қамтамасыз етеді[6].

Сонымен, балабақша меңгерушісі ұжымды, оқу-тәрбие жұмысын тиімді басқару үшін басқарудың теориялық негіздерін білуі, іс-тәжірибе жинақтауы және теория мен іс-тәжірибені шығармашылық тұрғыда қолдана білуі, яғни басқару ғылымы мен өнерін меңгеруі қажет дегіміз келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

*1.Калижанова З.А. ХасеноваГ.О.Қазақстан Республикасындағы жаңартылған білім жүйесі негізінде мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу – оқыту үрдістер. http://bilimainasy.kz/?p=10909.*

*2.Артеменкова Т.А.Управление образовательным учреждением начального и среднего профессионального образования сферы культуры: Теоретико-методологические основы.Дис. ... д-ра пед. наук : 13.00.08 : Москва, 2002 389 с. РГБ ОД, 71:04-13/108*

*3. Заведующий детского сада.// Мама и малыш. №10, -2005г. –с.7*

*4.Симонов В.П. Педагогический менеджмент. М.,2004. – с55.*

*5.Жакенова Б.Қ., Тәмпішева Қ.Б., Мақсатова Л.М. Менеджмент негіздері. Астана-2007.-260б.*

*6. Ситаров В.А. Педагогический менеджмент как теория и практика управления образовательным процессом.//Знание.Понимание.Умение.-№3., 2014. –с.18-23*

**УДК 373.1.02**
**МРНТИ:** 51.204.0:-057.810

***Т.Ә.ДАНИЯРОВ*[1]**
***Ш.Ә.ТАШИМОВ*[2]**
***Ш.У.ӘЛКЕН*[3]**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## *ТҰЛҒА БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ*

*Аңдатпа*

Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жыры, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары,т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі - ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтар ғасырдан ғасырға жалғасқан, өмірдің сынынан өткен, пайдалы екені дәлелденген. Мектеп тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналар мен, мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Ал мектеп мен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда сынып жетекшісінің атқаратын рөлі зор. Бала тәрбиесіне келгенде ата-ананың да, мектеп ұйымының да, сынып жетекшісінің де жүгінері қаншама заман өтсе де маңызын жоймаған халықтық, ұлттық педагогика. Сондықтан ұлттық құндылықтарды тәлім-тәрбиенің түп қазығына айналдыру маңызды іс. Қазіргі қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрінің қайта жаңарту кезеңінде кең мағынада насихаттау арқылы әрбір мұғалім, әрбір сынып жетекшісі бала бойына тәрбиенің ұрдығын егеді деп білемін. Бұл оның өмір сүру үрдісінде қажетті құзыреттің қалыптаспағандығын дәлелдейді. Мектептегі жаңа мазмұнда оқыту - оқушының осы түпкілікті құзыреттерін қалыптастыруды мақсат етеді. Демек, білім беру жүйесі оқушы қажеттілігін түпкілікті құзыреттерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Құзыреттер бұл пәндік білімдер жиынтығы емес, ол оқушының білімі, білігі және дағдыларының үйлестірмелі сипаттарымен байланыстыратын жаңадан қалыптасқан сана болып табылады.

*Кілт сөздер*: менталитет, мәдениет, патриотизм, тәрбие, тұлға.

***Т.А.ДАНИЯРОВ*[1]**
***Ш.А.ТАШИМОВА***
***Ш.У.АЛКЕН***

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссави
(г.Туркестан, Казахстан)

## ВАЖНОСТЬ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ

*Аннотация*

Каждая нация имеет свои национальные ценности. Один отличает других людей, живущих в стране, ее язык, сказки, пословицы, лирические и эпические герои и легенды, обычаи, традиции и сознание, менталитет, национальная культура, искусство, кухня, ремесла, предметы быта, национальные игры и т.д. Свойства, которые уникальны для других. Все это национальные ценности. Было доказано, что национальные ценности прошли через века и прошли через жизнь. Нет сомнений, что одним из ключевых моментов в эффективности школьной работы является то, что родители и школа. И роль класса имеет решающее значение для осуществления школьного и семейного сотрудничества. Народная, национальная педагогика, когда речь идет о воспитании детей, не устраняет важности родителей, школьной организации и классного учителя. Поэтому важно сделать национальные ценности основой образования. В более широком смысле модернизация национальной культуры и традиций современного казахского народа каждый учитель, каждый лидер класса, думает, что ребенок будет травмирован образованием. Это доказывает, что у него не было

необходимой компетенции при его жизни. Преподавание нового контента в школе предназначено для создания конечной компетенции учащегося. Поэтому система образования должна быть ориентирована на формирование высшей компетенции студента. Компетентность - это не набор этих предметных знаний, а новое сознание, которое связывает ученика со знаниями, навыками и координированными навыками.

*Ключевые слова:* менталитет, культура, патриотизм, образование, личность.

***T.A.DANIYAROV[1]***
***Sh.A.TASHIMOVA***
***Sh.U.ALKEN***

Internationa l Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

## THE IMPORTANCE OF NATIONAL VALUES FOR PERSONAL FORMATION

*Abstract*

Each nation has its own national values. One distinguishes other people living in the country, its language, tales, proverbs, lyrical and epic heroes and legends, customs, traditions and consciousness, mentality, national culture, art, cuisine, crafts, household items, national games, etc. Properties that are unique to others. All these are national values. It was proved that national values passed through the ages and passed through life. There is no doubt that one of the key points in the effectiveness of school work is that parents and school. And the role of the class is of decisive importance for the implementation of school and family cooperation. Folk, national pedagogy, when it comes to raising children, does not eliminate the importance of parents, the school organization and the class teacher. Therefore, it is important to make national values the basis of education. In a broader sense, the modernization of the national culture and traditions of the modern Kazakh people, every teacher, every class leader, thinks that the child will be traumatized by education. This proves that he did not have the necessary competence in his life. Teaching new content in the school is designed to create the final competence of the student. Therefore, the education system should be oriented towards the formation of the student's higher competence. Competence is not a collection of these subject knowledge, but a new consciousness that connects the learner with knowledge, skills and coordinated skills.

*Key words:* mentality, culture, patriotism, education, personality.

**Кіріспе.** Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік – ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен мектеп қызметкерлерінің бірден бір парызы. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан.

**Зерттеу әдістері.** Оқушылар бойына ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық қасиеттерді қалыптастыру мен құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеуде белгілі әлемдік, отандық ғалымдардың еңбектерін пайдалануға болады. Осы арқылы оқушының мәдениетті, білімі кеңейеді. Оқушының мәдениетті болуы үшін ұлттық мәдениетті ұштастыруы қажет. Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектеп ішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеру - тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты.

Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, «Ұстазға қарап шәкірт өсер» деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Қазіргі таңдағы мұғалімдерге оқушылардың тәрбие жұмысын ұйымдастыруды қатаң талаппен сұрайды. Оған негізінен мынадай үш түрлі басты міндет жүктеледі:

- тәрбие жұмысын үйлестіріп отыру;
- сыныпта оқушылармен бүкіл тәрбие жұмысын ұйымдастырып, оған бағыт беру;
- мектеппен отбасының байланысын жасау;

Мұғалім, ұстаздардың жұмысы қиын, жауапты, өте күрделі[1]. Сондықтан балаларға сүйіспеншілікпен қарап, барлық күш-жігерін салмаса, оны талапқа сай орындау қиын. Қазіргі оқушылардың ақыл-ойының дамуын зерттеу т.б. мәліметтерді әр кезде біліп отыру, тестік әдісті қолдану мектептерде орын ала бастады. Әсіресе баланың даму барысын есепке алу, бейімділігін, қызығушылықтарын, сабаққа деген көзқарасын т.б. кейбір объективтік көрсеткіштерді назардан тыс қолдануға болмайды. Мектептің жүрегі мұғалім болса, сыныппен жүргізетін сынып жетекшісі. Ойымды тұжырымдай келе оқушылардың ұлттық құндылықтары мен жалпы адамзаттық қасиеттерін сыныптан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы қалыптастырып, ғылыми тұрғыда дәлелдеп дамыту біздің тікелей парызымыз.

**Зерттеу нәтижелері.** Адамгершілік - тұлғаның адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастыратын, құндылық бағдарын айқындайтын құрал. Адамгершілік қасиеттің ең жоғарғы түрі – ұлт, ар-ожданды сақтау, отанды сүю. Адамгершіліктің ең жоғарғы түрі – бауырмалдылық, бүкіл адам баласын бауыр, дос тұту, көпшіл болу, ата-ананы қадірлеу, ұлтжандылық қасиеттерді қастерлеу. Тәннің кемелділігі - денсаулық. Салауаттылық ұғымы - қазақ халқының салт-дәстүрін, көнеден келе жатқан мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын жас ұрпаққа ұғындыру, өз ұлтының дінін ұстауға үйрету. Салауатты өмір салты - адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты құнды форма. Денсаулық - адам бақытының негізгі бөлігі.

Ұлттық құндылықтарымыздың туын биік ұстап, жас ұрпақты қасиетті халқымыздың тәлімгерлік үлгісімен тәрбиелеу - ең маңызды міндет. Сонда ғана болашағымыз айқын, құрылымымыз берік негізді болады. Тәрбиесіз берілген білім - нәтижесіз еш еңбек. Алдымен ұлағатты ұрпақ өсіргіміз келсе, ата-салтын, ұлттық тәрбиемізді бірінші білім берумен қатар жүргізуіміз керек. Бұл түпкі мақсатқа жеткізудің негізгі жолы болмақ. Ол үшін ұрпағымызды оқыту мен тәрбиелеуде қашанда мектептегі басты тұлға ұстаз мұрындық болу керек. Сөзімді қорыта келе еліміздің болашағы жарқын болып қалыптасуы үшін ұлттық құндылықты санасына терең меңгерген білімді, инабатты жас ұрпақты тәрбиелей отырып, қол жеткізсек бұл ұстаздар қауымы үшін үлкен жетістік болары айдан анық.

Күтілетін нәтиже:
-Ұлттық құндылықты бойы игерген тұлға қалыптастыру;
-Ұлт болашағы мен ел тағдырынкелешек ұрпақ қолына сенімді етіп тапсыру;
-Бүгінгі ұрпаққа берілетін тәрбиеден күткен нәтижеге қол жеткізу;
-Ұлттық тәрбиені қаз-қалпында атадан балаға ұластырудың сабақтастығын тұрақты сақтау.

**Талқылау.** Ұлттық мектептің үлгісін қалыптастыруды ұлттық сана мен қазақи кісілікті жан дүниесін қалыптастыру арқылы, әлемдік өркениетке ене аламыз. Әлемдік өркениет бұл - мәдениеттердің бір-біріне бірігуі ғана емес, әр халық мәдениетінің өз болмысын сақтай отырып, әр халықтың өзін-өзі танып-білуі, өркениетті елдер арасында тең дәрежеге жетуі. Мектепте баланың тарыдай болып кірген күнінен, таудай болып шыққанына дейінгі аралығында жан дүниесінің ұлттық рухта қалыптасып, оған ұлттық мәдениет, салт-дәстүр сіңіре білген жөн. Әр бала - Алланың ата-анаға тартқан сыйы, табиғаттың ғажайып құбылысы десек, әр баланың мүмкіндігі жоғары-төмендігіне қарамастан, өзінше тұлға ретінде тануымыз жөн. Оның шығармашылық, даралық қасиетін дамытуға, қиялын шарықтатуға ұмтылып, баланың әр жастағы рухани өзгерісі, табиғи тілегін ескеруіміз керек. Ұлттық мәдениет шәкіртті адамгершілікке, парасаттылыққа, жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Жұмысты ұйымдастыра білу мәдениетіне дейін бәрі құнды. Нағыз азамат би билеу, ән айту, сөйлеу, жазу, білім жинау, киіну, тамақтану мәдениеті, қарым-қатынас, тіл мәдениеті тағы басқа мәдениеттерден хабардар болып, білмегенін меңгеруі және осылардың бәрі ең алдымен ұлттық мәдениетті игеруден басталатынын білу қажет. Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару-қоғам, ұстаздар мен ата-аналар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті. Сондықтан қазақ халқының ұлттық мәдени қайта өркендеуі жағдайында жеткіншек ұрпақты халық дәстүрлері арқылы тәрбиелеудің мәні зор деп есептейміз.

Мектеп тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналар мен, мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Ал мектеп мен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда сынып жетекшісінің атқаратын рөлі зор. Бала тәрбиесіне келгенде ата-ананың да, мектеп ұйымының да, сынып жетекшісінің де жүгінері қаншама заман өтсе де маңызын жоймаған халықтық, ұлттық педагогика. Сондықтан ұлттық құндылықтарды тәлім-тәрбиенің түп қазығына айналдыру

маңызды іс. Қазіргі қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрінің қайта жаңарту кезеңінде кең мағынада насихаттау арқылы әрбір мұғалім, әрбір сынып жетекшісі бала бойына тәрбиенің ұрдығын егеді деп білемін. Бұл оның өмір сүру үрдісінде қажетті құзыреттің қалыптаспағандығын дәлелдейді. Мектептегі жаңа мазмұнда оқыту - оқушының осы түпкілікті құзыреттерін қалыптастыруды мақсат етеді[2, 13б;]. Демек, білім беру жүйесі оқушы қажеттілігін түпкілікті құзыреттерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Құзыреттер бұл пәндік білімдер жиынтығы емес, ол оқушының білімі, білігі және дағдыларының үйлестірмелі сипаттарымен байланыстыратын жаңадан қалыптасқан сана болып табылады.

**Қорытынды.** Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жыры, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары,т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі - ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтар ғасырдан ғасырға жалғасқан, өмірдің сынынан өткен, пайдалы екені дәлелденген.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


*. 1.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазастан жолы-2050: бір мақсат, бір мүде, бір болашақ» 2014ж 17 қаңтар.*

*2. «Қазақстан мектебі» журналы. №11-2010ж; №10-2009ж.*


.


**УДК 355/359**

**МРНТИ:** 51.204.0:-057.810

***Т.Ә.ДАНИЯРОВ[1]***
***Ш.Ә.ТАШИМОВА[2]***
***Ш.У.ӘЛКЕН[3]***

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

## ***ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ДАМУЫ, МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ, МАЗМҰНЫ***

*Аңдатпа*

Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір суретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Патриоттық тәрбие қоғамдық-саяси қызметтің күрделі, салыстырмалы дербес жүйелерінің барлық белгілеріне ие болады. Патриоттық тәрбие жүйесі кез-келген әлеуметтік жүйенің төрт негізгі топтарын қамтиды: материалдық, іс-әрекеттік, рухани, адами құндылықтар. Осы құндылықтардың болуы және олардың өзара байланысы жүйенің біртұтастығын және жаңа сапалық айқындылықты белгілейтін оның құрамдас бөліктерінің өзара іс-әрекеттестігінің әдісі ретінде, патриоттық тәрбие жүйесінің салыстырмалы түрде алғанда тұрақты құрылымының дербестігін айқындайды. Кез келген жүйедегі сияқты патриоттық тәрбиеде де әрдайым өткеннің қалдығы, бүгінгі күннің негіздері және болашақтың нышандары болатыны жалпыға мәлім. Жүйенің негізгі функциясы жастарды ұлт-азаттық майданға, жауынгерлікке, қоғамдағы, халық дәстүрлеріндегі ескі қалдықтармен күресуге, жаңа Отанды құруға даярлау болып табылады.

*Кілт сөздер:* рухани мәдениет, денсаулық, патриотизм, тәрбие, оқушы, әдет-ғұрып.

***Т.А.ДАНИЯРОВ[1]***
***Ш.А.ТАШИМОВА***
***Ш.У.АЛКЕН***

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссави
(г.Туркестан, Казахстан)

## **ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАХСТАНСКИХ ПАТРИОТИЗМ, РАЗВИТИЕ, ЗНАЧИТЕЛЬНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ**

*Аннотация*

Казахская неразрывно связана с историей веков, начиная с глубин народа мы имеем опыт в воспитании подрастающего поколения духовных, этических и эстетических ценностей культуры национального обычаев, традиций, литературы, музыки, профессиональных, бытовых достигли через содержание фольклора. Каждый может понять свое национальное происхождение, традиции, культуру. Его любовь к своим людям нужно помнить в том месте, где живут его люди. Национальные традиции, богатство, патриотические чувства создают любовь к Родине. Патриотическое воспитание будет иметь все особенности сложных, относительных индивидуальных систем социальной и политической деятельности. Система патриотического воспитания включает в себя четыре основные группы любой социальной системы: материальные, действительные, духовные и человеческие ценности. Существование и взаимосвязь этих значений определяют автономию относительно стабильной структуры системы патриотического воспитания как метод взаимодействия ее компонентов, который определяет единство системы и новую качественную ясность. Как и в любой системе, хорошо известно, что в патриотическом воспитании всегда есть прошлое, основы настоящего и символы будущего. Главная функция системы - подготовить молодежь к национально-освободительному фронту, бороться, бороться со старыми отходами в обществе, народные традиции и готовиться к новой Родине.

*Ключевые слова:* духовная культура, здоровье, патриотизм, образование, ученик, традиция.

***T.A.DANIYAROV[1]***
***Sh.A.TASHIMOVA***
***Sh.U.ALKEN***

International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

**FORMATION OF KAZAKHSTAN PATRIOTISM, DEVELOPMENT, SIGNIFICANCE AND CONTENT**

*Abstract*

Kazakh is inextricably linked with the history of centuries, since the depths of the people we have experience in the upbringing of the growing generation of spiritual, ethical and aesthetic values of the culture of national customs, traditions, literature, music, professional, domestic reached through the content of folklore. Everyone can understand their national origin, traditions, culture. His love for his people must be remembered in the place where his people live. National traditions, wealth, patriotic feelings create love for the Motherland. Patriotic education will have all the characteristics of complex, relative individual systems of social and political activity. The system of patriotic education includes the four main groups of any social system: material, actual, spiritual and human values. The existence and interrelation of these values determine the autonomy of the relatively stable structure of the system of patriotic education as a method of interaction of its components, which determines the unity of the system and the new qualitative clarity. As in any system, it is well known that in patriotic education there is always the past, the foundations of the present and the symbols of the future. The main function of the system is to prepare young people for the national liberation front, to fight, to fight against old waste in society, and to prepare national traditions for a new motherland.

*Key words:* spiritual culture, health, patriotism, education, pupil, tradition.

**Кіріспе.** Қазақстандық патриотизмды қалыптастырудың негізі - отансүйгіштік, өз еліміздің тәуелсіздігін қадірлеу және қорғай білуге үйрету, патриотизмді қалыптастырудың негізгі бағыттарына талдау жасай отырып, қоғамда алатын орны туралы ғылыми болжамдар жасау. Міне осыдан келіп, Қазақстандық патриотизм тұғыры - Отансүйгіштік, тіл, дін, ұлттық рух пен идея, мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын жастар пікірімен танысу және оларға талдау жасау; Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі тенденцияларын анықтауға алғашқы қадамдар жасау міндеттері өздігінен туындайды.

**Зерттеу әдістері.** Қазіргі кезде еліміздің егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы ҚР Президентінің республика халқына жолдауларында, мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Қазақстан -2030», «Әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің санатына ену», «Зияткерлік ұлт қалыптастыру» бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында, ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады[1,2,3].

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның дамуы - қоғамның идеялық бірлігінде», «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында» және кейіннен шыққан «Ел бірлігі» ұлттық доктринасының жобасында көрсетілген[4]. Қазақстандық саясаттану ғылымында ұлттық бірегейленудің негізін құрайтын этникалық және саяси-азаматтық ұлт қалыптастырудың негіздемелері - ұлттық идея мен жалпыұлттық идеяның бүгінгі қазақстандық қоғамдағы идеялық және идеологиялық негіздемесі және ұлттық патриотизм аспектілері жөнінде қазақстандық ғалымдар: А.Б. Абсаттаров, Б. Абдығалиев, Н.М. Садықов, Б.Г. Аяған, К.Н. Бурханов, Ж.Х. Жүнісова, Г.Ибраева, Р.А.Нұртазина, К. Қалиев, С.М. Бөрбасов, Р.К. Қадыржанов, Ә.Нысанбаев, А.Сейдімбек, Ә.Ғали, А.Шәріп, І.Ерғали т.б. еңбектерінде қарастырылған. Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің II съезінде еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев: "Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі орталықтарда, барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да, қадірменді парызы"- деген сөзі арқылы болашақ маман біздерге үлкен сенім артады.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру қоғамның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына, мемлекеттің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін нығайтуға, Қазақстан халықтарының шоғырлануына бағытталған дүниетанымдық сипаттағы бағдарлардың, құндылықтар мен идеалдардың кешенін білдіргендіктен, өтпелі кезеңді бастап кешіріп, әлемдік өркениеттік қауымдастықтан өз орнын табуға ұмтылып отырған біздің еліміз үшін қажет.

**Зерттеу нәтижелері.** «Қазақстан Республикасының жастарына үздіксіз тәлім-тәрбие беру тұжырымдамасында» тәрбиенің негізгі мақсаты дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, иманды, ақылды, парасатты, рухани ойлау дәрежесі биік, ар- ожданы мол, еңбекқор, іскер, талғамы жоғары және бойында тағы да басқа ізгі қасиеттері бар азаматты тәрбиелеу деп белгіленген. Қазақ халқы, яғни біздің ата-бабаларымыз, тәрбиенің негізгі мақсаты сегіз қырлы, бір сырлы, жетілген адамды тәрбиелеу деп санаған. Тәрбенің негізгі міндеттерінің (бағыттарының) ішінде патриоттық (елжандылық, ұлтжандылық) тәрбие ерекше орын алады. Патриотизм ұғымына енетіндер:

- Адамның туған жерін сүйіп, өз халқының тілін құрметтеуі, Отанының мүддесін қорғау;
- Өткен тарихын, халқының әдет-ғұрыптарын және салт-дәстүрлерін сыйлауы. М.Шахановтың сөзімен айтсақ:

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Әр адамның өз анасынан басқа,
Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада,
Болуы керек құдіретті төрт ана:
Туған жері-түп қазығы айбыны,
Туған тілі-сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы тірегі
Қадамына, шуақ шашар үнемі.

Жаңа заманға жігер керек, талаптылық керек, басқа халықтан үйрену керек, ал ең керегі – ұлттық сана қалыптастырып, ұлттық намысы, ұлттық рухы жоғары, ұлтының тарихи-мәдени құндылықтарын бағалайтын саналы ұрпақ тәрбиелеу керек. Біз ата дәстүріне сүйене отырып, халқымыздың өркениетті елдер қатарына жетукін армандаймыз. Ұлттық сезім мен ұлттық намысты, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білеміз.

Қазіргі кезеңде “қазақстандық отансүйгіштік” ұғымына зор мән берілуде. Көп ұлтты Қазақстан халқының отансүгіштік сезімін қалыпастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасымдылығында. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар – жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдыра алмайды. Олар сөзсіз адам көкірегінде жылылық, жақындық, туыстық сезімдерді ұялатып жатады. Бір сөзбен айтқанда, отансүйгіштік қасиетті ұғым. Қазақстандық отансүйгіштікке келсек, ол тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендейтін бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Бұл сезімнің мағынасы терең, аумағы кең, құдіреті күшті. Ол өз мазмұны, өз аясы бар, құдіретті күшке кездейсоқтықтан айналмайды, бұл сезімнің оянып, бірте-бірте күш алып, саналы өзіндік мәні, өлшемі, мағынасы бар біртұтас сезімге ұласуы обьективтік шарттылықтарды қажет етеді. Отанын адамның өзі тануы тиіс. Оны жете біліп, қадір – қасиетін ұққанда, тарихын, өткен жолын, қиындық мехнаттарын, рухын, тар жол, тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, жанымен сезе білгенде, елдің басын біріктірген жат жұрттықтардан жерін, суын, даласын, тауын қанын төгіп қайсарлықпен қорғап алған ерліктерін сезіп білгенде ғана, соған деген мақтаныш сезімі оянады.

Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. Елбасы өзінің халыққа Жолдауында азаматтардың отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуды ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың негізгі элементтерінің бірі ретінде таниды. Соңғы уақыттарда басылым беттерінде «патриоттық тәрбие», «азаматтық тәрбие» ұғымдары қатар қолданылып келеді. Біздің көзқарасымызша, «азаматтық тәрбие» мен «патриоттық тәрбие» ұғымдары бір-біріне қайшы келмейді, керісінше, бірін-бірі толықтырады. «Патриоттық тәрбие», «азаматтық тәрбиенің» бір бөлігі болып табылып, оны нақтылай және тереңдете түседі, жеке тұлғаның Отанды сүю, өз халқының өткеніне сыйластықпен қарау сияқты, азаматтың адамгершілік негізін құрайтын қоғамдық мәнді қасиеттерінің қалыптасуына себептігін тигізеді. Патриоттық тәрбие ұрпақтар сабақтастығының жалғасуына ықпал тигізуде де үлкен мәнге ие. Бұл бірінші кезекте жеке тұлғаның әлеуметтенуіне көмектеседі және әлеуметтік тұрғыдағы қабілеттіктерінің дамуына да тигізер ықпалы мол. Патриотизмның адамгершілік жақтарын борыш, саналылық, жауапкершілік сезімдері құрайды. Бұл-азаматтық қоғамның құқықтық мәдениетінің маңызды компоненттері. Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуы жағдайында жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті үлкен мәнге ие, ол азаматтық және патриоттық тәрбиенің өзара байланысының нәтижесі болуы тіс. «Азаматтық

тәрбие» де, «патриоттық тәрбие» де жеке тұлғаның қызығушы-лықтарын жүзеге асыру және олардың талап-сұраныстары мен мүмкіндіктері негізінде құрылуы қажет. Біз «азаматтық» және «патриоттық тәрбие» ұғымдары біріктірілуі тиіс деп санаймыз. Патриоттық тәрбиенің жүйелілік сипатына келетін болсақ, ол ең алдымен, тәрбие мен патриоттық сана-сезімнің жүйесі арқылы айқындалады. Жүйелі патриоттық сана тұрғысынан алғанда, патриоттық тәрбие тәрбиенің идеялық-саяси, адамгершілік, құқықтық, эстетикалық және т.б. элементтерінсіз өмір сүре алмайды, патриоттық сана Отанды өркендету мен қорғауға ішкі даярлық пен қабілетті қалыптастыруға білгілі бір әлеуметтік- саяси бағыт береді. Сөйтіп, патриоттық тәрбие басқа тәрбиенің барлық негізгі бағыттарымен бірге жүзеге асырылады. Патриоттық тәрбиенің соңғы нәтижесі ретінде патриоттық сана өз Отанын өркендету жолындағы күресте, оны нығайту және қорғау жолындағы қызметті көрініп, өлшенеді, сөйтіп, сол арқылы тиісті ерлік, жауынгерлік және ұлттық дәстүрлер түзе отырып, олар кейіннен тәрбиелеуші факторға айналады.

**Талқылау.** Патриоттық тәрбиенің жүйелілігі, біріншіден тәрбие объектісі-жеке адамның біртұтастығынан; екіншіден, отбасында, ұжымда, еңбек және әскери ұжымдарда патриоттық тәрбиенің сабақтастығы мен бірмәнді бағыттылығын талап ететін қоғамдық өмірдің барлық салаларының өзара байланысынан; үшіншіден, тәрбиенің негізгі принциптері мен жалпы заңдылықтарынан және төртіншіден, негізгі мұраты жеке адамды жарасымды және жан-жақты тәрбиелеу болып табылатын тәрбиенің неғұрлым жалпы жүйесіне патриоттық тәрбиенің ықпалдасуынан туындап жатады.

Патриоттық тәрбие қоғамдық-саяси қызметтің күрделі, салыстырмалы дербес жүйелерінің барлық белгілеріне ие болады. Біріншіден, ол өзара байланысты құндылықтардың белгілі бір құрылымын иеленеді. Патриоттық тәрбие жүйесі кез-келген әлеуметтік жүйенің төрт негізгі топтарын қамтиды: материалдық, іс-әрекеттік, рухани, адами құндылықтар. Осы құндылықтардың болуы және олардың өзара байланысы жүйенің біртұтастығын және жаңа сапалық айқындылықты белгілейтін оның құрамдас бөліктерінің өзара іс-әрекеттестігінің әдісі ретінде, патриоттық тәрбие жүйесінің салыстырмалы түрде алғанда тұрақты құрылымының дербестігін айқындайды. Екіншіден, патриоттық тәрбие жүйесіне оның міндеттерінен көрінетін өзіндік белсенділік тән. Үшіншіден, патриоттық тәрбие дегеніміз - өзіне тән басқару тетігі, субъектісі мен объектісі, басшылық құралдары мен әдістері бар, өзін-өзі басқаратын жүйе. Саналы басқару – бұл жүйенің өзіне тән әрі қажетті сипаттама. Төртіншіден, патриоттық тәрбие дегеніміз – уақыт пен кеңістікте дамытып отыратын жүйе, оның өз тарихы және өзіне тән заңмен белгіленетін қалыптасу, қызмет атқару мен даму процестері бар. Кез келген жүйедегі сияқты патриоттық тәрбиеде де әрдайым өткеннің қалдығы, бүгінгі күннің негіздері және болашақтың нышандары болатыны жалпыға мәлім. Жүйенің негізгі функциясы жастарды ұлт-азаттық майданға, жауынгерлікке, қоғамдағы, халық дәстүрлеріндегі ескі қалдықтармен күресуге, жаңа Отанды құруға даярлау болып табылады.

Бесіншіден, патриоттық тәрбие жүйесі оқшау емес, әлеуметтік тұрғыдан алғанда да, табиғи жағынан келгенде де басқа жүйелермен тығыз байланыста өмір сүреді. Мәселен, қоғам патриоттық тәрбиенің қызмет атқару мен даму процесіне елеулі ықпал жасай отырып, оның тәрбиелік жүйесін жаңғарту және толықтыру көзі болып табылады. Мұнсыз патриоттық тәрбие ойдағыдай дамып, қызмет атқара алмайды. Патриоттық тәрбие басқа қоғамдық жүйелермен тығыз байланыста болады. Оның жүзеге асуына макроорта мен микроортаның әсері мол. Яғни, патриоттық тәрбие оқшау өмір сүре алмайды. Ол күрделі, салыстырмалы түрде алғанда дербес, біртұтас, өзін-өзі басқарып отыратын, белсенді де дамушы жүйе болып табылады және тәрбиенің барлық негізгі бағыттарында жүзеге асырыла отырып, оны ұйымдастыруға кешенді тәсілді талап етеді. Кешенді тәсілдің негізгі идеясы - жеке адамның патриоттық қасиеттерінің барлық жиынтығын және патриоттық тәрбие ішінде де (мақсаттары, принциптері, бағыттары, құралдары, нысандары, әдістері және т.б.), сондай-ақ сыртқы жүйелерде де (тәрбие, экономика, саясат, идеология және т.б.) тәрбие процесінің өзара әрекеттестіктегі барлық элементтерінің нысаналы бірлігін қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады. Б.Момышұлы: «Патриотизм - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзіңнің тәуелді екеніңді, мемлекетті нығайту дегеніміз - жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, жеке адамнын өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын барлық жағынан біріктіреді» - деп «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама берген. Патриотизмді дамытудың басты шарты, елдің бір жұдырық болып жұмылып, бірлік пен татулықты сақтауы. Құм, кесек, су, топырақты кез келген бала қалаған формасына келтіре алады. Егер де осыларды цементпен араластырсаңыз бетонға айналады. Енді оны бала түгілі жігіттердің өзі қолымен бұзып, үгіте алмайды. Енді кішкентай ғана құм түйіршіктер мен топырақты, судыбіріктіріп тұрған не нәрсе? Әрине, цемент. Осы тектес миллиондаған отандастарымызды бір-біріне байлап тұрған, бөлінбес бір Отан, ұлтқа біріктіріп тұрған патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік. Сол үшін ұлтымызды ұйыстырып, бірлігімізді сақтап тұрған патриотизм біз үшін өте маңызды, басты мәселе. Бірақ патриотизм жасанды болмаған жағдайда

ғана өз жемісін береді. Патриотизмнің объектісі, қайнар көзі Отан. Ал оның мазмұны табиғаты, оның байлықтары, жері, тарихы, тілі, т.б. Сондықтан біздегі патриотизмде ұлттық мазмұн болуы шарт. Мысалыға, елімізде өмір сүріп жатқан өзге диаспоралар Абылайхан, Бөгенбай, Қабанбайды, Ахмет, Әлихан, Мұстафаны Отанын қорғаған батырлар ретінде тануы және өз қаһармандары ретінде қабылдаулары керек. Себебі өзге диаспоралар өмір сүріп жатқан Отан үшін құрбан болғандар, олардың да батырлары болып қабылдануы қалыпты жағдай. Өйткені оларға Отан болған жер үшін, өмір сүрулеріне жасалған жағдай үшін құрбан болғандарға құрмет көрсетуі азаматтық парызы. Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана ол сіңімді, әрі әсері мол болады. Халқымыздың ғасырлардан бергі тарихы, қалыптасқан салт-санасы бар. Патриотизм сонымен үйлескенде ғана Қазақстан жетістікке жетеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимніне «Намысын бермеген қазағым мықты ғой» деп өзгеріс енгізгенінен байқауға болады. «Отан – отбасыдан басталады» дегендей отбасыдағы бірлікті нығайту мен ата-анасын сүюден бастауымыз керек. Бұрынғы ата-бабаларымызға қазіргідей арнайы патриотизм саясаты жүргізілмесе де Отанды қорғауда жанын-тәнін аямай, патриотизмнің керемет үлгісін көрсеткен. Себеп біреу, табиғаттан, ұлттық тәрбиеден берілген табиғи, ұлттық патриотизм. Жасандылық жоқ. Тарихымызда патриотизмге үлгі тұтар мысалдар өте көп. Мысалыға, жылқы үшін, яғни мал-мүлік үшін, әйел үшін соғыспаған ғұн бабаларымыз тек Отанын, жерін, атамекенін қорғау үшін ғана соғысқан.

Патриотизмі қанымызда бар. Қазақ ешқашан бір үйде құл болып қызмет етпеген. Қазақ дегеннің өзі еркін, тәуелсіз деген мағына береді. Қазақ тарихын зерделеу барысында олардың табиғаты, әлеуметтік жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты патриот халық екенін айқын аңғаруға болады. Бұны қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі Ш.Уәлиханов жақсы зерттеген және өзінің патриоттық сезімін: "Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай (матрешка сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртым, руластарымды, одан соң халқымды қадірлеймін", – деген екен. Отаншылдық – елжандылық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады. Сондықтан Отаншылдықтың қайнар көзі адамгершілік қасиеттер болмақ. Отаншылдықтың іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл болады. Отаншылдықты рухани құбылыс ретінде зорлықпен, нұсқаумен биліктің басқаруымен енгізу мүмкін емес.

**Қорытынды.** Н.Назарбаев: "Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн"- дейді. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының діңгегі десек те болады. Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

*1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. - 28 қаңтар, 2012.*

*2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». 2017 жылғы 31 қаңтар. Астана. Елорда.*

*3. НазарбаевН.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы,1996.*

*4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы, 1999.*

**УДК: 37.013.8**
**МРНТИ: 14.43.47**

# БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

[1]**Болатқызы Ш.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер,мәдениет және спорт институты, «Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі» кафедрасының магистр, аға оқытушысы*

*(Алматы қ., Қазақстан)*

[2]**Оразбаев Б.Ғ.**
*Абай атындағы ҚазҰПУ «5В010800-Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3 курс студенті*
*(Алматы қ., Қазақстан)*

**Аңдатпа**

Қазақ халқы ежелден елін сүйген ерлерімен көпке танымал. Мақалада қазақ халқының ержүрек батыры, әрі қаламгер жазушысы Бауыржан Момышұлының еңбектеріндегі тәрбиелік көзқарастар баяндалған. Сонымен қатар, батырдың өмірбаяны, еңбек жолы және ҰОС-дағы ерліктері жайлы деректер келтірілген. Бауыржан Момышұлы - "патриот" сөзінің синонимі. Сұрапыл соғыста ерен еңбегімен ғана емес, кемеңгер, қаламгер ретінде де көзге түсті. Бауыржан Момышұлы шығармаларының басты ерекшелігі, соғысты өз басынан өткере отырып, ондағы барлық оқиғаны шынайы түрде көрсетті. Өзі жазған әрбір шығармада адалдықтың ақ туын желбіретіп, еліне деген, ұлтына деген сүйіспеншілігін әсем де, әрлі етіп жеткізіп отырды. Бауыржан Момышұлының әрбір шығармасы жас ұрпақты патриотизмге, ұлтжандыққа, Отанын сүюге тәрбиелейтін арнайы құрал іспеттес. Мақалада батырдың шығармаларының мазмұны мен мақсаты толық ашып көрсетілген.

**Түйін сөздер:** Отан, ерлік, ізгілік, адалдық, патриотизм, тәрбиелік ойлар, сыни көзқарастар.

# ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ

[1]**Болатқызы Ш. –** старший преподаватель кафедры теории и методики подготовки педагогов физической культуры спорта КазНПУ им. Абая,
г.Алматы, Казахстан
[2]**Оразбаев Б.Ғ. -** студент 3 курса специальности физическая культура и спорт КазНПУ им. Абая,
г.Алматы, Казахстан

**Аннотация**

Казахский народ давно всем известен, как народ героев-патриотов. В статье рассматривается воспитательно-образовательные взгляды казахского писателя и героя Бауыржана Момышулы. А также, его биография, места работы и героизм в ВОВ. Бауыржан Момышулы синоним слова «патриот». В годы войны он прославился как герой, в то время и как писатель. Особенности его работ заключается в том, что герой переживя войну-описывает его истину. Каждая работа Бауыржана Момышулы это особый инструмент для воспитания молодого поколения к патриотизму и любви к Родине. В статье подробно обсуждается суть и цель творчества героя.

**Ключевые слова:** Родина, подвиг, гуманность, честность, патриотизм, воспитательный взгляд, истина войны, критериальные взгляды.

# EDUCATIONAL MEANING OF THE PRODUCTION OF BAUYRZHAN MOMYSHULY

[1]**Bolatkizi Sh.** - Department of Theory and Methods of Training of Teachers of Physical Culture of Sport of KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan
[2]**Orazbaev B.G. -** 3-year student of specialty physical culture and sports KazNPU them. Abay,
Almaty, Kazakhstan

## Abstract

The Kazakh people have long been known to everyone as a people of patriotic heroes. The article deals with the educational and educational views of the Kazakh writer and hero Bauyrzhan Momyshuly. And also, his biography, places of work and heroism in the Second World War. Bauyrzhan Momyshuly is synonymous with the word "patriot". During the war he became famous as a hero, at the time and as a writer. Features of his work is that the hero surviving the war-describes his truth. Each work of Bauyrzhan Momyshuly is a special tool for educating the younger generation for patriotism and love for the Motherland. The article discusses in detail the essence and purpose of the hero's work.

**Keywords:** Homeland, feat, humanity, honesty, patriotism, educational view, the truth of war, criterial views.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жуалы ауданының Мыңбұлақ атты ауылында дүниеге келген. Бауыржан - Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик.

Батырға дейін төрт қыз көрген ата-анасы ол туғанда қатты қуаныпты. Атасы Имаш жан-жаққа кісі шаптырып, ұлан-асыр той жасайды. Шілдехана тойында Имаш ақсақал немересін көтеріп шығып, ел қарияларынан бата сұраса, олар: “Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіңдікі” десіпті. Сонда атасы:

Алатаудың қыраны мол еді –

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға мол еді –

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді –

Шырағы болсын, құлыным.

Ата тілегі оң еді –

Құмары болсын құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді –

Сыңары болсын, құлыным!, - деп бата беріпті. Қазақ ежелден сөзге, оның құдіретіне ерекше мән берген халық қой. Көптің тілеуінің орындалатынын білген. Өзіміз де алақан жайып, дұға жасаған қолды Алла тағаланың бос қайтармайтынын да жиі айтамыз. Имаш ақсақалдың да ауылдың небір аузы дуалы ақсақалдарын жинап балаға бата сұрауы жақсы ниет, тілектің қабыл болатындығына сенгендігінен.

Бауыржан 1921 жылы бастауыш мектепті Аса интернатына түседі. 1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол өңірдегі 1924 жылы ашылған алғашқы жетіжылдық мектеп болатын. Бауыржанмен бір сыныпта Әбділда Тәжібаев және Құрманбек Сағындықов оқиды. 1928 жылы мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түседі. Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Сол жылдары Бауыржан Момышұлы Бибіжамал деген бойжеткенмен танысып,кейінірек сонымен бірге шаңырақ көтереді.Бибіжамалдан Бақытжан атты ұл,Шолпан атты қыз көреді. Баукеңнің екінші жұбайының есімі де Жамал болған.Үшінші жұбайынан Елена деген қызы бар. Елена негізінен Мәскеуде тұрған.Ұлы Бақытжан мен келіні Зейнептен Ержан атты немере сүйген. Соғыс басталысымен қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады. 1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Батыс майданындағы 16 армияның және батальон командирі. Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысқан. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды. Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерлей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Бауыржан Момышұлы - әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды. Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналасып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады. Бауыржан бірнеше орден, медальдармен наградталады, Кеңестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.

Баукең ержүректігі тұрғысынан кешегі ел қорғаған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек сынды батырлардың заңды жалғасы секілді. Ал шыншылдығы мен ақиқатты ту еткен адалдығы, әділдігі тұрғысынан мұсылмандардың екінші халифі әділетті Омар ибн Хаттабқа (р.а.) ұқсайды. Артында «Өтіріктің балын жеп тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық» деген қанатты сөздерді айтып қана кетпей, оны батыр Бауыржан өз өмірінің қағидасына айналдырған.

Баукең қаймағы бұзылмаған, дінді берік ұстанған ауылда өсті. Адамға тәрбие тал бесіктен сіңеді. Ең аяғы сәлемдесудің өзін балаға ата-ана үйретеді. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) да сәлем жаюға үндеген хадистері баршылық. Ал Баукең болса, сәлем беруді қалай үйренгенін былай есіне алады:

“Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып баппен қымыз ішіп отыр екен. Әкем дастархан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да құлағыма: “Аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?” – деп сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып: “Ассалямуалейкум, аталар!” деп әр сөзді қадап-қадап айттым. Бұған әрине бәрі күлісіп жатыр. Әйткенмен мені араз етіп алмау үшін бәрі де бірауыздан: “әләйкүм салам!” десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: “Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді” – дейтін”. Міне, әке үйреткен осы сәлемді Баукең кейін өз ұрпақтарына да өсиет еткен,ол жайлы батырдың келіні Зейнеп апамыздың “Бабалар өсиеті” кітабынан орын тапқан. Ата-анасы туралы батырдың өзі өмірбаяндық “Ұшқан ұя” кітабында былай деп жазады: “Менің бабам Имаш мың да тоғыз жүз он бірінші жылы 92 жасында дүние салған. Ортай бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті – менің әкем Момыналы екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен. Әкем айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре 33 жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Ол кісі мен үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған”. Анадан ерте жетім қалған Бауыржан әжесі Қызтумастың бауырында өседі. Кейінірекке дейін әжесі келіні туралы “Жатқан жерің жәннат болсын, маңдайыма сыймай кеткен періштем Рәзия” деп мұңайып отырады екен. Осы сөздің өзінен Баукеңнің әжесінің діннен хабары бар адам екенін байқауға болады. Ал әкесі Момыш болса, өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа қатысып жүрсе, кейін өз бетімен сауатын ашып, ел ішінің дау-дамайына бітімге жүрген кісі екен. Баукең өз жазбаларында әкесін жеңгелерінің “Молда бала” атағанын айтады. Соған қарағанда, әкесінің діни сауаты да аз болмаса керек. Тек Кеңес саясатына байланысты батырдың өзі оны кітаптарында атап көрсетпеген. Ал өмірінің ақырына дейін “Тура Момыш” аталыпты. Оған талай жыл ауыл старшыны болса да, ешкімге қиянат жасамас адалдығы, ақтығы себеп болған.

Бауыржан 7-8 жасқа келгенде, әкесі оның сауатын үйде аша бастайды. Арабша, орысша жазуды үйретіп, есеп шығаруды түсіндіреді. Бірақ арыдан ойлаған Момыш жалғыз ұлына орыс оқуын оқытпай көсегесі көгермейтінін жақсы түсінеді. Заманның орыстарға қарай ауып бара жатқанын байқайды. Маңайындағылармен ақылдасып, олардың қарсы болғанына қарамастан “Жұрт сөзіне еріп қайтеміз. Бауыржан, Құдайға шүкір, мұсылманша көзі ашық емес пе? Орысша оқыдым деп діннен безе қоймас. Қазіргі заман ағымы да осы оқуды қалайтын сияқты” деп, Бауыржанды өзінің егінді бірге егетін Гончаров Кузьма атты орыс тамырының үйінде жатқызып, сол ауылда орысша оқытқан. Әкесінің “әдепті бол, бұзықтармен дос болма. Сабағыңа көбірек көңіл бөл. Шошқаның етін жеп жүрме. Орыс құдайына табынып жүрме” дегендері жадында мәңгілікке ұялап қалды.

Қазақ халқының тарихында өшпес ерлігімен қазақ халқының абыройын асқақтатар ұлт батыры атанған, қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар майдангер - жазушы Б.Момышұлы шығармашылығы негізінен патриоттық, адамгершілік тәрбиеге бағытталды. Оның шығармалары майдан шебінде жүріп, көзі көрген өмір тәрбисінен алынған отты жүректің, ыстық қанмен жазылған шығармалар болмақ. Осыған өзі айтып өткен мына сөздері толық дәлел: «Менің шығармаларым тұтастай және толығымен менің өз басымның естеліктеріне, ерекше делінген эпизоидтар естеліктерінің жиынтығынан іріктеп, екшеп алынған елеулі көріністерге негізделген. Оларда ойдан шығарылған оқиғалар да, ойдан жасалған адамдар да жоқ».

Баукеңнің ұғымында өз ұлтының тәрбиесінен жұрдай адамнан, баршаға бауырмалдық шықпайды, өйткені ол ұлтты сүюдің не екенін білмейді, - дей келіп, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді күшейту үшін, ұлттық тәрбиені қалпына келтіру керектігін атап көрсетеді.

Ұлттық тәрбиені мығым ұстанғанын батырдың келіні Зейнеп апамыздың естелік-еңбектерінен байқаймыз. Атасы өмірден өткеннен кейін күнделіктерін “Шуақты күндер” атты кітапқа айналдырған апамыз “қазақтың біртуар марқасқа батыр ұлының қолына су құйып, шайын қайнатып

жүргенім - Алланың маған тартқан ерекше бір сыйы болды" дей келіп, атасымен алғашқы кездесуін былай суреттейді: "Мезгіл түске таяп қалған. Газ плитасына шай қойып, қайнағанша бүгінгі газеттерді қарап отыр едім, есік сынып кетердей тарсылдады. Үйде жалғыз отырған соң әрі әдеттегіден тыс мына тарсылдың өзгешелігі шошытып жіберді. Тапа-тал түс болса да, есікке келіп:

- Бұл кім?, – дедім.

- Мен! Атаңмын! Бар, киін!, – деді күркірегендей гүрілдеген үн есіктің сыртынан. Алғашқы қорыққаным қорыққан ба, зәрем ұшты."Бар, киін" деген сөздің байыбын бірден ұға алмай, үйде киіп жүретін халатымның түймесін бір салып, бір ағыттым. Киім салатын шкафқа жүгірдім, сасқалақтап, киімдерімді жұлмалап әлекке түстім де қалдым. Дегенмен өзіме-өзім "сабыр-сабырлап" үстіме жеңі ұзын көйлек, басыма орамал, аяғыма шұлық тауып кидім. Барып есік ашып, ата-бабамның салтымен иіліп сәлем істедім.

– Бақытты бол, балам! – деп, қолын басыма болар-болмас тигізіп, бөлмеге кірді. Ата жалғыз емес, қасында бір кісі бар, өң-түсінің қандай екенін көргем жоқ, бірден басымды көтеруге батылым жетпеді.

Жасыратыны жоқ, үйде жеңіл болсын деп кеудесі ашық халат киіп, жалаңаяқ, шашымыз қобырап жүре береміз. Содан бара-бара әдетке айналады. Үйге біреу келе қалса да, сол күйі қабылдай береміз. "Көшеде емес, өз үйімде жүрмін ғой", – деп өзімізді өзіміз жұбата салатын әдетіміз бар. Атам мені осындай келісімсіз, ашық-шашық күйде көргісі келмеді. Мен өзім де аңқайған киімге жақын емеспін. Өз әкем де ондайға жаны қас еді". Міне, демалыста шетте болып, ұлының тойына қатыса алмай, кейін баласының шаңырағына келгенде келінімен осылай көріседі. Қаланың қызы болып, алдымнан жеңіл-желпі киіммен шыға сала ма деген күдік батырда да болса керек. Исламда да, қазақы тәрбиеде де қыз бала ер адамның етек-жеңін жинап жүруі тиіс. Соны білген батыр алғаш кездескен күні-ақ келініне есік сыртында тұрып ескерту жасайды. Ата өсиетін құлағына құйып алған, ұлағатты келін осыдан былай қарай бұл қағиданы бұзбай, бүгінде өзінен кейінгі қыз-келіншектерге насихаттап келеді.

Бауыржанның тұңғыш туындысы болған, қазақ әдебиетіндегі шаттығы биік шығармалардың бірі - «Ұшқан ұя».Повесі мемуралық жанрдағы шығарма ретінде жазылғанмен, ол проза денгейіне көтерілген ұлттық сипатта жазылған нағыз көркем туынды. Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» еңбегін ұлттық салт - дәстүрімізді, көркем шығармаға мазмұндап берген этнографиялық еңбек деп айтуға толық негіз бар. Шығармадағы негізгі мәселе – адам, оның кемелдену жолдары болса, шығарма сюжеті осы адамдардың өзара әңгімелесуі, кеңесуі арқылы дамиды.

Ұлттық тағылымның түп төркінін шығарманың бас кейіпкері бала Бауыржанның іс - әрекеті, отбасындағы болмысы, өскен ортасына деген қарым - қатынасы арқылы байқаймыз. Шығармадағы әр жолдың айтар ойы айқын: адалдық, мейірімділік, жомарттық, ұстамдылық, ұят - намысшылдық, ел қамын ойлау.

Шығарманың негізіне айналған осы қасиеттерді автор өз кейіпкерлері арқылы көрсетіп отырады. Автор «Ұшқан ұядағы» оқиғаның түп өзегін әже бейнесі арқылы өрбітеді. Туындының өн бойында әже образы тектіліктің, кемеңгерліктің діңгегі ретінде суреттелген. Отбасының ғана емес, ауылдың ақылшысына айналған әже бейнесін автор аса сүйіспеншілікпен бейнелеген. Әуезді әуенімен әлпештеп, әлдилеп айтқан бесік жыры да, қаламгердің жүрегінде сақталған. Жазушы өз өмірінің темірқазығына айналған тәлім - тәрбиенің негізі ертегі мен көне әңгімелерден қалғанын жас ұрпаққа өнеге етеді.«Ертексіз өскен бала - рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертегі айта бермейді. Содан қорқамын» Менің қазіргі келіндерім немерелеріне бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп корқамын» - деп қамығуында терең психологиялық астар бар. Дала философиясында, ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөлі ерекше болған. Әкесінің

баласын үлкенді сыйлау, сәлем беру дағдысына қалай тәрбиелегені шығармада шынайы көрініс тапқан. Әкесінің бала Бауыржанға шежіре жаттатқызуы да - тамыры терең тәрбие тиегінің ағытылуы. Повесьтте ғасырдан ғасырға, ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт- дәстүріміздің көрінісін Үрбианның ұзатылу тойынан аңғарамыз.Жазушы қазақ дәстүріндегі құдалық, құда күтудегі кәде - жоралғылардың жасалу ерекшеліктері, қалыңмал салты, қалындық киімі, ұзату тойы, сыңсу, беташар, сүйінші т.б. ерекше мән беріп суреттейді.  Қазақ әдебиеті тарихында хатты өлеңмен жазу үрдісінде болған. Момышұлы майдан даласында жазған хаттарының мәні ерекше. Оның өмір мен өлім, оқ пен оттың арасында жазған хаттары сол жылдардағы көкейтесті мәселелерге арналған. «Қазақ халқының ұлттық салт - дәстүрі», «Қазақ тілі». «Қазақстан жазушыларына», «Кенесары туралы», «Қойын дәптеріндегі жазбалар» сынды хаттары осының дәлелі.

Бауыржан хаттарының тақырыбы сан салалы: қазақ халқының ұлттық қалпын сақтап қалудың жолдары ұлттық қадір — қасиеттерімізді жас ұрпақтың құрметтеуі ана тіліміздің мәртебесін жоғарылату.Ата салт пен ұлттық әдет - ғұрыптарды қастерлеу,туған тарихымызды бұрмалауға жол бермеу және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери әдебиеттің сапасын арттыру секілді ұлттық қоғамдық сипаттағы өзекті мәселелер көтеріледі.

1942 жылдың ақпанында «Жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеу туралы ойлар» еңбегін жазуға әрекет етеді. Онда: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжіриебемнен солдаттың бойында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде, халықтың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы зор екендігіне көзім жетті» - деп жазады, демек, Бауыржанның эпистолярлық шығармаларында жазушылық ұстанымның бастау бұлағы ұлттық көріністе жатқаны анық. Сондықтан, Бауыржан жазған эпситолярлық жанр ретіндегі хаттар легі, замана шындығын, қанды майдан үстіндегі жауынгердің ішкі рухын таныту арқылы жастарды, елін, жерін сүюге деген махаббат сезімін оятуда таптырмайтын өмір оқулығындай әсерде қалдырып отырады.

Қаламгердің ендігі бір шығармасы майдан тақырыбында жазылған көркем туынды - «Қанмен жазылған кітап» шығармасы. Б.Момышұлының соғыс тақырыбындағы шығармашылығына бармас бұрын, оның соғыс туралы түсінігін, сондай-ақ «ет пен сүйектен жаралған» адамдар тағдыры туралы ұғымын анық мәнін ашып алуымыз қажет. Ал, бұған тіреуіш болар шығарма ол «Қанмен жазылған кітап» болмақ. Онда, айтылатын ой - соғыс, оның қасіреті, ондағы адам тағдыры, соғыста жеңіске жетудің айла - тәсілі, жауынгер мен командирдің жандүние иірімдері мен адами қасиет - қабілеттері жайлы тебіреністері болмақ.Бүкіл әлемде «Қанмен жазылған кітап» жалғыз ғана. Және оның авторы Бауыржан Момышұлы. Ал қалған кітаптар, осы іспетті туындылар бұның көшірмесі. Бүгінгі таңда көптеген елдерде соғыс өнерін үйретуде, тәлім-тәрбие алуда осы кітап кеңінен танымал.

Б.Момышұлы: «Соғыста шындықты табу өте қиын, ал оны жинақтау, қорыту, одан да күрделі»- дейді.Сондықтан да, Б.Момышұлы өз шығармаларында соғыстың шындығын, ақиқатын айтуға адал болды. Адал болумен бірге ол сұрапыл соғыс әкелген қасіретті өз жүрегінен өткізіп, көркем шығармаларында оның зардабын шынайы баяндаған суреткер. Бауыржанның болмысы, әрі пір ғып ұстанған ұраны - шындық. Сондықтан да оның шығармалары бастан аяқ осы бір тамаша қасиетке - шындыққа құрылған.

Осындай шығармасының бірі - «Мәскеу үшін шайқас» кітабы. Ол бас - аяғы төрт бөлімнен тұратын соғыс шындығы қамтылған туынды. Сонымен қатар бұл шығармадағы оқиғаларға қатысы бар адамдар есімдері өзгертілмей, жанды кейіпкер ретінде көрінеді. Бұл образдар олар қатысатын оқиғалардың шынайылығы мен сенімділігін арттырып және жазушының өз шығармасына қажетті тіректі өмір шындығынан алынғанын көреміз.

Б.Момышұлының «Мәскеу үшін шайқас» туындысында, ержүрек батыл кейіпкерлер өмірде шын болатын табиғи қалпында құралған. Аты аңызға айналған ұлт батыры Бауыржанның шығармалары тереңге тартқан ерлік пен өнегеліктің сарқылмас қазынасы іспетті туындылар. Жалпы,соғыстан

кейінгі қазақ әдебиетін Бауыржан Момышұлының шығармаларынсыз қарап, бағалау мүмкін емес. Бауыржан орысша жазса да, қазақша жазса да ұлттық өрнектен айырылмаған қазақ жазушысы.

Б.Момышұлы шығармаларының маңызы - оқиғаларды шыншылдықпен бейнелеуінде,сондай-ақ борыш,ар-намыс,сенім, патриотизм сияқты моральдық - этикалық мәселелерді шешуге құралады.Бауыржан өз шығармаларында, қаһармандықтың қайнар көзін ұлттық дәстүрлерден табатыны, бостандық пен тәуелсіздікті бәрінен де жоғары қоятындығы анық байқалады.Оның шығармалары адам рухының асқақтығын, оның Отанын сүйген патриоттық рухын аша білді.Сондай-ақ жазушы шығармалары әр кез жастарға бағытталып отыруы да, оның шығармасының жазылуы осы өскелең жастарға аға ұрпақтың ерліктерін паш ету мен арды жоғары ұстаған ұлттық рухтың көрініс алуымен ерекшеленеді.

Бауыржан Момышұлының патриотизмге толы, Отан сүюге баулитын еңбектерін балауса жеткіншектер неғұрлым ерте оқыса, соғұрлым ерте есейе түсетіні күмәнсіз. Себебі, аталған еңбектерде майданнан жазылған тебіреніске толы хаттар, Панфиловтың жүрекжарды үздік сырлары, соғыстың ішек үзді қыр-сыры мен бүге-шігесі, өте қызығушылық тудыратын деректер мен дәлелдер, ұлағатты сөздер мен мақал-мәтелдер әсем де әдемі, әрлі де бедерлі тілмен әспеттеліп берілген. Сонымен қатар , соғыс өнеріне қатысты қызғылықты деректер, майдан тәжірибесі, тактика мен талайғы айла-тәсілдер адам баласының ақыл-ойын баурап алар құдіретімен шырғалаң сезімдердің шырмауында, уытты күндердің құрсауында қалдырары хақ. «Өз ұлтын құрметтеп, мақтан тұтпайтын адам сөзсіз сатқын және қаңғыбас… Ұлттық мақтаныш – ұлт өкілі тұлға үшін қасиетті және бұзылмайтын заң». Бұл қолбасшы да емес, жауынгер де емес, нағыз шығармашылық тұлғаның бірегей сөзі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.

2. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. "Алматыкітап баспасы", 2009.

3. Қазақ көркем әдебиеті.Ұшқан ұя. Момышұлы Б. – Алматы,1974.

4. Герои страны, Бауыржан Момыш-улы, http://www.warheroes.ru/hero/

5. http://bm.kaznpu.kz/kz/

**УДК 37:372.8**
**МРНТИ 14.01.45**

## М.Қашқари көзқарасындағы адамгершілік ой-пікірдің дамуы[1]


[1]**Абдреимова К.А.** – п.ғ.к.,ассоц.профессор Абай атындағы ҚазҰПУ
[2]**Әбдрахман Қ.Ә.** - Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты
[3]**Қалибек И.Н.** – 3-курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ



Аңдатпа

Бұл мақалада Махмуд Қашқаридың «Түрік тілдерінің сөздігі» атты еңбегіндегі тұлғаның қалыптасуында маңызды рөл атқаратын адамгершілік қасиеттері жөнінде баяндалады.Тәуелсіз еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын тәрбиелеуде, жастардың бойына еңбекқорлық, білімге құмарлық, ізгі ниет сынды адам баласының бойындағы жақсы қасиеттерді сіңіру, жаман қасиеттерден аулақ болуға аталған еңбектің тигізер әсері мол.



**Түйін сөздер:** Этнография, мақал-мәтелдер, адамгершілік қасиеттер.


## Развитие нравственной мысли с точки зрения М. Кашкари[1]


[1]**Абдреимова К.А**. - кандидат педагогических наук, ассоц.профессор КазНПУ им. Абая
[2]**Абдрахман К.А.** - Магистрант КазНПУ имени Абая
[3]**Калибек И.Н**. - студент 3 курса КазНПУ им. Абая



Аннотация

В данной статье рассматриваются нравственные качества в книге «Диуани Лугат-ит Турк» Махмуда Кашгари, который играет важную роль в развитие человека. Воспитывая растущее поколение независимой страны, молодые люди должны уметь находить хорошие качества человека, такие как рвение, знание, благие намерения.Для этого нам поможет пословицы, поговорки которую собрал Махмуд Кашкари в своем книге.



**Ключевые слова:** этнография, пословицы, поговорки, нравственные качества.


## The development of moral thought in M.Kashkari's view[1]


[1]**Abdreimova К.А.** - Ph.D., associate professor, KazNPU named after Abai
[2]**Abdrakhman K.A.** - Master of KazNPU named after Abay
[3]**Kalibek I.N. -** 3rd year student, KazNPU named after Abai



Abstract

This article deals with the moral qualities of Mahmud Kashgari, who plays an important role in the formation of the "Turkic languages dictionary." In educating the growing generation of the independent country, young people should be able to absorb the good qualities of the human being, such as eagerness, knowledge, good intentions, This work has a great deal of effect.



**Keywords:** Ethnography, proverbs, sayings, moral qualities.


Беймәлімі көп көне ғасырлар қойнауына үңілмей-ақ бергі тарихқа танымал Түрік қағанаты заманынан түйдегімен жеткен тарихи-мәдени жәдігерлердің үлкен шоғырының өзі-ақ әлем алдындағы түрік өркениетін айғақтар төлқұжаты іспеттес. Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білігі» ,Махмут Қашқаридың«Түрік сөздігі», Қожа Ахмет Йассауидың «Даналық кітабы», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» секілді ұлы шығармалары, біршама игерілген ғажайып мұралары тұғырлы тарихтың ,ұлы мәдениеттің мол біліктің мәуесіндей. Көненің көзіндей болып жеткен осындай асыл қазыналар халық игілігіне жаратылып, жаңа заманның адамдарын тәрбиелеуге қызмет етуі қажет.

Н.Ә.Назарбаев

Махмұд Қашқари – араб, парсы мәдениетін, араб грамматикасын жетік білген. Ол үш кітаптан тұратын «Түркі сөздерінің жинағы» ( «Диуани лұғат-ит-түрік») атты кітап құрастырған. Бұл кітап – бүгінгі қазақ әдебиетіне, тіліне, тарихына қатысты қайнарлардың бірі.

«Түркі сөздерінің жинағы» – этнографиялық мәліметтерге бай, түркі тілдеріне ортақ әдеби мұра. Жағрафиялық атаулар, алуан түрлі мәселелерге қатысты деректер, ауыз әдебиетінің үлгілері жинақталған. 29 тайпаның аты аталады. Олардың ішінде қазақ халқын құраған қыпшақ, оғыз, шығыл (шыбыл), тағы басқа ру-тайпалар бар. Онда 6800 түркі сөзіне араб тілінде түсініктеме берілген. 242 бәйіт өлең, 262 мақал-мәтел кіргізілген. Соның ішінде 875 сөз, 60 мақал-мәтел қазіргі қазақ тілінде ешбір өзгеріссіз сол қалпында қолданылады.

М.Қашқари «Диуан» жайында: «Оқыған адамдар бұл меруерт сөздерді пайдаланып, өзінен кейінгі ұрпаққа мирас етер деп үміттендім»,- дейді.

М.Қашқари сөздігінің қазақ әдебиетінің тарихы үшін аса бір құндылығы – онда орта ғасыр түріктерінің көптеген өлең-жырлары берілген. Соның ішінде ерлік жырлары қазақтың этностық жыр-толғауларымен, тақырыбы, мазмұны, суреттеу тәсілі жағынан ұқсас. «Таңғұттармен соғысы» жырынан үзіндіні қарайық. Қазіргі тілімізге аудармасы:

Қатұнсыны жылады,
Таңғұт бегін жаулады.
Қаны ағып заулады,
Мойынынан қызыл қан саулады.

Ерен алыптар ұғысты,
Қыңыр көзбен бағысты.
Барлық қару тоғысты,
Қылыш қынға күшпен сыйды.

Көп бастары жұлынды,
Жауы содан жеңілді.
Күші оның қапылды (әлсіреді),
Қылыш қынға күшпен сыйды.

Екінші тарауда ұйғырлармен күрес жырланады. Тағы бір бөлімде Алып Ер Тұңғаның өліміне жоқтау беріледі.

Алып-Ер Тұңға – тарихи адам. Ақыл-айласымен, күшімен, айтса сөзін өткізіп, тірессе жеңіп, елді-ел қылған батыр, әрі көсем. Ол қайтыс болғанда, артында қалған елі жоқтау шығарған. Сол жоқтау ауыздан-ауызға тарап, одан XI ғасырда Махмұд Қашқаридың «Түркіше сөздігіне» енген, сөйтіп біздің дәуірімізге жеткен. Жоқтау былай басталады:

Алып -Ер Тұңға өлді ме?
Опасыз дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылап...

Бектер аты болдырып,
Қайғы оларды солдырып,
Меңді жүзі сарғайып,
Запыран рең сүртілер.
Бөрідей жұрт ұлысып,
Айқаймен жаға жыртысып,
Өкірген үнін өшіртіп,
Жылаған көзден жас өрер.

Сөздікте Афрасияптың, яғни Алып-Ер Тұңғаның Қаз есімді қызы болғандығын айтады. Қаздың екі шаһары болыпты. Бірі – Қазойын. Қаз үнемі сонда тұрып, серуен құрған

(Қазойын – «Қаздың ойыны» деген мағынаны білдіреді). Екінші шаһары – Қазсуы. Ол Ілеге құятын өзеннің бойында екен. Қаздың күйеуі –«Шаһнама» дастанында айтылатын Сияуыш.

Афрасияптың Барысхан деген ұлы да болған.

Қорыта айтқанда, Алып-Ер Тұңға батырға арналған жоқтау жыры оның түркілерді жау табанына салдырмаған аяулы ұлы тұлға болғандығын көрсетеді

М.Қашқаридың жинаған өлеңдердің ішіндегі табиғат суреттері қазақ әдебиетінің бергі дәуірлеріндегі Ыбырай, Абай өлеңдерімен үндес келеді. Табиғат туралы көзқарас ортақтығы, суреттеу тәсілдерінің бірдейлігі көзге түседі:

Қордайдың аққу-қазы қаңқылдайды,
Төске алып тау самалын салқындайды.
Жаз шығып, түйін тастап, бүр ашылды,
Аспаннан түрлі гүлге нұр шашылды.
Құс сайрап, сай-саладан су тасыды,
Сұлулық көзді тартты таңғажайып.

Көктемде құстар сайрайды,
Жарасып жердің қаймағы,
Құрт-құмырсқа ойнайды,
Інінен шығып еркіндеп.

Жинақ ішінде махаббат, достық жайлы да айтылады.

Жалын – оның көзі,
Жаны – оның өзі.
Толған айдай жүзі
Жарды менің жүрегімді,-

сияқты жолдар соған дәлел.

Жігіттерді жүгіртіп,
Алма ағашын ырғатып,
Құлан, киік аулатып,
Тамаша қылып қуансам.
Асауды мініп тулатып,
Есек жиып үйретсем.
Итке киік қайыртып,
Ұстап соны бір тынсам.

Аңға барып құс салсам, – деп жас жігіттің ғана емес, саяткерлікті, аңшылықты қадір тұтатын дала ұлының ойын дәл береді. Абай, Ақандар жырлаған сері көңіл, аңшы тілекті М.Қашқари де айтады. Тек көңіл ләззаты ғана емес, Білімді мен жиярмын, көңілімді оған түзермін деп ғылым атты даңғыл жолды да нұсқайды.

**«Түркі тілдерінің сөздігіндегі» қазақ мақал-мәтелдері**

М. Қашқари сөздігінде қазіргі тілімізде сақталған көптеген мақал-мәтелдер бар.

Құс қанатымен,
Ер атымен.

Батыр соғыста,
Қорқақ жанжалда.

« От», - дегенге ауыз күймес.

Аш не жемес,
Тоқ не демес.

Адам аласы ішінде,
Жылқы аласы сыртында.

Тағы мынадай қызық дерек берілген:

«Жаһұт жүзікті саусағына салған адамға ешқашан жасын түспейді. Тіпті оның табиғи қасиеті соншалық, бөз де, тас та жанбайды. Бұл тәжірибеден өткізілген. Егер әбден шөлдеген адам сол жақұтты таңдайына салса, шөлін басады». Сондай-ақ, М.Қашқари осы кітабында әлемге Фирдоусидің «Шаһнамасы» арқылы мәшһүр болған Афрасияптың тарихи тұлға екендігін айғақтап берген.

**Махмұд Қашқари жинаған түркі мақал-мәтелдері**

Бір-бірлеп мың болар,
Тама-тама көл болар.

Көзден алыстаса, көңілден де алыстар.

Хас батыр өткінші жаңбырдай,
Білімді мірдің оғындай.

Екі қошқардың басы бір қазанда піспес.

Жалғыз қаздың үні шықпас.

Кәрі өгіз балтадан қорықпас.

Далада бөрі ұлыса,
Үйдегі иттің бауыры солқылдар.

Кең тігілген тон тозбас,
Кеңесілген іс бұзылмас.

Құс тұзаққа жем үшін түсер.

Бір түлкінің терісін екі мәрте сойып болмас.

Адамның қадірі тіршілігінде.

Бөрі көршісін жемес.

Күндестің күліне дейін дұшпан.

Бидайдың арқасында бидайық су ішер.

Күшті есіктен кірсе,
Төре түңіліктен шығар.

Түйе мінген қой арасында жасырынбас.

Баланың ісі іс болмас,
Лақтың мүйізі сап болмас.

Жаттың майлы бөкпенінен,
Жақынның жұдырығы жақсы.

Жұпар қалтадан жұпар кетсе де, иісі қалар.

Жасауы мол келіннің күйеуі жуас болар.

Тозған қорамсақтан тұқыл жебе шығар.

Көкке түкірсе, жүзіне түсер.

М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі – түрік жұртының ең мәнді, мол, мәңгілік мұрасы.

**Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ат-түрік» еңбегі**

*Мақал-мәтелдер:*

*Адам аман болса, өмірден көп көрер.*

*(Есен болса жаның – көрерің көп).*

Бұл мақал адамның жаны аман болса, алдында көрері көп деп насихаттайды.

***

*Арпасыз ат (қыр) аса алмас,*

*Арқасыз батыр әскер басқара алмас.*

*(Арпасыз – жемсіз, Арқасыз – жәрдемсіз).*

Бұл мақал ағайын-туғандардың бір-біріне жәрдемдесіп жүруге үндеп айтылады.

***

*Атса оғын кезгеріп кім тураны тоқтатар,*

*Тауға қарай оқ атса, (таудың) қойнауы жыртылар.*

Заманды дәріптеп былай деген: Замана оғына кезеніп атса, кім тура келген оқты тоқтатсын; Егер оқты тауға нысаналап атса, таудың (өзінің де) қойнауы жыртылар.

***

*Белгі болса, жолдан адаспас,*

*Білімді болса, сөзден жаңылмас.*

Белгі болса, жолаушы жолдан адаспайды. Білімді кісі ешқашан сөзден жаңылмайды. Бұл мақал дәл сондай болуға үндеп айтылады.

***

*Жемтік көрсе, құзғын биік көктен төмен атылар,*

*Білікті адам үгіт беріп, тез ұғар.*

Құзғын құс өлексе, жемтікті көрген сәтте биік аспаннан тез атылып, төмен қарай құлар; Данышпан білікті кісі үгіт-насихатты байқаған сәтте-ақ тез түсініп тез ұғар.

***

*Заман әбден тозды, азды,*

*Осал, жауыз қозғалды,*

*Өнер біткен сиреді,*

*Дүние бегі жоғалып...*

(Заман азды, заман әбден бұзылды; осал, ынжық, пасықтар күш алып, қозғалды; Дүние бегі Афрасиаб өлгеннен кейін, өнерлі, парасатты жандардан айырылып, өнерсіз қаңырап қалдық).

***

*Күлсе кісі жүзіңе,*

*Көрікті жүзбен көрінген*

*Зымияннан бақ тіліңді,*

*Ізгілік, мейір тіленген.*

(Бір кісі бетіңе жылы шыраймен күліп қараса, сен де көрікті нұрлы шыраймен, ашық жүзбен көрінгін; Тіліңді жаман, зымиян сөзден сақта; Жақсылық пен ізгілік, мейірім тілегін).

***

*Көк темір тек тұрмас.*

Темір тиген жерін бүлдіріп, жаралап кетеді. Мұның бір мағынасы бар. Қырқыз, ябақу, қыпшақ тағы басқа халықтар ант ішіп, қасамдасып, серттескенде қылыштарын қынабынан шығарып орталарына қояды да:

-Бұл темір кірсін, қызыл шықсын! – дейді. Бұл серт бұзылса, қылыш қанға боялсын деген сөз. Сондықтан, түріктер темірді әрқашан да ерекше бағалайды.

Түркі тілінің тарихи дәуірлерінің қай-қайсысын болмасын зерттеу нысанына алып, белгілі бір дәуірдің тілі жайында пікір айтқысы келген кез келген зерттеушінің Қашқариға соқпай айналып өтуі мүмкін емес. Әрбір пікірін «Диуан Лұғат» арқылы дәйектеп қуаттауға тырысады. Сондықтан да тіл тарихына қатысты жасалған әрбір зерттеуде міндетті түрде Қашқаридың есімін кездестіреміз. Себебі Қашқари түркітану ғылымының негізін қалаушы, түркі әлемінің ең алғашқы филологы. Араб тілінің мысы басып, дәурені жүріп тұрған шақта түркі тілі, мәдениеті, тыныс-тіршілігі, рухани құндылықтары жөнінде сол араб тілінде еңбек жазып қана қоймай, араб мәдениетінің ошағы Бағдат қаласына барып, халифқа тарту етуі Қашқаридің түркілікті насихаттаушы ұлы миссионер екендігін көрсетеді. Ол түрік тілін тек арабтарға ғана емес, бүкіл өзге ұлт өкілдеріне үйретуді, танытуды, тіпті сүйгізуді көксейді. Түрік тілінің араб тілінен бірде-бір кем түспейтінін, түркілердің де жер бетіндегі халықтардың ең бір тектісі, тәңір сүйер жақсы қасиеттерге толы ұлы халық екендігін дәлелдеуге тырысады. Қашқари - бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ атасы, ал «Диуан» - түркі тілі мен әдебиеті, мәдениеті мен руханиятының сарқылмас қайнаркөзі. Қашқари «Диуанымен» 1000 жасады және түркілік ұғымы жер бетінен жойылып кетпейінше, бұл екеуі, Алла жазса, мыңдаған жылдар әлі де жасай бермек!

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Махмұт Қашқари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993
2. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалық, Алматы, «Аруна», 2010
3. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 2005
4. А.Қыраубайқызы. Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы, «Мектеп», 2003
5.Махмұт Қашқари.Түрік сөздігі,үш томдық, Алматы, «Хант», 1998

**УДК.876.914.12**
**МРНТИ 372.07**

[1]Исмаилов Э.С.- старшии преподаватель КазНПУ им.Абая
[2]Тугелбаев Е.Н.- магистр педагогических наук, преподаватель КазНПУ им.Абая

# ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ДЕТЕЙ ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА[1]

Аннотатция

Содействовоть нормальному формированию, гармоническому развитию растущего организма; укрепить здоровье, повысить сопротивляемость организма неблагоприятным воздействиям внешней среды, повысить общую работоспособность; обучать основам техники движений; формировать и совершенствовать необходимые в разнообразной двигательной деятельности знания, умения и навыки, обучить сознательному, творческому применению их в изменяющихся условиях двигательной практики; формировать культуру двигательных действий, воспитывать стремление к обеспечению их целесообразности, практической эффективности и эстетической выразительности.

**Ключевые слова:** физическая культура, морфо функциональный, физическое воспитание, профессионально - прикладной, общественно –полезной, двигательный режим.

[1]Тугелбаев Е.Н. - аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ
[2]Исмаилов Э.С. - магистр, оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ

# МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ[1]

Аңдатпа

Мақалада мектеп жасындағы балалардың оның ішінде 6-7 және 17-18 жасқа дейінгі жастағы оқушылар, олардың 3 кезеңге бөлінетіндігі кіші орта, үлкен болып. Біздің республикамызда дене шынықтыру саласына аса көңіл бөлінетіндігі туралы және оны қалай іске асыру туралы мәліметтер айтылады. Дене шынықтырумен үнемі шұғылданған балалардың өмірге деген құштарлығы артатындығы, денесі сергек және ойлау қасиеттері жоғарылайтындағы ғылыми тұрғыда дәлелденген. Мектеп жасындағы жас жеткіншектерге дұрыс мағыналы және пайдалы жаттығулар сонымен қатар мектептегі дене шынықтыру саласындағы бағдырламаның дұрыс жасалғандығы жастарға берер әсері өте мол болатындығына көзіміз жетті.

[1]Ismailov E.S. - senior lecturer KazNPU named after Abai
[2]Tugelbaev E.N. - master of pedagogical sciences, lecturer KazNPU named after Abai

# PEDAGOGICAL VALUE OF PHYSICAL CULTURE OF CHILDREN OF SCHOOL AGE[1]

Abstract

Promote the normal formation, harmonious development of a growing organism; strengthen health, increase the body's resistance to unfavorable environmental influences, improve overall performance; teach the basics of motion techniques; to form and improve the knowledge, skills and skills necessary in a variety of motor activity, to train them consciously and creatively in the changing conditions of motor practice; to form a culture of motor actions, to bring up the desire to ensure their expediency, practical effectiveness and aesthetic expressiveness.

**Keywords:** physical culture, morpho functional, physical education, professionally applied, socially useful, motor mode.

К школьному возрасту относятся дети, подростки и юноши в возрасте от 6-7 до 17-18 лет. В соответствии с существующей в нашей стране системой общего образования, этот возрастной период подразделяется на 3 этап:младший, средний и старший. На последнем завершается обучение в общеобразовательной школе.

В нашей стране сложилась научно обоснованная система физического воспитания,рассчитанная на приобщение к физической культуре всего подрастающего поколения. Основой этой системы является обязательный курс физического воспитания, осуществляемый погосударственной программе. Он сочитается с многообразными формами использования физической культуры в режиме учебного дня и домашнего быта, с эпизодическими массовыми физкультурными, а также регулярными занятиями по личному выбору самых учащихся в своем коллективе физической культуре,в детско–юношеских спортивных школах и многих других вне школьных учрежденнях. Бесперебойное функционирование этой системы обеспеченно материально–техническими средствами квалифицированными педагогическими кадрами, финансовыми ресурсами и другими условиями. Она непрерывно развивается и совершенствуется с учетом новых потребностей и возможностей общества, передового опыта практической работы и достижений науки.
Педагогическое значение направленного использования средств физической культуры в школьном возрасте особенно велико. В основном оно заключается в следующем:

- создается прочный фундамент гармонического физического развития, укрепления здоровья, всестороннего физического образования и воспитания, накапливаются надежные предпосылки успешного овладения производственно – трудовыми, воинскими и другими специальностями;
-постоянно поддерживается хорошая физическая и умственная работоспособность, обеспечивающая успеваемость в учебных занятиях, а последствии – эффективность любой общественно – полезной деятельности;
- рационально организуется досуг детей, элементы физической культуры внедряются в быт и учащиеся постепенно приобщаются к спортивной деятельности;
- последовательно повышается нравственная, интеллектуальная, эстетическая и трудовая культура подрастающего поколения.

Исключительно важно - то обстоятельство, что система использования средств физической культуры в школьном возрасте обеспечивает длительное (в течение 10-12 лет) планомерное и регулярное физическое воспитание всего подрастающего поколения, достижение им не только достаточно высокого уровня общей физической подготовленности ко всякой общественно-полезной деятельности, но и базовой профессионально-прикладной и спортивной подготовленности. Всё это становится фундаментом дальнейшего физического совершенствования в предстоящей взрослой жизни.

При оценке значения физической культуры в школьном возрасте важно учитывать её особую необходимость и наибольшую эффективность в решении задач физического развития, образования и воспитания. Необходимо исходить из того, что повседневная двигательная активность является естественной потребностью растущего организма и непременным условиям физического развития, укрепления здоровья и повышения сопротивляемости организма, неблагоприятным внешним условиям.

Важно также постоянно иметь в виду, в школьном возрасте ещё продолжается интенсивное развитие форм и функций организма. Этот процесс в определенной степени зависит от внешних условий жизни и характера осуществляемой учащимся деятельности, в значительной мере от направленного использования средство физической культуры.

Умелое применение специально подобранных и правильно дозированных физических упражнений в период усиленного развёртывания естественного морфофункционального развития способствует стимулированию, упорядочению и интенсификаций соответствующих процессов, достижению, в конечном счете, значительного подъёма функциональных возможностей всех систем организма. На более поздних возрастных этапах, когда пики естественного развития тех или иных функций просрочены, добиться подобных результатов трудно и даже не возможно.

В результате улучшению физического развития и укрепления здоровья достигается существенное улучшение работоспособности учащихся. Доказано, что занимающиеся в достаточном объёме правильно организованными физическими упражнениями успешнее справляются с учебными нагрузками. Они могут работать более качественно и напряженно, меньше устают на уроках в течения учебного дня и, как правило, добиваются хорошей успеваемости. Достигнутая степень работоспособности переносится в зрелый возраст и подкрепляемая дальнейшим использованием средств физической культуры,сохраняется длительное время, обеспечивая высокую эффективность выполняемой работы. Физическая культура в школьном возрасте имеет большое значение и для обучения необходимым в жизни двигательным умениям, навыкам, овладения основами и их практического использования в разнообразных условиях двигательной деятельности. Установлено, что способность к обучению двигательным действиям также имеет в этом возрасте благоприятные этапы для быстрого и полноценного освоения новых, перестройки ранее усвоенных недостаточно совершенных двигательных действии. В процессе направленного использования этой способности создаются наилучшие условие для всестороннего развития всех двигательных качеств. Приобретенный в школьном возрасте богатый фонд двигательных умений и навыков, а также физических, интеллектуальных, волевых и других качеств, становится базой для быстрого и полноценного овладения профессионально-трудовыми, воинскими и другими специальными двигательными действиями дальнейшего физического совершенствования в зрелом возрасте.

Многообразная практика использования физической культуры в школьном возрасте направлена, в конечном счете, на физическое совершенствование подрастающего поколения. Вместе с тем, она должна служить целям обеспечения здорового быта и культурного отдыха, поддержания высокого уровня работоспособности в учебных занятиях и успешного осуществления других видов текущей деятельности, Ведь процесс достижения этих целей необходимо связывать с всесторонним развитием личности.

Столь ответственная перед обществом практика должна отмечаться высокой степенью организованности и представляет стройную систему деятельности, в которой каждое конкретное действие имело бы определенное назначение и предопределяло бы достижение заранее намеченного результата. Система образующим началом такой деятельности является четко сформулированные задачи физического воспитания и использование других форм физической культуры. Ими определяется содержание, обуславливаются соответствующие средства, а также методы и методические приемы.
Без знания возрастных особенностей детей невозможно правильно осуществлять физическое воспитание. Наиболее типичными из них являются:

1) Непрерывный, быстрый, неравномерный рост и развитие детского организма, особенно психики.
2) Незрелость и недостаточная устойчивость детского организма, легкая ранимость.
3) Высокий уровень возбудимости, реактивности на различное внешнее воздействие.

Требования к учету возрастных особенностей:
- содействовать прогрессивному их изменению;
- принимать во внимание возрастные проявления и строить педагогический процесс на основе реальных возможностей детей.

Процесс дальнейшей конкретизации задач физического воспитания и использования других форм физической культуры труден и требует от педагога больших творческих усилий, постоянной мобилизации и обновления знаний, обогащения имеющего опыта. Но только этим путем можно обеспечить надежную целеустремленность и сознательность в работе (как своей, так занимающихся), ее четкую организацию и продуктивность. Иначе она приобретает неопределенный, расплывчатый характер, становится малосодержательной, однообразной и шаблонной, ведущей к большим затратам времени.

Ведущей направленностью физического воспитания и использования других форм физической культуры в школьном возрасте является общеподготовительная. Подрастающее поколение должно получить широкое физическое образование, всестороннее физическое развитие и воспитание, гарантирующее освоение любого общественно полезного вида деятельности, достижения в ней высоких результатов. На базе общего физического развития, образования и воспитания осуществляется начальная спортивная подготовка, а с определенного возраста - для желающих – специализация в избранном виде спорта. Значительной части молодежи, в посвятившей себя определенной профессии, обеспечивается соответствующая профессионально-прикладная физическая подготовка. Такое единство обусловлено общим для всех направлений методическими основами, физкультурной работы.

**Список литературы:**


1. Гандельсман А.Б., Смирнова Д.М. Физическое воспитание детей школьного возраста. – М.: Просвещение, 1986.
2. Матвеев Л.П.Теория и методика физической культуры: Учебник для институтов физической культуры. – М.: Физкультура и спорт, 1991.
3. Шитикова Г.Ф. Педагогический контроль за уроками физического воспитания. – Л., 1981.
4. Визитей Н.Н. Физическая культура личности . – Кишинев: Штиинца, 1989.

**УДК 373-056.26(574)**
**МРНТИ372.358.045**

**Толқынбаева Ә.К.** – ҚазСТА п.ғ.м.,оқытушы
**Серикова С.С.**- ҚазСТА студенті

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Аңдатпа

Мақалада жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді табысты ұйымдастырудың жағдайы қарастырылған. Жалпы білім беретін мектептердің сыныптарында оқитын дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту және олармен жүргізілетін түзету жұмыстары жайында жан-жақты айтылған. Мұндай оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып дайындалған жалпы білім беру бағдарламаларын көрсеткен. Әрбір мүгедек оқушымен мамандық таңдау және оқу орнын бітіргеннен кейін одан әрі жұмыс істеу мүмкіндігі жөнінде жүргізілетін жұмыстар қарастырылған.

**Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар, білім беру, әлеуметтік өмір.

**А.К. Толкынбаева**– КазАСТ м.п.н.
**С.С. Серикова**- КазАСТ студент

**ВАЖНОЕ ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

Аннотация

Статья посвящена успешной организации обучения и воспитания детей-инвалидов в общеобразовательных учреждениях. В развитии общеобразовательных школ существует много аспектов обучения детей-инвалидов и их исправительной работы. Мы предоставили общеобразовательные программы, предназначенные для решения психофизиологических особенностей учеников. Каждый студент-инвалид имеет возможность выбрать профессию и работать над возможностью дальнейшего последипломного обучения.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями, образование , социальная жизнь.

**A.K. Tolkynbayeva**- magistr, KazAST
**S.S. Serikova**-student , KazAST

**IMPORTANT INCLUSIVE EDUCATION**

Abstract

The article provides for the organization of successful organization of education and upbringing of children with disabilities in general educational institutions. In the development of general education schools, there are many aspects of teaching children with disabilities and their correctional work. It has provided general education programs, designed to address the psychophysiological peculiarities and pupils of these pupils. Every disabled student has the opportunity to choose a profession and work on the possibility of further postgraduate study.

**Keywords:** inclusive education, children with disabilities, education, social life

Еліміздің білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде қолайлы жағдай туғызып, жалпы білім беру жүйесімен қамтамасыз етеді. Әрбір бала, мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті.

Барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «инклюзия» ұғымдарына мынандай анықтама беріледі: инклюзия – бұл тек білім алу ғана емес, сонымен бірге адамды өмір қатарына ергізу құрылғысы деп түсінуіміз керек. Инклюзивті үрдіс мектепке дейінгі және мектепте басталады, бұл уақытта өсіп дамуында ерекшелігі бар балалар мен қалыпты балалар бірі-бірімен қарым-қатынас жасауға үйреніп, бірге әлеуметтік дағдыларды иемденеді. Инклюзивтік білім беру баланың этникалық тегіне, діни сеніміне, экономикалық мәртебесіне және дамуындағы ерекшеліктеріне қарамастан, барлық балалармен білім алуына және әлеуметгік бейімделуіне жағдай жасау процесі [1, 44 б.]. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент С.Н.Сорокоумова өзінің зерттеулерінің бірінде инклюзивті білім беруге мынадай анықтамалар береді: «Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына қолжетімділікті қамтамасыз ететін барлық балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жалпы білім беруді дамыту үдерісі. Инклюзивті білім беру оқытудағы әр түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін балаларды тәрбиелеу мен оқытуда оқыту мен білім берудің жаңа жолдарын жасауды ұсынады. Инклюзивті білім беруде балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне қызметтер континиумы сәйкес келу керек, оған балаларға ыңғайлы білім беру ортасы да кіреді. Инклюзивті білім беру тәжірибесі негізінде әрбір баланың қажеттілігін қанағаттандыру үшін олардың дербес ерекшелігін ескеру идеясы жатыр».[2,32 б]

Қазіргі таңда Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбінесе арнайы мектеп-интернаттарда білім алады. Шындығында олар оқшауланған, қоғамдық өмірге аса бейім емес. Мәселенің бұлай қалыптасуына бүгінгі қоғамның да кінәсі бар. Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді қолға алына бастады.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қалыпты балалармен бірге білім беру. Барлық оқушыларға барынша толыққанды әлеуметтік өмір, ұжымға, жергілікті қауымдастыққа белсене қатысуға мүмкіндік бере отырып, сол арқылы оларға бір-бірімен қауымдастық мүшелері ретінде толық өзара әрекеттестік пен қамқорлықты қамтамасыз ету. Бұл мәселенің шешімі балалардың сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз етеді, олардың өмірмен байланысының кедергісін жоюға және жалпы қоғамға кірігуіне жағдай жасайды.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалардың өздерінің дені сау құрдастарымен бірге оқып, білім алуына жағдай жасау деп түсіндіріледі. Кіріктірудің жаңа формасы шетелде алғаш рет XX ғасырдың II жартысында пайда болды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту қағидасы XX ғасырдан бері бірнеше өзгеріске ұшырады. Дүниежүзілік тәжірибеде концепцияның өзгеріске ұшырауының 3 кезеңін белгілеп көрсетуге болады:

| | | |
|---|---|---|
| **XX ғасырдың басы – 60 жылдардың ортасы** | **«медициналық модель»** | **сегрегация** |
| **60 жылдардың ортасы – 80 жылдардың ортасы** | **«қалыптандыру моделі»** | **интеграция** |
| **80 жылдардың ортасы – қазіргі уақыт** | **«әлеуметтік модель»** | **инклюзия** |

1-кесте. Дүниежүзілік тәжірибе концепциясы

«Медициналық модель» – сегрегация мүмкіндігі шектеулі балаларға ауру ретінде қарады; ондай жандарға медициналық көмек пен күтім керек және оларды арнайы орындарға жатқызу керек деп саналды.

«Қалыптандыру моделі» - интеграция сөзі баланың білім беру жүйесіне бейімделуін білдіреді. Интеграция кезінде дамуында ерекшеліктері бар баланың мектептік жүктемесі барлық баланың тапсырмасымен бірдей болу керек. Егер ол бала тапсырманы орындай алмаса, онда ол солай қалады, бірақ мектеп жүйесі ары қарай жалғаса береді.

«Әлеуметтік модель» - инклюзия – жүйенің бала қажеттілігіне қарай бейімделуін білдіреді. Инклюзия білім беруді ұйымдастыру қағидасы ретінде әлеуметтік-педагогикалық сипаттағы көрініс болып табылады. Сәйкесінше инклюзия баланы өзгерту мен түзетуге бағытталмаған, ол оқу ортасы мен әлеуметтік ортаның бала мүмкіндіктеріне бейімделуіне мақсатталған. [3,17б ]

Инклюзия – икемді жүйе. Ол барлық баланың әртүрлілігіне негізделген, олар біздің талаптарымыз бен стандарттарымызға жауап беруі керек емес, бірақ олардың барлығы да білім алуы керек. Бұл мектептің кез-келген баланың білім алуына арналған болу керектігін білдіреді. Біз егер бала дене шынықтыру сабағына бара алмайтын болса, онда оны сол пәннен босатуға үйренгенбіз. Инклюзия дене шынықтыру пәнін баланың мүмкіндігіне қарай бейімдеу керек деп санайды. Мектепте бейімді дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болу керек.[ 4,72б ]

Инклюзия әрбір баланың мүмкіндігіне сәйкес білім беру бағдарламасының көмегімен баланы басқа қырынан ашуға мүмкіндік береді. Инклюзия бала мен мұғалімнің жетістікке жетуіне қажетті арнайы шарттар мен қолдаулар секілді қажеттіліктерді ескереді. Инклюзивті мектепте әрбір баланы ұжымның маңызды мүшесі деп санайды және қабылдайды, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттырып, басқа балалардың бойында бауырмалдылық пен түсінушілікті қалыптастырады. Арнайы қажеттіліктері бар баланы құрдастары мен мектеп қауымдастығының басқа да мүшелері оның арнайы білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолдайды. Мұндай мектептер адамдар арасындағы айырмашылықты қалыпты жағдай деп санайды, бала қоршаған орта шарттарына қарай бейімделмеуі керек, білім беру үдерісі баланың қажеттілігіне қарай қалыптасуы керек.

Біздің елімізде инклюзивті оқыту тәжірибесі 2000 жылы «Мүмкіндігі шектеулі балаларға базалық білім беруге көмек» Қазақстан Республикасының Үкіметі және ЮНЕСКО – мен бірігіп САТР Орталығының Пилотты жобаны жүзеге асыру барысында басталды. Осы жобаның арқасында «инклюзивті білім беру» түсінігі орнықты. Әрі қарай мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыдан қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3 Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.[ 5,14б ]

**«Қазақстандық жол 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында (17.01.2014 ж.) Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге қажет. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Білім беру мекемесінің ортасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс, «кедергісіз» болуы керек, өйткені мүгедек балалардың толыққанды кірігуін қамтамасыз етуі қажет», – деп атап өткен**
**[ 6, 46** б **].**

Инклюзивті білім берудің міндеттері барлық баланы мектеп желісіне қосып, олардың тең құқылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар, баланың тұлғалық, зияткерлік әлеуетін көтеріп, эмоционалды, қарым-қатынас, физикалық дамуы үшін қажетті шарттар жасау.




«Қосу» идеясының негізі – бұл мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы мамандандырылған мекемелерде емес, барлық балалармен бірге оқытуда жатыр. Мұндай әдіс барлық балаларды табиғи ұжым өміріне араластырады, қалыпты қарым-қатынастағы

шектеулерді жойып, болашақ ересек адам тұлғасын қалыптастырудағы қателіктерді бірнеше есе азайтады.

Кәдімгі мектептердің әкімшілігі мен мұғалімдердің міндеті ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік, физикалық, эмоционалды және зияткерлік даму жағдайына қарамастан мектепке қабылдау және балалардың қажеттіліктеріне бағытталған психологиялық-педагогикалық әдістер негізінде олардың білім алуына жағдай жасау.

Инклюзивті білім беру жүйесі орта, кәсіптік және жоғары білім беру мекемелерін қамтиды. Оның мақсаты мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқыту мен кәсіби дайындауда білім берудің кедергісіз ортасын қалыптастыру.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына кемтар балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен бала бақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп- интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Кіші жастағы балаларды инклюзивті оқыту идеясының қандай артықшылықтары бар?

Сегрегация (қалыпты балалардан бөлек ұстау) салдарынан құтылады, оның ішінде «ақыл-есі аз» деген «мөр» тағылудан және қалыпты балалармен шектеулі байланыс әсерінен жағымсыз қарым – қатынастың қалыптасуынан құтылады. Мүмкіндігі шектеулі балалар басқа балаларға еліктеу арқылы бейімделудің жаңа дағдылары мен сәйкес үлгілерді меңгереді.

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін: көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. Кохлеарлы имплантантты, аутизмді психикалық дамуы кешеуілдеген, тірек-қимыл аппараты бұзылған мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарына мүгедек балалар медбикелердің тұрақты қадағалауында болады, қажеттілігіне қарай алдын ала емдеуден өтеді. Білім беру мекемелерінде салауатты өмір салты бойынша ұйымдастыру жұмысы (спорттық секциялар, арнаулы үйірмелер, диспуттар), жылына 2 рет тұрақты түрде оңалту курстары, мүгедек балаларды кәсіптік мектептердің (лицейлердің) және колледждердің қоғамдық қызметіне араластыру жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

Жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді табысты ұйымдастырудың жағдайы ретінде баланы білім беру мекемелеріне толыққанды кіріктіруді қамтамасыз ететін бейімделу ортасын құру болып табылады. Жалпы білім беретін мектептердің сыныптарында оқитын дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту және олармен жүргізілетін түзету жұмыстары мұндай оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып дайындалған жалпы білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр. Әрбір мүгедек оқушымен мамандық

таңдау және оқу орнын бітіргеннен кейін одан әрі жұмыс істеу мүмкіндігі жөнінде жеке жұмыс жүргізіледі.

Инклюзивті білім беру - білім беру мекемелерін техникалық жабдықтаумен қатар, мұғалімдер мен басқа білім алушыларға мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуге бағытталған арнайы оқу курстарын жасауды, бұдан басқа жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделу үдерісін жеңілдетуге бағытталған арнайы бағдарламаларды қажет етеді.

Инклюзивті білім берудің сәтті дамуы үшін психологиялық-педагогикалық модель құру керек, онда әрбір білім беру қадамында мамандар тарапынан қажетті көмек көрсетіледі.

Арнаулы психологияның негізін салушы ғалым Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша, «Дені сау бала мен денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалар бірдей заңдылықпен дамиды. Демек, олардың даму факторы бірдей. Ақыл- ойы жағынан артта қалған бала дені сау бала өтетін даму деңгейінен өтеді, бірақ өздеріне тән физиологиялық, психологиялық даму ерекшелігі бар» [7,2б ]. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірге келуі шын мәнінде отбасын психологиялық өзгерістерге алып келеді. Ауытқушылығы бар баланың отбасында алғашқы күннен бастап ата-анасының ұнжырғасы түсіп, күйзеліске тап болады. Ата-аналарының қоршаған ортамен қарым-қатынасы үзіледі, қатынас аясы тек туыстары, дәрігер, мұғалімдермен ғана шектеледі. Айтылған мәліметтер бойынша елімізде денсаулық мүмкіндігі шектеулі ата-аналардың арасында сауалнама жүргізілген. Ол сауалнаманың нәтижесінде 50 ата-ананың 85%-да мүгедек бала дүниеге келген кезде алғашқы психологиялық дағдарысты бастарынан өткерді, олар өзін-өзі кінәләді. Аналардың 60%-ы мүгедек бала дүниеге келген соң әкелері отбасын тастап кеткен (өмірдің қиындығына төзе алмай, жауапкершіліктен бас тартып, бар ауыртпалықты ананың тағдырына қалдырған). 5% отбасылар мүгедек баланың дүниеге келуін тағдырдың бір сынағы деп ұғынып, оған төзе білді, бұған отбасындағы ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншілік пен татулық себепкер. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі отбасында қоғаммен байланыс жеткіліксіз болғандықтан, олар өздерінің әлемімен жеке өмір сүруді әдетке айналдырады. В.А. Вишневский , Б.А. Воскресенский , Р.Ф. Майрамян, И.А. Скворцов, Л.М. Шипицына және т.б. педагогикалық-психологиялық зерттеулерінде дамуында ауытқушылығы бар балалардың отбасындағы қатынасқа психотравмалық әсері, осыған байланысты аналарында психопатологиялық ауытқушылықтардың пайда болуы айтылады. Л.М. Шипицынаның мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасындағы тұлғаралық қатынастарды зерттеуінде көптеген отбасылар өз проблемаларын шешуге мүмкіндіктері жоқ екендігін көрсетті. Олардың көбінде кикілжіңдер, үрейлену, эмоционалды бейнеленген қарым-қатынас, бөлектену, жалғыздық орын алады. Қазіргі әлемдік тәжірибе инклюзивті білім беру жүйесіне бала-отбасы-мектеп-қоғам сияқты интеграциялық қарым - қатынасты, ирархиялық пирамида жүйесін енгізуде.[8,34б ]

Ағымдағы жылдың мәліметтеріне сүйенсек, ата-аналардың 79 пайызы бұл жағдайды түсінбей, «неге менің баламның қасында мүгедек бала отыруы керек?» деп наразылық білдірсе, қазір олардың көпшілігі бұл идеяны қолдайды деп айтуға болады. Бұл инклюзивтік білім берудің белгілі бір деңгейде дамып жатқанын көрсетеді.

Қазіргі уақытта Республикада мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды ерте жастан медициналық, білім беру және әлеуметтік қолдау жүйесін қамтамасыз ететін инфрақұрылым құру, басқару және қаржыландыру, кадрмен және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету керек. Осындай көпқұрылымды жүйесінің құрылуы және қызмет атқаруы инклюзивті оқытудың үрдістерін дамытуға мүмкіндік береді. Орта білім беретін мектептерде педагогтарды дайындау, мектептердің ондай балаларды қабылдауға дайын болуы секілді мәселелер шешілу керек.

Қорыта келгенде, инклюзивті білім беру баланы қалай бар солай қабылдайды, білім беру жүйесін балаға қарай икемдейді. Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу

арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. *Сулейменова Р.А. Методологические подходы к развитию инклюзивного образования Республики Казахстан //Открытая школа. –2012. № 7.*
2. *Сорокоумова С.Н. Инклюзивное образование. Учебное пособие / Москва, 2014 г.*
3. *С.В. Алехина, Н.Я. Семаго, А.К. Фадина «Инклюзивное образование». Выпуск 1. – М.: Центр «Школьная книга», 2010.*
4. *Загуменнов, Ю.Л. «Инклюзивное образование: создание равных возможностей для всех учащихся» - Минская школа сегодня. – 2008.– № 6.*
5. *Саламан Декларациясы, ЮНЕСКО 1994 ж.*
6. ***Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауы (17.01.2014 ж.)***
7. *Л.С.Выготский. Баланың жас ерекшеліктері психологиясы және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. /Оқу құралы/. Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. 1999 ж.*
8. *Шипицына Л. М.; «Необучаемый» ребенок в семье и обществе. Социализация детей с нарушением интеллекта. — 2-е изд., перераб. и дополн. — СПб.: Речь, 2005.*


.